

ISSN 2306-7365 (Print)
ISSN 2664-0686 (Online)
Индекс 75637

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ

HOCA AHMET YESEVI
ULUSLARARASI TÜRK-KAZAK ÜNİVERSİTESİ



1150 жыл
Әл-Фарабидің мерейтойы



175 жыл
Абай Құнанбайұлының
мерейтойы

**YESEVI
ÜNİVERSİTESİ
HABARŞISI
Bilimsel Dergisi**

**ЯСАУИ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ
ғылыми журналы**

№1 (115) 2020
қаңтар-ақпан-наурыз

БАС РЕДАКТОР

биология ғылымдарының докторы, профессор
АБДРАСИЛОВ БОЛАТБЕК СЕРИКБАЙҰЛЫ

Беркимбаев К.М. - Бас редактордың орынбасары, п.ғ.д., профессор
Пилтен Пусат - Бас редактордың орынбасары, доцент, Ph.D.
Балтабаева А.Ю. - Жауапты хатшы, филос.ғ.к., доцент

YAYIN YÖNETMENİ

Prof., Dr.

ABDRASILOV BOLATBEK SERIKBAYULI

Berkimbayev K.M. - Yayın yönetmen yardımcısı, Prof., Dr.
Pilten Pusat - Yayın yönetmen yardımcısı, Doç., Dr.
Baltabayeva A.Y. - Yayın kurulunun sorumlu sekreteri, Doç., Dr.

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

доктор биологических наук, профессор
АБДРАСИЛОВ БОЛАТБЕК СЕРИКБАЕВИЧ

Беркимбаев К.М. - Заместитель главного редактора, д.п.н., профессор
Пилтен Пусат - Заместитель главного редактора, доцент, Ph.D.
Балтабаева А.Ю. - Ответственный секретарь, к.филос.н., доцент

CHIEF EDITOR

Professor, Doctor of Biological Sciences
ABDRASSILOV BOLATBEK SERIKBAYEVICH

Berkimbayev K.M. - Deputy chief editor, Professor, Doctor of Pedagogical Sciences
Pilten Pusat - Deputy chief editor, Associate Professor, Ph.D.
Baltabayeva A.Yu. - Responsible secretary, Associate Professor, Ph.D.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Журнал Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінде 1996 жылғы 8 қазанда тіркеліп, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінің №232-Ж куәлігі берілген.

Шығу жиілігі: 3 айда 1 рет. МББ тілі: қазақша, түрікше, ағылшынша, орысша. Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы, алыс және жақын шетел. **Индекс №75637**. Журнал 2013 жылдың қаңтар айынан бастап Париж қаласындағы ISSN орталығында тіркелген. **ISSN 2306-7365 (Print), ISSN 2664-0686 (Online)**.

Ғылыми еңбектің негізгі нәтижелерін жариялау үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің 2018 жылдың 11 желтоқсандағы №1945 және 14 желтоқсандағы №1992 бұйрықтарымен журнал Комитет ұсынатын ғылыми басылымдар тізіміне Философия, Тарих, Педагогика және Филология бағыттары бойынша енгізілді.

KURUCU:

Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi

Dergi 8 Ekim 1996'da Kazakistan Cumhuriyeti Basın ve Medya İletişim Ajansı tarafından tescillenmiş, Kazakistan Cumhuriyeti Yatırım ve Gelişim Bakanlığı İletişim, Bilişim ve Bilgilendirme Komitesinin 232-J numaralı kimliği verilmiştir. Yayın Süresi: 3 ayda 1 defa. Süreli Basın Yayın Dili: Kazakça, Türkçe, İngilizce, Rusça. Dağıtım Bölgesi: Kazakistan Cumhuriyeti, Uzak ve yakın yabancı ülkeler. **İndeks: 75637**. Dergi Ocak 2013'ten bu yana Paris'teki ISSN Merkezi'nde kayıtlıdır. **ISSN 2306-7365 (Print), ISSN 2664-0686 (Online)**.

Kazakistan Cumhuriyeti Eğitim ve Bilim Bakanlığı'nın 11/12/2018 tarih ve 1945 sayılı kararı ve 14/12/2018 tarih ve 1992 nolu kararıyla bu dergisi Felsefe, Tarih, Pedagoji ve Filoloji alanlarında KC EBB tarafından tavsiye edilen bilimsel dergiler listesine dahil edilmiştir.

УЧРЕДИТЕЛЬ:

Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Ясави

Журнал зарегистрирован в Национальном агентстве по делам печати и массовой информации Республики Казахстан 8 октября 1996 года. Комитетом связи, информатизации и информации Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан выдано свидетельство №232-Ж.

Периодичность издания: 1 раз в 3 месяца. Язык ППИ: казахский, турецкий, английский, русский. Территория распространения: Республика Казахстан, дальнее и ближнее зарубежье. **Индекс №75637**.

Журнал с января 2013 года был зарегистрирован в Центре ISSN в городе Париже.

ISSN 2306-7365 (Print), ISSN 2664-0686 (Online).

Приказами Комитета по контролю в сфере образования и науки Министерства образования и науки Республики Казахстан от 11 декабря 2018 года №1945 и от 14 декабря 2018 года №1992 журнал включен в перечень научных изданий в области Философии, Истории, Педагогики и Филологии, рекомендуемых Комитетом.

FOUNDER:

Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University

The Journal was registered by the Communication, Informatization and Information Committee Periodical press and information agency of the Republic of Kazakhstan on October 8, 1996, Ministry of Investment and Development of the Republic of Kazakhstan issued a certificate № 232-G. Publication: 1 time in 3 months. Language PPP: Kazakh, Turkish, English, Russian. Territory of distribution: the Republic of Kazakhstan, near and far abroad. **Index №75637**.

The journal has been registered since January 2013 at the ISSN Center in Paris.

ISSN 2306-7365 (Print), ISSN 2664-0686 (Online).

Pursuant to the Order of the Committee for Control in Education and Science of the Republic of Kazakhstan dated December 11, 2018 №1945 and December 14, 2018 №1992, the journal is included in the list of scientific publications in the field of Philosophy, History, Pedagogy and Philology, recommended by the Committee.

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Томар Женгиз	- профессор, доктор /Түркия/
Умбетов Өмірбек	- техн.ғ.д., профессор /Қазақстан/
Есімова Шолпан	- э.ғ.д., профессор /Қазақстан/
Ақбасова Аманкүл	- техн.ғ.д., профессор /Қазақстан/
Абуов Әмірекүл	- филос.ғ.д., профессор /Қазақстан/
Акйол Хаяти	- профессор, доктор /Түркия/
Бүлбүл Ибрагим	- профессор, доктор /Түркия/
Булуч Бекир	- профессор, доктор /Түркия/
Бөлесев Талант	- психол.ғ.д., профессор /Қазақстан/
Гржибовский Андрей	- м.ғ.д., профессор /Норвегия/
Гелишли Юджел	- профессор, доктор /Түркия/
Демиркөз Мелахат Білге	- профессор, доктор /Түркия/
Жетпісбаева Бахытгүл	- п.ғ.д., профессор /Қазақстан/
Корнилов Виктор	- п.ғ.д., профессор /Ресей/
Ланди Лиан	- профессор, доктор /Ұлыбритания/
Мейер Бургхард	- профессор, доктор /Германия/
Мырзақұлов Рэтбай	- ф.-м.ғ.д., профессор /Қазақстан/
Мырзалиев Боращ	- э.ғ.д., профессор /Қазақстан/
Петрова Луиза	- ф.ғ.д., профессор /Украина/
Ташпынар Мехмет	- профессор, доктор /Түркия/
Турметов Батирхан	- ф.-м.ғ.д., профессор /Қазақстан/
Ұзақбаева Сақыпжамал	- п.ғ.д., профессор /Қазақстан/

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Жұрынов Мұрат	- ҚР ҰҒА президенті, академик /Қазақстан/
Йылдыз Мұса	- профессор, доктор /Түркия/
Агаева Файза	- ф.ғ.д., профессор /Әзірбайжан/
Атемова Қалипа	- п.ғ.д., профессор /Қазақстан/
Батырбаев Нұрлан	- з.ғ.к., доцент /Қазақстан/
Байсалов Жомарт	- п.ғ.д., профессор /Қырғызстан/
Ергөбек Құлбек	- ф.ғ.д., профессор /Қазақстан/
Еркибаева Гульфайруз	- п.ғ.д., профессор /Қазақстан/
Григорьев Сергей	- п.ғ.д., профессор /Ресей/
Жетібаев Көпжасар	- т.ғ.к., доцент /Қазақстан/
Капилла Хосе Э.	- профессор, доктор /Испания/
Кенжетай Досай	- филос.ғ.д., профессор /Қазақстан/
Молдалиев Ықылас	- м.ғ.д., профессор /Қазақстан/
Накипов Балғабай	- з.ғ.д., профессор /Қазақстан/
Ниязов Талғат	- э.ғ.д., профессор /Қазақстан/
Перленбетов Мұқан	- психол.ғ.д., профессор /Қазақстан/
Сагироғлу Шереф	- профессор, доктор /Түркия/
Торыбаева Жәмила	- п.ғ.д., профессор /Қазақстан/
Ыдырыс Серікбай	- э.ғ.д., профессор /Қазақстан/

DANIŞMA KURULU

Tomar Cengiz	- Prof., Dr. /Türkiye/
Umbetov Ömirbek	- Prof., Dr. /Kazakistan/
Esimova Şolpan	- Prof., Dr. /Kazakistan/
Akbasova Amankül	- Prof., Dr. /Kazakistan/
Abuov Amrekul	- Prof., Dr. /Kazakistan/
Akyol Hayati	- Prof., Dr. /Türkiye/
Bülbül İbrahim	- Prof., Dr. /Türkiye/
Buluç Bekir	- Prof., Dr. /Türkiye/
Böleyev Talant	- Prof., Dr. /Kazakistan/
Grjibovskiy Andrey	- Prof., Dr. /Norveç/
Gelişli Yücel	- Prof., Dr. /Türkiye/
Jetpisbayeva Bahtigül	- Prof., Dr. /Kazakistan/
Demirköz Melahat Bilge	- Prof., Dr. /Türkiye/
Kornilov Viktor	- Prof., Dr. /Rusya/
Lundy Lian	- Prof., Dr. /Birleşik Kırallık/
Meyer Burghard	- Prof., Dr. /Almanya/
Myrzakulov Ratbay	- Prof., Dr. /Kazakistan/
MyrzaliyevBoraş	- Prof., Dr. /Kazakistan/
Petrova Luyiza	- Prof., Dr. /Ukrayna/
Taşpınar Mehmet	- Prof., Dr. /Türkiye/
Turmetov Batırhan	- Prof., Dr. /Kazakistan/
Uzakbayeva Sahıpjamal	- Prof., Dr. /Kazakistan/

EDİTÖR KURULU

Jurnov Murat	- Prof., Dr. /Kazakistan/
Yıldız Musa	- Prof., Dr. /Türkiye/
Agayeva Fayza	- Prof., Dr. /Azerbaycan/
Atemova Kalipa	- Prof., Dr. /Kazakistan/
Batirbayev Nurlan	- Doç., Dr. /Kazakistan/
Baysalov Jomart	- Prof., Dr. /Kazakistan/
Ergöbek Kulbek	- Prof., Dr. /Kazakistan/
Erkibayeva Gulfayruz	- Prof., Dr. /Kazakistan/
Grigorev Sergey	- Prof., Dr. /Rusya/
Jetibayev Köpjasar	- Doç., Dr. /Kazakistan/
Kapilla Jose E.	- Prof., Dr. /İspanya/
Kenjetay Dosay	- Prof., Dr. /Kazakistan/
Moldaliyev İkilas	- Prof., Dr. /Kazakistan/
Nakipov Balgabay	- Prof., Dr. /Kazakistan/
Niyazov Talğat	- Prof., Dr. /Kazakistan/
Perlenbetov Mukan	- Prof., Dr. /Kazakistan/
Sağıroğlu Şeref	- Prof., Dr. /Türkiye/
Toribayeva Jamila	- Prof., Dr. /Kazakistan/
İdrıs Serıkbay	- Prof., Dr. /Kazakistan/

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Томар Женгиз	- профессор, доктор /Турция/
Умбетов Умирбек	- д.техн.н., профессор /Казахстан/
Есимова Шолпан	- д.э.н., профессор /Казахстан/
Акбасова Аманкул	- д.техн.н., профессор /Казахстан/
Абуов Амрекул	- д.филос.н., профессор /Казахстан/
Акйол Хаяти	- профессор, доктор /Турция/
Булбул Ибрагим	- профессор, доктор /Турция/
Булуч Бекир	- профессор, доктор /Турция/
Болеев Талант	- д.психол.н., профессор /Казахстан/
Гржибовский Андрей	- д.м.н., профессор /Норвегия/
Гелишли Юджел	- профессор, доктор /Турция/
Жетписбаева Бахытгул	- д.п.н., профессор /Казахстан/
Демиркоз Мелахат Билге	- профессор, доктор /Турция/
Корнилов Виктор	- д.п.н., профессор /Россия/
Ланди Лиан	- профессор, доктор /Великобритания/
Мейер Бургхард	- профессор, доктор /Германия/
Мирзакулов Ратбай	- д.ф.-м.н., профессор /Казахстан/
Мырзалиев Борааш	- д.э.н., профессор /Казахстан/
Петрова Луиза	- д.ф.н., профессор /Украина/
Ташпынар Мехмет	- профессор, доктор /Турция/
Турметов Батирхан	- д.ф.-м.н., профессор /Казахстан/
Узакбаева Сахипжамал	- д.п.н., профессор /Казахстан/

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

Журинов Мурат	- президент НАН РК, академик /Казахстан/
Йылдыз Муса	- профессор, доктор /Турция/
Агаева Файза	- д.ф.н., профессор /Азербайджан/
Атемова Калипа	- д.п.н., профессор /Казахстан/
Батырбаев Нурлан	- к.ю.н., доцент /Казахстан/
Байсалов Жомарт	- д.п.н., профессор /Казахстан/
Ергобек Кулбек	- д.ф.н., профессор /Казахстан/
Еркибаева Гульфируз	- д.п.н., профессор /Казахстан/
Григорьев Сергей	- д.п.н., профессор /Россия/
Жетибаев Копжасар	- к.и.н., доцент /Казахстан/
Капилла Хосе Э.	- профессор, доктор /Испания/
Кенжетай Досай	- д.филос.н., профессор /Казахстан/
Молдалиев Ыкылас	- д.м.н., профессор /Казахстан/
Накипов Балгабай	- д.ю.н., профессор /Казахстан/
Ниязов Талгат	- д.э.н., профессор /Казахстан/
Перленбетов Муқан	- д.психол.н., профессор /Казахстан/
Сагироглу Шереф	- профессор, доктор /Турция/
Торыбаева Жамила	- д.п.н., профессор /Казахстан/
Ыдырыс Серикбай	- д.э.н., профессор /Казахстан/

EDITORIAL BOARD

Tomar Cengiz	- Professor, Doctor /Turkey/
Umbetov Omirbek	- Doctor of Technical Sciences, Professor /Kazakhstan/
Essimova Sholpan	- Doctor of Economics, Professor /Kazakhstan/
Akbasova Amankul	- Doctor of Technical Sciences, Professor /Kazakhstan/
Abuov Amirekul	- Doctor of Philosophy, Professor /Kazakhstan/
Akyol Hayati	- Professor, Doctor /Turkey/
Bulbul Ibrahim	- Professor, Doctor /Turkey/
Buluc Bekir	- Professor, Doctor /Turkey/
Boleyev Talant	- Doctor of Psychology, Professor /Kazakhstan/
Grjibovsky Andrey	- Doctor of Medical Sciences, Professor /Norway/
Gelisli Yucel	- Professor, Doctor /Turkey/
Zhetpisbayeva Bakhytgul	- Doctor of Pedagogical Sciences, Professor /Kazakhstan/
Demirkoz Melahat Bilge	- Professor, Doctor /Turkey/
Kornilov Viktor	- Doctor of Pedagogical Sciences, Professor /Russia/
Lundy Lian	- Professor, Doctor /United Kingdom/
Meyer Burghard	- Professor, Doctor /Germany/
Myrzakulov Ratbay	- Doctor of Physical and Mathematical Sciences, Professor /Kazakhstan/
Myrzaliyev Borash	- Doctor of Economics, Professor /Kazakhstan/
Petrova Luiza	- Doctor of Philology, Professor /Ukraine/
Tashpinar Mehmet	- Professor, Doctor /Turkey/
Turmetov Batyrhan	- Doctor of Physical and Mathematical Sciences, Professor /Kazakhstan/
Uzakbayeva Sakhiphzhamal	- Doctor of Pedagogical Sciences, Professor /Kazakhstan/

EDITORIAL COUNCIL

Zhurynov Murat	- President of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, academician /Kazakhstan/
Yildiz Musa	- Professor, Doctor /Turkey/
Agayeva Faiza	- Doctor of Philology, Professor /Azerbaijan/
Atemova Kalypa	- Doctor of Pedagogical Sciences, Professor /Kazakhstan/
Batyrbayev Nurlan	- Candidate of Law, Associate Professor /Kazakhstan/
Baysalov Jomart	- Doctor of Pedagogical Sciences, Professor /Kazakhstan/
Yergobek Kulbek	- Doctor of Philology, Professor /Kazakhstan/
Yerkybayeva Gulfayruz	- Doctor of Pedagogical Sciences, Professor /Kazakhstan/
Grygoriev Sergey	- Doctor of Pedagogical Sciences, Professor /Russia/
Zhetibayev Kopzhasar	- Candidate of Historical Sciences, Associate Professor /Kazakhstan/
Kapilla Hose	- Professor, Doctor /Spain/
Kenzhetay Dosay	- Doctor of Philosophy, Professor /Kazakhstan/
Moldaliyev Ykylas	- Doctor of Medical Sciences, Professor /Kazakhstan/
Nakipov Balgabay	- Doctor of Law Sciences, Professor /Kazakhstan/
Niyazov Talgat	- Doctor of Economics, Professor /Kazakhstan/
Perlenbetov Mukan	- Doctor of Psychology, Professor /Kazakhstan/
Sagiroglu Sheref	- Professor, Doctor /Turkey/
Torybayeva Zhamilya	- Doctor of Pedagogical Sciences, Professor /Kazakhstan/
Ydyrys Serikbay	- Doctor of Economics, Professor /Kazakhstan/

Ә.ДЕРБІСӘЛІ*

филология ғылымдарының докторы, профессор

ҚР Жоғары Мектеп ҒА-ның академигі

Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының директоры

(Қазақстан, Алматы қ.), E-mail: Abdsattarderbisali@gmail.com

**ДАЛАНЫҢ ДАРА КЕМЕҢГЕРІ
(Әбу Насыр әл-Фараби. 1150 жыл)**

Мақалада ұлы даланың дара кемеңгері Әбу Насыр әл-Фараби туралы тың мәліметтер берілген. Бүкіл дүние жүзіне аты мәлім ғұламаның еңбектерінің шетелдік ғалымдар тарапынан зерттелуі де маңызды орын алған. Күні бүгінге дейін Қазақстанда және шет мемлекеттерде жарық көрген кітаптары туралы да білеміз.

Автор араб тарихшыларының жазбаларына сүйене отырып, көптеген деректер береді. Атақты Сайф ад-Дауланың сарайында бірер жылын қатар өткізген әл-Фараби мен жауынгер ақын әл-Мүтанабби жайлы қызықты жәйттерді келтіреді. Аты аңызға айналған ғалымның басынан өткен оқиғаларымен де таныса аламыз.

Кілт сөздер: Әбу Насыр әл-Фараби, Отырар, Фараб, Бағдад, Харран, Дамаск, Йуханна ибн Хайлан, Аристотель, Абу Башр Матта, Ибн Халликан, Б.Гафуров, М.Хайруллаев, философия, логика, музыка, ғалым, ойшыл, ұстаз.

A.Derbisali

Doctor of Philological Sciences, Professor

Academician of the Academy of Sciences of Higher school of the Republic of Kazakhstan,

Director of the R.B.Suleimenov Institute of Oriental studies

(Kazakhstan, Almaty), E-mail: Abdsattarderbisali@gmail.com

**The Great Scientist of the Steppe
(Abu Nasir al-Farabi – 1150)**

The article presents new information about the scientist of the great steppe Abu Nasir al-Farabi. An important place in the world is occupied by research by foreign scientists dedicated to Abu Nasir al-Farabi. To date, numerous books of the scientist have been published both in Kazakhstan and abroad.

The author provides extensive information based on the works of Arab historians. The article also contains interesting facts and stories about al-Farabi and the warrior-poet al-Mutanabbi, which took place in the Palace of the famous Sayf al-Dawla, where they spent several years together. You can also get acquainted with the events that this legendary scientist went through.

Keywords: Abu Nasir al-Farabi, Otyrar, Farab, Baghdad, Harran, Damask, Yuhanna ibn Nailan, Aristotle, Abu Bashr Matta, B.Gafurov, M.Khairullaev, philosophy, logic, music, scientist, thinker, teacher.

*** Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

- Дербісәлі Ә. Даланың дара кемеңгері (Әбу Насыр әл-Фараби. 1150 жыл) // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2020. – №1 (115). – Б. 7-20.

*** Cite us correctly:**

- Derbisali A. Dalanyń dara kemeńgeri (Abý Nasyr al-Farabi. 1150 jyl) // Iasaýı ýniversitetiniń habarshysy. – 2020. – №1 (115). – B. 7-20.

А.Дербисали

*доктор филологических наук, профессор, академик АН Высшей школы РК,
директор Института востоковедения им. Р.Б.Сулейменова
(Казахстан, г.Алматы), E-mail:Abdsattarderbisali@gmail.com*

**Великий мыслитель степи
(Абу Насыр аль-Фараби. 1150 лет)**

В статье представлены новые сведения об ученом Великой степи Абу Насыре Аль-Фараби. Немаловажное место в мире занимают исследования со стороны зарубежных ученых посвященные Абу Насыру Аль-Фараби. На сегодняшний день изданы многочисленные книги ученого как в Казахстане так и за рубежом.

Автор предоставляет обширную информацию, основанную на трудах арабских историков. Также в статье приведены интересные факты и истории об аль-Фараби и воине-поэте Аль-Мутанабби, которые происходили во дворце знаменитого Сайфа ад-Даула, где они провели несколько лет вместе. А также можно познакомиться с событиями через которые прошел этот легендарный ученый.

Ключевые слова: Абу Наср аль-Фараби, Отрар, Фараб, Багдад, Харран, Дамаск, Йуханна ибн Хайлан, Аристотель, Абу Башр Матта, Ибн Халликан, Б.Гафуров, М.Хайруллаев, философия, логика, музыка, ученый, мыслитель, учитель.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2020 жылы қаңтарда жариялаған «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында «Қазіргі өркениетті мемлекеттердің барлығы дерлік шоқтығы биік тарихи тұлғалармен мақтана алады. Олардың қатарында саясаткерлер, мемлекет және қоғам қайраткерлері, қолбасшылар, ақын-жазушылар, өнер және мәдениет, [ғылым] майталмандары бар. Қазақ жұрты да біртуар перзенттерден кенде емес» дейді. Бұл ретте халқымыз солардың бірегейлері ретінде, әдетте, Әбу Насыр әл-Фарабиді (870-950) атайды.

Ислам қала мәдениеті еді. Сондықтан мешіт, медреселер, оның жанындағы кітапханалар жайлауларға емес, қалалар мен кенттерге салынды. Ал ондай, үлкенді-кішілі қалалар мен кенттер қазақ даласының, әсіресе, оңтүстігінде жетерлік-ті. Олар Исфиджаб-әл-Байда-Сайрам, Отырар, Сүткент, Манкент, Түркістан, Баладж, Созақ, Өзгент, Сығнақ, Женд; Тараз бен оның маңындағы Жікіл, Шелжі, Меркі, Құлан, Баласағұн және т.б. Ол қалалар мен ондағы медреселер де кітапханасыз болған жоқ.

Кейде бағзы біреулер Отырар кітапханасы Александрия кітапханасынан кейінгі екінші орында ма еді деп жатады. Әдебиеттерден мен Отырар кітапханасы Александрия кітапханасынан кейінгі орында еді дегенді кездестірген емеспін. Бірақ ол ондай еңбектер жоқ дегенді білдірмесе керек. Мүмкін ондай жолдардың ұшыраспауы ондай жазба деректердің біздің қолымызға тимей жүргендігінен де болар.

Өткен ғасырдың 70-80 жылдарғы менің ізденістерім Отырардан 11 әл-Фарабилердің шыққанын көрсетсе, ал арада 40 жылдай өткен соң жаңа деректер Отырардың ойшыл ғұлама перзенттерінің саны 30-ға жуық екенін көрсетті. Бәлки одан да көп шығар. Кеңестік кезеңде орта ғасырлық бабалар жайлы араб, парсы тілдерінде жазылған жазба деректерге қол жете бермейтін.

Мен Мысырдағы қазіргі Александрия қаласында бірнеше рет болдым. Ежелгі тарихи кітапхананың орнын да көрдім. Ол шағын ғана жер, себебі кітапхана шағындау болатын. Өйткені саңдаған ғасырлар бұрын Александрия да шағын ғана кент еді. Осыдан біраз бұрын қалпына келтірілген қазіргі кітапхана да шағын.

Иә, Александрия халқы ерте замандарда бүгінгідей миллион да емес-тін. Ол кездегі дүниелер көне грек тілінде жазылды. Онда римдік және грекиялық және т.б. ғалымдар

жұмыс істеді. Кейінірек отырарлық Әбу Насыр әл-Фараби эллин дәуірі ғалымдарының еңбектерін араб тіліне аударды, түсіндірмелер жазды, зерттеді.

Әбу Насыр әл-Фараби араб елдеріне білім іздеп жас кезінде емес, әуелгі білімді елінде алып, оны мен солын таныған, ғылым мен білімге деген ынтықтығы мен қызығушылығы оянған кезде барған. Әл-Фараби өмір сүрген тұста Бағдадта белгілі медреселер (сол кездегі жоғары оқу орны) болды. Оған ешкім де дайындықсыз барып түсе алмайтын.

Әл-Фараби отанындағы медреселерден білім алмаса, Бағдад пен Дамаскінің (Шамның) жоғары оқу орындарында (медреселерде) білімін жетілдірмесе, атақты ғалым дәрежесіне қалай жете алған.

Отырар Орта Азияның Ахсикент, Шаш, Марғилан, Насаф, Ниса, Мары іспетті шаһарларына қарағанда көлемділеу-ді. Отырардағыдай Орта Азияның аталмыш қалалары мен кенттерінен талай Ахсикенти, Насафи, Марғилани, Маруази, Шаши, Фарғани, Насаи секілді ойшылдар шықты. Бұл ақиқат.

Біздің ұзақ жылдардағы ізденістеріміз бен зерттеулеріміз Х-ХVI ғасырларда қазақ жерінің түрлі шаһарларынан, шығармаларын Құран тілінде, немесе парсы, яки шағатай тілдерінде туындатқан 250-ден астам ғалымдар шыққанын көрсетіп отыр. Ал бір ғана Отырардың өзінен 30-дан астам ғалымдар шыққан дедік. Отырарда бір емес, тіпті бірнеше кітапханалар да болуы бек мүмкін. Бірақ жаугершілік кездері мешіттер мен медреселердің өртке ұшырағаны сияқты, олар да қирады.

Александрия кітапханасы демекші, екінші дүниежүзілік соғыс кезінде ол кітапханадан Отырарлық ойшыл, тілші ғалым Исхақ әл-Фарабидің (Х ғ.) “Диуан әл-адаб” атты шығармасының қолжазбасы табылды. Ол 70-80 жылдары бірнеше том боп жарияланды. Оны іске асырғандар Кувейт университетінің профессоры, доктор Ахмед Мұхтар Умар мен каирлік доктор Ибрахим Анис.

Десек те, бүгіндері өкінішке орай бұқаралық ақпарат құралдарынан “біз көшпелі болдық” дегенді жиі естиміз. Көшпелі болдық дегенді жұрт “түгі жоқ, мәдениеттен жұрдай” деп түсінеді. Егер олай болса Тараздың екі мың, Түркістанның 1500 жылдығын қалай тойладық?! Қазақ жерінен табылып жатқан жәдігерліктер, рухани, мәдени жазба мұраларды көршілес кейбір жұрттар өздерінікі санап, ие болып жатқандары содан емес пе? Әбу Насыр әл-Фараби де күні-бүгінге дейін түрлі елдердің ғалымы саналып жүрді. Бүйтіп өзіміздікінен күмандана, күдіктене берсек барымыздан айырылып қалмаймыз ба?!!

Біз исламды қабылдап қана қойған жоқпыз. Ислам өркениетіне үлес қосқан халықпыз. Сол себепті Отырардан Әбу Насыр әл-Фараби сияқты талай ғұламалардың шығуы да заңды.

Үстіміздегі жылы даланың осы бір дана да дара тұлғасының туылғанына 1150 жыл толып отыр.

Иә, Отырар (Фараб) ойшылдарының ең атақтысы, ең мәшһүрі, топ жарғаны – Аристотельден кейінгі «екінші ұстаз» («Әл-Мұғаллим ас-Сани»), «Шығыстың Аристотелі» атанған ұлы ғұлама Әбу Насыр әл-Фараби. Оның толық аты-жөні – Әбу Насыр Мұхаммед бин Мұхаммед бин Тархан бин Узлағ әл-Фараби. Яғни әл-Фарабидің өз аты Әбу Насыр Мұхаммед, әкесінің ныспысы да Мұхаммед, бабасының есімі Тархан, арғы атасы – Узлағ. Түрік оқымыстылары Әбу Насыр ныспысының соңына кейде «ат-түрки» деген сөзді қосып, оның түркі текті екенін шегелей түседі.

Араб, парсы шежірелерінің деректеріне қарағанда әл-Фараби 870 жылы Фараб (Отырар) қаласында, қайсыбір деректерде – оның тікелей ықпалында болған іргелесі, Сырдарияның арғы бетіндегі Уасиджде (Оқсыз) отырарлық әскербасының отбасында дүниеге келген. Ол туған жерінің атауымен «әл-Фараби», яғни «Фарабтық» деген атқа ие болған.

Әл-Фараби алғашқы білімін Отырар медреселерінің бірінде алғанға ұқсайды. Өйткені, «көне дәуірден қалған бір деректерге қарағанда, Мауараннаһрда балаларды түрлі қолөнері мен ғылымға үйрету, баулу, оқыту олардың бес жасар кезінен басталатын болған» [1].

Ол кезде мұсылман дүниесінің рухани орталығы Месопотамия болғандықтан, Әбу Насырды ата-анасы Таяу және Орта Шығыс елдеріне сапарға дайындайды. Бірақ Әбу Насыр Бағдадқа бармас бұрын жолай Шаш пен Самарқан, Бұхара шаһарларына соғып, білімін молықтырған секілді. Әйтсе де Әбудың мұнда қанша болғаны жайлы араб шежірелері ештеңе айтпайды. Кейін ол жолай Иран еліндегі Нишапур, Рей, Исфаһан қалаларына келеді. Иран халқының мәдениетімен танысады. Содан соң әрі қарай Бағдадқа аттанады.

Әбу Насырдың Бағдадқа баруының өзіндік себептері бар-тын.

Шығыстанушы ғалым В.В.Бартольд (1869-1930): «IX-X ғасырларда ғылыми жұмыстар негізінен Тигр мен Евфрат алқабындағы ескі мәдени орталықтар болған Басра мен Харранға шоғырланды. Антиохиядан грек ғылымы да осында қоныс аударды. Бағдад – бүкіл мұсылман әлемінен, әсіресе, Иран мен Орта Азиядан шыққан әдебиетшілер мен ғалымдарды өзіне тартты» [1, 156-б.] деп жазған. Ал, «әл-Фараби өмір сүрген кезде ұзаққа созылған соғыстан кейін Орта Азия арабтардың қол астына бағынып, халифат құрамына енген болатын. Араб халифатының үлкен мәдени орталығы Бағдад болған. Басып алынған жерлердің қазынасы да осында әкелінген. Тигр мен Евфрат алқабындағы Бағдад, әсіресе, Басра мен Харран жаңадан пайда болған араб тілді мәдениеттің, жаратылыстану және қоғамдық-фәлсафалық ғылымның орталығы болғандықтан, ғылыммен әуестенгендер халифаттың түкпір-түкпірінен осында ағылып жатқан. Білімін молықтыру үшін әл-Фараби де Бағдадқа аттанған» [1, 156-б.].

Әбу Насыр Бағдадқа келген кезде мұнда зерделі зерттеулермен атағы шыққан Йуханна бин Хайлан, Әбу Башр (Бишр) Матта, Әбу Бәкір бин Сираж сияқты белгілі ғалымдар ғұмыр кешіп жатқан-ды. Әл-Фараби медицина ғылымы мен логиканы осы Йуханна бин Хайланнан, жаратылыстану ғылымдары мен грек тілін Әбу Башр Маттадан үйренді. Ал, Әбу Бәкір бин Сиражға өзі логиканы үйретіп, одан астрономияны үйренген. Оны Ибн Халликан да растайды. Әйгілі тарихшының деректеріне сүйенсек, Әл-Фараби «Бағдадқа келген кезде мұнда мәшһүр фәлсафашы Әбу Бишр бин Йунус тұратын. Ол қарт еді, жамағатқа логикадан дәріс оқитын, өзі де осы пән бойынша көптеген еңбектердің авторы болатын. Ол Аристотель ілімінің (оны түсіндіру жөнінен), әсіресе логика саласының маманы еді» [2] Ибн Халликан әл-Фарабидің Бағдадта көп бөгелмегендігін ескертеді. Расында да Әбу Насыр көп ұзамай Харран шаһарына аттанып, сонда біраз дәріс алады да, білімін молықтырып, Бағдадқа қайтып оралады. Бар ынта-жігерін фәлсафаны зерттеуге арнайды.

Әл-Фараби логика, әуез (музыка), астрономия және басқа ғылымдар бойынша көптеген еңбектер жазған. Ибн Халликан (1211-1282) өз еңбегінің тағы бір жерінде ол жайлы: «Ол – аса ірі мұсылман фәлсафашыларының бірі. Олардың ешқайсысы да оның деңгейіне жеткен жоқ. Әбу Әли ибн Сина да (980-1037) өзінің шығармаларын жазу үстінде оның еңбектерін пайдаланғанын, сол арқылы мәшһүрлікке қолы жеткенін еске алады» [2, 153-б.] деген.

Әл-Фараби жиһанкездікті ұнатқан. Арада біраз жылдар салып, Бағдадтан Шамға келеді, бірақ мұнда ұзақ аялдамастан, Мысырға сапар шегеді.

Әбу Насырдың Мысырға келуі онда 935-946 жылдар арасында патшалық құрған Мұхаммед ибн Тұғұж әл-Ихшидтің кезімен тұспа-тұс болды. Мұхаммед ибн Тұғұж әл-Ихшид әл-Фараби сияқты түркілердің әскери отбасынан шыққан. 935 жылы ол Мысыр басқағы (әміршісі) боп тағайындалған. Халифа ар-Радидан (934-940 ж. патшалық құрған) ихшид атағын алады. Араб шежірелерінде бұл атақтың мәні айқындалмаған, бірақ Мұхаммед ибн Тұғұждың ата-бабасы мекендеген Орта Азияда ол құрметті лауазым болған.

Мысырда патшалық құрған кезде ол әл-Фарабиді жерлесі ретінде қонаққа шақырса керек, бірақ бабамыздың Мысырда қанша уақыт болғаны жайлы араб деректері ештеңе айтпайды.

Әл-Фараби өздігінен оқып жетілген ғалым. Ол ең алдымен грек ғылымын, оның фәлсафасын, әсіресе Аристотельдің еңбектерін қызығып оқыған. Ибн Халликанның айтуына қарағанда Әбу Насыр Аристотельдің «Метафизикасын» қырық, «Жан туралы» еңбегін жүз,

ал «Риторикасын» екі жүз рет оқып шыққан сияқты. Осындай ыждаһаттылығының арқасында ғана ол Аристотельдің ғылыми мұрасын еркін игерген.

Атақты тарихшы оның қарапайым, аса қанағатшыл, жұпыны ғана киініп, той-думан, ырду-дырдудан бойын барынша аулақ ұстаған адам болғанын жазған. Күндіз ол көбінесе қаладағы бақта күзетшілік қызмет атқарып, тапқан ақысына сатып алған шырақ жарығымен түні бойы кітап оқумен шұғылданған [2, 154-б.].

Әл-Фарабидің алғашында фәлсафашы ретінде танылғанын айттық. Оның фәлсафалық еңбектерінің басым көпшілігі грек ғалымдарының, әсіресе Аристотельдің «Категория», «Бірінші және екінші Аналитика» сияқты фәлсафалық және логикалық шығармаларына түсіндірмелер жазуға арналған.

Сондай-ақ өзі де «Кемеңгерлік меруерті», «Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы», «Мәселелердің түп мазмұны», «Ғылымдардың шығуы», «Бақытқа жету» сияқты т.б., көптеген трактаттар туындатқан. Бұл еңбектерінде ол дүние, қоғам, мемлекет және адамдардың өзара қарым-қатынасы туралы өз заманы үшін соны ой-пікірлер айтқан. Орта ғасырлардың өзінде-ақ Әбу Насыр қанаусыз, зорлықсыз бақытты қоғам орнату жөнінде батыл болжам жасаған. Мұндай қоғамның тууын ол мемлекет басшысының ақылы, білімі, адамгершілігімен байланыстырған.

Әбу Насыр әл-Фараби ғылымының фәлсафа, логика сияқты салаларының іргетасын қайта қалаған, әр ғылым саласын жеке пән ретінде игеру жағын көтере отырып, олардың мәнін айқындап, мазмұнын ажыратуға тырысқан. Әуез жайлы да күрделі зерттеулер жүргізген, математика саласында үлкен жаңалықтар ашқан, астрономия жайлы кесек-кесек еңбектер қалдырған, физика ғылымын да тың ойлармен байытқан. Жаратылыстану ғылымының медицина, химия, минералогия секілді аса маңызды салалары бойынша күні бүгінге дейін мәнін жоғалтпаған еңбектер жазған. Көне грек оқымыстыларының пікірлеріндегі озық қағидаларды талдаған.

Көрнекті шығыстанушы ғалым, академик Б.Ғафуров (1908-1977) әл-Фарабидің ғылымға деген құштарлығы таңғаларлықтай сан-салалы болғанына тоқталады. «Біз, – дейді ол, – ұлы ғұлама жазған еңбектер ішінен математикаға, медицинаға, әуез теориясына, алхимия мен магияға арналған дүниелерді көреміз. Ұлы ғұлама фәлсафаның, логиканың, таным-нанымның теориясының, психологияның, этиканың (әдеп), саясат пен социологияның сан қырлары жөнінде пікірлер айтып, келелі еңбектер жазған. Әл-Фараби атын бүкіл әлемге танытып, оны дүние жүзі мәдениетін жасаушылардың алдыңғы легіне қосқан да оның осы салалардағы еңбектері» [3].

Әл-Фараби педагогика, психология, эстетика мен акустика, астрономия мәселелерін де терең зерттеп, мәдениет пен ғылымға жемісті үлес қосқан. Сондай-ақ ол парасаттылық пен ағартушылықты жақтаған үлкен гуманист. Әбу Насыр – халықтарды бейбіт өмір сүруге, достыққа шақыра отырып, адам баласының білім пен парасатты ойын терең бағалаған кемеңгер. Иә, сөйтіп Әбу Насыр метафизика, тіл білімі, логика, жағрафия, этика, т.б. ғылым салаларын қамтитын жүз елуге тарта трактаттар жазған.

Әл-Фараби өмірінің соңғы жылдарын Шамның Халаб қаласында өткізді. Осы жердің әміршісі Сайф ад-Дауланың (915-967) сарайында күн кешкен. Бірақ ұзақ тұрмаған.

Ибн Халликан шежіресінде Әбу Насырдың Халабқа алғаш келген кездегі Сайф ад-Дауламен танысуы жайлы қызықты деректер келтірілген. Мысырдан қайтып оралған бетінде әл-Фараби Сайф ад-Даула өзінің нөкерлерімен мәжіліс құрып отырған үстіне кіріп келгенде, Сайф ад-Даула оған «Отыр!» деп әмір етеді. Әл-Фараби: «Қай жерге отырайын, сіз отырған жерге ме, жоқ әлде өзім тұрған жерге ме?» – дейді. Сонда Сайф ад-Даула: «Өзіңе қай жер лайық деп тапсаң, сол жерге отыр», – дейді. Әл-Фараби Сайф ад-Дауланың қасына келіп, оны ығыстырыңқырап қасына жайғасады. Әміршінің өзі және бірнеше нөкері ғана білетін құпия сарай тілімен оларға: «Мен мына кісіге қазір бірер сұрақ қоямын, егер ол лайықты жауап бере алмаса, жазалаңдар», – дейді. Сонда әл-Фараби іле-шала Сайф ад-Дауланың

өзі жаңа ғана сөйлеген құпия тілмен: «О, әміршім, сәл сабыр ет. Әр істің артын баққан жөн болар!» – деген кезде, ол қайран қалып: «Апырай, сіз бұл тілді қайдан білесіз?» – дейді. Сонда әл-Фараби: «Иә, мен жетпіске жуық тіл білемін» [2, 155-б.] – деген екен. Бұдан кейін әл-Фараби Сайф ад-Дауламен, оның сарайындағы әнші, ақын, ғалымдармен өнер жөнінде сұхбаттасады.

«Сайф ад-Даула сарайға әуезшілер келсін» деп бұйырады. Олар аспаптарында ойнаған кезде әл-Фараби әуезшілерді тоқтатып, ескерту, түзетулер жасап отырады. Сонда Сайф ад-Даула: «Сіз бұл өнерді жақсы білетін бе едіңіз?» деп сұрайды. Ол: «Иә» деп жауап береді. Сөйтеді де, беліндегі сахтиан кісесін шығарып, ішін ашады, одан жіңішке аспапты алып, құлақ күйін келтіріп, ойнауға кіріседі. Жанға рақат саз шығып, отырғандар жадырай бастайды. Әл-Фараби енді аспаптың құлақ күйін басқаша келтіріп, тағы да ойнауға кіріседі. Аса мұңды саз құйылып, отырғандар егіліп жылай бастайды. Ақырында ол аспаптың құлақ күйін тағы да басқаша келтіреді, ойнауға кіріседі, сонда баршасы, тіпті әмірдің нөкерлеріне дейін мүлгіп ұйықтап кетіпті. Оларды сол ұйықтаған қалпында қалдырып, ол сарайдан шығып кетеді» [Сонда. Француз зерттеушісі М. Канардың айтуына қарағанда, әңгіме курд тілі жөнінде болып отыр. Өйткені Сайф ад-Дауланың әкесі араб болғанымен, шешесі курд тектес еді. Оның үстіне әмір нөкерлерінің ішінде курдтар да болған. (Morius Canard. Sayf al-Daula. Recueil de textes relatifs a emir Sayf al-Daula le Hamdanide. Aljer-Paris, 1934)].

Иә, Сайф ад-Даула өз сарайына сол замандағы аса дарындыларды жинай білген еді. Мұнда Әбу Насыр сияқты арабтың ақиық ақыны әл-Мұтанабби (915–965) де айрықша ыстық ілттипатқа бөленіп, өзінің біраз жылдарын өткізген болатын.

Араб әдебиетінің классигі, жауынгер ақын – әл-Мұтанаббидің шығыс және әлем әдебиетіндегі орны ерекше. Көрнекті араб әдебиетшісі, профессор Абд әл-Уаһһаб Аззам зерттеулерінде әл-Мұтанабби жайлы: «Ахмед әл-Мұтанабби ұрыс тақырыбындағы қасидаларымен өзге ақындар немесе қарасөз зергерлері шыға алмаған шыңға көтерілді. Бұл араб ақыны өлеңдерінің қуаттылығы сонша, оған теңесетіндер жоқ. Тіпті «Иллиада», «Шаһнаме», Римнің «Энейдасы» немесе үндінің «Махабхаратасы» мен «Рамаюнасы» әл-Мұтанаббимен үзеңгі қағыса алмайды» [4] дейді.

Сол әл-Мұтанабби Әбу Насыр әл-Фарабимен атақты Сайф ад-Дауланың сарайында өмірінің бірер жылын бірге өткізген. Біздің әл-Фарабиді зерттеуші ғалымдарымыз әлі күнге дейін оның өмірбаянын жазғанда Әбу Насырдың Сайф ад-Дауланың сарайында тұрғанынан басқа ештеңе айта алмайды. Сондықтан да біз араб тарихшыларының жазбаларына сүйене отырып, осы екі дүлдүлдің бізге бимағұлым өткізген жылдарына үңіліп, белгісіз жайттердің аз да болса бетін ашып көрейік.

Әл-Мұтанабби тек шайыр ғана емес, жауынгер ретінде де танылған. Ақын талай рет түрлі жорықтарға қатысып, ерліктер көрсеткен. 946-жылдары майданда бірге болған досы Бадр бин Амшардың шақыруымен Шамдағы Антакия қаласына келеді. 948 жылы осы кішкене қалаға Византия жорығынан қайтып келе жатқан Сайф ад-Даула тоқтайды. Оған ер мінезді әл-Мұтанабби ұнап қалады. Әмірші оны өз сарайына шақырады. Ол кезде Сайф ад-Даула сарайында әл-Фараби де тұрып жатқан-ды. Әбу Насырдың 70-ке, әл-Мұтанаббидің 33 жасқа шыққан кезі. Сарайдағы ақындар мен фәлсафашылардың ұстазы әрі атақтысы да әл-Фараби болғандықтан, әл-Мұтанабби оны өзіне ұстаз тұтады. Арада көп уақыт өтпей-ақ олардың атағы алысқа кетеді. Сонымен қатар бақталастары да көбейе түседі.

Әл-Мұтанабби қызықты бір кеште өлеңін оқиды: «Бізді (әл-Фараби мен өзін айтып отыр) осындағылардың бәрі біледі. Өйткені, біз әмірші сарайындағы екі жүзді, жорғалап жүретіндерден емеспіз. Менің достарым – қас тұлпар, қою түтін, кең дала, алмас қылыш, өткір найза, қалам, қағаз» [5] деп, сарайдың күншіл ақынсымақтарын жерге соғады. Бақталастар одан сайын көбейе түседі. Оның үстіне өсекшілерге иланған Сайф ад-Даула бірте-бірте оған қырын қабақ таныта бастайды.

«Бірде әмірші алдында парсы текті әдебиетші Ибн Халауайх (980 ж–қ.б.) әл-Мұтанаббиге сын ескертпе жасағанда ақынның арқасы қозып: «Иә, сен араб емессің, парсысың, саған араб тілін білу қайда?!» деп қалады. Жарыла жаздаған Ибн Халауайх ауыр кілтпен әл-Мұтанаббидің басынан ұрады, ал жанжалдың басы-қасында болған Сайф ад-Даула ләм деп аузын ашпайды». Әл-Фараби бұған қатты қапаланады. Әл-Мұтанаббиге жасалған қиянат оны торықтырады. Ақыры әмірші сарайын тастап, Халабтан әл-Мұтанабби секілді ол да кетіп қалады [6].

Әбу Насыр әл-Фараби 950 жылы қайтыс болған. «Фараби қазасы туралы екі дерек бар, – дейді М. Хайруллаев (1931-2004), – біріншісінде ғалымдар оны Шамда қайтыс болған десе, екіншісінде Әбу Насыр қасына бірнеше адам ертіп, Асқалан қаласына бара жатқанда, жол торыған қарақшылардың қолынан қаза тапқан. Сайф ад-Даула қарақшыларды тауып, дарға асқан» [1, 162-б.]. Бір таңғаларлығы, арада он бес жыл өткеннен кейін әл-Мұтанабби де дәл осындай қайғылы қазаға ұшыраған. «Әл-Мұтанабби қасына баласын ертіп, Уасыттан Бағдадқа келе жатады. Күн ыстық болса керек. Рахте қаласынан өте бере Фатих бин Джаһл әл-Асади бастаған қарақшылар әл-Мұтанаббиге тосқауыл қояды. Айдалада тоқтатады. Әл-Мұтанабби кейінгі жылдары жазған өлеңдерінің жазбаларын қарап келе жатса керек. Айтылмыш қарақшы әл-Мұтанаббиді қылышпен шауып түсіреді. Шайырдың қолындағы өлеңдері құмда шашылып қалады» [4, 96-б.].

1944 жыл Каирде әдебиетші ғалым Аббас Махмұд әл-Аккадтың (1889-1964) «Әл-Фарабиани» [Аббас Махмұд әл-Аккад. Әл-Фарабиани. Каир 1944, 75 бет] атты зерттеуі жарық көрді. Автор онда жерлесіміздің фәлсафалық толғаулары туралы айта келіп, ұлағатты ұстаздың поэзиямен де айналысқанына баса назар аударады. «Сайф ад-Дауланың сарайына жиналған даңқойлар мен ақындар аптаның әр күні әдемі, әуезді, бұлбұлды баққа барып, мұшайраға түсетін. Әбу Насыр әл-Фараби де оған қатысатын. Ол өзгелердей емес Сайф ад-Дауланың өзімен келіп, әкімнің жанына отыратын. Білімпаз әмірші әл-Фарабидің фәлсафалық тұжырымдарын да, өлеңдерін де ұнататын, тыңдайтын. Мұндай санаткерлік сынға араб-парсы ақындарының сайыпқырандары ғана қатысатын» дейді.

Бара-бара оны салтанатты сарайдың сәулеті де, дәулеті де қызықтыра алмайды. Кетуге бел байлайды. Бір жағынан, жоғарыда айтылғандай, әмірші айналасындағылардың бақталастығы, сыздаған жанына сызат түсіргені бұл байламына қамшы болады. Ақыры әмірші сарайынан кетіп қалған Әбу Насыр қай жерде болсын аса қанағатшыл болыпты. Оның артынан Сайф ад-Даула жіберіп тұрған төрт дирһемді ең зәру қажетіне жаратып, қалғанын жарлы-жақыбайларға үлестіріп отырған. Сонымен қатар Аббас Махмұд оның өлеңді араб тілінен басқа парсыша да жазғанын айтады.

Иә, сөйтіп ол тек ғұлама ғалымдығымен ғана емес, жыр пырағын ерттеп мінген ақындығымен де дараланған. Оның әдебиет пен тілдің өзекті мәселелеріне байланысты айтқан тұжырымдары топ жарған талай-талайларды тамсандырған.

Әбу Насырдың «Өлең туралы трактат» жазғаны белгілі. Көрнекті неміс шығыстанушысы Морис Штейншнейдер де (1816-1907) бұл жайлы өз еңбегінде атап көрсеткен. Ағылшын арабисі Д.С.Марголиус те (1858-1940) «Екінші ұстаздың аталмыш трактатты жазғанын айта келіп, оның жоғалып кеткеніне қатты қынжылған. 1970 жылы Мәскеудегі Ленин атындағы кітапхананың Азия және Африка бөлімінде Италияның «Ориенто модерно» (қазіргі Шығыс) атты журналын қарап отырып, одан арабист Артур Дж.Арберридің (1905-1969) 1936 жылы Үндістанға барған сапарында осы елдің ұлттық кітапхасынан («Индия оффис лейбрари») әл-Фарабидің «Өлең туралы трактатының» табылғанын хабарлағанын оқыған едім. Ол кісі трактат көшірмесінің XVII ғасырға жататынын, сөйтіп, оның әлі күнге дейін Үнді ұлттық кітапханасында сақтаулы екендігін айтқан [7].

Әл-Фараби шығармаларының басым көпшілігі әлі де араб тілінен аударылмай, зерттелмей жатыр. Астрономия, логика, әуез жайлы еңбектері де күні бүгінге дейін терең

зерттеле қойған жоқ. Ал кездейсоқ қолға алған зерттеушілер болса, оларды тек шет пұшпақтан ғана қарап жүр. Әбу Насырдың көптеген туындылары дүние жүзі кітапханаларында сақтаулы, бізге беймағлұм күйде. Демек, оларды іздестіру, жарыққа шығару, сөйтіп халықтың игілігіне айналдыру – зор міндет.

Дүние жүзінің көптеген ғалымдары Әбу Насырдың өмірі мен шығармаларын орта ғасырларда-ақ зерттей бастаған. Міне, ол бүгінге дейін жалғастырылып келеді. Осы ретте араб және парсы тілдерінде жазған Ан-Надим (X ғ.), әл-Байһақи (X ғ.), Джамал ад-дин әл-Қифти (XIII ғ.), Хаджи Халифа (1657 ж. қ. б.) және тағы басқалардың еңбектерін ерекше атап өткен жөн.

XIX ғасырдың орта тұсынан бастап әл-Фарабидің өмірі мен шығармашылығы көптеген Еуропа ғалымдарының назарын ерекше аудара бастады. Әл-Фараби ілімімен жақсы таныс болған, одан көп үйренген Маймонид (1135-1204), Рождер Бэкон (1214-1294), Леонардо да Винчи (1452-1519), Спиноза (1632-1677), тағы басқа көптеген Батыс Еуропа ғалымдары Отырар перзентінің өмірі мен еңбектерін арнайы зерттеген.

Мәселен, өткен ғасырда неміс ғалымдары И.Г.Л.Козегартен (1792-1860) мен Г.Зутер (1848-1922) әл-Фараби жөнінде арнайы еңбектер жазған. Немістің екінші бір көрнекті ғалымы Фридрих Диетерици (1821-1903) 1888-1904 жылдардың өзінде-ақ «Әл-Фарабидің философиялық трактаттары» деп аталатын жинақты жарыққа шығарған. Оған әл-Фарабидің бірсыпыра философиялық шығармаларының арабша текстері мен олардың неміс тіліне аударылған нұсқалары енген.

Үшінші бір неміс ғалымы Карл Брокельман (1863-1956) 1886-1937 жылдар арасында «Араб әдебиетінің тарихы» деп аталатын бірнеше томдық био-библиографиялық еңбегінде Әбу Насыр шығармашылығына да орын берген [8]. Сондай-ақ америкалық ғалымы Дж.Сартон (1884-1950), түрік ғалымдары А.Сайылы мен Х.Үлкен (1950 ж.) фарабитану ғылымымен шұғылданған. 1950 жылы Түркия жұртшылығы Әбу Насыр әл-Фарабидің қайтыс болғанына 1000 жыл толуын үлкен салтанатпен атап өткен. Түрік ғалымдары әл-Фараби мұрасының едәуір бөлігінің арабша текстерін түрікше, ағылшынша аудармасымен қоса жариялаған.

Америкадағы Питтсбург университетінің профессоры Николас Решер де әл-Фараби және оның шәкірттерінің ғылыми мұрасын зерттеумен айналысқан. Н.Решер ұзақ ізденіс нәтижесінде 1962 жылы ағылшын тілінде «Фараби. Аннотацияланған библиография» деп аталатын аса құнды еңбегін жариялаған [Rescher Nicholas. Al-Farabi Annotated Bibliography. Pittsburgh 1962. University Pittsburgh Press. II+54 S.8⁰]. Мұнда мың жыл бойында әл-Фараби жөнінде кім не жазды, әл-Фараби шығармалары қай тілдерге аударылды деген мәселелерге баса назар аударылған.

Француз ғалымы Рудольф Эрланже 1930-1935 жылдары әл-Фарабидің аса үлкен, әрі терең мағыналы «Музыканың үлкен кітабы» атты трактатын француз тіліне [R. de Erlanger: La Musique arabe. I. Al-Farabi, al-musiki al-kabir. 2. C. Paris 1930 laul Geuthner. 8⁰], өзге де ғалымдар неміс [E.A.Beichert. Die Wissenschaft der Musik bei Al-Farabi. Regensburg, 1931], ағылшын [Henry George Farmer. A History of Arabian Music to the Thirteenth Century. London 1929.; Al-Farabi Arabic-Latin Writings on Music. Geviren: Henry George Farmer. Glasgow 1934.] аударды. Мұның өзі әл-Фараби мұрасын іздестіру, аудару, бастыру, зерттеуде шетел ғалымдарының да айтарлықтай еңбек сіңіріп отырғанының айғағы болса керек.

Солай бола тұрса да, батыс еуропалық немесе америкалық ғалым, өзбек оқымыстысы Мұзафар Хайруллаев (1931-2004) атап көрсеткендей, – жазба жәдігерліктердің аздығынан кейбір өмірбаяндық деректерді жүйелегені болмаса, әл-Фарабидің ғылыми өмір жолын түзе алмады. Соңғы жылдары жиған-тергенін Египетте (Мысырда), Сирияда, Иранда жариялаған жекелеген авторлар әл-Фарабидің ғылыми өмірбаянын жазуға қаншама тырысқанымен ерте кездегі мұсылман шежірелерінде айтылған белгілі жайттерден аса алмады.

Әбу Насыр әл-Фараби сияқты ірі тұлғаның өмірі жайында жаңадан табылған жазба деректер де жоқтың қасы. Мұны осы күнгі араб, парсы, түрік ғалымдары Әбу Насырдың

ешкіммен араласпай, өмір бақи жападан жалғыз өмір сүргенімен байланыстырады. Сондықтан да біз үшін ұлы ғұламаның тұстасы болмағанымен, одан екі-үш ғасыр кейін ғұмыр кешкен Захир ад-дин Әбу-л Хасан әл-Байһаки (1099-1170), Шамс ад-дин Әбу-л Аббас Ахмед Ибн Халликан (1211-1282), Ибн Әби Усайбиға (1203-1270) секілді бас-аяғы үш-төрт шежірешілердің ұлы ғұлама жөнінде жазып қалдырғандары таптырмас қазына.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін әл-Фараби мұрасын жан-жақты зерттеу бізде де етек алды. Мәселен, Мәскеу мен Алматының һәм Ташкенттің ғалымдары әл-Фараби еңбектерін орыс, қазақ, өзбек тілдеріне аудару жұмыстарын қолға алды. Әл-Фарабидің фәлсафалық, математикалық, саяси-әлеуметтік, логикалық және поэзиялық еңбектері орыс, қазақ, өзбек тілдерінде жарық көрді [Аль-Фараби. Философские трактаты. Изд. "Наука", Алматы 1973; Он же. Математические трактаты. 1972; Он же. Социально-этические трактаты. 1973; Он же. Логические трактаты. 1975; Он же. Комментарий к Алмагесту Птоломея. 1975; Он же. Историко-философские трактаты. 1985; Он же. Трактаты о музыке и поэзии. 1992]. Әл-Фараби мұрасын зерттеу ісіне В.В.Бартольд, Е.Э.Бертельс, Б.Гафуров, С.Н.Григорьян, В.П.Зубов, А.Иванов, А.Сағадеев, Ю.Н.Завадовский қатысты.

Отырар өркениетінің дәуірлеу кезінде өмірге келген Әбу Насыр әл-Фарабидің туған Отаны Қазақстанда ұлы ойшылдың мұраларын жинастыру, зерттеу жұмыстары (Э.Кольманның «Большевик Казахстана» журналының 1942 жылғы 24-ші санында жарияланған «Великое наследие» атты зерттеу еңбегін айтпағанда) негізінен фарабитанушы ғалым А.Ж.Машанов пен Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасының директоры Н.Б.Ахмедованың 1960 жылғы 15 қарашада Қазақ КСР Ғылымдар академиясының президенті Қ.И.Сәтбаевқа Әбу Насыр әл-Фараби мұраларын ғылыми іздестіру, жинастыру, көшірмелеу, аудару, зерттеу жұмыстарына байланысты көмек сұрап жазған хатынан басталса керек. Қ.И.Сәтбаев «Согласен реализовать. 15.XI.1960» деп бұрыштама қол қойған сол хаттың мәтіні мынау: **«ПРЕЗИДЕНТУ АКАДЕМИИ НАУК КАЗАХСКОЙ ССР АКАДЕМИКУ К.И.САТБАЕВУ – Как вам известно, величайший ученый Аль-Фараби является уроженцем Казахстана: родился он в селе Отрар (между Туркестаном и Арысом), который по-арабски назывался Фараб (откуда и фамилия ученого), в тюркской семье рода Кипчак. Аль-Фараби является энциклопедистом раннего средневековья (870-950 гг.), знаменитым комментатором Аристотеля, Платона и других ученых («первых учителей») Античного мира. Поэтому было присвоено почетное имя «Второго учителя». Такие Знаменитые ученые, как Аль-Бируни, Авиценна и другие его (Аль-Фараби) считают своим учителем-наставником. Трудов аль-Фараби насчитываются свыше 100 названий по различным отраслям науки искусства: по математике, астрономии, химии, географии, геологии, философии, медицине, музыке и т.д.**

Однако, к сожалению, мы не могли найти в СССР ни одной его подлинной работы.

После длительных поисков на днях нам удалось получить по межбиблиотечному абонементу три книги из Лейдена (Голландия). Двое из них собственные труды Аль-Фараби на арабском языке:

1) «Рисала Фусус аль-Хикам» («Жемчужина науки»);

2) «Рисала...аль-Мадина...аль-Фадила» («Образец города»).

Обе эти книги сопровождаются предисловиями проф. Диетереци на немецком языке; общий объем двух книг около 250 стр. (1890-1985 г.).

Третья книга проф. Брунела на немецком языке: «Государственное управление по Аль-Фараби», около 200 страниц (1904).

Все эти книги имеют исключительно большую научную ценность. Поэтому мы их фотографируем и снимаем микрофильмы. Необходимо перевести их на казахские и русские языки. Просим Вас дать указание о финансировании данной работы через библиотеку. Член-корр. АН КазССР (Машанов А.Ж.), Директор ЦНБ АН КазССР (Ахмедова Н.Б.) 15/XI. 1960».

Әбу Насыр әл-Фарабидің мұрасын зерттеу ісіне көп еңбек сіңірген фарабитанушы ғалымдардың бірі, бірегейі, ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі, философия ғылымдарының докторы, профессор Ағын Қасымжанов еді.

Оның Әбу Насыр әл-Фараби философиясының сипаты мен мағынасын, ондағы парасат тұжырымдамасының орнын анықтап жіктеген «Оймен ұғынылған дәуір», «Әл-Фараби дүниетанымындағы парасат мәселесі» атты еңбектері фарабитануға қосқан үлкен үлес.

Ол кісі «Қазақ Совет энциклопедиясының» авторларының бірі ретінде «Араб философиясы», «Әл-Фараби», «Голланд философиясы», «Ғылым», т.б. ғылыми түсініктемелері іспетті құнды дүниелер жазды. Көрнекті философ-ғалым Анзор Ивановпен бірге өткен ХХ ғасырдың 70-ші жылдары Чехославакияда Әбу Насыр әл-Фарабидің логикалық трактаттарын Қазақстанға алып келіп, ұлы ғұлама туралы рухани құндылығымызды байытты.

Ә.Марғұлан, А.Машанов, О.Жәутіков, А.Қасымжанов, А.Көбесов, Қ.Жарықбаев және тағы басқалардың бастамасымен 1968 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясы жанынан Фарабитану тобы құрылды. Оны кезінде А.Х.Қасымжанов, Ә.Нысанбаев, М.Бурабаевтар басқарды. Олардың жетекшілігімен Әбу Насырдың ғылыми мұрасын табу, тәржімалау, жарыққа шығару, микрофильмдерді тауып түсіріп, фотокөшірмелер жасап, зерттеу секілді біраз игілікті істер атқарылды. Докторлық, кандидаттық диссертациялар қорғалды. Ғылыми конференциялар өткізілді.



Әбу Насыр әл-Фарабидің Қазақстанда шыққан еңбектері

Ағын Қасымжанов олардың («Философиялық трактат», «Әлеуметтік-этикалық трактаттар», «Логикалық трактаттар», т.б.) алғы сөздері мен түсініктемелерін жазды.

Фарабитанушы ғалымның тағы бір елеулі еңбегі Қазақ ұлттық мемлекеттік университетінде 1993 жылы ашылған «Әл-Фараби және қазақ халқының рухани мәдениеті» ғылыми-зерттеу және оқу-әдістемелік орталығын басқаруы еді. Ағын қайтыс болғаннан кейін бұл орталықты қызы Анель Әзімхан басқарды.

Анель де әке жолын қуып фарабитанушы философ ғалым болды. Мәселен оның «Әл-Фарабидің философиялық тартуы» деген еңбегі отандық және шетелдік шығыстанушылардың пікірінше ғылыми-философиялық ойдың алыбы Әбу Насыр әл-Фарабидің дүниетанымын тұтастай талдауға арналған аса құнды ғылыми дүние. Ал, «әр түрлі өркениеттер тоғысы жүзеге асып жатқан жердің рухымен азықтанған (Анель Әзімхан)» Әбу Насыр әл-Фарабидің ғылыми-философиялық дүниетанымын зерделеуге кез келген ғалым-философтардың қарым-қабілет, ой дастаны жете бермесі анық.

Әбу Насыр әл-Фарабидің мұрасын жан-жақты, жоспарлы түрде іздестіру, жинастыру, зерттеу және оны ғылыми айналымға енгізу жұмыстары кеңестік заманда Қазақ КСР Ғылымдар академиясының философия құқық институты қызметкерлерінің күшімен, академик Ш.Е.Есеновтың жетекшілігімен жүргізілді. Ол кезде Қазақстанның Ғылымдар академиясы КСРО Ғылымдар академиясының құрамдас бөлігі болғандықтан, оның ғылыми ұйымдастырушылық, ғылыми-зерттеу, үйлестіру, халықаралық ғылыми форумдар мен конференцияларды өткізу, ғылыми мамандарды даярлау, т.б. жұмыстары Одақтың Ғылымдар академиясымен тығыз байланыста жүргізілген еді. Әрине мұндай ғылыми үйлесімді байланыстың Қазақстан ғылымы үшін пайдасы зор болды. Осы Одақтық үйлестірушілік байланыста Әбу Насыр әл-Фарабидің ғылыми мұраларын ғылыми-іздестіру, ғылыми-жинастыру, ғылыми-зерттеу, ғылыми-тәржімалау мақсатында ұйымдастырылған шығармашыл ғылыми ұжымның тарихи ғаламат еңбектерінің арқасында ұлы данышпанның есімі алғаш рет өзінің туған отаны Қазақстанға, Одақтас республикаларға кеңінен танымал бола бастады.

А.Көбесовтың «Әл-Фараби» (Алматы, 1971) және «Математическое наследие аль-Фараби» (Алма-Ата, 1974), А.Х.Қасымжановтың «Аль-Фараби», (Алма-Ата, 1974), сондай-ақ «Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар» (Алматы, 1975, 418 бет (жинақ), С.К.Сатыбекованың «Гуманизм аль-Фараби» (Алматы, 1975), «Аль-Фараби о разуме и науке», (Алма-Ата, 1975) (Жинақ), А.Л.Казибердовтың «Сочинения Абу Насра ал-Фараби в рукописях Института востоковедения АН УзССР». (Ташкент, 1975), «Возвращение учителя. О жизни и творчестве Фараби» (Жинақ) (Алма-Ата, 1975) іспетті, т.б. кітаптар оқушылармен қауышты.

Москвада «Әл-Фараби. Научное творчество. Сборник статей». (Москва, 1975, 191 бет), Ташкентте М.Хайруллаевтың «Фараби. Эпоха и учение» атты монографиясы (1975 жылы, 351 бет) жұртшылықты қуанышқа бөледі.

1975 жылы Алматыда «Рауан» баспасынан біздің «Қазақ даласының жұлдыздары (тарихи-филологиялық зерттеу)» атты еңбегіміз жарық көрді. Онда қазақ даласының ғылым қуған дана перзенттері, соның ішінде Отырардан шыққан 11 фарабилердің өмірі мен шығармашылығы да ғылыми айналымға енгізілген. А.С.Ивановтың «Учение аль-Фараби о познавательных способностях», (Алма-Ата, 1977), жазушы Әнуар Әлімжановтың Москвада «Возвращение учителя или повесть о скитаниях Абу Насра Мухаммеда ибн Мухаммеда ибн Тархана ибн Узлаг аль-Фараби ат-Турки» (Москва, «Советский писатель», 1979, 239 бет), Ә.Дербісәлиевтің «Әл-Фарабидің эстетикасы» (Алматы, 1980) және «Фарабитану арнайы курсы» (Алматы, 1980), А.Х.Қасымжановтың «Абу Наср аль-Фараби» (Алма-Ата, 1982), «О логическом учении аль-Фараби» (жинақ) (Алма-Ата, 1982), Е.Жәнібековтың «Әл-Фарабидің физикалық көзқарасы» (Алматы, 1983) т.б. көзайым болды.

Әл-Фарабидің философиялық, математикалық, саяси-әлеуметтік, тарихи-философиялық, музыка мен поэзиялық және т.б. трактаттары орыс, қазақ тілдеріне аударылды және «Социальные, этические и эстетические взгляды аль-Фараби» (Алма-Ата, 1984) секілді жекеленген еңбектер де халыққа жетті.

1991 жылы Кеңес Одағы күйреді. Еліміз тәуелсіздік алды. Республикамыздың жоғары оқу орындарының көшбасшысы Ұлттық университетімізге әл-Фараби аты берілді. Көп ұзамай онда әл-Фарабидің өмірі мен мұрасын зерттейтін ғылыми-зерттеу орталығы ашылды. Оны кезінде А.Қ.Қасымжанов және Ә.Дербісәлиев, А.А.Қасымжановалар басқарды. Қазір оған профессор Ж.Әлтаев жетекшілік етуде.



Әбу Насыр әл-Фарабидің Қазақстанда шыққан еңбектері

Ұлттық университет ұлы ғалым мұрасын зерделеуге арналған 1994 жылы «Әл-Фарабидің шығыс халықтарының ғылымы мен мәдениетінің тарихындағы орны» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өткізді. Баяндамалар «Әл-Фараби және рухани мұра» деген атпен сол жылы жарияланды (Жалпы редакциясын басқарған Ә.Дербісәлиев, А.Х.Қасымжанов). Университет алдына ұлы ғалымның ескерткіші қойылды.

Осы жылдары сондай-ақ М.С.Бурабаевтың «Общественная мысль Казахстана в 1917-1940 гг.» (Алма-ата, 1991), «Аль-Фараби. Избранные трактаты», (Алма-Ата, 1994) атты еңбектері сүйіншіленді. 2000 жылы Алматыда академик А.Н.Нысанбаев бастаған ғалымдардың ұйымдастыруымен «Наследие аль-Фараби и мировая культура» атты халықаралақ конгресс өтті. Баяндамалар мен мақалалар сол жылы «Наследие аль-Фараби и мировая культура: материалы международного конгресса» Наследие аль-Фараби и мировая культура» (Алматы, 2001, 475 бет) деген атпен жұрт қолына тиді.

Әл-Фараби мұрасын зерттеу ісі осымен тоқтаған жоқ.

Ұлы ойшылдың туғанына 1130 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция оның туған жері Отырарда да ұйымдастырылды. Материалдары «Ғұлама. Ойшыл. Ұстаз. Әл-Фарабидің туғанына 1130 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары (Алматы, 2001, 215 бет)» деген атпен кітап боп шықты.

2004 жылы түрік ғалымы профессор, доктор, проф. Йашар Айдынұлының Анкарада шыққан «Farabi» атты еңбегі [Yaşaz Aydinli. Farabi. Istanbul, 2008, 190-бет] Қазақстанға жетсе, 2005 жылы «Әлемдік философиялық мұра» сериясымен «Әл-Фараби мен Ибн Сина философиясы» атты (Алматы, 2005, 556 бет) ұжымдық жинақ жарияланды (Құрастырғандар Т.Ғабитов, Ғ.Құрманғалиева, сарапшы С.Нұрмұратов).

К.Х.Тәжікованың «Абу Наср аль-Фараби. Книга букв» (Алматы, 2005) атты дүниесі де өз бағасын алды.

Көрнекті мемлекет қайраткері, ғалым Мұхтар Құлмұхаммет Сирияға арнайы барып, ұлы ғалым зиратында тағзым етті. Сол сапары жайлы қазақ, орыс тілдерінде танымдық, көлемді зерттеу мақала жазды.

2006 жылы еліміздің бір топ зиялылары (академик Т.Қожамқұлов, Ә.Құртаев,

Ж.Нұсқабаев, Н.Жұмашев) менің жетекшілігіммен Сирияда болып, ортағасырлық тарихшы Ибн Халликан жазғандай Дамаскдегі «Баб ас-сағир» қабырстанындағы Отырардың ұлы перзентінің зиратына туған жер топырағын салдық.

2007 жылы Сирияда Тұңғыш Президентіміз, Елбасы Н.Ә.Назарбаев ресми сапармен болды. Делегация құрамында мен де болдым. «Бас ас-сағирде» Елбасы ұлыға тағзым жасап, құрмет көрсетті. Арнайы қызығушылық білдіріп, кесене (мәдени орталығы да бар) салдыртты. Ол биыл ашылса керек.

Оңтүстік Қазақстан әкімдігі 2007 жылы Әбу Насыр әл-Фарабидің шығармашылық мұрасы мен ғылыми еңбектерін насихаттау және жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеуге арналған «Әлем таныған Отырар азаматы» атты халықаралық ғылыми-конференция өткізді.

2008 жылы академик Ә.Нысанбаевтың ұйымдастыруымен Әбу Насыр әл-Фарабидың «Музыканың үлкен кітабы» атты трактаты тұңғыш рет қазақ тіліне аударылып жарыққа шықты (Әбу Насыр әл-Фараби. Музыка туралы үлкен кітап. Алматы, 2008, 751 бет).

2009 жылы Алматыда әл-Фараби атындағы Ұлттық университетінің ұйымдастыруымен университеттің 75 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілді. Баяндамалары «Әл-Фараби: Философия. Мәдениет. Дін. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің 75 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары» (Алматы, 18 наурыз 2009 ж., 462 бет) деген атпен жинақ болып басылып шығып, жұрт назарына ұсынылды.

Отырар ауданының әкімдігі 2010 жылы күзде (қыркүйек) ұлы ғалым мұрасына арналған тағы бір халықаралық конференция өткізді.

Сөйтіп елімізде және өзге де мемлекеттерде әл-Фараби мұрасына деген қызығушылық бәсеңсіген емес.

Әбу Насыр әл-Фарабидің еңбектерінің бірқатарын мен де әлемдік кітапхана, архивтерден, музейлерден жеке кісілердің қолынан іздеп тауып, ғылыми айналымға енгіздім. Мәселен «Шыңырау бұлақтар» (1982), «Қазақ даласының жұлдыздары» (1995), «Исламның жауһарлары мен жәдігерлері» (2008) атты тарихи-филологиялық зерттеу еңбектерімізде Отырардан шыққан Әбу Насыр әл-Фараби, Әбу Ибраһим Исхақ әл-Фараби, Исмайл әл-Жауһари әл-Фараби, Әлам ад-Дин әл-Жауһари әл-Фараби, Бурһан ад-Дин Ахмад әл-Фараби, Әбу-л Қасым әл-Фараби, Махмуд әл-Фараби, Кауам ад-Дин әл-Иткани әл-Фараби ат-Түркістани, Маула Мухаммад әл-Фараби, Исмайл әл-Хусайни әл-Фараби. Әмір Катиб бин Әмірғазы әл-Иткани (Иқани) әл-Фараби, Әбу Мухаммед әл-Муқаддаси әл-Фараби, Йахия бин Ахмад Әбу Закария әл-Фараби, Әбу-л Фадл Сиддик әл-Фараби, Саъд әл-Мүлік әл-Уасиджи (әл-Фараби), Абд ас-Самад әл-Фараби, Әбу Әли Хасан әл-Фараби, Хусам ад-Дин Отырари т.б. – барлығы 30-дан астам ойшылды, шауғар-йасылық ғалымдарды, женттік дарабоздарды, исфиджабтық-сайрамдық, байдалық (Сайрамдық) дара тұлғаларды, усбаникастық (қазіргі Темірлан селосы маңында болған қамал) ғұламаларды, тараздық тарландарды, шелжілік парасат иелерін, Жікіл перзенттерін, Баласағұн ғұламаларын елге танытты.

Қазақстандық фарабитанудың қалыптасуы мен дамуына әр кезеңде үлкен үлес қосқан Ә.Марғұлан, А.Машанов, О.Жәутіков, А.Х.Қасымжанов, М.С.Бурабаев, Ә.Дербісәлі, Ә.Н.Нысанбаев, А.К.Көбесов, К.Б.Жарықбаев, С.Қ.Сатыбекова, А.М.Кенесарин, Г.Р.Қоянбаева, Ф.Қ.Құрманғалиева, А.Н.Тәукелов, Ғ.Сапарғалиев, А.У.Уразбекова, Н.Л.Сейтахметова, А.А.Қасымжанова, А.С.Иванов, т.б. есімдерді атап өту парыз.

Сондай-ақ, Қазақстанда фарабитану жұмысына басшылық, жетекшілік жасаған академиктер К.И.Сәтбаев пен Ш.Е.Есеновтың есімдерін ерекше атау керек.

Ал, Әбу Насыр әл-Фарабидің кіндік қаны тамған Отырарда Асантай Әлімовтың ұйымдастыруымен Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі ашылып, Әбу Насыр әл-Фарабидің туған қаласы Зернук-Оксус-Уасидж және Отырар алқабындағы басқа да ортағасырлық қала жұрттары археологиялық ескерткіш ретінде қорыққа алынып, археологиялық

қазба, қайта жаңғырту, ғылыми-зерттеу, мәдени ағартушылық жұмыстары жүргізілуде. Бұл үшін біз қоғам, мемлекет қайраткері, этнограф ғалым Ө.Жәнібековке, атақты археолог ғалымдар К.Ақышевқа, Л.В.Ерзаковичқа, К.М.Байпақовқа, М.Қожаға, Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейінің бұрынғы директоры Әуелхан Есжановқа үлкен алғыс айтуға тиістіміз.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың тікелей пәрменімен қабылданған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында Абдулла Жұмашевтың негізін қалап, негіздеп, қалыптастырып ұйымдастыруымен, Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің 2011 жылғы 3 наурыздағы №43 қаулысы, облыстық мәдениет басқармасының бұйрығымен 18 наурызда тұңғыш рет «Руханият – Әбу Насыр әл-Фараби мұражайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ашылды. Мұражайдың құрылуы мәдени мұрамызға, әлемде теңдесі жоқ ұлы ойшыл ғұлама, заманымыздың Аристотелі, жерлесіміз Әбу Насыр әл-Фараби құндылықтарына деген құрмет.

1975 жылы Алматыда Әбу Насыр әл-Фарабидің туылғанына 1100 жыл атап өтілсе, міне арада біраз жыл өткен соң, биыл, яғни 2020 жылы ұлы ғылымның дүниеге келгеніне 1150 жыл да есік қағып тұр. Бұл айтулы мерзімді Қазақстанның ұсынысымен ЮНЕСКО құптап, халықаралық дәрежеде атап өтуге шешім шығарды.

Республикамыздың Мемлекеттік хатшысы Қ.Е.Көшербаев бастаған мемлекеттік комиссия құрылды. Ол қазірдің өзінде бірқатар күрделі де келелі мәселелерді қолға алып, игілікті істер атқарып үлгерді. 2020 жылдың 29 қаңтарында Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде әл-Фарабидің өмірі мен қызметіне арналған іс-шаралардың ресми тұсауы кесілді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Хайруллаев М. Фараби. Эпоха и учение. – Ташкент: Узбекистан, 1975. – 155 с.
2. Ибн Халликан. Уафайат әл-ағайан уа анба абна аз-заман. – Бейрут [жылы көрсетілмеген], 8 том; 5-том. – 153 б.
3. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы, 1975. – 418 б.
4. Ханна әл-Фахури. История арабской литературы. – 2-том. – М.: Издательство инос. лит., 1961. – 110 б.
5. Әл-Мұтанабби. Диуан. – Бейрут, 1975. – 185 б.
6. Фильштинский И.М. Арабская классическая литература. – М.: Наука, 1965. – 175 б.
7. *Oriente moderno, Rome 1937.*Rivistadegli Studi Orientali. Vol. 17/1938, pp. 266-278 [Risalah li qawaninsina'ah al-shiz].*
8. Brockelmann Carl. Geschichte der Arabischen Litteratur. 2. Band I, Berlin, 1902.

REFERENCES

1. Hairýllaev M. Farabı. Epoha ı ýchenie. – Tashkent: Ýzbekıstan, 1975. – 155 s.
2. Ibn Hallıkan. Ýafaiat ál-ağaiyan úa anba abna az-zaman. – Beirýt [jyly kórsetilmegen], 8 tom; 5-tom. – 153 b.
3. Ál-Farabı. Áleymettik-etikalıyq traktattar. – Almaty, 1975. – 418 b.
4. Hanna ál-Fahýrı. Istorııa arabskoı literatýry. – 2-tom. – M.: Izdatelstvo inos. lit., 1961. – 110 b.
5. Ál-Mútanabbı. Dıýan. – Beirýt, 1975. – 185 b.
6. Filshhtinskıı I.M. Arabskaıa klassicheskaıa literatýra. – M.: Naýka, 1965. – 175 b.
7. *Oriente moderno, Rome 1937.*Rivistadegli Studi Orientali. Vol. 17/1938, pp. 266-278 [Risalah li qawaninsina'ah al-shiz].*
8. Brockelmann Carl. Geschichte der Arabischen Litteratur. 2. Band I, Berlin, 1902.

А.Ю.БАЛТАБАЕВА*

*философия ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Қазақстан, Түркістан қ.), E-mail: alyona.baltabayeva@ayu.edu.kz*

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ РУХ МӘСЕЛЕСІНІҢ ҚАРАСТЫРЫЛУЫ

Сопылықта жан мен тәннің жайы «адам тәні тұрғысынан – фани (пенде-өткінші), рухы жөнінен бақи (мәңгі)» тіркесімен тұжырымдалған. Өйткені, адам жаны құдайлық жауһардан (субстанциядан) берілгендіктен, ол – мәңгілік. Бұл – сопылық дүниетанымның басты ерекшеліктерінің бірі.

Рух – жауһар болғандықтан, оны тек сипаттары арқылы ғана танып анықтауға болады. Ахмет Ясауи бабамыз «Диуани Хикметінде» бұл туралы «Көңілдің (діл-рухтың) хәлін» ешкім білмес, Тәңірім куә: Қан жұтып мен де куә болдым, мен, Тексіздер бұл сөздерден ағаш (хабардар) емес – дейді (Диуани Хикмет. X-11/23). Ясауи ұғымында осы Тәңір мен рухтың немесе трансценденталь әлемнің хәлін тануға, білуге болады.

Осылайша, Ясауи рухты танудың критерийлері мен ұстанымдарын көрсетіп отыр. Тәңірдің өнерін оның жаратқан әлеміне қарап тану мүмкін болса, адамның да ісіне, мінезіне, сөзіне, ойына қарай оның рухындағы төмендік немесе кемелдік сипаттарын тануға болады. Яғни, Ясауи рухты таза моральдық тұрғыдан қарастырады. Бұл ұстаным оның ілімінің негізгі ерекшелігін, ар түзейтін ғылым екендігін көрсетеді.

Кілт сөздер: Ясауи, Рух, нәпсі, тән, сопылық ілім, Диуани хикмет, кемелдік.

A.Yu.Baltabayeva

Candidate of Philosophical Sciences, Associate Professor, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University (Kazakhstan, Turkestan), E-mail: alyona.baltabayeva@ayu.edu.kz

Studying the Soul Problem in the Philosophy of Khoja Akhmet Yassawi

The concept of human's soul and body in Sufism can be defined by the following concept – «Man in the body is fani (body is fleeting, temporary), soul is baki (eternal)». Since the human soul receives divine substance, it is eternal. This is one of the main features of the Sufi worldview.

Spirit is a masterpiece, and it can only be determined by its properties. As our feast, Ahmed Yassawi, writes in «Divani Hikmet», no one can know «The Secret of Our Heart, Soul» the Lord witness: «I witnessed that unbelievers also do not know about it» (Divani hikmet, X-11/23). By examining the worldview of Yassawi, one can recognize the relationship between God, the soul, and the transcendental world. Since, Yasavi reveals the criteria and principles of knowing the soul.

If the art of the Lord can be known through the world that he created, then the soul or perfection of man can be recognized through his actions, character, words, thoughts. That is, Ahmed Yasawi considers the soul from a purely moral point of view. This position of the philosopher shows that the basis of his teaching is a scientific justification.

Keywords: Yassawi, Soul, Lust, Body, Sufi Teachings, Divani Hikmet, Perfection.

*** Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

- Балтабаева А.Ю. Қожа Ахмет Ясауи философиясындағы рух мәселесінің қарастырылуы // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2020. – №1 (115). – Б. 21-31.

*** Cite us correctly:**

- Baltabayeva A.Yu. Qoja Ahmet Iasaýı filosofiasyndaǵy rýh máselesiniń qarastyrylýy // Iasaýı ýniversitetiniń habarshysy. – 2020. – №1 (115). – B. 21-31.

А.Ю.Балтабаева

*кандидат философских наук, ассоциированный профессор,
Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Ясави
(Казахстан, г.Туркестан), E-mail: alyona.baltabayeva@ayu.edu.kz*

Изучение проблемы души в философии Ходжи Ахмеда Ясави

Понятие души и плоти человека в суфизме можно определить следующей концепцией – «Человек по плоти – фани (плоть человека – мимолетна, временна), душа – баки (вечная)». Поскольку человеческая душа получает божественную субстанцию, она вечна. Это является одной из главных особенностей суфийского мировоззрения.

Дух – это шедевр, и его можно определить только по его свойствам. Как пишет наш пир Ахмед Ясави в «Дивани хикмет», никто не может знать «Тайну нашего сердца, души», Господь свидетель: «Я был свидетелем того, что неверующие тоже не знают об этом» (Дивани хикмет, X-11/23). Рассматривая мировоззрение Ясави можно распознать соотношения Бога, души и трансцендентального мира, поскольку Ясави раскрывает критерии и принципы познания души.

Если искусство Господа возможно познать через мир, который он сотворил, то душу или совершенство человека можно распознать через его поступки, характер, слова, мысли. То есть Ахмед Ясави душу рассматривает исключительно с моральной точки зрения. Эта позиция философа показывает, что основой его учения является научное обоснование.

Ключевые слова: Ясави, душа, похоть, плоть, суфийское учение, Дивани хикмет, совершенство.

Кіріспе

Қоғамның рухани саласы, яғни оның рухани өмірі – сол әлеуметтік кеңістікте өмір сүретін барлық адамдардың әр түрлі рухани құндылықтарды жасау, қалыптастыру, дамыту, тарату мақсатындағы қатынастардан тұрады. Қоғамның рухани келбеті, оның руханилығы ғасырлар бойы қалыптасады да, күнделікті рухани өмірде өткен ұрпақтардың идеялары, дүниетанымдары, стереотиптері әсерін тигізіп отырады. Сондықтан руханилыққа қоғамдағы рухани өндірістің нәтижелерін, сонымен қатар қоғамның рухани өміріне жататын барлық құбылыстарды жатқызуға болады.

Қазақ руханияты туралы философиялық тұжырымдарды айтардың алдында философиялық әдебиеттегі рух, руханилық, руханият ұғымдары жөнінде кейбір пайымдауларға, пікірталастарға тоқтала кетелік. Ежелден жалпы әлемдегі материалдық дүниенің өзге сипаты оның рухани жағы деп түсінілгені белгілі. Рухтың не екеніне жаратылыстану тұрғысынан ешқандай дәлел-дәйектемелер болмағанымен, оның нақты болмысы бар екеніне зерттеушілердің көбісі күмән келтірмейді. Кез келген діни түсініктер, діни ілімдер рухтың әр түрлі сипаттағы көріністерін (негізінен Абсолюттің заңдылығына бағынатын) «табиғаттың рухы», Жаратушыдан тек адамға келетін «қасиетті Рух» деген мағынада жіктеледі. Жалпы табиғаттың заңдылығы материалды әлемнің үйлесімді өзара байланысы бар, суық та қатаң қатынастарына бағынады және онда жақсылық пен жамандық, ізгілік пен зұлымдық, игілік пен қиратушы күштер түйіспейді. Махаббатқа толы қатынастар тек адам әлемінде, яғни оның жан дүниесінен туындайтын Қасиетті Рух кеңістігінде ғана бар деп түсініледі [1, 8-б.]. Қалайда рухтың өмір сүру формаларын сипаттағанда «руханият және руханилық» деген ұғымдар бекер қолданылмайды.

Рух (лат. spiritus – леп, дем, иіс) – сөздің кең мағынасында – материалды бастамаға қарағанда идеалдыққа, санаға барабар ұғым: тар мағынасында – ойлау ұғымымен деңгейлес. Жан – адамның, жан-жануарлардың (кейде өсімдіктердің де) бойындағы тіршілік қуаты туралы түсінік. Жанның заттық қасиеттері жоқ болғандықтан, оны ғылым жолымен тану

мүмкіндігі шектеулі. Сондықтан жан туралы дінде, мифологияда, философияда әр түрлі түсініктер қалыптасқан. Діни дүниетанымда адамдарға жан беруші және оны алушы – Құдай. Бұл барлық діндерге ортақ түсінік. Демек жан иесі – Құдай. Ислам философиясында жан – Алланың нұры немесе Алланың нұрынан пайда болады. Қалай болғанда да жан адамға қатысты емес, ол Алла әмірімен болатын іс. Жанның тәнге тұрақтаған кезі «жалған» өмір болса, тәннен бөлініп «ұшып» кеткен соң, ол «мәңгілік». О дүниеде жаратушы сұрақтарына жауап беретін де жан [2, 524-б.].

«Рух» сөзінің мағынасы «жан», «күш» деген ұғым, түсініктерге келеді. Көпше түрі «эруак». Әрбір мұсылманның рухтың бар екендігіне сенуі шарт. Өйткені Құран аяттары рухтың бар екендігі мен оның Аллаһ Тағаланың әмірінде болатынын, өлгеннен соң басқа бір әлемге баратынынан хабар береді. Ислами жүйе бойынша таратып айтсақ, «рух» сөзі көбіне үш мағынада қолданылады:

1) Жәбірейіл періштенің аты ретінде (Исламда пайғамбарлардың періштесі);

2) Уахи мағынасында (Алла тарапынан тікелей немесе елші арқылы пайғамбарларға білдірілген нақты хабар);

3) Жандыларда тіршілік көзі болып табылатын күш мағынасында.

Рух жайындағы тартыстар мен түрлі пікір қайшылықтары ғасырдан ғасырға жылжып жалғасып келеді. Солардың бірі исламның бастапқы кезеңіндегі ғалымдардың айтуынша, рух Тәңірі жағынан бір құпия және адам оны жетік меңгере алмайды.

Рух тұжырымдамасы анықтамаға бағынбайды, себебі, түрлі контекстерде әр түрлі қолданылады. Шын мәнінде тұлғаның физикалық денесіне қарағанда өмірлік күшін бейнелейді. Кейде үштік айырмашылығын көрсетеді – тән, жан және рух. Бұл жағдайда рух – өмірлік күшті білдіреді, ал жан – адам тұлғасының өзегі. Барлық діни дәстүрлерде, классикалық буддизмді қоспағанда, жан мәңгі болып есептелінеді, бірақ түрлі өмірлік кезеңдерде әр түрлі физикалық тәндермен бірігуі мүмкін.

Жан – әрбір тірі жанның шынайы мәні. Рух және жан тұжырымдамасы басқа діндерге қарағанда Ислам дінінде ерекшеленеді. Жан өмірге басқа тән кейіпінде қайта оралып, өз қажеттілігін қанағаттандырмайынша кетпейді деген пікір бар. Бұл қате пікір, себебі адам жаны тәнімен бірге тек Ахрет күнінде қайта тіріледі.

Бұл тақырыпты тереңдей зерттеу үшін Киелі Құрандағы жазбаларға мән беруіміз қажет. Ол сондай түнде сендерді өлідей ұйықтатады. Және күндіз не істегендеріңді біледі. Сонан соң сендерді белгілі бір мерзім толтыру үшін күндіз оятады. Соңында қайтып барар жерлерің Сол жақ. Одан кейін істеген істеріңді түсіндіреді [3, 6:60].

Әрбір жанға тек бір ғана мүмкіндік беріледі, өмірге келіп белгілі бір уақыт өмір сүру. Уақыты келгенде жан өз Жаратушысына қайта оралады. Адам жанының дүниеге келудегі мақсаты – өз «мәңгілік жұмақ» әлеміне қайта оралуына лайық екенін дәлелдеу болып табылады. Себебі, барлық жандарды Құдай жаратты. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір хадисінде адамның дүниеге келетіндігі жайында былай дейді: «Әрбір нәресте мұсылман болып дүниеге келеді, содан кейін оны яһуди, христиан немесе көпқұдайшыл ретінде тәрбиелейтін оның ата-анасы» [4, 123-б.].

Демек, әрбір адам жаны дініне, ұлтына және нәсіліне қарамастан көкке көтерілуді қалайды. Тек жан ғана сол жерде мәңгі тыныштық табатынын біледі, себебі бұл өмірге сынақ тапсыруға жіберілгеннен бұрын жан сол жерде өмір сүрген. Сонымен қатар жұмаққа түсудің жалғыз жолы өзін және жұмақты жаратушысының келісімін алу екенін жан ғана біледі.

Аллаһ өлімді бізге қорқыныш тудыру факторы ретінде жаратқан жоқ, тірілерге сабақ болсын деп жаратты. Сізді алда не күтіп тұрғанын білуіңіз және дайын болуыңыз қажет. Біздің өміріміз біткеннен кейін, бізді тастап кетпейтін бір бөлігіміз бұл – жан.

Құранда рух сөзі бес мағынада қолданылады және беріледі:

1. Аллаһ Адамға рухынан үрлеген (жан салған) (15:29), және Мәриямға, сондай-ақ ұлы-

на да (21:91). Бұл жердегі рух інжілдегі «өмірлік тыныс» (Жаратылыс 2:7) пен сәйкес келеді, жаратушылық Аллаға тиесілі.

2. Төрт аятта рухтың Алла әмірінен екендігі айтылады: «Олар сенен (рух) жан туралы сұрайды: «Ол, Раббымның әмірінен. Сендерге өте аз мәлімет берілді»» (17:85)

3. Ән-Ниса сүресінің 171 аятында Иса пайғамбар «Алланың рухы» деп аталынған: «Шынайы түрде Мәриям ұлы Мәсих Иса, Алланың елшісі әрі Мәриямға жалғастырған сөзі және Алла тарапынан бір рух».

4. Рухтың періштелермен сүйемелденуі үш аятта көрсетілген: «рух пен періштелер тізіліп тұрған күні; Алланың рұқсатынсыз ешкім сөйлемейді және Ол дұрысын айтады» (78:38).

5. Шуара сүресінің 193 аятында «сенімді Рух» Құранда Мұхаммед пайғамбарға қонады. Мәриям сүресінің 17 аятында Алла Мәриямға «рухымызды жібердік те ол, оған толық адам бейнесінде көрінді». Ән-Нахл сүресінің 104 аятында «киелі рух» Құран ретінде жіберілген, «Шынында Алланың аяттарына сенбегендерді Алла оңғармайды. Сондай-ақ олар үшін күйзелтуші азап бар». Алланың Исаға да мұғжизалар беріп Жәбірейіл арқылы қуаттандыратынын көреміз (2:87). Бұл жерде рух ретінде періште болуы мүмкін.

Осылайша, Құрандағы рух сөзі тек періштелер мен адамның тұлғасын немесе жанын білдірмейтінін білдік. Құранда жалғыз деген мағынада қолданылады [5, 178-б.].

Адами нафс және рух өмірге немесе тұлғалыққа жатады; адам екі жан (нафсани) иесі, бірі еліктіруші, ал екіншісі тыйым салушы. Нафс (арабша) – исламда: адамның мәні, оның «мені». Сонымен қатар нафсқа жанның теріс қасиеттері мен құмарлықтарын жатқызады, бұл тек адамдар мен жандарға тиесілі.

Нафс шарият ережелеріне қайшы келетін адамның барық қалауларының жиынтығы болып табылады. Құрандағы Назиат сүресінің аяттарында нәпсіні тежеген адамға жұмақ есіктері ашықтығы көрсетілген: «Ал енді кім, Раббыны; алдына тұрудан қорқып, нәпсісі соққан нәрседен тежеген болса, негізінде оның барар жері жұмақ» [3, 79:40-41].

Ертедегі араб поэзияларында нафс «тұлға» немесе «адам», ал рух «тыныс» және «жел» мағыналарында қолданылған. Құранда нафс «рух» мағынасын, ал рух – арнайы хабар жіберуші періште және ерекше иллаһи қасиетті білдірген.

Нафс періштелерге қатысты қолданылмайтынын айтып кетуіміз қажет. Сонымен Рухтың бастапқы негізі Құдайдың өзі және рухы болып табылады. Сол себептен де Құранда көрсетілгендей, Құдай «Расында адамды нағыз балшықтан жараттық» (23:12), оның жаратылысын тамамдап, «оған рухымнан үрлеген (жан салған)» (15:29), содан кейін «...Адамға үйретті...» (2:31), өзіне «...жерде бір көмекші жаратамын...» (2:30). Сонда Адам «...оларға ол заттардың аттарын айтқан...» (2:33).

Адамды мұншалықты жоғары көтерудің жалғыз себебі, тәңірлік рух адам рухын білдіреді. Бірақ бізде рухтың сапасы және құрылымдық элементтері жөнінде белгілі бір мәліметтер жоқ.

Құранда рухтың тек екі сипаты көрсетілген. Бірінші сипаты: кемелдікке жету жолында өзін сынаққа алушы «(Құдай айтады) ... сөгіс беруші нәпсіге ант етемін» (75:2).

Екінші сипаты: кемелдікке жеткен соң Рух тыныштық табады. «(Құдай айтады) Әй, орныққан нәпсі! Раббыңа, Ол сенен, сен Одан разы болған түрде қайт! Енді құлдарымның арасына кір! Сондай-ақ жанның кір!» (89:27-30). Бұл сөздер Меккеде жіберілген және де адам бойындағы рухтың қасиеттерін сипаттайды.

Адам бойындағы рухқа екі қасиет тән деп айтуға болады: 1) ол кемелдікке ұмтылады; 2) кемелдікке жеткен соң өз жаратушысына қайта оралады, яғни Құдайға. Мұндай жағдайда адам бойындағы рухты жағдайдағы қозғалушы күш деп атауға болады. Бұл жағдайда рух «жанға» айналады, өзіне жанның қасиеттерін қабылдайды және жан адам жүрегінде орналасқан деп елестетеміз [6, 93-б.]. Бірақ бұл жөнінде Құранда ешқандай анықтама жоқ, сонымен қатар жанның неге кемелдікке ұмтылатындығы жөнінде түсініктеме жоқ. Бірақ Құ-

ранға сәйкес, егер адам Құдайға сенсе, «міне солардың жүректеріне Алла иман жазған әрі оларды Өз жағынан бір нұрмен қолдаған» (58:22).

Сонымен қатар «рух» ұғымын «жүрек» ретінде түсіндіріп, рух пен жүректің қатынасы жайында пікірлер, түсіндірмелер бар. Көбінесе бір-бірінің орнына қолданылатын рух және жүрек ұғымдары өз алдына жеке ұғымдар ма, әлде екі түрлі атаумен айтылып, бірақ бір болмыстан құралған (бір болмысты білдіретін) нәрсе ме?

Ислам ғалымдарының көпшілігі жүрек пен рух ұғымдарын Құдайға қатысты сөздің екі түрлі атауы ретінде қарастырған [7]. Сонымен бірге түбінде бұл жағдайды қабылдап (бұл пікірге қосылып), бірақ мұны жан-жақты (терең) қарастырып, әр түрлі ойларын білдіргендер де кездеседі. Мысалы, Сәйид Шариф Журжани өзінің «Тарифат» атты шығармасында жүректің түпнегізінің жүрек екендігіне назар аударған [8, 178-б.]. Журжанидің бұл пікіріне ұқсас келетін «жүрек рухтың көзі сияқты» деген пікірді Хамди Языр ұсынады [9].

Осы орайда рух мәселесін Мұса Жаруллаһ өзгеше қырынан қарастырады: оның пікірінше, әрі адамның сезімдері әрі осы сезімдердің қабілеттері рух болып табылады. Рух осы сезімдердің қайсыбіріне қатысты айтылатын болса, ол өз алдына жеке үкім мен атауға ие болады. Яғни, көзге қатысты айтылған кезде басар (көруші), ал ақыл-ойға қатысты айтылған кезде қалб (жүрек) деген атауға ие болады. Қандай жағдай болсын негізгі функцияны атқаратын рух болып табылады. Көру, есіту, ойлау және сөйлеу қабілеттері рухқа тән қабілеттер болып табылады. Басқаша айтқанда, рух есіте алатын, ойлай алатын, танып-біле алатын, бір нәрсені істей алатын болмыс ретінде әркімнің «мен» деген сөзінің өзі болып табылады [10, 89-б.].

Али Үналдың «Құрандағы негізгі ұғымдар» атты шығармасындағы жүрек пен рухтың қатынасы жайлы айтылған пікірлері де назар аудартады. Ол былай дейді: Жүрек бір жағынан алғанда рухтың дәл өзі болып табылады. Яғни жүректің көруі, есітуі, ойлауы рухтың көруі, есітуі және ойлауы деген сөз [11, 259-б.].

Али Үнал, Құранда адам тәніне рухтың [12] үрленуінен кейін жүректің функциялары жайлы мәселенің айтылуын осы жағдайға дәлел ретінде ұсынады: «Сосын оны бейнелеп, ішіне өз рухын үрледі. Сондай-ақ сендерге есту, көру және түсіну қабілетін берді» (Сәжде сүресі, 9-аят).

Али Үналдың көптеген Ислам ғалымдарының тәсілдерімен сәйкес келетін бұл пікірін біз де бөлісіп отырмыз. Алайда, мұны керісінше қарастыратын болсақ, адамның бойында таным-сезім қабілетін қалыптастыруда екі жақтылыққа жол ашатын түсінік пайда болуы мүмкін. Ал, бұл жағдай іс-әрекеттеріміздің себебін (бастау көзін) анықтау тұрғысынан алғанда түсіндірілуі қиын проблема болып табылады. Сондықтан да Құранда жиі айтылып өткен жүрек сөзі мен хадис риуаятшыларының түсіндіріп кеткен рух сөзін бір ұғым деп қабылдамауымыз керек [13].

Рух сөзінің көбінесе Құранда рух деген атаумен емес, жүрек сөзімен айтылғандығын былайша түсіндіріп өтейік:

Рух денемен байланыста болған кезінде функционалдық жақтан өзгеріс пайда болады. Құран аятына қарағанда адамның жаны (жаратылысы) позитивті және негативті жақтан бір-бірінен өзгеше екі түрлі сезімнен құралған. Бұлардың бірі жақсылыққа, ал екіншісі жамандыққа итермелейтін екі сезім болып табылады. Бұлар үнемі өзара ықпалдастық ішінде болады.

Бұл жағдайды өзгеше қырынан қарастыруға да болады:

Негізінде Ұлы Раббымыз тарапынан ақиқатқа (тура жолға) бағытталған рух ілім, иман және ізгі іс-амалдармен өзін жетілдіре отырып, солардан нәр ала отырып, өзгеріске ұшыраса, екінші жағынан өзіне осы қуат, нәр беретін көздерден айрылып қалумен де өзгеріске ұшырайды (яғни, рухани жақтан азғындап, құлдырайды) [14, 54-б.].

Негізгі бөлім

Қожа Ахмет Ясауи түркістандық ғұлама, әулие. Қожа Ахмет Ясауидің арғы тегі қожалар әулеті. Әкесі – Исфиджабта даңққа бөленген әулие, Әзірет Әлінің ұрпағы, Шейх Ибраһим. Анасы – Мұса шейхтың қызы Айша (Қарашаш ана). Мұса шейх те Исфиджабта әулиелігімен танылған.

X ғасырдан бастап ислам ілімі жолындағы тәлім-тәрбиелік ордалар – медресе-теккелер түбегейлі орнығып, исламдық-руханияттық ахлақи (моральдық) ұстанымдар қалыптаса бастады. Ясауи ілімі осы саяси-әлеуметтік, тарихи шарттарға байланысты қалыптасты [15]. Жалпы дәстүрлі түркілік сопылық рух пен Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы, оның ілімінің мәні мен маңызы “Диуани Хикмет”, “Мират-ул Қулуб”, “Пақырнама” сияқты мұраларынан көрінеді. Қожа Ахмет Ясауи сопылық ілімінің, дүниетанымы мен философиясының негізін моральдық-этикалық және сопылық хикметтер деп жіктеуге болады. Ясауи іліміндегі парасат ұғымы адамның адамгершілік ахлақи мәртебесіне және “инсани камил” дәрежесіне жету мәселесін қарастырады. Қожа Ахмет Ясауидың дүниетанымдық тұжырымдамасының теория негізін шарифат пен мағрифат құраса, ал тәжірибелік негізін тариқат белгілейді. Қожа Ахмет дүниетанымының мәні – “адамның өзін-өзі тануы” арқылы “Хақты тануы”. Бұл жолдың алғашқы мақамы (басқышы) – “тәуба”, соңғысы “құлдық” (убудийат, абд). Бұл жолдағы адам “жаратылған – мен” екендігінің ақиқатына, жаратылыс сырына көзі жеткенде, өзінің адамдық парызы – “Алла мен адамның және адам мен қоғамның” арасында “көпір – жол” болу екендігін ұғынады [16].

Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымында өмір мен өлім мәселесінің мәні өзгеше. Қожа Ахмет Ясауи рухани кемелдікке жетудің үлгісін көрсеткен. Адам өзінің жаратылыс болмысымен, биологиялық тәнімен бұл дүниеге байлаулы. Сондықтан да сопылар адамның басты жауын нәпсі деп біледі. Адам микрокосмос ретінде өз бойында құдайлық рух пен материалдық денені біріктірген. Оның біріншісі бақилыққа, алғашқы отанына, ақиқатқа тартса, екіншісі фаниге, материалдық дүниеге тартады. Адам бойындағы осы рухани және нәпсілік екі күштің өзара тайталасы мен диалектикалық тартысын ашуға сопылық ілімнің рухани-моральдық жүйесі бағытталады, нәпсі – адам бойындағы зұлым, өзімшіл, қанағатсыз, қомағай сипат, ол адам бойындағы құмарлық, әуестік, кемшілік, қателіктердің бастауы. Бұл ұғым негізінен шайтанның жетегінде кететін тәнмен байланыстырылады. Шайтан адам тәніне әсер ету арқылы нәпсіге қозғау салады, нәпсінің қалауларын қоздыру арқылы адамды теріс іске итермелеп, хақиқаттан адастырады, жаман жолға салады деп біледі. Сопылық ілімнің онтологиялық және гносеологиялық мәселелерді көтерудегі түп мақсаты адамның моральдық-этикалық жетілдіру, рухани-интеллектуалдық кемелденуіне жөн сілтеу. Адамның рухани кемелденуі жайлы дәруіштердің моральдық-этикалық жүйесі арасында неоплотниктермен белгілі бір үндестік бар. Олар да адамның төменгі күйі, жаны бар, сонымен қатар жоғарғы, таза шексіз өсу мүмкіндігіне ие рухы бар деп біледі. Рухани өсудің мүмкіндігін осы рухани және материалдық бастаулардың қайшылығын шеше білумен негіздейді. «Ясауи ілімінде нәпсі бүкіл жамандықтың бастауы, ал рух болса игілік пен ізгіліктің көзі. Ақыл рухтың асыл қасиеті ретінде мақталып жатса, адамдағы ең төмен құмарлықтардың көзі – нәпсі мен оның әуейілік сипаттары датталып жатады. Негізінде, Құранда рух пен нәпсі біртұтас жауһар (субстанция) ретінде қаралады. Сондықтан рухты «тәрбиеленген нәпсі», ал нәпсіні тәрбиеленбеген рух деуімізге болады» [17, 184-б.]. Нәпсімен адамның бойындағы бүкіл жаманшылықтар мен кемшіліктер байланыстырылады. Оның менмендігі мен өзімшілдігі осы нәпсіден бастау алып, содан күш-қуат жинайды. Нәпсінің тілеуін ғана іздеген адам бас көзіне ғана сеніп, көзге көрінер осы дүниеге байланады, рухани ізденістен мақрұм қалады.

Ясауи хикметтерінің мәні, философиясының өзегі – адам. Адам “кемелдікке” жетуі үшін қажетті білімді игеруі керек. Бұл білімнің қайнары – хикмет. Хикметтерде адам жаратылысы – Жаратқан иенің ұлылығын көрсететін, көркемдігі жағынан ең жоғарғы кейіп-

те жаратылған болмыс екендігі айқын көрсетілген. Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінде адамның табиғаты Құранда айтылғандай – су мен топыраққа телінеді. “Асылың білсең су уа кил (топырақ) және килге (топыраққа) кетер йа” – дейді ол. Сопылық мағынада “топырақ” – адамның жаратылыс табиғаты, парасаттылық пен қарапайымдылық. Ал, нәпсіқұмарлық, менмендік, өркөкіректік – адамды адамшылықтан кетіретін қасиеттер.

Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымында “дертті адам”, “топырақ адам”, “кемел адам”, сондай-ақ, “ғарип адам” тұлғалары да дәріптеледі.

Ғарип адамды кемелдік мәртебесіне жеткізіп, пайғамбардың қоғамдағы өкілі, ізбасары ретінде бағалайды. Қожа Ахмет Ясауи өзін де ғарип ретінде көрсетеді: “Ғариппін ешкімім жоқ, бейшарамын һәм пақыр, Сенен басқа кімім бар, рақым ет Сен (Алла) таң сәриде” – деп рақымды тек Алладан ғана күтеді. Өйткені оны Алладан басқа шын ұғатын, қолдайтын ешкім жоқ. Оны ғарип қылып, жалғыздыққа итермелейтін күш оның дүниеге деген көзқарасы, илаһи ашқ – Хақ жолына деген ұмтылысы мен махаббаты. Ғариптік – адамның өз-өзімен іштей күресіп, санасын сансыратқан мәселелердің шешімін табу жолында рухымен тілдесу, өз әлімен ғана ләззат алу сияқты көңіл-күйді білдіретін психологиялық хал. Сондықтан да Қожа Ахмет Ясауи “Қай жерде ғарип көрсең һем дем болғыл” дейді. Яғни оларға дем бер, қолдау көрсет, қасынан табыл, құрметте дегені еді. Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымында өмір мен өлім мәселесінің мәні өзгеше. Ғазали “өлімнің ақиқатын түсіну үшін, өмірдің мәніне жету керек, ал рухты білмей тұрып, өмірді тани алмайсың” дейді. Оның ілімінде нәпсі – жамандықтың, рух – жақсылықтың қайнар көзі болып табылады. Жақсылық пен жамандық секілді нәпсі мен рухтың да қатар өмір сүруі мүмкін емес. Рухтың өмір сүруі үшін нәпсінің өлуі шарт. Өйткені өмірдің мәні рухтың тазалығында, яғни көңіл айнасының сафтығында жатыр. Рух тазалығын мақсат тұту “ашқ” мәртебесіне ұласып, Хақ дидарын көру болып табылады. “Муту қабла ан тамуту-топырақ болмақ; Ашқтар өлмес бұрын өледі екен...” “Құл Қожа Ахмет, нәпсіні тептім, нәпсіні тептім, Өлмес бұрын жан берудің дертін шектім, Дидар тілеп тәрк етсем масиуаны; Өлмес бұрын болмысыңды айла фәни...” Бұлар – “өлмес бұрын өлу” философиясына тән хикметтер. Қожа Ахмет Ясауи мұнда масиуаны (Хақтан басқа барлық дүниені) тәрк ету арқылы шынайы өмір мәнін ұғынуға шақырады. Оның көзқарасы бойынша, “шынайы өмір” деп, рухтың нәпсіден арылып, илаһи нұрлармен шайылуын айтады. Бұл ілім негізінде адамдарды “өлілер” және “тірілер” деп қарауға болады. Бұл жердегі “өлі” және “тірі” ұғымы рухқа байланысты. “Өлілер” – дүниеде нәпсінің құлы болып өткендер, олар тірі болса да өлікпен тең. “Тірілер” – нәпсілерін жою арқылы рухтарына “өмір” сыйлағандар, олар өлсе де мәңгілік өмірмен қауышқандар, бақи мәртебесіне жеткендер.

Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымында физикалық өлім жоқ. Ол жай ғана рухтың тәннен айырылып, басқа бір халге ауысуы. Аллаға құлшылықтың ең жоғарғы халі – еркіндік. Рухани өмір ішкі рухқа қатысты болғандықтан, Қожа Ахмет Ясауи іліміндегі еркіндік мәселесі де адамның “ішкі еркіндігі” шеңберінде қарастырылады. Ішкі еркіндікті ислам ахлағында “моральдық еркіндік” дейді. Яғни, Хаққа толық құл болған адам ғана толық еркін, азат. Демек, Алладан басқа барлық нәрседен тазару шынайы еркіндікке ұласады. Сопы Хақ алдында құл, халық алдында азат, еркін. Рухани өлімнің нәтижесінде нәпсі үстемдік құрып, адамды өзіне құл етеді. Адам өзінің жаратылысын, табиғатын жатсына бастайды. Нәтижесінде рух еркіндіктен айырылады. Қожа Ахмет Ясауи әдісі бойынша, рухты еркіндікке қауыштырудың жолы – зухд Қожа Ахмет Ясауи ілімінде ішкі еркіндікке жетудің дәрежелері мен басқыштары айтылады. Бұлар сопылық дүниетанымдағы “халдер” мен “мақамат” категорияларының рет-ретімен жалғасуы арқылы жүзеге асады. Ішкі еркіндік жайындағы мәліметтің негізі – дін. Ал дін адамзатқа “ішкі құлдықтан” құтылу және “ішкі еркіндікке” жетудің жолын көрсететін Алла тарапынан берілген илаһи жолдағы Қожа Ахмет Ясауи ілімі бойынша, “өлілер” мен “тірілер” ұғымына сәйкес, еркіндік мәселесінде де адамдарды екі топқа бөліп қарауға болады. Бірінші топ – “еркіндікті аңсаушылар”. Бұлар тек қана Хаққа табынып, құлшылық етеді. Екінші топ – “еркіндіктен қорқатындар”. Бұлар –

нәпсі, мансап, байлық, атақ, дүние, адамға, т.б. табынып, құлдық ұрады. Хикметтің басы – Алланы бар және бір деп білу [18].

Ясауи туындыларындағы адамның ішкі рухани әлемімен тікелей айналысатын жан ғалымы және сыртқы ғылым салаларымен шұғылданатын тән ғалымы туралы тосын танымының шығу төркініне назар аударар болсақ, бұл танымдардың түп-төркіні әл-Фараби қалыптастырған ғылымды классификациялаудың негізіне соғатыны анық байқалады.

Қожа Ахмет Ясауи шығармаларында ұшырасатын осы жайлы пікір ұшқыны:

Ілім екеудүр: жан мен тәнге басшы тұрар,

Жан ғалымы хазіретіне жақын тұрар...

Тән ғалымы залымдарға ұқсар-ерміс, –

деген өлең жолдарында [19] ұшырасатын жан ғалымы, тән ғалымы деп аталатын теологиялық және философиялық мағынадағы терминдік мәні бар сөздердің орын алуы кімді болса да ойландырғандай. Бұл атау сөздердің табиғатына біздер, яғни қазіргі оқырмандарға құрық салдыра бермейтін сыры беймағлұм, бүкпесі мен қалтарыстары мол, киелі ұғымдар жатқанын да сезінеміз.

Ясауидің түсінігі бойынша екі түрлі ілім бар: «Ілім екі дүр – тән мен жанға жол көрсетеді». Бұл жердегі жан ғылымының зерттеу нысаны – метафизикалық, рухани, мәңгілік ақиқаттар. Ясауи түсінігінде жанға азық ғылым – мағрифат құдайлық таным немесе хикмет болып табылады. «Жан ғылымы Тәңірге жақын тұрады, Махабаттың «шарабынан» ішіп, қанығады. Бұлар нағыз ғалым».

Ясауидің «тәнге азық» дегендегі ілімі – адамның ақылы мен сыртқы сезім мүшелері арқылы қабылданатын теориялық білім. Тән ғылымы физикалық, дүниелік, өткінші құбылыстарды зерттейді. Олар туралы хикметтерде «Тән ғалымы залымдарға ұқсайды» (Х-83/109) – делінеді. Яғни, тән ғылымы – «қал, яғни, сөз» және эмпириялық білім екен. Адам бұл ілім арқылы тән, дене, зат, материяны, яғни, болмыстың сыртқы құбылмалы көрінісін ғана ұғына алады. Ясауи үшін бұл шынайы ғылым емес. Өйткені, тән ғылымы шынайы білім болып табылатын жан ғылымы сияқты Алланы тану жолында рухты нәпсіден арылтып, кемелдендіруге қызмет етпейді [20].

Тәңір адамды сынау үшін оны «рух пен көңіл» әлемінен алып, «су мен топырақ» әлеміне жіберген. Адам жер мен көк әлеміне тән сипаттардан тұратын болмыс ретінде қарама-қайшылықтардың күреске толы әлемі болып табылады. Адамда осы екі әлемнің бірі басымдау түссе, ол сол әлемнің сипатымен, табиғатымен анықталады. Рухани әлем мен материалдық әлем өзара бірігіп, табиғатты қалыптастырады.

Ғарыштық болмыстың әрбір қатпарларына сай адамда да сондай қатпар-қырлар болады. Макрокосмос пен микрокосмоста құдайлық ұстаным мағынасында метақосмостың ықпалынсыз жаратылған еш нәрсе жоқ. Ғарыштың үш түрлі құрылысы болып табылатын материалдық, рухани және құдайлық әлемдерге сай адам рухының да үш қабатты психологиялық рухани әлемдері бар. Сопылықтағы тауил әдісі осы адамның ішкі – рухани әлемі мен макрокосмос әлемдері арасындағы үндестік пен тұтастықты жүзеге асыру үшін қолданылады. Құран мәтіні мен ғарыш мәтіні арасындағы үндестік (тауил әдісі арқылы үндестікке ұмтылу) сөзсіз адам рухының үйлесімділігін қажет етеді. Рух өз ақиқатына оралмай, бұл екі мәтіннің (Құран және әлем) ішкі мағынасына жете алмайды. Бұл жердегі басты нәрсе рухтың мәніне, құдайлық негізіне оралуға деген ішкі ұмтылыс, сағыныш мәселесі. Бұл да Ясауи ілімінің талабы – рухтың тазару ұстанымы болып табылады.

Сопылықта жан мен тәннің жайы, «адам тәні тұрғысынан – фани (пенде-өткінші), рухы жөнінен бақи (мәңгі)» тіркесімен тұжырымдалған. Өйткені, адам жаны құдайлық жауһардан (субстанциядан) берілгендіктен, ол – мәңгілік. Бұл сопылық дүниетанымның басты ерекшеліктерінің бірі.

Рух – жауһар болғандықтан, оны тек сипаттары арқылы ғана танып анықтауға болады. Ахмет Ясауи бабамыз «Диуани Хикметінде» бұл туралы «Көңілдің (діл-рухтың) хәлін» еш-

кім білмес, Тәңірім куә: Қан жұтып менде куә болдым, мен, Тексіздер бұл сөздерден ағаш (хабардар) емес –дейді (Диуани Хикмет. X-11/23). Ясауи ұғымында осы Тәңір мен рухтың немесе трансценденталь әлемнің хәлін тануға, білуге болады. Осылайша, Ясауи рухты танудың критерийлері мен ұстанымдарын көрсетіп отыр. Тәңірдің өнерін оның жаратқан әлеміне қарап тану мүмкін болса, адамның да ісіне, мінезіне, сөзіне, ойына қарай оның рухындағы төмендік немесе кемелдік сипаттарын тануға болады. Яғни, Ясауи рухты таза моральдық тұрғыдан қарастырады. Бұл ұстаным оның ілімінің негізгі ерекшелігін, ар түзейтін ғылым екендігін көрсетеді.

Сопылар рух мәртебелерінің пайда болуына, олардың құндылықтық функцияларына өте үлкен маңыз береді. Ясауи бабамыз осы құбылысты «илм-ул-ахуал» немесе «илм-ул хәл» (хәлдердің ілімі) ретінде жинақтап, өз алдына зерттеу объектісіне айналдырған. Адамның бірден артық жаны жоқ. Бірақ, жанның мәртебелері бар. Олар инсани (адамдық), өсімдіктік жан және айуандық жан. Басқа болмыстардан адам осы «адамдық жаны» арқылы ерекшеленеді. Адам жаны (нафс ун-натика) құдайлық сынақ тұрғысынан тәнге, яғни, кеңістікке мұқтаж, ал мәні жағынан абсолюттік ақиқаттың жауһары болғандықтан да тәнге, кеңістікке мұқтаж емес. Ал, нафсани (пенделік), хайуани (айуандық) және набати (өсімдіктік) рухтар тәнде «орналасқан» және тәннің азығы болып табылады [21, 23-б.]. Адамдық жан метафизикалық-трансцендентальдық әлемнен келгенімен, оның кемелдікке жету кеңістігі – тән. Адамның жаны мен тәні қосылмайды. Сондықтан да адам бір жағынан материя (тән), екінші жағынан – жан. Бірақ адам екі жауһардан – субстанциядан тұратын болмыс емес. Ойлаушы да, сезінуші де тек –адам. Адамның тәніне тіршілік беріп, бар етуші – оның рухы. Рух адам тәнімен шектеулі емес, оның тәнін көмкеріп те тұрған жоқ. Өйткені рух материалды емес. Рух тәнді бар етеді, жан береді, дененің әр жерінде, әрбір мүшенің әрекетінде көрініс береді. Сондықтан Ясауи ілімі адамның мәнін – рух деп таниды. Жан мәңгілік.

Адамның рухани кемелдену хәлдері ислам философиясының негізгі мәселелері болып табылады. Рух тек ақиқат пен қозғалысқа ғана қатысты емес, сонымен бірге игілік пен де байланысты сондықтан да амалына қарай сый немесе жаза алуы керек. Өйткені, рух Ұлы Тәңірдің алдында есеп береді. Рухтың жеке ауыруы – моральдық азғындық. Бұл хәлдер жағымды және жағымсыз болып екіге бөлінеді. Негізінен, рух хәлдерінің жағымды және жағымсыз болып бөлінуінің өзі шартты. Өйткені адамның рухы сыр әлемінен болғандықтан, таза жауһар болып табылады. Бірақ, ол тәнге байланысты бұлыңғыр бола бастаған. Ясауи бабамыз: «Егер адам тәнін, нәпсісін тастап, ілім, сафтық иесі болып іші-сыртын пәк етіп, көңіл айнасын тазартса, рух қайтадан жауһар хәліне келеді», – дейді. Ясауи ілімінде жағымды хәлдердің қатары махаббат (ғашықтық) пақырлық, батылдық, төзімділік және т.с.с. болып жалғасып кете береді. Жағымсыз хәлдерге қорқу, тіленшілік, басқаларға құлдық, тек пен қанды басты критерий ретінде қабылдау және т.с.с. жатады.

Сопылық дүниетаным тарихында рух туралы түсініктер сопылардың ұстанымдық және сенімдік қалыптары немесе діни ағымдарымен үндестікте дамыды. Дегенмен, адамның рухани даму мақамдары тікелей Тәңірдің «құты» – сыйына байланысты деген түсінік басым болатын. Шарифат (мутакаллим-каламшы) өкілдерінің ойынша рух тәннен бұрын жаратылып, «кемелдік мақамын» о бастан-ақ алған болатын. Кейіннен тәнге «үрленгенімен», өзінің жеке әрекеті мен талабы арқылы рухани кемелдікке жетіп, өлген соң-ақ (табиғи өлім) бұрынғы мақамына оралады. Яғни, рух қанша тырысса да өзінің алғаш жаратылған мақамының дәрежесінен аса алмайды [20, 217-218 бб.].

Ясауидің дүниетанымында тән мен жан айырмашылығы рухтың арылуы мен өлмес бұрын өлу арқылы жойылады. Осы арқылы әлем сағымнан арылып, хақиқатқа айналады. Ясауи рухы өлмей тұрып-ақ Тәңірмен қауышқан. Өзін Тәңірден айырып тұрған «мен» деген сипаттың орнына Хақ, Хақиқат сипаты орнаған. «Шын дертке өзім дәрі, өзім дәрмен, Әрі ғашықпын, әрі Мағшуқпын, Өзім-Жанан. Рақым қылайын, атым-Рахман, Затым Субхан» (X-54/74). Болмыс – Бір, Ол – Тәңір. Сондықтан оны сыртқы әлемнен емес, өз ішіңнен іздеуің

керек. Оны өз рухыңнан іздесең ғана табасың. Адамның тәні де перделер әлеміне жатады. Тәңір перделер арқылы өзін жасырып тұр. Сондықтан перделер әлемін аралап, оның арғы жағындағы мәнді көре білу шарт.

Қорытынды

«Рухани жаңғыру» бірынғай ұлттық бағдарламасы, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың бастамаларының бірі. Әрине, бұл бағдарламаның негізгі идеясының бірі ұлттық сана-сезімнің рухани жаңғыруы болып табылатыны бәріне мәлім. Ұлттық сана-сезімді жаңғырту, әрине, оңайға соқпайды, сондықтанда, бұл бүкіл елімізге жаңа ынтымақтастық, бірлікке, тұрақтылыққапарар жол деп сенім білдіреміз. Осы бағдардың аясында ең маңызды болып көне тарихи ескерткіштерді сақтау, келешек ұрпаққа олардың маңызын жеткізу қажет. Әрине, қазақ халқының рухани ескерткіштерінің бірі бүкіл түрік дүниесіне танымал болған, түрік халықтарының жүрегінің қалауы болып табылған бабамыз Қ.А.Ясауидың рухани мұрасы. Ғасырларда маңызы ешбір жоғалмаған, осы кезге дейін бүкіл түрік әлемін біріктіріп отырған, ешбір мәнін жоғалтпаған Қ.А.Ясауидың рухани, діни ілімі қазақ елін біріктіретін ұлттық күш, жігер екені сөзсіз. Сол себепті ұлы бабамыздың өмір сүрген жерін түрік дүниесінің рухани астанасы ретінде жариялау, оны жаңғырту үшін Түркістан облысының орталығын Түркістан қаласына көшіру, бұл тек жергілікті халық үшін маңызды ғана емес бүкіл түрік дүниесі үшін қуантарлық жаңалық болып табылады. Ұлы бабамыз Қ.А.Ясауидың мұрасының келешек ұрпақ үшін маңызын зерттеу керектігін түсіне отырып, Ахмет Ясауи бабамыздың «Диуани Хикмет» атты еңбегі тек қазақ халқының рухани мұрасы ғана емес, бүкіл әлем таныған Ұлы Жібек Жолының рухани ескерткіштерінің бірі, рухани мұрасының ажырамас бір бөлігі деуге болады.

Қорытындылай келе, Қожа Ахмет Ясауидің ілімі жалпы түркі дүниесінде, оның ішінде қазақ философиясы тарихында маңызды рөл атқарып, философиялық ұғымдар мен мәнділіктердің және этикалық қағидалар мен ұстанымдардың қалыптасуында зор маңызға ие болды, күні бүгінге дейін өзектілігін жойған жоқ. Қожа Ахмет Ясауидің хал ілімі, хикмет дәстүрі – адамның ар-ождан үні, жеке тұлғаның өз ішіне үңіліп, өз бойының мінін түзететін ар ілімі болуымен, осы ұстаным арқылы ғана қоғамның сауығуы мүмкін деп білуімен ерекшеленді. Діни ілімнің рухани мәні – адам жанының мұқтаждығын іздеу, яғни рухани кемелдікке ұмтылу.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақ руханияты: тарихи-философиялық және этномәдени негіздер: Ұжымдық монография / З.К.Шәукенованың жалпы редакциялауымен. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФСДИ, 2013. – 375 б.
2. Нысанбаев Ә. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. Он томдық. – 3-том. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2001. – 720 б.
3. Құран Кәрім қазақша мағына және түсінігі / Аударған: Халифа Алтай. – Алматы: «Халифа Алтай атындағы халықаралық қайырымдылық қоры» баспасы, 2002. – 675 б.
4. «САХИХ» АЛЬ-БУХАРИ. Сборник содержит 2134 хадиса / Составитель: Имам Мухаммад бин Исмаил Абу Абдуллах аль-Джуфи аль-Бухари. Перевод с арабского: Владимир (Абдулла) Михайлович Нирша. – 1121 с.
5. İslam Ansiklopedisi. 9-cilt. – İstanbul Milli Eğitim Basımevi, 1993. – 806 s.
6. Газали А.Х. Воскрешение наук о вере / Перевод с арабского, примечание и комментарии В Наумкина. – Москва: Наука, 1980. – С. 93.
7. Bkz. el-Gazalî, İhya, III, 4; er-Razî, Kitabu'n-Nefs ve'r-Ruh ve Şerhu Kuvâhurna, Tahran, ts., s. 78; İbn Haldun, Şifau's-Sail, s. 102; et-Tefrazanî, Şerhu'l-Mekasîd, II, 330.
8. El-Cürcanî, et-Ta'rifat. – S. 178.
9. Yazır, Hak Dini Kur'an Dili, I, 210.
10. Musa Carullah, Kitabu's-Sunne, s. 89. Müellifin, 'ruh akletme gücüne izafe edildiği zaman

kalb ismini alır' şeklindeki yaklaşımı, bize pek makul gelmemektedir. Zira, Kur'ân'da, aklî kuvveyle/güçle birlikte, kalbe hissî kuvveler de izafe edilmektedir.

11. Ünal, Ali, Kur'ân'da Temel Kavramlar. – 259 s.
12. İnsan bedenine üflenen bu nefhadan muradın, ruh olduğunu ise, biz Hz. Peygamberden öğreniyoruz. Bkz. Müslim, Kader 1.
13. Bkz. Buhari, Enbiya: (v.b.s.56)21/1; Müslim, Libas 100; Tirmizî, Kader 4; Nesaî, Zinet 113; Müsned, 1, 341.
14. Yrd. Doç. Dr. Yener Öztürk, Kur'an'da Kalp Ve Mühürlenmesi, Işık Yayınları: 54-57.
15. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна Ltd ЖШС, 2010.
16. Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна Ltd ЖШС, 2010.
17. Кенжетай Д. Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы. – Алматы: Арыс, 2008. – 360 б.
18. Отырар. Энциклопедия. – Алматы: Арыс, 2005.
19. Ясауи А. «Диуани хикмет». – Түркістан, 1993. – 74 б.
20. Ислам философиясы. Жиырма томдық. – 4-том. – Астана: Аударма, 2005. – 534 б.
21. Nesefi A. Tasavvufta İnsan Meselesi. (İnsan-i Kamil). Türkçesi: Mehmet Kanar. Dergah Yayınları. İstanbul, 1990. – S.23.

REFERENCES

1. Qazaq rýhanıaty: tarıhı-filosofııalyq jáne etnomádenı negızder: Ujymdyq monografııa / Z.K.Sháykenovanyń jalpy redaktsııalaýymen. – Almaty: QR BGM GK FSDI, 2013. – 375 b.
2. Nysanbaev Á. Qazaqstan Ulttyq entsiklopedııasy. On tomdyq. – 3-tom. – Almaty: Qazaq entsiklopedııasy, 2001. – 720 b.
3. Quran Kárim qazaqsha maǵyna jáne túsiniǵı / Aýdarǵan: Halıfa Altaı. – Almaty: «Halıfa Altaı atyndaǵy halyqaralyq qayrymdylyq qory» baspasy, 2002. – 675 b.
4. «САНИН» АЛЬ-БЫХАРИ. Sbornik soderjit 2134 hadısa. Sostavitel: Imam Mýhammad bın İsmail Abý Abdýllah al-Djýfi al-Býharı. Pervod s arabskogo: Vladımır (Abdýlla) Mıhailovıch Nırsha. – 1121 s.
5. İslam Ansiklopedisi. 9-cilt. – İstanbul Milli Eǵitim Basımevi, 1993. – 806 s.
6. Gazalı A.H. Voskreshenie naýk o vere / Pervod s arabskogo, primechanie ı kommentarı V Naýmına. – Moskva: Naýka, 1980. – S. 93.
7. Bkz. el-Gazalı, İhya, III, 4; er-Razı, Kitabu'n-Nefs ve'r-Ruh ve Şerhu Kuváhurna, Tahran, ts., s. 78; İbn Haldun, Şifau's-Sail, s. 102; et-Tefrazanı, Şerhu'l-Mekasid, II, 330.
8. El-Cürcanı, et-Ta'rifat. – S. 178.
9. Yazır, Hak Dini Kur'ân Dili, I, 210.
10. Musa Carullah, Kitabu's-Sunne, s. 89. Müellifin, 'ruh akletme gücüne izafe edildiǵı zaman kalb ismini alır' şeklindeki yaklaşımı, bize pek makul gelmemektedir. Zira, Kur'ân'da, aklî kuvveyle/güçle birlikte, kalbe hissî kuvveler de izafe edilmektedir.
11. Ünal, Ali, Kur'ân'da Temel Kavramlar, s. 259.
12. İnsan bedenine üflenen bu nefhadan muradın, ruh olduğunu ise, biz Hz. Peygamberden öğreniyoruz. Bkz. Müslim, Kader 1.
13. Bkz. Buhari, Enbiya: (v.b.s.56)21/1; Müslim, Libas 100; Tirmizî, Kader 4; Nesaî, Zinet 113; Müsned, 1, 341.
14. Yrd. Doç. Dr. Yener Öztürk, Kur'an'da Kalp Ve Mühürlenmesi, Işık Yayınları: 54-57. Qazaq ádebiyeti. Entsiklopedııalyq anyqtamalyq. – Almaty: Arýna Ltd JShS, 2010.
15. İslam. Entsiklopedııalyq anyqtamalyq. – Almaty: Arýna Ltd JShS, 2010.
17. Kenjetay D. Qoja Ahmet İsaýı dúnietanymy. – Almaty: Arys, 2008. – 360 b.
18. Otyrar. Entsiklopedııa. – Almaty: Arys, 2005.
19. İsaýı A. «Dıyanı hikmet». – Türkistan, 1993. – 74 b.
20. İslam filosofııasy. Jıyrma tomdyq. – 4-tom. – Astana: Aýdarma, 2005. – 534 b.
21. Nesefi A. Tasavvufta İnsan Meselesi. (İnsan-i Kamil). Türkçesi: Mehmet Kanar., Dergah Yayınları., İstanbul, 1990. – S.23.

Ө.Қ.БЕКЕЖАН*

философия ғылымдарының докторы

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің профессоры
(Қазақстан, Атырау қ.), E-mail: Bekezhanok@mail.ru*

СЕРІКБОЛ ҚОНДЫБАЙДЫҢ МИФОЛОГИЯЛЫҚ КОНЦЕПЦИЯСЫНЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Мақалада С.Қондыбай еңбектеріндегі философиялық категорияларды қолдану ерекшеліктері мен әдістемесі қаралады. Өз зерттеулерінде С.Қондыбай авторлық мифологиялық концепциясын негіздеу үшін философиялық терминдерді кеңінен пайдаланады. Кеңестік кезеңдегі философия мен жалпы гуманитарлық ғылымды сынап отырып, С.Қондыбай гуманитарлық ғылымдардың сүйенер ортақ парадигмасы жоқ екенін айтады. Гуманитарлық ғылымдардың бастапқы таным – мифологияны мойындамай жүргенін сынға алады. Мақалада оның позитивистік және метафизикалық ойлау машықтары бар екенін тұжырымдай келіп, ғылыми әдіс ретінде екеуін де қолдануға тырысқаны тұжырымдалады.

С.Қондыбайдың мифологиялық зерттеулерінде онтология, миф, метафизика, абсолют, символ, иррационалдык, трансценденттік, уақыт, космос, әлем моделі және т.б. сияқты категориялар қолданылған. Философия С.Қондыбай еңбектерінде дүниетанымдық және әдістемелік маңызға ие екендігі көрсетіледі. Сонымен қатар С.Қондыбай дүниетанымының діни, эзотериялық сипаты жөнінде пікір айтылады.

Кілт сөздер: С.Қондыбай мифологиялық концепциясы, С.Қондыбайдың философияға көзқарасы, философиялық категориялар, философия және миф.

O.Bekezhan

Doctor of Philosophical Sciences

Professor of the Atyrau State University

(Kazakhstan, Atyrau), E-mail: Bekezhanok@mail.ru

Philosophical Basis of the Mythological Concept of Serikbol Kondybay

The article discusses the features and methods of using philosophical categories in the works of S.Kondybay. In his research, S.Kondybay widely uses philosophical terms to justify the author's mythological concept. Criticizing philosophy and the Humanities in General, S.Kondybay argues that they do not rely on a common paradigm. And also criticizes the Humanities for ignoring proto-science – mythology. In his research, such categories as ontology, myth, metaphysics, absolute, symbol, irrational, transcendent, time, cosmos, model of the world and others were widely used. The article States that philosophy has an important ideological and methodological significance in S.Kondybay's scientific research.

Keywords: mythological concept of S.Kondybay, S.Kondybay's relationship to philosophy, philosophical category, philosophy and myth.

*** Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

- Бекежан Ө.Қ. Серікбол Қондыбайдың мифологиялық концепциясының философиялық негіздері // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2020. – №1 (115). – Б. 32-41.

*** Cite us correctly:**

- Bekejan Ó.Q. Serikbol Qondyбайдың мифологиялық kontseptuasynyń filosofıalyq negizderi // Iasaуı ыниверситетінің habarshysy. – 2020. – №1 (115). – B. 32-41.

О.К.Бекежан

*доктор философских наук, профессор Атырауского государственного университета
им. Х.Досмухамедова (Казахстан, г.Атырау), E-mail: Bekezhanok@mail.ru*

Философские категории в мифологической концепции Серикбола Кондыбая

В статье рассматриваются особенности и методика использования философских категорий в трудах С.Кондыбая. В своих исследованиях С.Кондыбай широко применяет философские термины для обоснования авторской мифологической концепции. Подвергая критике философию и гуманитарную науку в целом, С.Кондыбай утверждает, что они не опираются на общую парадигму. А также критикует гуманитарную науку за то, что они игнорируют протонауку – мифологию. В его исследованиях были широко использованы такие категории как онтология, миф, метафизика, абсолют, символ, иррациональное, трансцендентное, время, космос, модель мира и другие. В статье утверждается, что философия имеет важное мировоззренческое и методологическое значение в научных исследованиях С.Кондыбая.

Ключевые слова: мифологическая концепция С.Кондыбая, отношение С.Кондыбая к философии, философские категории, философия и миф.

Еліміздегі гуманитарлық ғылым саласындағы ерекше құбылыс – дарынды ғалым, қазақ мифологиясының негізін салушы Серікбол Қондыбай екендігі қазір талас тудырмайды. Ғалымның шығармашылығына арналған зерттеу материалдары, тұрақты түрде өткізіліп жүрген ғылыми конференциялар осының куәсі. Қазіргі қазақ мәдениетінің көрнекті өкілі Серікбол Қондыбай гуманитарлық білімнің мифология, тарих, этнография сияқты өзара тығыз байланысты салаларын зерттей отырып, философияны, философиялық категорияларды кеңінен қолданып, барынша орнымен, зерттеп отырған проблемасының аясында пайдалануға тырысқанын оның еңбектерінен көреміз. Зерттеуші философиялық категорияларды өзінің мифологиялық концепциясын негіздеу үшін теориялық іргетас ретінде де қолданады. Өзінің қарастырып отырған сұрақтарына байланысты терең білімі жоғын ескерткеніне қарамастан, оның зерттеулерінен нағыз энциклопедиялық білімдарлық, ғылымның методологиясын, жүйелігін, қазіргі көп салалы гуманитарлық ғылымды терең меңгерген шынайы ғалым екенін көреміз. Ал ғылым методологиясының, мәдени-гуманитарлық феномендердің философияны, философиялық категориялар жүйесін игермей жүзеге аспайтыны белгілі. Осыны түсінген ғалым өз еңбектерінде философияны, оның категориялық аппаратын айналып өтпейді.

Енді ғалымның философияға қатысты ой-пікірлеріне, толғамдарына тоқталып өтсек деймін. Өзінің «Арғы қазақ мифологиясы» кітабының кіріспе ретіндегі бөлімінде бүгінгі қазақтың жалпысына тән кемшін қасиет – парықсыздық дей келіп, «Олқылықтың, парықсыздықтың басты себептерінің бірі – «біз кіміз, қайдан шықтық, қайдан келдік, қайда барамыз және қандай болдық?» деген сауалға жауап бере алмауымызда» – дей келе оған жауап беретін гуманитарлық ғылымдардың жай-жапсары көңіл көншітерліктей емес деген тұжырымға тоқталып, солардың арасында философияны атап өтеді [1, 21-б.]. Әрине, автордың бұл ойы сол кездегі қолына түскен, әлі де кеңестік идеологиялық стереотиптерден арылмаған философияға қарап қалыптасқан көзқарас екені сөзсіз. Осы жерде айта кету керек бір маңызды нәрсе ол – Серікболдың арнайы кеңестік гуманитарлық білімі болмауы, сол кезде кеңес гуманитарлық ғылымында қалыптасқан маркстік, идеологиялық, әсіре материалистік принциптерден ада болуы, оларды санасына сіңірмеуі (әрине, кеңес кезінде жоғары оқу орнында оқыған адам ретінде олармен университет қабырғасында жақсы таныс болғаны сөзсіз). Оның осы «жемшілігі» айналып келгенде оған әдістемелік, танымдық, ғылыми-шығармашылық еркіндік беріп, керісінше гуманитар ғалым ретінде тың концептуальдық ойларға келуге мүмкіндік берді деуге болады.

Енді ғалымның сол кездегі еліміздегі гуманитарлық ғылымның жайына байланысты айтылған сыни пікірлеріне көңіл аударсақ.

Біріншіден, қазақ гуманитарлық ғылымыныңүндіеуропалық гуманитарлық ғылымның «клондалған», «көшірінді тұрпаты» екендігін айтып, жалған стереотиптерден арылмай жүргеніне қынжылады. Екінші кемістік ретінде еліміздегі гуманитарлық ғылымдар арасында байланыс жоқтығын атап кетеді. Үшінші, ең сорақы нәрсе ретінде ол ғылымдардың сүйенер ортақ парадигмасы жоқ екенін көрсетіп, «ортақ ұстанымдар мен қисындарға, қайнарларға сүйенбейді» – дейді [1, 24-б.]. Олардың бәрі де бастапқы «ғылым» – мифологияға сүйенуі керек еді деген тұжырымды ұсынады. «Бұл, өз кезегінде, гуманитарлық ғылымдарға (тілтану, әдебиеттану, фольклор, философия, психология, этнография, тарих, археология, мәдениеттану, т.б.) ортақ қисын, ортақ меже, ортақ ұстаным беріп, оларды дамытуға мүмкіндік береді» [1, 24-б.]. Өкінішке орай, ғалымның осы айтқан ескертулері әлі өз өзектілігін жойған жоқ деуге болады. Басқасын айтпағанда отандық тарих ғылымында әлі күнге ғалымдардың бәрі мойындаған ортақ ғылыми парадигманың қалыптаспағанын, методологиялық жалтақтаудың, әлдебір саяси сақтықтың бейресми сақталып отырғанын айтсақта жеткілікті сияқты. Ғалым айтқан сұрақтарға да біз әлі күнге толыққанды, ғылыми негізделген жауап бере алмай келе жатқанымызда жасырын емес. Ғалымның гуманитарлық ғылымға қосқан үлесі жөнінде Ғ.Әнес мынандай нақты тұжырымдар жасайды: «көбіміздің ойлау жүйемізге әбден сіңісті болған, бұлтартпас қағидаға айналған ғылым-танымдағы астамшыл еуроцентризм ашық сыналады; Гуманитарлық саладағы түрлі бағыт-бағдар, әдіс-тәсілдердің арасынан, ең тиімдісін таңдап алды, әсіресе шетел ғалымдарының өміршең идеяларын дөп басып қолдады, оларды тармақтата таратып, ізденісін жалғастырды» [2, 24-б.]. С.Қондыбай еңбектерінің тек қазақ ғылымы ғана емес, жалпы түркілік гуманитарлық ғылым үшін маңызын шетел зерттеушілері Direk Ibrahim [3], Türkmen Fikret [4] атап өтеді.

Енді мифологиялық зерттеулеріне келетін болсақ, ондай ізденістердің қашанда белгілі бір философиялық, мәдениеттанымдық парадигмалардың нұсқасында жүзеге асатыны белгілі. Сондықтан оның философиялық ұғым-түсініктерді молынан пайдалануы да заңды. Жалпы мифология жөнінде ол: «синкреттік табиғатты мифология гуманитарлық ғылымның да, өнер мен мәдениеттің де бастапқы қайнары болып табылады»-деген анықтама береді [1, 24]. Ол миф пен символ арасындағы байланыстың маңызына назар аударады: «мифология деген де – символдар жүйесі» [1,34-б.]. Бұл жерде ол Р.Генонның «Символы священной науки» кітабына сілтеме жасап өтеді. Бірақ мифті символизм тұрғысынан зерттеуге үлкен үлес қосқан Э.Кассирерді, Ф.Шеллингті, А.Лосевті атамайды. С.Қондыбай теориясы өзінің аты айтып тұрғандай лингвистикаға көп сүйенеді және «тілтану (лингвистика) ғылымы мифологиялық реконструкцияның ең басты құралы болып табылады, өйткені мифтің өзі көбіне сөз (ұғым, есім, атау), сөйлем, мәтін түрінде көрініс тауып, сол түрде сақталады ғой. Тілтану мен мифтік реконструкция ажырамас жұпты құрайды» – деп тұжырым жасайды [1, 64-б.]. Айта кету керек, мифтің тілмен тығыз байланысын мифті зерттеушілердің дені қолдайды. Көп зерттеушілердің айтуынша миф пен сөз өзара туыс нәрсе. Миф – тілдік эрекеттің құрамдас бөлшегі, ол сөздер арқылы беріледі, ол айтылым дүниесіне тұтастай кіреді. Мысалы, белгілі лингвист-мифтанушы А.Потебня кезінде былай деген екен: «Миф деген тек субъекті мәні бар түсіндіруші образға объективтік, шын болмыстық таңылатын түсіндірудің сөздік айтылымы» [5, 21-б.]. Ал француз зерттеушісі Ролан Барт өз ойын былайша қысқаша тұжырымдайды: «Миф дегеніміз айтылым», «Миф – ұрланған тіл» [6,72-б.]. Бұл жерде С.Қондыбайдың тілге қатысты зерттеулері көптеген ғылыми бағыттарды қамтығанын айтқан жөн. Соның ішінде мифті, мифтік архетипті реконструкциялауды тікелей тілмен байланыстырады. Сонымен қатар осы арқылы «байырғы» тілді қалпына келтіру және оны жаңадан қолданысқа қосу мүмкіндігі жөнінде айтады. С.Қондыбайдың негізгі концептуальдық ұстанымы өзіндік болмысқа ие қазақ мифологиясы бар деп санап, оны ғылыми зерттеу объектісіне енгізу және реконструкциялау әрі қазіргі қазақ мәдениетінің ір-

жетасына айналдыру еді. Бұны ол ұлттық мәдениетті осы заманда сақтап қалудың негізі деп санады. Біздің ойымызша, ұлттық мифті осылай «реконструкция» (*С.Қондыбай термині бойынша – Ө.Б.*) жасау соңғы ғасырларда ұлттық жадыға ауыр салмақ болып түскен колониалдық, советтік, ресейшіл санадан, оның ұғым-түсініктерінен, архетиптерінен, символикаларынан арылу, қазір көп айтып жүргеніміздей рухани жаңғыру. Себебі, С.Қондыбайдың тұжырымдауынша: «Миф – бүгінгі ғылымның, өнердің, мәдениеттің бастапқы, бір-бірінен ажыратылмаған сатысы. Мұндай ажыраспаған күйді ғылымда, әдетте, синкреттілік дейді. Мысалы, ертегі мен жырдың басында миф жатыр, яғни бүгінгі ертегі мен жырды байыптап қарап, белгілі бір заңдылықтарға сүйене саралай отырып, ежелгі түсініктерді сұрыптап, бөліп шығаруға болады» [7, 64-б.]. Бірақ бұл жерде мына мәселеге назар аударған жөн. Ол автор қайтадан жандандырғысы келетін мифтік түсініктердің қазіргі қазақ қоғамында рухани, мәдени-әлеуметтік рөлі күшейіп келе жатқан ислам діні қағидаттарымен үйлесімі мәселесі. Қоғамда көрініп қалып жүрген көзқарастар қайшылығы осы мәселеден хабар береді. Бәріміз білетіндей, дін де, философия мен ғылым да белгілі дәрежеде әлемдік мифологияны ығыстыра отырып, мәдениеттен орын алған дүниетаным жүйелері. Ал сондықтан ежелгі түріктік мифтерді қоғамдық санаға қайта енгізу мәселесі қалыптасқан мәдениет пен қоғамдық сана тұрғысынан қиындық пен түсінбестік туғызуы мүмкін. Бірақ мәдениет пен өнер, ұлттық дүниетаным тұрғысынан бұл өте қажет.

Қазіргі әлемдегі соңғы жылдардағы озық кино туындыларды қарайтын болсақ, жапон, қытай елдерінің ежелгі мифтік, ертегілік кейіпкерлерінің әлемге тарап отырғанын көреміз. Сондай-ақ олар комикстер мен мультфильмдерде кеңінен тараған. Сол образдармен бірге оңтүстік Азия елдерінің дүниетанымы, философиясы, салт-дәстүрлері, діни қағидаттары көрерменді баурап отыр. Міне, осы жағынан қазақ және ежелгі түркі протомәдениеті жауһарларын «тірілту», заманауи технологияның құралдарымен әлемдік мәдени айналысқа шығару болашақтың ісі. Мысалы, Алтай халықтарының, саха-якуттердің ежелгі сенімдері мен мифологиясына қызығушылық байқалып отыр. Егер бетіндегі әртүрлі өзге мәдени, саяси, тіпті діни қатпарларды аршысақ, бізде ежелгі төлтума мәдениеттің үлгілерін көреміз. Мысал үшін С.Қондыбайға арналған Шетпе қаласындағы музейді айтуға болады. Бұл жай ғана оның шығармашылығына арналған музей емес, ол мифтік танымға, С.Қондыбайдың мифологиялық концепциясына, тек қазаққа ғана емес, бүкіл түркі жұртына ортақ дүниетаным бастауына арналған музей. Оның ішінен автор шығармаларындағы мифологиялық кейіпкерлерді, бейнелі түрдегі дүниенің пайда болуы туралы композицияны және т.б. көре аласыз.

Енді қазақ мифологиясының автор берген анықтамасына көз жүгіртсек: «қазақ мифологиясы – бүгінгі қазақ халқын жасауға қатысқан бірнеше мыңжылдық көшпелі ру-тайпалардың «орташа» алынған өздері, дүние-ғалам, өмір туралы түсініктерінің, ежелгі танымдарының бірыңғай жүйесі» [8, 9-б.]. Өзінің осы сілтеме жасалып отырған «Қазақ мифологиясына кіріспе» деген кітабында С.Қондыбай «қазақ мифологиялық ғылыми-зерттеу» мектебінің үш кезеңі туралы айтып өтеді. Осы жерде автор еуропалық рационализм мен иррационализм қатысы жайлы өзінің пайымын көрсетіп кетеді. Рационализмнің, ақыл-ойдың талассыз пайдасы жайлы айта отырып, олардың шегі бар екенін, ол шектің иррационализм кеңістігі екенін атап кетеді. «Иррационализм дегеніміз білім, ғылым өресі жете қоймаған, санадан тысқары, логикалық түсінік пен пайымдауға келе қоймайтын нәрселер» – деген классикалық сипаттағы анықтама береді [8, 10-б.]. Әрине, мифтің бейсаналықпен байланысы, кейбір иррационалдық сипаты жайлы зерттеулер жеткілікті (З.Фрейд, Г.Юнг және т.б.). Мифті рационализм мен иррационализм қайшылығы тұрғысынан зерттеушілердің негізінен біріншісін екіншіден жоғары қойып, ежелгі мифтерді «ояту», ремифологизациялау қоғам үшін қауіпті санайтыны белгілі. Мифтің бұл қаупіне С.Қондыбай да өз кітабының басында «арийшылдық» миф, жалған және ақиқат мифтер мен олардың жасампаздық немесе қиратқыш потенциалы жайлы айтқанда назар аудартады. Сая-

си мифтер тұрғысынан оның кеңес үкіметі «түркі факторын» жою үшін олардың мифологиясын да ығыстырды дегені әлі де мәнін жоғалтпаған идея екені сөзсіз. Шынында да советтік идеология түркі және басқа да халықтардың мифтік дүниетаным жүйесінің ұғымдарын халық санасынан ығыстырып оның орнына саяси советтік, орыс-ресейлік мифологияны енгізді. Бұл жағынан түріктік ежелгі сана көрінісінің элементтері, ұғым түсінігі сібірлік түріктердің мәдениеті мен санасында біраз сақталған сияқты.

Енді оның философиялық-методологиялық, танымдық ұстанымдарына келер болсақ, ол екі таным түрін бөліп көрсетеді, олар: «материалистік немесе позитивистік ғылым» және «метафизикалық таным». Осы жерде өзі материалистік-позитивистік (*коммунистік, атеистік – С.Қ. атауынша.*) ғылым ауқымында білім алса да көңілінің метафизикалық (*идеалистік, діни – С.Қ.*) танымға бұратындығын атап кетеді. Себебі, бірінші бағыт ілкі бастауларды мойындамай, адамзаттың алғашқы бастауларын надандық кезеңі санайды (автор атын атап, түсін түстемесе де маркстік, материалистік адамзат қоғамы дамуы концепциясын сынайды), бірақ бұл теорияның да жетістіктері бар дей отырып, ол позитивистік теорияның жауап бере алмайтын тұстары бар екенін айтады. Екінші бағыттың жетістігі ретінде «о баста аса жоғары деңгейде дамыған адам танымы, дәстүрі болған, осы дәстүр әлдебір себептерге байланысты жоғалып кетіп, ұмыт болып, оның сарқыншақтары (мифтегі, діндегі, тілдегі, әдет-ғұрыптағы) жер бетіндегі әр түрлі халықтардың мифологиясында сақталып, өңі адам танымастай болып өзгеріп, бүгінгі діни және мифтік келтірімдердің іргетасын құраған» – дейді [1, 33-б.].

Бірақ автор өзінің позитивистік және метафизикалық ой машықтарының екеуінен де бас тарта алмайтындығын тұжырымдайды. Демек, ғылыми әдіс ретінде екеуін де қолдануға тырысады. Әрі қарай ғалым өзі қолданған негізгі терминдік жүйеге тоқталып кетеді. Осы жерде философиялық, мәдениеттанымдық сипаттағы біраз терминдерді атап өтеді. Олар: *символ, нүкте, көрілмес, көресін, иррационал, трансценденттік, метафизика, Ілкі дәстүр, галам моделі, уақыт, космос, онтология және т.б.*

Зерттеуші «онтология» ұғымын негізінен философиялық категория ретінде емес өзінің абақ таңбаны оқуға арналған мысалдар келтіру барысында қарастырып кетеді. Автордың болжамынша дей – түркілік «оңт» праформасы көне гректілінде сақталған көрінеді. Соған мысалдың бірі ретіндеол «онтология» ұғымын алады. Осы бір іргелі философиялық категорияғаол мынандай анықтама береді: «онтология» – логика және таным теориясымен бірлікте өмір сүретін болмыстың жалпы заңдылықтары мен категориялары туралы философиялық ілім», осылайша ол сөздіктерде қалыптасқан академиялық анықтаманы беріп өтеді. «Он» немесе «онтос» түбірі «ақиқат, нағыз шын, «баршылық» деген мағынаға ие болып тұр – дейді [1, 91-б.]. Осыдан-ақ С.Қондыбайдың философиялық категорияларды жете түсінгенін, олардың мәнін игергенін көреміз. Ал лингвистикалық жағынан келер болсақ, зерттеуші дей – түркілік праформаның «Оң» немесе «оңт» сөздерінің мағынасы да «ақиқат, нағыз, шын, баршылық» екенін тұжырымдайды.

Ақиқаттың түрі ретінде «астам текті» ақиқат деген ұғым қолданыпты, оны «метафизикалық, құдайы» ақиқат деп көрсетеді [1, 35-б.]. Осы жерде автордың кейбір философиялық ұғымдарды қазақ тіліне өзіндік аударулары бар екенін атап кеткен жөн. Мысалы, «абсолют» сөзін «ұған» – деп береді және оған дәлел ретінде М.Қашғари сөздігіндегі осы сөзге берілген анықтаманы келтіреді. Онда «ұған» – «бәріне қадірлі, бар нәрсеге күші жететін, құдіретті» – деген түсініктеме берілген [1, 36-б.]. Бірақ автордың өзі келтірген мысалдан көрініп тұрғандай бұл сөз тәңірге қатысты қолданылған – «ұған тәңір», осыны автор «абсолютті тәңір» деп келтіреді. Біздің ойымызша, бұл жерде «ұған» сөзінің қолданыс аясы нақты берілген, сондықтан «абсолют» ұғымының классикалық анықтамасы мен «ұған» ұғымы арасындағы айырмашылық айқын деп санаймыз. Автордың діни ұғым мен философиялық терминнің арасындағы белгілі бір шекараны аттап өтіп, оларды синонимдастырғаны көрініп тұр.

Енді абсолют ұғымына келер болсақ, автор оны: «барлық баршылықтың (*все существующее, все сущее* – С.Қ.) мәні, өзгермейтін ілкі негіз (*превооснова* – С.Қ.) түп-тұқияны» – деген қазақша және орысша анықтамаларды келтіріп кетеді [1, 36-б.]. Осылайша анықтаманы бере келіп, «рух», «идея», «кұдай» ұғымдарының абсолюттік сипатқа ие екендігін айтып өтеді. Одан әрі кітабында «абсолют» ұғымының баламасы ретінде «Нұр» және «Кұдайы құдірет» сөздерін қолданатынын ескертеді. Әрине, «Нұр» сөзінің философиялық мағынасы да іс жүзінде «абсолют» ұғымына сәйкес, пара-пар болып келеді», – деген тұжырым жасайды [1, 37-б.]. Біз өз тарапымыздан «Нұр» ұғымының барлық философиялық ағымдарға тән емес, тек белгілі бір философиялық, мистикалық (эзотериялық) ағымдар қолданғанын, әсіресе «Нұр» метафизикасының орта ғасырлық философияның ойлау дәстүріне протофеномен ретінде көп таралғанын көлденең тартсақ та болады. Өз кітабында ол қозғалыс ұғымына да тоқталып өтіп, «Қозғалыс – материяның өмір сүру тұрпаты, энергия жұмсауы, біз «абакты» да «мифтік материя» ретінде қарастырып отырмыз» – дейді. Оның ойынша қозғалыс – абақ таңба арқылы сөз жасаудың да, мифологиялық таным қалыптастырудың да негізі. Автор философиялық (әсіресе материалистік концепциядағы материяға байланысты) қозғалыс категориясын әлемдік болмыс заңдылығы мағынасында өзінің «абақ таңба» теориясын түсіндіруге ұтымды қолданып өтеді. Осы жерде автордың «абақ таңба» ұғымына да тоқталып өтсем деймін. Өзі оған мынандай анықтама береді: «Абақ таңба» – ортасында нүктесі бар шеңбер. Яғни, ол екі элементтен-нүктеден және шеңберден тұрады. Нүкте – Құдіреттің (Принциптің) белгісі болса, шеңбер – Ғаламның (болмыстың) символы. Осы таңбаның шығу уақыты адамзаттың тарихының ең түпкі бастауларына кетеді» [1, 43-б.]. Өз сөзіне дәлел етіп Р.Геноннан үзінді келтіріп кетеді. Біз өз тарапымыздан бұл символиканың әлемдік мәдениеттеертеден әрі кеңінен тараған әрі қазірде қолданыстағы тұрақты семиотикалық элемент екенін айтамыз. Ғалым сүйеніп отырған эзотериялық бағытқа қатысты бұл белгілердің ертеден-ақ шексіздік пен абсолюттік нышаны болғанын, атақты Е.Блаватская да «Тайная доктрина» еңбегінде қолданған эзотериялық эмблемологияның бірі екенін еске салғымыз келеді.

Жалпы Серікбол Қондыбайдың дүниетанымдық ұстанымы, концептуальдық идеясы діни дүниетанымға көбірек мойын бұратындығын айта кеткен жөн және оны автордың өзі де мойындайды. Сондықтан оның дүниетанымындағы діни сана элементінің шығармашылығына ықпалы туралы айтуға әбден болады деп ойлаймыз. Сондай-ақ оның эзотериялық философияға, тылсым ғылымға қызығушылығы, сол бағыттағы еңбектерге сүйенгені көрініп тұр. Осы жерде ғалым еңбек еткен сонау өткен ғасырдың 90-шы және жаңа ғасырдың басында, марксизмнің философиялық ұстанымдары терістеліп, гуманитарлық ғылым дағдарысқа ұшыраған шақта бұрынғы посткеңестік елдерде эзотерикалық, мистикалық идеялар кеңінен тарағанын ескертіп өткен абзал сияқты. Бұрынғы тиым салынған неше түрлі ілімдер елдің мәдени кеңістігіндегі рухани ашкөздікті пайдаланып, сөз жеткен жердің бәріне жайылды. Міне, сол кезде үлкен рухани ізденісте жүрген зерттеуші олардың еңбектерімен жақсы таныс болғаны сөзсіз. Әрине, бұл жөніндеәлі де зерттеулер қажет екендігі сөзсіз және автор көзқарасындағы эклектизм мен синкретизмге де назар аударған жөн. Зерттеуші «принцип»сөзінің баламасы ретінде «ұстаным» сөзімен қатар «күдірет» сөзін де қолдану жөніндегі ойы, «кұдайы құдіреттің доктринасы» ұғымын қолдануы да осыны көрсетеді. Бірақ өзінің терминологиялық жүйесіне байланысты автор әлі нақты ұғымдарды қолданып отырмағанын ескертіп кетеді [1, 91-б.]. Осы мақаланың аясында автордың келтірген аударма сөздігі де назар аударуға тұрарлық деп санаймын. Философиялық дискурсқа қатысты болғандықтан осы азғантай аударманы түгел бере кетсем.

Ілкі – первоначальный, изначальный

Ілкі себеп – первопричина

Пішін – форма

Мөлшер – размер

Бірегей – Единое
Жария, көресін – проявленность
Көрілмес – непроявленность
Нұршашу – излучение
Барша, баршылық – Сущее
Мән, мәйек – сущность

Келтірім – представление [1, 40-41-бб.]. Бұл аударманың ішінде кейбір терминдер бұрыннан қазақ тіліндегі философияда қолданыста болып жүрсе, кейбіреуі автордың өз аудармасы болып табылады және аудармалар автордың концептуалдық ұстанымына, негізгі идеясына сәйкес келеді. Оның үстіне автордың бұл еңбегімен айналысқан уақытында қазақ тіліндегі философиялық терминдер жүйесінің әлі де толық қалыптасып, бірізділік болмағанын ескерсек, авторлық аударманың жетістігін жоққа шығара алмаймыз. Мысалы, «ілкі, ілкі себеп» сөздерінің қолданысы назар аударуға тұрарлық деп есептеймін.

Келесі автор қолданған ұғым – метафизика. Автордың «Метафизика – ғаламның біржолата берілген, бекітілген, тәжірибе жүзінде тану мүмкін емес бастауының, яғни құдайлық бастаудың бар екендігін білдіретін ұғым. Метафизикалық Бірегейлік дегеніміз – іс жүзінде Алла Тағала» [1, 41-б.] анықтамасы автордың діни-метафизикалық дүниетанымға жақын болғандығының тағы бір дәлелі. Осындай ұстанымды трансценденттік ұғымына да қатысты қолдана отырып, оны «Құдайы болмыс» – деп анықтайды [1, 41-б.].

С.Қондыбайдың философиялық тұрғыдан түсіндірме берген тіл феномендерінің бірі – «ң-ң» ілкі сөзі (қосарламасы) немесе праформасы. Осы праформаны ол былайша философиялық категориялар арқылы таратады:

- «ң-ң» дегеніміз – субстанция (материя/идея в единстве всех форм ее движения, первооснова, сущность всех вещей и явлений). Ол – ілкі зат, заттардың заты, негіздің негізі;

-«ң-ң» дегеніміз – абсолют (вечная, неизменная первооснова всего существующего (дух, идея, божество)). Ол – ілкі, мәңгі, түпкі негіз;

-«ң-ң» дегеніміз – универсум (философский термин, обозначающий «мир как целое» или «все сущее»);

-«ң-ң» дегеніміз – принцип (основное, исходное положение какой-либо теории, учения мировоззрения, теоретической программы) [1, 71-б.]. Ол әрбір философиялық терминге орыс тіліндегі анықтамаларды қоса отырып, аталған праформаны философиялық ұғым деңгейіне көтереді. Осылайша ол тілдік «ң-ң» феноменін дүниенің бастауы, алғашқы субстанция түрінде онтологиялық қырынан түсіндіріп, ол үшін бірнеше философиялық категорияларды кейбір ішкі қайшылықтарына қарамастан қолданады. Автордың осы тұжырымдарына қатысты «ң-ң» праформасын осылайша универсал субстанция сапасында қолдану оны абсолюттендіруге апарып тұрғанын айта кеткен жөн сияқты.

Ғалымның қолданған терминологиялық аппаратына аздаған шолудан кейін, автордың осындай дүниетанымының, ғылыми танымдық идеяларының негіздері мен қайнар көздері жайлы тоқталып өтсек. Негізінен ғалымның шығармашылығындағы философиялық, методологиялық негіздерді қарастырып отырғаннан кейін, автор аттарын атап өткен, сөз арасында келтіріп кеткен, арнайы сілтеме жасаған философиялық ғылымдарға қатысты зерттеушілерге де тоқталып өтсем деймін. Олар З.Наурызбаева, Т.Әсемқұлов, Г.Қарағөзова, Н.Оспанов, М.Орынбеков, Д.Кенжетай, Р.Генон, Стивен Хокинг, Идрис Шах, Е.Мелетинский, А.Дугин және т.б. Әрине, автор өз зерттеулерінің бағыт-бағдарына байланысты көптеген белгілі этнограф, лингвист, әдебиетші, фольклортанушы ғалымдардың еңбектерін кеңінен қолданған, оны өзі де айтып өткен, еңбектерінен де көрініп тұр. Әрине, біз зерттеушінің еңбектерінен тек философияға қатысты жерлерін бөліп алуға тырысқанымызбен гуманитарлық ғылымдардың өзара терең танымдық, методологиялық байланысын да жоққа шығара алмаймыз. Кейбір ғалымдардың философия мен лингвистика, этнография немесе философия мен дін, эзотериялық білімдердің өзара интеграциясынан

туындаған еңбектері бар екенін ескере кеткен жөн. Мысалы, сондай автордың бірі – Рене Генон дей аламыз. Ғалым өзінің көптеген ұстанымдарының, термин-түсініктерінің Р.Генонның «Символы священной науки» кітабына сүйене отырып қалыптасқанын айтады. Оның еңбектеріне жасалған көптеген авторлық сілтемелер де осыны байқатады. Осы белгілі зерттеушінің дүниетанымына зер сала қарар болсақ, С.Қондыбайдың концептуалдық ұстанымдарының идеялық бастауын көре аламыз және автордың терминдік аппаратының сыры да белгілі болады деуге болады. Р.Генон – «интегралдық дәстүршілдік» бағытының негізін салушы, сонау өлара кез 1990-2000 жылдары посткеңестік елдерде ілімдері кеңінен тарап, өзінің идеялас мұрагерлерін тапқан ойшыл. С.Қондыбай шығармашылығына Р.Генонның ықпалы жөнінде және осы ой-пікірі әлі де кереғар көзқарас тудырып жүрген ойшыл жайлы белгілі Қондыбайтанушы З.Наурызбаеваның мақаласында жақсы берілгендіктен бұл мәселеге қосып алар ештеңе жоқ деуге болады [9]. Мақаламды атақты философ А.Ф.Лосевтің сөздерімен бітіргім келеді, миф мәселесін сонау кеңестік идеология кезінде-ақ барынша объективті, адал зерттеген ғұлама былай деген еді: «Миф идеалдық болмыс емес, тіршілігімен сезілетін және жаратылатын заттық шындық және тәндік, жануардай тәндік дүние. Миф дегеніміз – өмірдің өзі» [10, 34-б.]. С.Қондыбай өз жұмыстарында А.Лосев еңбектеріне сүйенбесе де (әлде таныс болмады), мифологиялық концепциясы миф болмысын түсіну жағынан онымен белгілі бір үндестікті көрсетіп тұр, бұл да оның өз бетінше философиялық ұстанымы болғанын дәлелдейді.

Жалпы Серікбол Қондыбайдың бұдан көп жылдар бұрын айтып кеткен мәдениеттанымдық, тілдік, топономикалық, терминологиялық, антропологиялық идеялары әлі де өз өзектілігін жойған жоқ, керісінше оларды жүзеге асыру жаңа қолға алынып жатыр деуге болады. Қазіргі латын тілі мен терминологияға қатысты жасалып жатқан шаралар мен тартыстар осыны байқатады. Киелі жерлер мен топономияға қатысты зерттеулер де С.Қондыбай еңбектерінің өзегі болған әдістемелік ұстанымдардың бірі еді, қазір кеште болса бұл бағыттағы жұмыстар да қолға алынып жатыр. Біздің «рухани жаңғыру» атап жүрген мәдени жобаның да негізгі мәні осы.

Автор қазақ мифтік-лингвистикалық мектебінің әдістемелік құралдарына тоқтап, мынандай бағыттарын көрсетеді: ол бастағы бірегей түсінік («Ұлы Бірегейлік»), символдар, таңбалар, сөздер, орнықты байланыстарды анықтау. Ал символдардың өзін автор сандық, тұрпаттық, сөздік, тірі кейіптік деп айырады. Осы әдістер контекстінде «Ілкі Төр», «Төретамдар» ұғымдарын зерделейді. Сонымен қатар, қазақтың түпкі бастауы, тарихи уақыты мен географиялық маршрутын анықтауды өзінің басты мақсаты санайды. Философиялық уақыт пен кеңестікті мифо-лингвистикалық зерттеулерге сүйене отырып, мифтік өлшемнен нақты ландшафтық, топономиялық өрістерге өтуді жүзеге асырады.

Бұл зерттеулер ежелгі атауларды, онимдерді жинақтау, қазіргі атаулар жүйесіне айналысқа қосу, компаративистік аспектіде қазақ, түркі, түркі-үндіеуропа тілдері қатынасын зерттеу, жаһандану жағдайында өзге мәдени құбылыстарға қарсы тұру сияқты талаптарды шешуге көмектеседі. С.Қондыбай өз еңбегінде философияны, философиялық категорияларды әдістемелік ұстаным ретінде қолданғанда нені мақсат етті? Ол ұғымдар С.Қондыбайға мифологиялық мән-мақсатын ашуға керек болды. Жоғарыда айтылғандай, ол ұстанымдарды діни, эзотериялық, мифотанымдық термин сипатында қолданады. Сондықтан оның философиялық категорияларды қолдануын Серікбол Қондыбайдың «миф философиясы» немесе «мифтік-лингвистикалық таным философиясы» деп атауға болатын сияқты. Бұл жағынан оның концепциясын миф болмысын зерттеген философтар А.Лосев, Ф.Шеллинг, Р.Генон, К.Хюбнер және жоғарыда аты аталған зерттеушілер көзқарастарымен салыстыруға болады. Себебі, мифті, мифологияны зерттеудің әдістемелік, дүниетанымдық тұғыры – философия. Философиялық пайым, дүниетаным С.Қондыбайдың барлық еңбектерінде орын алады. Сондықтан тарихи, этнографиялық, лингвистикалық, мәдениеттанымдық ойларының бәрінде дерлік философиялық категориялар зерттеулер контекстінде қол-

данылады. Оның философиялық дүниетанымында мифологиялық зерделеуден басқа тарихи сана мәселесі, діни сана, мәдени-антропологиялық таным мәселесі сияқты философиялық ізденісті қажет ететін сұрақтар қаралады. Оның қолданған категорияларды белгілі бір белгілері бойынша жіктеп-жүйелейтін болсақ, философиялық әдістемелік, семиотикалық (ол бұл терминді қолданбаса да), иррационалды-мистикалық, эзотериялық таным, тіл философиясы, тарих философиясы, өркениеттану, этнодүниетаным мен гносеология, тарихи-мәдени онтология, өркениеттік уақыт пен кеңістік, дін философиясы тәрізді бағыттардың барлығын көреміз. Ал осындай сан қырлы гуманитарлық ғылымның бағыттарын зерттеп-зерделеу үшін ол түп негіз, іргетас ұғымдар санатында философиялық категорияларды алады. Ол категориялары мен ой-тұжырымдары мифологиялық және тарихи-мәдени зерттеулердің аясында жалпы концептуалдық ізденіс өрісінде берілген. Әрине, оның мифтік дүниетанымды әлемдік мәдениет бастауы ретінде тұжырымдауы философиялық ізденістен тыс жатқан жоқ және бұдан бұрында философиялық-мәдениеттанымдық ой ағымдарында талай зерттеулер арналған мәселе болып табылады. Тек мифті ерекше абсолюттендіру барлық философиялық ағымдар мен теориялар қолдайтын идея емес екендігі белгілі. Сол себепті С.Қондыбай теориясы да әлемдік ой ағымындағы өзінің таным-түсінігіне сәйкес келетін философиялық қағидаларға сүйенгені көрініп тұр. Біз тілге тиек еткен дүниетанымдық синкретизм мен эклектика да осыдан туындайды. Зерттеушінің ұлттық мәдениет, жер-су атаулары, киелі жерлер туралы ой толғаныстары да белгілі бір философиялық-дүниетанымдық, аксиологиялық дискурстерге сүйенгені талассыз.

Жалпы қорыта келгенде, қазіргі қазақ гуманитарлық ғылымына тың, тіпті тосын жаңалықтар әкелген Серікбол Қондыбай өзінің концептуалдық ізденістеріне философиялық дискурсты, философиялық категориялық аппаратты іргетас ретінде барынша қолдануға тырысқан ойшыл. Ол өзі позитивистік және метафизикалық атаған философиялық-әдістемелік ұстанымдарды зерттеу жұмысында діни және эзотериялық, лингвистикалық бағыттарда мифологияны зерделеуге қолдана білді. Сол кездегі философиялық-әдістемелік қағидалардың осал жерлеріне өз сыни көзқарасын білдірді. Өзінің мифологиялық, дәстүршілдік концепциясын философиялық танымға, терминдерге негіздей отырып, ғалым қазақ философиялық және мәдениеттанымдық һәм дінтанымдық, өркениет танымдық ғылымына да жаңа серпін, тың бағыт әкелді деуге әбден болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 512 б.
2. Әнес Ғ. Жасын ғұмыр – жасампаз еңбек // Байырғы қазақ дүниетанымының негіздері. Энциклопедиялық басылым. – Алматы: Қазақ тілі, 2018. – 480 б.
3. Direk Ibrahim. Serikbol Kondibyın çalıssmaları isiğında turk mitoloji arařtırmalarınin sorunlarına cozun volları // «Қондыбай Серікбол мұралары: әлемдік мифологияның дамуына жаңаша көзқарас» халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Ақтау: «Экожан» ӨК баспасы, 2018. – 465 б.
4. Türkmen Fikret. Turk mitolojisi uzerine turkie de yapilmis galismaların tarıncesi ve analizi // «Қондыбай Серікбол мұралары: әлемдік мифологияның дамуына жаңаша көзқарас» халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Ақтау: «Экожан» ӨК баспасы, 2018. – 465 б.
5. Потебня А.А. Теоретическая поэтика. – М.: Высшая школа, 1990. – 344 с.
6. Барт Р. Избранные работы: Семиотика. Поэтика. – М.: Прогресс, 1989. – 616 с.
7. Нұрекешова Г.Р. Ағылшын-қазақ-қытай шығармаларындағы мифологиялық бейнелердің ұлттық сипаты // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2019. – №1 (111).
8. Қондыбай С. Толық шығармалар жинағы. – 1-том. Қазақ мифологиясына кіріспе. – Алматы: Арыс, 2008. – 376 б.

9. Наурызбаева З. Европейский интеллектуальный традиционизм XX века и казахская идеология // Мировая культурологическая мысль. Традиция. – Алматы: Жазушы, 2005.
10. Лосев А.Ф. Диалектика мифа // Философия. Мифология. Культура. – М., 1991. – 512 с.

REFERENCES

1. Qondybai S. Arǵyqazaq mifologııasy. – Almaty: Daik-Press, 2004. – 512 b.
2. Ánes Ğ. Jasyn ğumyr – jasampaz eńbek // Baırǵy qazaq dúnietanymynyń negizderi. Entsiklopedıialyq basylym. – Almaty: Qazaq tili, 2018. – 480 b.
3. Direk Ibrahim. Serikbol Kondıbyın ǵalıssmaları isiǵnda turk mitoloji araštırmalarınin sorunlarına cozun vollari. // «Qondybai Serikbol muralary: álemdik mifologııanyń damýyna jańasha kózqaras» halyqaralyq ǵylymı-teorıialyq konferentsıa materialdary. – Aqtaý: «Ekojan» ÓK baspasy, 2018. – 465 b.
4. Türkmen Fikret. Turk mitolojisi uzerine turkie de yapilmis galismaların tarıncesi ve analizi // «Qondybai Serikbol muralary: álemdik mifologııanyń damýyna jańasha kózqaras» halyqaralyq ǵylymı-teorıialyq konferentsıa materialdary. – Aqtaý: «Ekojan» ÓK baspasy, 2018. – 465 b.
5. Potebnia A.A. Teoreticheskaıa poetika. – M.: Vysshaiıa shkola, 1990. – 344 s.
6. Bart R. Izbrannye raboty: Semiotika. Poetika. – M.: Progress, 1989. – 616 s.
7. Nurekeshova G.R. Aǵylshyn-qazaq-qytaı shyǵarmalaryndaǵy mifologııalyq beınelerdiń ulttyq sıpaty // Iasaıy ınıversitetiniń habarshysy. – 2019. – №1 (111).
8. Qondybai S. Tolyq shyǵarmalar jınaǵy. – 1-tom. Qazaq mifologııasyna kirispe. – Almaty: Arys, 2008. – 376 b.
9. Naıryzbaeva Z. Evropeiskıı intellektıalnyı traditsionizm XX veka ı kazahskaıa ideologııa // Mirovaıa kúltúrologicheskaıa mysl. Traditsııa. – Almaty: Jazyshy, 2005.
10. Losev A.F. Dialektika mıfa // Filosofııa. Mıfologııa. Kúltúra. – M., 1991. – 512 s.

Ж.Е.МЫРЗАБЕКОВ¹, Ж.А.АМИРКУЛОВА², Т.П.МЕЙРБЕКОВ^{3*}

¹*PhD докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
(Қазақстан, Алматы қ.), E-mail: jambui_78@mail.ru*

²*философия ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
доценті (Қазақстан, Алматы қ.), E-mail: zhamulyiya@mail.ru*

³*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің аға оқытушысы
(Қазақстан, Түркістан қ.), E-mail: talgat.meirbekov@ayu.edu.kz*

М.Х.ДУЛАТИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ЭТИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАРИХИ САБАҚТАСТЫҒЫ

Бұл мақалада М.Х.Дуллатидің философиясын зерттеудің маңыздылығы қарастырыла келе, оның этикасының өзіндік ерекшеліктері көрсетіледі. Атап айтқанда, исламдық теологиямен байланыстылығы, эстетикамен де астасып жатқандығы, Еуропаға ұқсамайтын өзіндік түркі-қазақтық этикалық ұғымдар жүйесінің еркін берілгендігі, өзіне дейінгі түркілік дүниетанымнан тамыр тартып, олармен сабақтасып жатқандығы, этикалық сарындарының кара сөздер түрінде де, поэтикалық формада да, афоризмдер бойынша да көрініс тапқандығы, моральдік ой-толғамдарының өзінің өмірлік тәжірибесімен де байланыстылығы, идеяларының тарихи оқиғаларға қатыстырылып ұсынылатындығы. Сонымен қатар, оның этикасының әлемдік этикамен және қазіргі заманауи өзекті болып отырған моральдік құндылықтарға да тиесілі болып құрылғандығы, т.б. Бұл тәлтума пікірлері ойшылдың «Тарихи-и Рашиди» еңбегіндегі мәтіндер мен отандық және шет елдік философтардың пікірлері арқылы дәйектелді.

Кілт сөздер: М.Х.Дуллати, этика, «Тарихи-и Рашиди» еңбегі, философия, дүниетаным, мораль.

Zh.Ye.Mirzabekov¹, Zh.A.Amirkulova², T.P.Meirbekov³

¹*PhD Doctoral Student, Al-Farabi Kazakh National University
(Kazakhstan, Almaty), E-mail: jambui_78@mail.ru*

²*Candidate of Philosophical Sciences, Associate Professor of Al-Farabi Kazakh National
University (Kazakhstan, Almaty), E-mail: jambui_78@mail.ru*

³*Senior Teacher of Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
(Kazakhstan, Turkestan), E-mail: talgat.meirbekov@ayu.edu.kz*

Historical Continuity and Features of Ethical Views in M.Kh.Dulati's Work

In this article, along with the consideration of the importance of the study of the philosophy of M.Kh.Dulati, the individual features of his ethics are shown. In particular, the connection with Islamic theology, intertwining with aesthetics. Here the system of independent Turkic-Kazakh ethical concepts, not similar to Europe, which roots come from the Turkic worldview existing before it, their continuity, ethical directions in the form of winged expressions, and in poetic forms, and in the form of aphorisms, interrelation of moral reflections with own life experience, presence

* **Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

- Мырзабеков Ж.Е., Амиркулова Ж.А., Мейрбеков Т.П. М.Х.Дуллати шығармашылығындағы этикалық көзқарастардың өзіндік ерекшеліктері және оның тарихи сабақтастығы // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2020. – №1 (115). – Б. 42-51.

* **Cite us correctly:**

- Myrzabekov J.E., Amirkulova J.A., Meirbekov T.P. M.Kh.Dulati shyǵarmashylyǵyndaǵy etikalyq kózqarastardyń ózindik erekshelikteri jáne onyń tarihı sabaqtastyǵy // Iasaıy úniversitetiniń habarshysy. – 2020. – №1 (115). – B. 42-51.

in historical events of the ideas offered by it, at the same time ethics created by him belongs to the world ethics and modern actual moral values, etc., is freely transferred. Such original views of the thinker are quoted in the texts of «Tarikh-i Rashidi» and in the views of domestic and foreign philosophers.

Keywords: M.Kh.Dulati, ethics, «Tarikh-iRashidi» work, philosophy, outlook, morality.

Ж.Е.Мирзабеков¹, Ж.А.Амиркулова², Т.П.Мейрбеков³

¹*PhD докторант, Казахский национальный университет им. аль-Фараби
(Казахстан, г.Алматы), E-mail: jambui_78@mail.ru*

²*кандидат философских наук, доцент Казахского национального университета им. аль-Фараби
(Казахстан, г.Алматы), E-mail: zhamulya@mail.ru*

³*старший преподаватель Международного казахско-турецкого университета
им. Ходжа Ахмеда Ясави (Казахстан, г. Туркестан), E-mail: talgat.meirbekov@ayu.edu.kz*

Историческая преемственность и особенности этических взглядов в творчестве М.Х.Дулати

В данной статье наряду с рассмотрением значимости исследования философии М.Х.Дулати, показаны индивидуальные особенности его этики. В частности, связь с исламской теологией, переплетение с эстетикой. Здесь свободно передана система самостоятельных тюрко-казахских этических понятий, не схожих с Европой, корни которых исходят с существовавшего до нее тюркского мировоззрения, их преемственность, этические направления и в виде крылатых выражений, и в поэтических формах, и в виде афоризмов, взаимосвязь моральных размышлений с собственным жизненным опытом, присутствие в исторических событиях предложенных им идей, наряду с этим созданная им же этика принадлежит мировой этике и современным актуальным моральным ценностям и др. Подобные оригинальные взгляды мыслителя цитируются в текстах труда «Тарих-и Рашиди» и во взглядах отечественных и зарубежных философов.

Ключевые слова: М.Х.Дулати, этика, труд «Тарих-и Рашиди», философия, мировоззрение, мораль.

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін, ұлтымыздың бірегейлену үдерісін қайтадан жаңғырту қолға алынып, қазақ болмысының руханилық деңгейінің биіктігін паш ету жолға қойылып келеді. Бүгінде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында халқымыздың руханиятын тұтастай қайта ой елегінен өткізіп, бұрынғы алынған нәтижелерді одан әрі жетілдіріп, оларды ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттеу ісінің де маңыздылығы артып отыр. Ұлтымыздың тұтас дүниетанымы сіңірілген ділімізді зерделеуде философия ғылымының өзіндік орны айтарлықтай. Осыған орай, 1991-жылдардан бастап, қолға алынған қазақ философиясы тарихын зерттеу әрі қарай өзінің игілікті жалғасын тауып келеді. Кейде, ол әлемдік және түркілік ойшылдардың идеялары арасындағы сабақтастық тақырыбына қарай ауысып та отырады.

Қазақ философиясын сараптау қолға алынғаннан кейін отандық ғалымдар дискурсы «Ұлттық философия бар ма, әлде жоқ па, болса, қай кезеңнен бастау керек?» деген сауалдар қойған болатын. Кейбірі көне түркілік сенімдердегі дүниетанымды негізге алып, оның бүгінге дейін сабақтасқан тұтас келбетін құруды ұсынса, кейбір ғалымдарымыз әл-Фараби бабамыздан бастауды жөн санаса, қайсыбірі ХІХ ғасырда өмір сүрген қазақ ойшылы Абайдан бастау алатын даналықты алға тартты. Осылайша, сан түрлі пікірлердің тоғысы – қазақ философиясын кәсіби емес түрдегі даланың даналық ой-толғамы және оны көне түркілік дәуірлермен тұтастандырып, ұлттық діл ретінде қарастыруды негізге алды. Осылайша, философия тарихын зерделеу бастапқыда, белгілі бір кезеңді жеке алып қарастырса, кейіннен, жеке тұлғалардың философиялық ойларын саралауды негізге алды.

Түркі халықтарының орта ғасырлардағы руханиятының өркендеуіне игі ықпал еткен араб-мұсылмандық ренессанс Орта Азия аймағында көптеген ойшылдар қауымын туғызған еді: әл-Фараби, А.Яссауи, А.Иүгінеки, т.б. Себебі, араб-мұсылмандық ренессанс дәуірінде, әсіресе, ғылым дамуы әлемдік деңгейге танылды және кейінгі ғылымның өркендеуіне айтарлықтай септігін тигізді. Бұл аймақтағы ғылым дамуының мынадай өзіндік ерекшеліктерін қысқаша түрде былайша тиянақтап көрсетуімізге болады.

Біріншіден, ғылым мен мұсылман дінінің өзара үйлесімділігі биік белестерге қарай көтерілді. Ибн-Рушдттың қос ақиқат теориясы бұл үндестіктің теориялық негіздемесі десе де болады. Сондықтан, ғылым дамуына діннің ешқандай кері әсері болмаған. Мәселен, орта ғасыр мен Қайта өрлеу дәуіріндегі батыс Еуропадағы дін мен ғылымның қайшылығы ғылыми танымдарына барынша шектеу қоюға тырысты: схоластика, инквизиция, т.б. Исламдық теологиялық сипаттағы араб-мұсылмандық ренессанс кезеңінде ғалымдар да дінді жоққа шығармай, керісінше, оған барынша қолдау білдіріп отырды. Олардың көпшілігі өз еңбектерін Алланың атымен бастады немесе кірістіріп отырды. Бұндай мәнер кейіннен де ғалымдарымыздың еңбектерінен көрініс тапты.

Екіншіден, тек қоғамдық қана емес, жаратылыстану ғылымдарының дамуы қатар қанат жайды. Астрономияда, физикада, медицинада әлем ғалымдарын елең еткізген жаңалықтар ашылды. Ел билеушілері бұндай ғалымдарға ерекше қолдаулар да көрсетті. Сонымен қатар, тарих, философия, әдебиет, т.б. ғылым салалары да өркендей түсіп, өздерінің терең пайымдауларымен дүниежүзіне әйгіленді.

Үшіншіден, бұл дәуірдегі көптеген ғалымдардың жан-жақтылығы, біліктілігі, яғни, энциклопедизм жиі кездесті. Себебі, олар руханиятты түбірлестік ретінде түйсіне білді. Ғылым салаларын жеке дара қарастырмай, ілім мен білімді игерген адам жан-жақты болуы тиіс деген қағида ұстанған сыңайлы. Әрине, ол дәуірде ғылыми ақпараттар қазіргіге қарағанда аз болған шығар. Әйтсе де, ғалымның жан-жақтылығы ғылым дамуындағы табиғи талант.

Осы дәуірлерде, түркі-қазақ даласындағы ілім мен білімді игеруді мақсат еткен ғалымдар аз болмаған. Тек бір өкініштісі, олардың кейбірінің мұралары бізге жетпеген, тіпті қайсыбірінің есімдері де белгісіз болып ұмытылып қалған, олар туралы ақпараттар жойылған немесе әлі де табылмай жатыр. Мәселен, орта ғасырларда Отырар, яғни, Фараб қаласынан шыққан Фараби есімді тұлғалардың саны бірнешеу (20-30 шамасында делінеді), ал бізге белгілісі, әлемге танымалы – Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Тархан ибн Узлағ әл Фараби ат-Түркі. Оның еңбектерін зерттеу біздің елімізде 1970 жылдардан бастап-ақ, қолға алына бастады. Осындай ізденістер бүгінгі күнге дейін мұралары жеткен отандық ойшылдарымыздың еңбектерін зерделеп, оны келер ұрпаққа жеткізіп, одан соң әлемге танытумен жалғасын табуы тиіс.

Олай болса, философиялық тұрғыдан толыққанды және жан-жақты зерттелмеген түркі және қазақ жұртының белгілі тұлғасы – Мұхаммед Хайдар Дулатидің де мұрасының дүниетанымдық астарларын ашып беру заман талабынан туындаған ізденістердің бірі болмақ. Жоғарыда айтылғандай, орта ғасырдағы руханият пен ғылымның дамуындағы ерекшеліктер кейіннен М.Х.Дулати шығармашылығынан да анық көрініс табады. Әлемдік деңгейдегі ұлы ғұлама Мұхаммед Хайдар Дулати – XVI ғасырдың әйгілі ойшылы, тарихшы, ақыны әрі философ. Оның бізге белгілі екі шығармасы бар: «Тарих-и Рашиди» еңбегі мен «Жаһан-намә» поэмасы (мүмкін бізге жетпеген басқа да шығармалары болған шығар).

Ғалымның бұл еңбектері бүгінгі күнге дейін, тарихи, әдеби, тілдік тұрғыдан зерттеліп келеді. Ал біз, бұл тұста, оның философиялық пікірлерін, оның ішінде, этикалық көзқарастарын саралап өтетін боламыз. Бұл екі еңбек те кең ауқымды философиялық мәселелерді толғайды және өзінің жанр-лық жазылу мәнерлерімен ерекшеленеді. Біріншіден, ол, алдымен, тарихи оқиғаларды саралайды, екіншіден, поэтикалық сарындармен қамтамасыз етілген, үшіншіден, онда даналық сөздер мен мағыналы идеялар қамтылып, сайып келгенде, философиялық қырларын күшейте түседі.

Отандық көрнекті ғалым Қ.Бейсенов М.Х.Дулати шығармашылығының кейінгі қазақ даласындағы ақындық-жыраулық дәстүрдің дамуына негіз болғандығын, оның идеялары философияға толы екендігін айта келе, халық зердесі арқылы келіп жеткен шығарманың философиялық астарын ашып көрсетудің қазіргі заманғы маңыздылығын атап өтеді [1, 44-47 бб.].

Сонымен қатар, Мұхаммед Хайдар мырза ислам діні қағидаттарына сүйене отырып, діни философиялық пікірлерін де ұсынады. «Сол үшін кітаптың кіріспе бөлімі діни, тарихи, философиялық, жағрафиялық тағы басқа жалпы мәліметті қажет етеді» [2, 20-б.].

М.Х.Дулатидің еңбектеріндегі этика терең мазмұнды қамтитын және өзінен бұрынғы, кейінгі моральдік құндылықтарымен сабақтасатын ұстанымдарды жинақтайды. Халқымыздағы түркі-қазақтық дүниетанымның бастаулары мен философияның негізгі қағидаттары: әлемдік үйлесімділік, этикоцентризм, экзистенциалдық сарындар, антропология, т.б.

«Дегенмен, түркі ойшылдарының басымдылық танытатын философиялық ойының бастапқы бағдары халықтың тарихи діліндегі этикалық негіздерге арқа сүйейді деген пікірді шешімді түрде айта аламыз», - деп тұжырымдалған пікірлер де осының айғағы [3, 83-б.].

Ал Б.Қалыбекова бұл тұста, өз ойын былайша түйіндейді: «Мұхаммед Хайдар Дулати арнайы этикалық негізде еңбек жазған жоқ. Соған қарамастан, этикалық ой-толғамдарды оның шығармашылығынан көптеп кездестіреміз. Оның еңбектері қазіргі кезеңде де құндылығын жоғалтқан жоқ. Ойшыл мұрасы әлеуметтік, экономикалық мәселелердің күрделеніп тұрған біздің кезеңімізде де әр адамға қоғам алдындағы өз борышы мен жауапкершілігін саналы түрде түсінуге жәрдемдесетін құрал» [4,106-б.].

Ендеше, біз, ойшылдың этикалық көзқарастарының өзіндік ерекшеліктері мен төлтумалылығын былайша жинақтап көрсетуімізге болады.

Біріншіден, оның этикасы көп жағдайда діни мұсылмандық этикадан тамыр тартады немесе астасып келеді. Ол өзінің адамгершілік ұстанымдарын діни қағидаттармен бекітіп, дәйектеп отырды. Себебі, VII ғасырларда Арабия жерлерінде пайда болған ислам діні кейіннен, басқа да халықтарға, оның ішінде, Орта Азия жерлерінекең тарап, түркілік руханияттық кеңістік осы мұсылмандықты қабылдап, өздерінің идеялары мен ойларын, дүниетанымын байыптауда, қайта зерделеуде бұл діннің негізгі қағидаларын мойындаған еді. Осы үрдіс М.Х.Дулати өмір сүріп тұрған кезеңде де оның өмір сүріп тұрған өлкесінде де маңызын жоғалтпай, одан әрі өрістей түскен еді. Әрине, оны қазіргі кезеңде белең алып отырған діни фанаттықпен, іргелі радикалды фундаментализммен шатастыруға болмайды. Сондықтан, ол өз заманына сай түркі халықтарына оңтайлы діни этиканың кейбір ұтқыр тұстарын паш ете білді. Жалпы алғанда, оның адамгершілік туралы пайымдауларының негізі – исламдық ұстанымдармен астасып жатты. Ол түркілік мораль мен діни моральді ажыратпады, керісінше, олардың кіріге алатын тұстарын жетік пайымдады.

Зерттеушілеріміз де әл-Фараби өзінің философиялық ойларын ғылыми тілде жазса, Баласағұн – көркем тілмен жеткізе білгендігін, Иассауи, Баласағұн, Мұхаммед Хайдар Дулати еңбектеріндегі даналық ойларын Құран, Хадистерден өрбіткендігін, Алланың атымен бастап, Пайғамбарларға сәлемін сұрай отырып, Алланы мадақтаудан бастайтындығын атап өтеді [5, 111-б.].

Ойшылдың теологиялық этикасының орталық түсініктерінің бірі – имандылық. Ж.Молдабеков М.Х.Дулати шығармаларында мұсылмандық, имандылық, сауаптылық, тәубешілдік, рақымдылық және т.б. құндылықтар жайлы көбірек айтылатындығына тоқталып өтеді [6, 3-7-бб.]. Сөздіктерде бұл ұғымға мынадай анықтама беріледі: «Имандылық – адамның қоғамдағы, күнделікті өмірдегі іс-әрекеттерін белгілі бір қалыпқа түсіретін ішкі рухани реттеуіш қадыр-қасиет, адам бойындағы адамгершілік, ізгілік, кісілік белгісі. Мұсылмандық дүниетаным бойынша иман иманнан пайда болады. Ал иман – жүректегі нұр, нұрдың сыртқы болмысы, яғни, имандылық – Алла тағалаға иман еткен адамға бітетін көркем мінез» [7, 210-б.].

«Тарихи-и-Рашиди» туындысындағы мына бір оқиғамен бейнеленген көрініс иманның шынайы мәнін ашып береді: «Бұл кіріспенің айтайын дегені – Тоғлық Темір ханның исламды қабылдау себебі, былай болған. Шейх Жамалиддинді оның жанына алып келеді. Ол келгенде хан иттерге шошқа етін беріп жатыр екен. Хан: «Ей, тәжік, сен жақсысын ба, әлде мына ит пе?», – деп айтты. Шейх: «Егер иман менде болса, мен жақсымын, иман менде болмаса, мына ит артық», – деп бұйырды» [2, 22-б.].

Бұл сауалдардан біз мынадай нақты және ұтқыр логикалық ойлау жүйесін байқай аламыз. Яғни, бұл жердегі «жақсы» түсінігі адамгершілік сапалармен тікелей байланысты болып отыр. Иманы бар адамның адамдық сапалары бар, ал жоқ адам ол жақсы адам бола алмайды. Тіпті, имандылық параметрі тек адам баласына ғана емес, хайуанаттарменде салыстырылып барып айтылады. Иманы жоқ адам хайуаннан да төмен, өйткені, хайуанаттарға иманды болу бұйырмаған, ал адамзат баласына ол тумысынан тағайындалған, сондықтан иманды болу – парыз. Яғни, адам болудың адамдық болмысы осы иманға тікелей байланысты деген тұжырым жатқандығын аңғарамыз. Кейіннен, қазақ қоғамында иманды болу ұғымы өзінің арнасын кеңейтіп, жалпы адамгершілік деген сияқты түсінікке қарай ойысқан еді.

Шошқа етін жеу иттер үшін харам емес, сондықтан да, оларда жақсы және жаман деген дихотомиялар жоқ. Ал адам өзінің иманы арқылы өзге адамдармен және иамансыздылығы арқылы хайуанаттармен, тіпті кез-келген жануарлармен салыстырғанда ғана жақсы болып шығады.

Бұл еңбектің келесі бір бөлімінде бұл ахуал мен дүниетаным былайша нақтылана түседі: «Ханның шетте жалғыз тұрғанын көрді, оның түрін мұң басқаны байқалады. Шейх қасына жақындағанда одан: «Адамды иттен артық ететін бұл не нәрсе?», – деп сұрайды. Шейх: «Иман», – деп жауап береді» [2, 25-б.]. Бұл жерде ит арнайы жеке ит емес, жалпы хайуанаттардың образдық жиынтық бейнесі, сондықтан айуаннан адамды ажырататын басты белгі осы иман болмақ.

Демек, «Иман» қазіргі қазақ халқының этикалық шешімдерінде де орнықты категория болғандықтан, біз оны былайша қысқаша түсіндіріп бере аламыз: «Иман – ділімізде тарихи қалыптасқан, жалпы адамгершілік қағидаттарының концептуалды атауы ретінде сақталып келе жатқан ислам дінімен сабақтасқан императив». Қазірде халқымызда, ұлттық моральға қатысты «Иманды», «Иман жүзді», «Имани гүл», т.б. жағымды ұғымдар бар.

Екіншіден, ойшылда этика тарихы емес, оның теориялық мәселелері қарастырылды және ол эстетикалық құндылықтарға қатысты түрде баяндалды. Әсіресе, адамдағы ішкі жан дүние сұлулығы мен ерлік туралы пайымдаулар жиі кездеседі.

М.Х. Дулати еңбектері туралы Б.Қалыбекова да: «Дүниетанымның бір бөлігі, негізі халық мәдениеті болса, одан ойшылдың көзқарасы, ар-ождан мұраты, саяси мақсаты осыдан нәр алды, ал Шығыс мәдениеті оның дүниетанымын адамның өзін-өзі танып-білуімен, айналадағы ортаға эстетикалық көзқараспен толықтырылды. Өйткені, Шығыс мәдениетінде философиялық адамгершілікке, ізгілікке айрықша мән берілді», – деп тұжырымдаған болатын [4, 19-б.].

«Зафар-Намадан» үзінді Саһибқыранның әмірлермен мәжілісі және оның Жейһундария жағалауынан оралуы, сондай-ақ, Тоғлық Темір әмірлерімен кездесуі жайлы» бөлімінде ол батырлық пен ерлікті поэтикалық тілмен былайша баяндайды: «Түйсік батырлықтан озат тұр, Түйсік алда, Батырлық екінші тұр, Адам осы екеуін бірге ұстар болса, Жете алады биік белестерге қаласа» [2, 28-б.]. Батырлық қашанда ақылмен, парасатпен, айлакерлікпен, ептілікпен, қимылдық тактикамен ұштасып жатуы тиіс. Автордың «түйсік» деп жинақтап беріп отырғандығы да осы қасиеттер, ал батырлық пен қуат сөзсіз қажетті сапа. Ойшыл түйсікті бірінші орынға шығарады. Мәселен, Аристотель өзінің «Алтын аралық» ұстанымында игіліктілік қашанда екі шеттің аралығында болуы тиіс деп санайды: мырзалық – ысырапшылдық пен сараңдықтың аралығы, батырлық – қорқақтық пен көзсіздіктің аралығы, т.б. [8].

Одан соң автор түйсік пен батырлықтың, жалпыласақ, рух пен тәннің эстетикалық үйлесімділігін қалайды. Мәселен, шығыстық жекпе-жек өнерінде де осы тән мен рухтың бірлігі басты орынға шығарылады [9, 15-17-бб.]. Дегенмен, бұл тұста ойшыл ақыл басты орынға шығарылуы тиіс екендігі туралы өз ойын әрі қарай былайша сабақтайды: «Семсерменен бірді-жүзді сиретер, Ақылмен бір қосынды күйретер» [2, 29-б.]. Бұл мотив қазіргі таңда: «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» деген қазақ мақалымен ұғымдық жуықталған формада өрнектеледі.

Бұл қазақ дүниетанамындағы сабақтастық пен руханияттың уақыт пен кеңістік бойынша құрылған тұтастығының дәлелі бола алады. Сонымен қатар, сол дәуірдегі ұрыс өнерінің жалпы жобасын білдіретін ұстаным деуімізге де болады. Түркі халықтарындағы соғыс техникасы тек физикалық күшпен, әскер санының көптігімен ғана емес, тамаша стратегиялық жоспарлармен жүйелі түрде де жүзеге асқандығын дәйектейтін пікірлерді де айғақтай түседі.

Ақын келесі жолы бұл ойын былайша өрбітеді: «Дұрыс ақылмен шара қолданған кезде, Шағыл теңіздей жүз қосыннан ерекше». Автордың этикасы мен ерлік, батырлық эстетикасы, келесі кезекте, қайтадан ақылға қарай ойысады. Бұл жердегі идея, әрине, өзінен бұрынғы және кейін де кездесетін соғыс техникасы туралы болып отыр.

Немесе, «Саһиб қыранның көрген түсі және ондағы жақсылық нышаны және оның Ілияс Қожаханмен шайқасуға ниеті туралы әңгіме» деп аталатын бөліміндегі «Оның нұрлы ішкі айнасын жарқын жеңіс сәулесі және зерделеу нұрымен нұрландырады, сонымен, ғарыштың ғайыптағы құпиясы көріне бастап, перденің сыртында жасырынып қалған істер оның санасының назарында оқиғаның пайда болуынан бұрын қателік пердесін аша алады. Сондай-ақ, ғайып әлемінің терезесінен адам рухы келешектің ахуалын болмай жатып көре алады» деген идеяларын саралап қарасақ [2, 36-б.], көріп отырғанымыздай, бұндай бір-ақ сөйлемдегі эстетика мен этикалық мағынаға толы еш жерде кездесе бермейтін поэтикалық мәнердегі сөздер аудармашыға байланысты болғанмен, түпнұсқаға барынша жақындатылғандығы күмәнсіз: «нұрлы ішкі айнасы», «жарқын жеңіс сәулесі», «зерделеу нұры», «нұрландыру», «ғарыштың ғайыптағы құпиясы», «перденің сыртында жасырыну», «санасының назары», «қателік пердесі», «ғайып әлемінің терезесі», «адам рухы», т.б.

Үшіншіден, ойшылдың өзіндік бір шығыстық, оның ішінде, түркілік моральдік категориялар жүйесі қалыптасты деп айтуымызға болады. Ал Б.Қалыбекова оның туындыларындағы адам мәселесін зерттей келе, барлық философиялық өзіндік төлтума ұғымдар жүйесін жинақтап көрсетеді. Атап айтқанда, оның ішінен этикалық категориялар жүйесін былайша бөліп алуымызға болады: «...Нұрлы ақыл, иман, адами қасиет, адамның ішкі жан дүниесі, жомарттық, қайырымдылық, ұят пердесі, тәуба, парыз, шындық, әділеттілік, абырой, адалдық пен арамдық, адамгершілік, ақкөңілділік, мінез-құлық, әдет, әдеп, залым, зорлық, кек, кеңпейілдік, кішпейілділік, кісі күту, кісілік, қайырымдылық, махаббат, мейірім, намыс, опасыз, өнеге, өтірік, даналық, данышпан, рақымшылдық, тәртіп, шыдамдылық, ізгілік, ілтипат, т.б.» [4, 148-б.].

Мәселен, намыс категориясы орыс және басқа тілдерде кездеспейтін қастерлі этикалық, ерлікке қатысты алғанда эстетикалық төлтума ұғымдарымыздың бірі деп айта аламыз.

Әрине, бұл жерде түркі сөздерінің грамматикалық өзгерістерге ұшырауы немесе қазіргі аудармашылардың тілдік шеберлігіне қатысты берілуі өз алдына бөлек мәселе. Дегенмен, жалпы дүниетанымдық бағдар мен ойшылдың айтайын деген ойының негіздері түсінікті.

Төртіншіден, оның көзқарастары өзінен бұрынғы түркі ойшылдары, әсіресе, А.Ясауи, Ж.Баласағұн, А.Иүгінеки сынды орта ғасырларда өмір сүрген түркі даласындағы тұлғалардың этикалық көзқарастырымен сабақтасып жатады. Ойшыл ұсынған этикалық көзқарастар мен ұғымдар жүйесі олармен үйлесімді болып келеді.

«Ахмед Иүгінекидің замандасы болған Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» поэмасында тұжырымдалған өмір онтологиясына назар аударатын болсақ, онда тағы да экзистенциалдық түсініктердің ортағасырлық ойшылдың шығармашылығында негізгі рөл атқарғанын байқай-

мыз. Мәселен, Баласағұн әлемнің тылсым мән-мағынасын Әділдік, Ақыл, Бақыт және Дана-лық сияқты ұғымдардың көмегімен сипаттауға, тұжырымдауға тырысады [10, 48-58 бб.].

Ал, енді «Ахмед Иүгінекидің дүниетанымына тірек болған, өзіндік өзек болған философиялық ұғымдар мен түсініктердің ретіне келетін болсақ, онда Білім, Даналық, Әділеттілік, Тіл мен Сөз қадірі сияқты құбылыстардың дүниеге көзқараста негізінен қолданылатынын аңғарамыз», – деп пайымдалған С.Б.Аймұратовтың ұстанымдарына сүйенсек [11, 21-б.], жоғарыда айтылғандай, этикалық дүниетаным арасындағы сабақтастықты аңдай аламыз. Аса мән берілген этикалық категориялардың ғасырлар бойы жалғасқан үндестігін көреміз.

Қашанда халқымызда ақылды құрмет тұту көне тарихи жадыдан сақталып келе жатқан игілікті құбылыс. Қазақ хандығы тұсындағы тапқырлық пен шешендік өнер осының айғағы. Бүгінгі таңдағы тәуелсіз Қазақстандағы рухани-мәдени даму стратегиясындағы «Интеллектуалды ұлт қалыптастыру» саясаты да білім мен ақылға басымдылық беруге арналған. Әрине, көне жаугершілік замандарда физикалық қуат пен ақылдың дуализмі басты құндылық ретінде бағаланды. Бұл құндылықтар кейде бір тұлғаның бойынан да табылып отырды. Мәселен, Жиренше шешен, Жиёмбет жырау, Сырым батыр, т.б. әрі ақыл иесі, әрі күш-қуат иесі болғандығы баршамызға белгілі.

Бесіншіден, оның этикалық сарындары тек қара сөздер түрінде емес, поэтикалық формада да, афоризмдер түрінде де көрініс тапқан болатын. Шындығында, бұндай баяндау мәнері де көне түркілік дәуірден бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып келе жатқан өнегелілік туралы толғамдар жүйесі. Мәселен, қазіргі заманда да қолданылып жүрген поэтизмнің түрлері, оның ішіндегі, терме жанры осының айғағы. Себебі, Батыс дүниетанымында көп жағдайда этиканы философиялық деңгейде ғылыми кәсібилендіру негізге алынса, түркілік өмірмәнділік таным-түсінікте поэтикалық түрде ұсыну басым болып келеді. Оның біздіңше, негізгі мәні – өлең жолдарының эмоционалды-экспрессивті санаға ақпал ету күшіне байланысты болса керек.

Алтыншыдан, оның этикасы тек схоластикалық ұстанымда емес немесе өзінің құртеоретиктігі ғана емес, ол барлық идеялары мен ойларын өмірлік тәжірибеден алған. Өйткені, өлөмірдің қиын тұстары мен игілікті жақтарын қатар көріп өскен жан еді. Егер оның деректер бойынша жазылған өмірбаянына жүгінсек, әкесі Шаш қаласының билеушісі болғанмен, бала кезінде ол Шайбан шахтың ықпалымен өлтірілуі, одан соң Ұлы Моғолдар империясының басшысы Бабырдың қолында бес жыл тәрбиеленуі, кейіннен, бірнеше соғыстарға қатысуы, мемлекет қайраткері, бас қолбасшы дәрежесіне дейін көтерілуі, т.б. оның дүниетанымын, идеяларын өмірлік белестермен байланыстыра түсті. Олөзгелер сияқты «Кеңсе ғұламасы» емес, әр түрлі саяси істерге, тіпті соғыстарға да араласқан, өмірдің шынайы келбетін қатар көрген практик-философ деп айта аламыз. Бұны халқымыздағы қысқаша тұжырым: «Көпті білгеннен сұрама, көпті көргеннен сұра» деп пайымдайды. Немесе, Асан Қайғы бабамыз айтқандай: «Ой түбінде жатқан сөз, Шер толқытса шығады». Демек, М.Х.Дулатиді толқытқан шер оны өмірлік философияға қарай жетелеген тәрізді.

Жетіншіден, ол, әсіресе, «Тарихи-и Рашиди» атты туындысында, сол кездегі Орта Азия халықтарының шынайы тарихын, болған оқиғаларды егжей-тегжейлі баяндай отыра, өзінің этнографиялық, психологиялық, философиялық, этикалық көзқарастарын қоса мәтінге кіріктіріп ұсынып отырады және бұл идеялары үнемі ізгілікке қарай бағдарланады.

Мәселен, «Билеушісі жоқ жаһан, басы жоқ тән дерсің, басы жоқ тән, жолдағы құмнан да құнсыз дерсің», – деп өзінің философиялық ойларын мына тарихи оқиғамен келіп сабақтастырады және екеуін шарттастырады: «Сондықтан Әмір Үсейін мен әзірет Саһибқыран бір-бірімен кеңесіп, Шағатай ұрпақтарының бірін хан тағына отырғызуды жөн деп тапты. Осы шешімге қолқою үшін олар 765 (1365-1364) жылы барлық нояндар мен өмірлерді жиып құрылтай шақырды» [2, 40-б.].

Бұл біз кейінірек тоқталатын этиканы тарих философиясынан туындатудың өзіндік бір үлгісін бере алады. Тарихтағы қасіреттер мен әділетсіздіктердің шынайы бейнесін қайта

таразылау оны қайталамауды қашанда сұранып тұрады. Шындығында, бұл түркі-қазақ халқының тарихындағы олқылықтарды қайталамауға және қайта қалпына келтіруге идеялық тұрғыдан септесе алатын терең пайымдаулардың нәтижесін бере алады.

Ойшыл тек тарихи оқиғаларды айғақтармен, қолжазбалармен, өмір шындығымен реалистік тұрғыдан сипаттауды басшылыққа ала отырып, ғылым рационалдылықты қалағанмен, эмоционализм арқылы, ол келер ұрпақтың бойына үлгі-өнегелілікті сіңіруді, этикалық құндылықтарды қалыптастыруды да мақсат еткен сыңайлы. Оның «Тарихи-и-Рашиди» атты сол дәуірдің келбетін сипаттайтын еңбегінде отаншылдық рухтары жатыр. Ол тарихтағы әділеттіліктер мен әділетсіздіктердің шынайы мәнін ашуға ұмтылды. Себебі, тарих әділеттілік таразысынан өмір шындығын өткізетін өлшемдер іспеттес. Сондықтан, тарихшы ғалым тарихты жазу арқылы бүгінгі ұрпаққа өткен мен болашақтағы ұлттың өмір сүруінің өзіндік форматтарын жасап берді деп айта аламыз.

Ол әрбір оқиғадағы сәттерге психологиялық-этикалық тұрғыдан баға бере отырып, оларға ерекше көңіл аударып, келер ұрпақтарға әділеттілік таразысын түйсіне білу туралы балама идеялар тастайды. Бұның еңбегінің мазмұнында ұлттық шовинизм, түркі орталықтық пікірлер де кездесе бермейді. Дегенмен, ойшыл өз халқының жаршысы екендігі туралы сезімдерін де назардан тыс қалдырмайды.

Сегізіншіден, ойшылдың этикалық көзқарастарындағы ұғымдар әрі түркі-қазақтық төлтумалықты тудырады, әрі әлемдік этикадағы категориялармен де сәйкес келеді. Сонымен қатар, оның қозғап отырған моральдік ахуалдары заманауи рухани құндылықтармен келіп үндесіп отырады.

М.Х.Дулати өзінің баяндаған тарихи оқиғаларын көп жағдайда этикалық көзқарастарымен көмкереді: «Өмір Үсейінмен әзірет Саһибқыранның Тайханға және Бадахшанға әрі олардың падишахтармен бейбіт келісімге келуі жайындағы әңгіме» атты бөлімінде сабырлылық пен төзімділік, келісімділік пен шыдамдылық жөніндегі адами қасиеттер тарихи оқиғалармен байланыстырыла қарастырылады: «Бас қосқандар Болат Бұға мен Шир Баһрам болды. Өмір Үсейін Саһибқыранға Шир Баһамнан шағымын былай деді. «Дәл біздің жаумен бетпе-бет келген сәтімизде елге қайтамын деп ажырасқысы келіп, мәрттік пен табандылықты келісім мен достықтан іздемейді», – деп бастады. Баққа бөленген Саһибқыран оған түрлі насихат айтты, сөкті де, бірақ оның жауабы мына мазмұнда болды. Өлең: «Менде тыңдар құлақ жоқ» дегенге тоқталып қалған-ды. Өмір Үсейін оның бірбеткей қасарыспа ісіне қанша ашу оты лаулап тұрса да, жағдайға қарап шыдап бағуды жөн көрді.

Ер қанша мықты-күшті болса да,

Кейде-кейде ашуын жұту керек, сонда да» [2, 33-б.].

Шығарма авторының бұл үзіндісінен біз, мәрттік пен табандылық, келісім мен достық, шыдап бағу, ашуын жұту сияқты этикалық категориялар жүйесінің түзілімін көре аламыз. Бұның бәрі қазіргі тілмен айтқанда, толеранттылық концептісін ашып беретін түсініктер жүйесі, адамзаттың заманауи тіршілігіндегі аса қажетті сапалар деуімізге де болады. Ал осы толеранттылықтың құрамындағы келісімділік ғылыми философиялық терминологиялық аппаратта конвенционализм деген ұғымға, түсінушілік консенсусқа сәйкес келеді.

«Конвенционализмді консенсустың идеялық платформасы деп қарауға және жеке адамдардың, топтардың, мемлекеттердің, әртүрлі саяси күштердің пікірлерін келістіру арқылы ортақ келісімге келуге мүмкіндік беретін саяси бағыт ретінде қарастыруға болады. Конвенционализм саяси философия ретінде – қоғамның ашықтығының, қабылданған саяси шешімдердің сапасын тексеру мүмкіндігінің белгісі деп түсінуге болады» [12, 240-б.], – деп тұжырымдалған пікірлер осының айғағы. Біз бұдан М.Х.Дулати еңбектеріндегі моральдік ұғымдар мен түсініктердің тек қана ұлттық төлтумалық емес, әлемдік және заманауи этикалық түсініктерге де сәйкес келіп тұрғандығын аңғарамыз.

Әрине, толеранттылық, конвенционализм, консенсус, т.б. кейде намыс, ұлттық бірегейлік түсініктеріне қайшы келуі ықтимал. Бірақ мұның барлығы белгілі бір жағдаяттарға,

оқиғаларға, заманға байланысты түрде қолданылатын ұстанымдар. Ойшыл да сол дәуірдегі заман шындығынан туындаған ойларын тарихи айғақтар арқылы кейінгі ұрпақтар сабақ алатындай деңгейде баяндайды. Бұдан өзге, ойшылдың исламдық дүниетанымының бастауына саналатын этикалық көзқарастарының маңызы К.Скотт Левидің «Тарихи бастаулар антологиясы» [13] мен М.Хайдардың М.Х.Дулати туралы жазылған парсы еңбектерін талдаған зерттеуінде жан-жақты мазмұндалған [14].

М.Х.Дулати шығармашылығының философиялық маңыздылығын қарастырғанда, ақын-жыраулар шығармашылығымен тарихи сабақтасып жатқандығын аңғарамыз. Бұл туралы «The spiritual world of the Kazakh people is also a value that constantly developed and enriched since ancient times. It is not enough to look for sources only in the chronicles and historical data, such as the history of birth, formation, multiplication and prosperity of certain people and their hard way in these changes, the conquest and spearheading by other peoples, the loss of the old forces, fatigue and dependence on others. Because the information of the spiritual heritage, which weighs prudence of chastity and mind of the people's memory and consciousness, such as different kinds of art, especially art of the word, countless. In addition, information that gives this spirituality may be more accurate and precise than the recording of other peoples. Because the owners of sources, which we firmly believe, and we believe that these records are historical truth, are mainly travelers of another country. And nowadays, we all know the purposefulness of their travels in the Great Steppe. Who has not coveted for our immense wide steppe, rich in treasures and wealth. Who did not want to own all this?! Therefore, their main purpose in the records was not truthful historical data about the people, which they have researched and knew, but malicious intent, acting in the interests of those tyrants who were behind this» [15, 264-б.], – дей келіп, авторлар түркі дүниесінің ортақ құндылықтары туралы ой сабақтастығын талдайды.

Қорыта айтқанда, М.Х.Дулатидің этикасының да басқа да ойшылдар тәрізді өзіндік ерекшеліктері бар екендігіне қысқаша тоқталдық. Дегенмен, оның этикасының әлі де ашылмаған қырлары бар екендігіне байланысты аталған мәселені әлемдік философтардың мораль туралы пайымдауларымен де салыстырып қарағандығымыз жөн. Сонымен қатар, ойшылдың идеяларының кейінгі этика мәселесімен шұғылданған қазақ ғұламаларымен қалай орайласқандығын, оның тәжірибелерін қаншалықты, қандай деңгейде қолданғандығын және ұрпақтар үшін қазіргі заманғы маңызын толықтайсаралау келесі кезектегі зерттеу аймағымыздың перспективасы болып табылады деп айта аламыз.

Еліміз ұстанып отырған «Мәңгілік Ел» стратегиясы, шындап келгенде, «Ұлы Даланың жеті қыры» идеясында өрілген тарихи шындықты ашып беруге ықпалдасатын тарихи идеялық тамыр. Бұл тұста, өткеніміздің, оның ішінде, руханиятымыз арқылы өмір шындығын ашып бере алатын М.Х.Дулати сынды ойшылдардың еңбектері біз үшін аса құнды ақпараттар бере алады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Бейсенов К. Қазақ топырағында қалыптасқан ғақиятты ой кешу үрдістері. – Алматы, 1994. – 210 б.
2. Мұхаммед Хайдар Дулат / Құрастырушы: М. Қойгелдиев. – Алматы: ҚазАқпарат, 2015. – 494 б.
3. Нұрмұратов С. Түркілік дүниені түсінудегі руханилық мәселесі. Қазіргі заманғы руханилық мәселесі. – Алматы: СаҒа, 2007. – 560 б.
4. Қалыбекова Б. Мұхаммед Хайдар Дулати шығармаларындағы адам мәселесі. – Алматы, 2014. – 132 б.
5. Арынғазина Б. Қазақ философиясындағы адам мәселесінің қалыптасу үрдістері // Изденіс. – 2004. – № 3. – Б. 111-112.

6. Молдабеков Ж.Ж. Историческое и гуманистическое мировоззрение М.Х.Дулати // Мысль. – 2000. – №1. – Б. 3-7.
7. Философиялық энциклопедиялық сөздік. – Алматы: Кітап палатасы, 2013. – 480 б.
8. Золотая середина // <https://ru.m.wikipedia.org/wiki> [Электронный ресурс] (Қаралған уақыты 14.07.2019)
9. Носова Т.Е. Философско-педагогические аспекты боевых искусств Востока: автореф. ... канд. филос. наук. – Архангельск, 2006. – 19 с.
10. Таджикова К. Ислам: дүниетаным, идеология. Саясат. – Алматы: Қазақстан, 1989. – 158 б.
11. Аймұратов С.Б. Ахмед Иүгінекидің дүниетанымы: филос. ғыл. канд... дисс. – Алматы, 2004. – 127 б.
12. Философиялық энциклопедиялық сөздік. – Алматы: Кітап палатасы, 2013. – 480 б.
13. Scott C. Levi Antology of Historical Sources. Ron Sela Indian University Press. 2009. – 338 p.
14. Haidar M. Mirza Haidar Dughlat as Depicted in Persian Sources. – Manohar, 2002. – 191 p.
15. Aliyeva Zh., Masalieva Sh., Seisenbayeva Zh. Turkic motives in the poetry akyns and zhyraus // Journal of Language and Literature, ISSN: 2078-0303. – Vol. 7. – No. 4. November, 2016.

REFERENCES

1. Beisenov K. Qazaq topyraǵında qalyptasqan ǵaııatty oı keshý úrdisteri. – Almaty, 1994. – 210 b.
2. Muhammed Haidar Dýlat / Qurastyryshy: M. Qoıgeldiev. – Almaty: QazAqparat, 2015. – 494 b.
3. Nurmuratov S. Túrkilik dúmeni túsinýdegi rýhanılıq máselesi. Qazirgi zamanǵy rýhanılıq máselesi. – Almaty: SaGa, 2007. – 560 b.
4. Qalybekova B. Muhammed Haidar Dýlatı shyǵarmalaryndaǵy adam máselesi, QR, -Almaty, 2014. – 132 b.
5. Aryngazınova B. Qazaq filosofıasyndaǵy adam máselesiniń qalyptasý úrdisteri // Izdenis. – 2004. – № 3. – B.111-112.
6. Moldabekov J.J. Ictopicheckoe ı gymanicticheckoe mpovozzpenie M.X. Dylatı //Mysl. – 2000. – №1. – B. 3-7.
7. Filosophıalyq entsiklopedııalyq sózdik. – Almaty: Kitap palatasy, 2013. – 480 b.
8. Zolataıa seredına //https://ru.m.wikipedia.org/wiki [Elektronnyı resýrs] (Qaralǵan ýaqyty 14.07.2019)
9. Nosova T.E. Filosofsko-pedagogicheskie aspekty boevyh iskýsstv Vostoka: avtoref. ... kand. filos. naýk. – Arhangelsk, 2006. – 19 s.
10. Tadjikova K. Islam: dúnetanym, ideologııa. Saıasat. – Almaty: Qazaqstan, 1989. – 158 b.
11. Aımuratov S.B. Ahmed İúginekidıń dúnetanymy: filos. ǵyl. kand. ... diss. – Almaty, 2004. – 127 b.
12. Filosophıalyq entsiklopedııalyq sózdik. – Almaty: Kitap palatasy, 2013. – 480 b.
13. Scott C.Levi Antology of Historical Sources. Ron Sela Indian University Press. 2009. – 338 p.
14. Haidar M. Mirza Haidar Dughlat as Depicted in Persian Sources. – Manohar, 2002. – 191 p.
15. Aliyeva Zh., Masalieva Sh., Seisenbayeva Zh. Turkic motives in the poetry akyns and zhyraus // Journal of Language and Literature, ISSN: 2078-0303, Vol. 7. No. 4. November, 2016.

Б.Н.ТЕМИРХАНОВ¹, Т.Р.БАЛАБИЕВ², Л.ӨЗТҮРІК^{3*}

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің оқытушысы
(Қазақстан, Түркістан қ.), E-mail: batyrzhan.temirkhanov@ayu.edu.kz

²Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің магистранты
(Қазақстан, Түркістан қ.), E-mail: talgat.balabiev@ayu.edu.kz

³доктор, профессор, Сакария Университеті (Түркия, Сакария қ.), E-mail: lozturk@sakarya.edu.tr

ИСЛАМДАҒЫ «ИЖТИХАД» ҰҒЫМЫ: ИСЛАМДЫҚ ТАЛДАУ

Бұл мақалада Ислам құқығы ғылымының бір бөлшегі саналатын ижтихадтың тілдік және терминдік тұрғыда түсіндірмелері мен бұл екеуінің арасындағы қолданылу ерекшеліктері жан-жақты қарастырылған. Бұған қоса классикалық кезең мен классикалық кезеңнен кейінгі уақыттарда Ханафи мазхабы ғалымдарының ижтихад жайлы жазған түсіндірмелері мен екі кезең арасындағы ижтихадтың өзара айырмашылықтары салыстырмалы түрде зерттелді. Ал ижтихад ұғымымен бір мағынада қолданылатын рай мен қияс сөздеріне де жеке-дара анықтама беріліп, бұлардың ижтихад арасындағы қатынастары туралы тың мәліметтер ұсынылды. Мұндағы ижтихад ұғымы Ханафи усул ғалымдарының шығармалары аясында түсіндіріледі.

Кілт сөздер: ижтихад, рай, фақих, мужтахид, занны ғалиб, қияс, үкім, нас, шарифат.

B.N.Temirkhanov¹, T.R.Balabiyev², L.Ozturk³

¹Master Teacher of the Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
(Kazakhstan, Turkestan), E-mail: batyrzhan.temirkhanov@ayu.edu.kz

²Master Student of the Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
(Kazakhstan, Turkestan), E-mail: talgat.balabiev@ayu.edu.kz

³Doctor, Professor, Sakarya University (Turkey, Sakarya), E-mail: lozturk@sakarya.edu.tr

The Concept of «Ijtihad» in Islam: Islamic Analysis

In this article, the linguistic and terminological definition of ijthad, which is a part of Islamic law, and the differences between these two are investigated. In addition, the interpretations of the ijthad among the Hanafi scholars in the Classical and Post-Classical periods and the differences of ijthad between the two were examined comparatively. Furthermore, the meaning of the word "ray" and "qiyas" which is similar to the expression ijthad, is defined separately and gives detailed information about their relationship between ijthad. The term ijthad here will be explained through the works of Hanafi scholars.

Keywords: ijthad, ray, faqih, mujtahid, zanni galib, qiyas, ukum, nas, shariat.

Б.Н.Темирханов¹, Т.Р.Балабиев², Л.Озтюрк³

¹преподаватель Международного казахско-турецкого университета имени Ходжа Ахмеда Ясауи
(Казахстан, г.Туркестан), E-mail: batyrzhan.temirkhanov@ayu.edu.kz

²магистрант, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Ясауи
(Казахстан, г.Туркестан), E-mail: talgat.balabiev@ayu.edu.kz

³доктор, профессор, Университет Сакарья (Турция, г.Сакарья), E-mail: lozturk@sakarya.edu.tr

*** Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

- Темирханов Б.Н., Балабиев Т.Р., Өзтүрік Л. Исламдағы «Ижтихад» ұғымы: исламдық талдау // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2020. – №1 (115). – Б. 52-64.

*** Cite us correctly:**

- Temirkhanov B.N., Balabiev T.R., Öztürük L. Islamdaғы «Ijtihad» ұғымы: islamdyq taldaу // Iasaуı ünıversıtetınıń habarshysy. – 2020. – №1 (115). – B. 52-64.

Понятие «Иджтихад» в Исламе: исламоведческий анализ

В статье рассматриваются языковая и терминологическая интерпретации «иджтихада» как составной части исламского права и особенности их использования. Кроме того, сравнительно изучены пояснения ученых ханафитского мазхаба классического и постклассического периодов об иджтихаде и различия понятий иджтихад между двумя периодами.

Помимо этого даются определения понятиям рай и кияс, идентичных понятию иджтихад, и представляются до всеобщего сведения ранее неизвестные данные об отношениях между этими понятиями. Иджтихад поясняется в контексте произведений ученых Ханафитов.

Ключевые слова: иджтихад, рай, факих, муджтахид, занны галиб, кияс, хукум, нас, шариат.

Иджтихад араб тілінде *жа-ха-да* түбірінен шыққан. *Жәһд* немесе *жухд* деп оқылатын бұл сөз, қиындық пен машақат мағынасына келіп саяды. Ал *ижтихад* қалыбында оқылатын болса, «қиындықты жүктеу» және «күші жету, күш жұмсау» деген ұғымдарды береді [1, с. 208].

Иджтихадтың тілдік түсіндірмесіне қатысты Паздауидан алдыңғы Ханафи усул еңбектерінде нақты мәлімет кездеспейді. Бірақ Жассас ғылым жолына түскендер үшін иджтихадтың қай мағынаға келетінін баяндамас бұрын, «*ижтихад – өз алдына мақсат қойған және ізденіс кезінде мужтахид кісінің барлық күш жігерін осы жолға арнауы*» деп анықтама береді [2, 201-б.]. Бұл бір жағынан иджтихадтың сөздік түсіндірмесі әрі мұндағы иджтихадты баяндау үшін *базлул мажхуд* (ізденісте барлық күшін жұмсау) сөзі қолданылған. Дабуси, Сарахси және Паздауи сынды ғалымдар болса, киясқа түсіндірме берерде кейде мажази (ауыспалы) мағынада иджтихад сөзінің қолданылғанын, мұның себебін де қияста тек базлул мажхудпен мақсатқа жетуге болатындығын түсіндіреді. Иджтихадтың тілдік мағынасы жайлы пікір білдірген Ламиши де, базлул мажхуд сөзін қолданған. Оның пікірінше иджтихадтың түсіндірілуі мынадай болған, «*мақсатқа жетуде және ұғыну жолында барынша қайратын сарп ету*» [3, 147-б.]. Ибну Сағати болса тілдік мағынада «*истифрагул усь*» сөзін қолдана отырып, былай дейді: «*Иджтихад – машақаты бар бір мақсатқа жету жолында барынша күш жігерін жұмсау*». Ал Абдулазиз әл-Бухари иджтихадтың сөздік мағынасы туралы мынадай ауқымды түсіндірме жасайды: «*Иджтихад сөздікте қандай да бір істі жүзеге асыру кезінде барлық күш-жігерін жұмсау болып табылады. Әрі бұл тек орындалуы оңай болмайтын, машақатты істерге қарата айтылған. Мысалы, диірменді тасу секілді жағдайда иджтихад сөзі қолданылып, кіші көлемді дәне сияқты заттарды тасуға қолданылмайды*» [4, 178-б.].

Иджтихад сөзіне ұқсас тілдік түсіндірмелердегі базлул мажхуд және истифрагы усь ұғымдары да, барлық күш-қайратын жұмсау мағыналарына ие. Осы орайда Абдулазиз әл-Бухаритолық иджтихад, ізденістің соңғы шегіне жетіп, ары қарай мүмкінсіз дәрежеге барғанша күшін жұмсау арқылы болатынын жеткізеді. Сондықтан күш-жігерін салмай және өз жанын қинамай жеңіл қол жеткізілген жұмыс, иджтихад мағынасының аясына кірмейтіні секілді машақатты істе өз қажетінше әрекет етпеген кісінің ісі де (муқассир) иджтихадқа жатпайды. Усул ғалымдары терминдік мағынаның сөздік мағынамен қабаттас берілгеніне назар аудартады [5, с. 126]. Қазіргі ғалымдардың кейбірі еңбек жинақтаушылардың ісі иджтихадтың бір сипаты екенін алға тартып, иджтихад ұғымына «мәләкә/қабілет» шартын қосып жатса да, Ханафи мен кәләм усулшылары арасында иджтихадқа қатысты мұндай шарттарды қосқаны кездеспейді [6, 14-б.].

Классикалық кезеңдегі ижтихад ұғымы және оның мәні

Ханафи усул еңбектері арасында ижтихад мәселесіне ерекше орын беруімен көзге түскен Жассастың *әл-Фусул* атты кітабында мынадай түсіндірмелер жазылған: «*Ижтихад – өз алдына мақсат қойған және ізденіс кезінде мужтахид кісінің барлық ізденіс жігерін осы жолға арнауы. Ал қандай да бір мәселе турасында Құранда Алланың үкімі болса, бұл жердегі истидлал ісіне ижтихад деп айта алмаймыз*» [7, р. 1897]. Яғни Жассастың пікірінше дәлел немесе тура мақсатқа жеткізер ешқандай айғақ болмаған жағдайда ижтихад жасалынады. Мұндай кездерде занны ғалиб (басым ой) талабына сай қажетті күш-жігерді жұмсау жеткілікті болады әрі мұны ижтихад деп атайды.

Ижтихадқа нақты анықтама түрінде емес, тек қажетті тұстарына түсіндірмелер жасаған Жассас, нас (Құран, сүннет) болған жағдайда қосымша жасалған істің ижтихад ретінде қабыл етіліп, етілмеуі мәселесінде әрі дәлел табылмаған кездегі түрлі ойдағы сұрақтардан арылту үшін аталған қажетті мәселеде дәлел табылса шынайы, ал табылмаған кезде мажazi дәлел болатындығын атап өтеді. Бұл жөнінде екі *истидлал* жолы бар: а) көрсетілген хабарға анық жеткізетін истидлал. Бұл ақлият саласындағы истидлал дәлелдеріне жатады. Белгілі бір мәселе жөнінде тек қана бір дәлелі бар истидлал осыған кіреді. Мұндай истидлалда талап етушінің талабына сай жауап беру міндеті бар; б) талап етілген хабардың ақиқатына көз жеткізу мүмкін емес истидлал түрі. Мұндай кезде занны ғалиб пен райы ғалиб арқылы амал жасайды. Бұл да ижтихад әдісі арқылы жүзеге асырылатын истидлалға жатады. Негізі ижтихад деп қабылдаған бұл ізденіске истидлал сөзін қолдануымыз Жассастың пікірінше мажazi болып табылады. Себебі, мұнда талап етілген ақпаратқа анық көз жеткізу мүмкін емес. Мұндай сәтте Алланың басқа да жағдайларға байланысты баян еткен үкімдерінің нақты кімдер үшін екені анық білінгені сияқты ұғынықты дәлелдер болса, ижтихадқа еш қажеттілік туындамас еді. Ал қандай да бір мәселе жөнінде Құранда дәлелі табылып тұрса да, ол аяттың мәні ұғынықты болмаса және нақты ақпаратқа жетелемейтін болса, ол жерде ижтихад жасалынатынын атап өтеді. Ижтихадта занны ғалибтің де үлесі болатындығын айтқан Жассастың, Құранда жабық (хафи) нас болмайды. Себебі мағынасы бұлыңғыр настан үкім табылмаған жағдайда настың болмағаны түсініледі де, мұндай тұста көмекке ижтихад келеді. Әсіресе сахабалар арасында туындаған ихтилафтар да, сол мәселеде нақты бір дәлелдің табылмағандығына бір мысал. Мұндай жағдайда ол мәселе жайында нас (дәлел) бар еді деп айта алмаймыз. Өйткені нас болған жерде ихтилафқа (қарама-қайшы көзқарас) орын берілмеуі тиіс.

Жассас бір жағынан қандай да бір мәселе жөнінде нас пен ижма болмаған жағдайда, жасалынған ижтихадтың қабыл етілмейтіндігін алға тартады. Мысалы бір жағдай алғаш рет орын алып жатса және ол алдыңғы жағдайларға ұқсас болмаса, ол жерде ижтихадтан бөлек истихраж жасалынуы қажет болады. Ал Жассас мұны былай түсіндіреді: Мәселенің настары (ашық уахи сөзі) болмай және оның үкімін айту қажет болған жағдай екі түрлі: а) белгілі мәселенің нақты дәлеліне жетелейтін Алланың кітабындағы үкімдер; ә) белгілі мәселенің нақты дәлеліне жетелемейтін, оған тек ижтихад пен занны ғалиб арқылы жетелейтін ізденіс [9, s. 205].

Жассастың ижтихад ұғымына берген түсіндірмесін талдай келе, ижтихадтың нас пен ижмадан бөлек екенін дәлелдеуге ерекше ізденіс жасағанын көруге болады. Тіпті айтуға келмейтін күмәнді мәселелерде ижтихадтың дәлдік дәрежесі, нас пен ижманың дәрежесіндей бір бола алмайтынын жеткізеді. Бұған қоса бұл екеуінің арасындағы қателік, ижтихадта жасалған қателікпен бір болмайтынын ескерте келе ижтихад сөзінің қолданылуының маңыздылығына тоқталады. Жассас бұл тұрғыда өз пікіріне қарсы келгендердің өздері үкім шығарарда ақылға орын берсе де, оны мойындамай ижтихад етілетін іске ол атауды бермей өз пікірін Құранмен бірге айтып жатқанын жеткізеді. Ижтихадтың қажеттілігіне тоқталудағы мақсат, шарифатта насқа тағы бір дәреже қосу емес, адами ізденіс пен тауқифи нақты хабардың арасын бөліп қарастыру екендігі жайлы Жассастың еңбегінде жиі баяндалады [8, s. 194].

Жассас занн сөзімен қатарлас қолданылатын ижтихад сөзіне қажетсіз деп баға беруге болмайтындығын тілге тиек етеді. Себебі ижтихад, ілімнен аса жырақ емес. Сондықтан да ижтихад етушіні, ғылым иесінен соншалықта төмен дәрежеде деуге болмайды. Керісінше ғылымды меңгерген адам ғылымды үйренуімен қатар, ой жүгірту және ижтихад ету қабілетіне ие болып дін ғылымының ең жоғарғы мәртебесіне ұласады. Осы тұжырым аясында қарайтын болсақ, үкім шығару және ижтихад ету иелерінің ең басында Мұхаммед пайғамбар (с.а.ғ.) келеді.

Жассас ижтихадтың аясы қиястан жан-жақтама ауқымды екенін түсіндіре келе қиясты ижтихадтың тек бір тармағы ретінде қарастырады. Қорыта айтқанда, Жассас жалпы ижтихадтың мәні жайлы мынадай тұстарды нақтылағаны байқалады: а) ижтихад етілетін мәселеде Алла тарапынан ешқандай үкім айтылмайды; ә) ижтихад етілетін мәселеде ақыл мен адами үлес іске қосылады; б) Заннилік пікір көрініс табады.

Жассастан кейінгі усул ғалымдарынан Дабусидің еңбегінде зан, райы ғалиб, қияс, фикһ және ижтихад ұғымдары бір-бірінің орнында жиі қолданылған. Мұндағы бірнеше сөздердің бір мағынада қолданылуындағы ижтихадтың түсіндірмесін төмендегіше атап көрсетуге болады: а) занни пікірдің болуы; ә) үкімге қол жеткізуде насқа қарағанда адами/ақли пікірлердің болуы; б) адамның өз ізденісінің болуы [9, p. 263].

Сарахси атты ғалым өз еңбектерінде құдды Дабуси секілді ижтихадқа қатысты толыққанды түсіндірме жасамаған. Тек бірнеше тақырып ішінде ғана ижтихадтың райы ғалиб екендігі жайлы өткен. Паздаудың шығармасында да ижтихадқа жеке дара түсіндірме берілмегені секілді, *рай*, *ижтихад* немесе *рай ижтихады* деген тіркестері кездеседі, алайда бұлардың арасындағы мағына айырмашылықтарына түсіндірме жасалмаған [10, s. 239].

Сарахси мен Паздаудың шығармаларында аз-кем баяндалған ижтихадқа қатысты пікірлер, пайғамбарымыздың (с.а.ғ.) ижтихады тақырыбында өрбиді. Бұлар пайғамбар сүннетін жеке-жеке талдап, ижтихадты да осыған қосады. Бұған қоса пайғамбар жасаған ижтихадтың уахи үкімінде екенін атап кетеді. Бірақ Ханафи ғалымдарының мұндай көзқарасына қарсы пікір білдіргендер де жоқ емес. Мұндай жазықсыз айыптауларға қарсы өз көзқарастарын білдірген Сарахси мен Паздауи, негізі сүннетті бөлмей түсіндіруге болатындығын жеткізе келе, кейбір мәніне үңілмей сын айтатындарға жауап ретінде осылай түсіндіру жолын ұстанғанын айтады. Мұнда пайғамбарымыздың ижтихад жасағанын мойындату мақсат болса, екінші пайғамбар жасаған ижтихадта қателік болу ықтималы болмайтынына назар аудартқан. Онсыз да қателік жасамайтыны белгілі болғанымен мұнда ижтихадтек күмәнді ақпарат кезінде емес, дәлел іздеу барысында жоғары қабілетті білімге ие болу керектігі үлгі көрсетілген. Сондай-ақ Ханафи усул шығармаларының барлығында дерлік пайғамбарымыздың рай мен ижтихад мәртебесінде ең жоғары сатыда екенін жиі баяндайды. Бұл тұрғыда *магани* сөзі мен ижтихадтың арасында жақын байланыс бар екенін және көп жағдайда екеуі бір мағынада қолданылғаны көзге түсетінін атап өту керек. Ижтихадта настардың (уахи) мағыналары мен үкімдерінің ұғынықты болуының маңыздылығы жайлы төмендегі мәселелерге мән берген жөн:

а) Рай мен ижтихадтың уахидан бөлек екендігін және мұның насқа қарсы қою үшін ойластырылған ғылым емес екендігін түсіндіру. Сондықтан ижтихадтың бастауын пайғамбармен бірге қамтып айтудың еш әбестігі жоқ. Ханафи усулшылары қандай да бір мәселе төңірегінде наста дәлелі жоқ деген себеппен ижтихад жасайтын кезде, уахи сөздерінен түбегейлі бас тарту арқылы жасалынатын іс деп қарамаған. Ал дәлелдің табылмауына келсек, бұл екі жағдайда болады: аа) қозғалған мәселе лафызда (Құранда) еш тілге тиек етілмесе; әә) мәселе уахи лафызында (Құранда) тілге тиек етілсе де, ол лафыздың мағынасы түсініксіз болса. Бұл жағдайда уахидан сырт айналмай, тек уахидың мағынасы аясында ізденіс жасау арқылы ижтихад етуі қажет. Яғни Құран аяты мағынасынан тысқары шықпай ижтихад жасалады. Сондықтан бір мәселе жайлы дәлел табылмаса, міндетті түрде ол турасында уахи лафызы келмеген деген пайымға баруға болмайды [11, s. 158].

ә) Уахи лафыздары жайлы тәуил жасап, ой жүгіртілген мағыналарды ижтихад деуге болады. Бұл жағдай әсіресе «далалатун нас» пен «қияс» терминдерінің арасындағы айырмашылықтардың байқалуында маңызды. Уахи лафыздарынан тілдік және ғұрыптық әдіспен үкім шығарылатын болса, бұл нас арқылы бекітілген дәлел болып есептеледі. Алайда шығарылған үкім уахи лафызының мағынасы аясында тәуил жасалу арқылы болып жатса, бұл ижтихадпен бекітілген болып есептеледі. Сол үшін кейінгі усул ғалымдары ижтихадтың анықтамасына «үкімді дәлелінен истинбат жасау» тіркесін қосқан.

Классикалық кезеңдегі Ханафи усул шығармаларының ішінде ижтихадқа түсіндірме берген ғалымдардан тек Жассасты ғана көруге болады. Ижтихадты түсіндіру қайраты, әсіресе кәләм ілімімен айналысатын усулшылардың еңбектерінде басымдық байқалады. Мутакаллимин әдісімен жазылған шығармалардағы ижтихадтың түсіндірмесі, байқауымызша ең ерте хижри бесінші ғасыр және одан кейінгі уақыттарда жазылған екен. Ал бұл ғасырларда өмір сүрген Паздауидің ижтихад жайлы көп сөз қозғамауын, Абдулазиз әл-Бухаридің сол дәуірде ижтихадты түсіндіруде жоғары деңгейде болғанымен байланыстыруға болады [12, s. 14].

Классикалық кезеңнен кейінгі ижтихад ұғымы және оның мәні

Ханафи ғалымдарынан кәләмдық ғалым Ламишидың пікірінше ижтихад, *«шариғи үкімді өз әдісіне сай зерттеуде барынша күш жігерін сарыптау»*. Бұдан шамамен бір ғасыр кейін өмір сүрген Насафи де осы анықтаманы жазып қалдырған. Насафи ижтихадтың ішкі мазмұнын түсіндіргенде мынаған қосымша тоқталады: үкім шығару (истидлал) – уахи арқылы, уахи болмағанда басқа әдістер арқылы жүзеге асады. Уахидан басқасымен үкім шығаруда рұқсат етілген жол да ижтихад болмақ.

VII ғасыр мен одан кейінгі кезеңдегі Ханафи усулшыларының ижтихад түсіндірмелерінде көбіне мутакаллимин усулшыларынан әсерленгені байқалады. Алғаш мамзуж әдісімен еңбектерді қолға алған Ибну Сағати (қ.б.ж 694/1295) ижтихадқа былай түсіндірме береді: *«Фақиһтың шариғи үкімнен бір мәселеде занға ие болуы үшін барлық күшімен ізденіс жүргізуі керек»*. Түсіндірмедегі «шариғи» тіркесін қолдану арқылы ақыл мен сезімдер әлеміне қатысты ақпараттарды жоққа шығаратынын айтқан Ибну Сағати, «зан»тіркесін қосу арқылы да нақтылық ұғымын тысқары қалдырғанын жеткізеді. Ал «бір мәселеде» тіркесі болса, ижтихад құқығына ие болу үшін шариғат үкімдерінің шарттарын білу басты талап емес екендігін ортаға қойып отыр.

Ижтихадқа түсіндірме жасауда Абдулазиз әл-Бухари (қ.б.ж. 730/1331) ешқандай пікір білдірмей, керісінше мутакаллимин усулшыларынан Ғазалидің түсіндірмесіне орын берген. Бір айта кететіні Ғазали түсіндірмесіндегі *«базлул мужтахид усъаху»* тіркесі, әл-Бухариде тек *«базлул мажхуд»* деп жазылған. Осы пікір бойынша ижтихадтың түсіндірмесі мына түрде баяндалған, *«шариғи үкімдердің ақиқатына жетуде барлық күш жігерді ортаға қою»*. Абдулазиз әл-Бухари түсіндірмесінде кездеспеген басқа тіркестер жайлы да мағлұмат беріп өткен. Жалпы түсіндірмелердегі «фақиһ» тіркесінен өз салаларында мақсатқа жетуді қалаған нахившылар мен кәләмшыларды; «занға жету үшін» тіркесінен белгілі мәселе турасында настарды; «шариғи үкімдер» тіркесінен де ақылға орын беру мен ғұрыптық, сезім әлеміне қатысты үкімдерді түсіндірменің аясынан шығарады.

Мамзуж сипатында жазылған шығармалардың ішінде Садрушшарияның *ат-Таузух* атты кітабында ижтихад жайлы айтарлықтай сөз қозғалмайды. Тек қана ол, ижтихадтың фикһ саласымен байланысын және тақлидпен ара-қатынасын ашып көрсеткісі келген. Мұнда Садрушшарияның еңбектерінен ижтихадқа қатысты пікірді былайша нақтылауға болады: Мужтахидтың истинбат қабілеті арқылы тафсили дәлелдерді қолдана отырып, мәселенің үкімін шығара алуы болып табылады. Бұл ұғымдар фикһ терминдерінде де кездеседі. Алайда басқа адамның жасаған истидлалына еру болып табылатын *тақлид* жолы, айтылған ұғымдарға қарама-қайшы болып табылады.

Мамзуж сипатында жазылған усул шығармаларынан кейінгі ғасырларда, Ханафи усулшылары арасындағы танымал болған ижтихадтың түсіндірмесі сонау мутакаллим усулшысы Ибнул Хажибке тән. Тіпті атақты Тафтазани, Журжани, Молла Фанари, Ибну Субки, Ибн Камал, Кирмасти, кафие ғалымы Таханауи, Хамауи және Хадими сынды жазушылар да осы түсіндірмені өз кітаптарында жазып қалдырған. Ол түсіндірмеде *«фақиһ кісінің қандай да бір шариғи үкім жайлы пікір (зан) қалыптастыру үшін толық күш жігерін қолдануы»* деп жазылған [13,87-б].

Молла Хусревтың түсіндірмесі болса өз алдына өзгеше: *«Ижтихад – шариғи және фарғи үкімді дәлелінен истинбат етуде барлық ізденісті ортаға салу»*. Молла Хусрев ижтихад түсіндірмесіндегі «фақиһ/мужтахид» тіркесінің қосылуын, бір-бірінің орнына алмасуы деп қарастырған. Егер де бұл тіркестер арқылы муқаллидті ижтихад аясынан шығару керек болса, түсіндірмедегі *«барлық ізденісін ортаға салуы»* сөзімен де түсіндіру мүмкін. Себебі муқаллидтің ісі, үкімге жету үшін ізденіс жасайтындай дәрежеге ие емес.

Ибнул Хажибтың түсіндірмесінен кейінгі Ханафи ғалымдары арасындағы ойға қонымды Ибнул Хуммамның ижтихад пайымын айтуға болады. Оның пікірінше ижтихад, *«занни және шарғи үкім шығару мақсатында фақиһ тарапынан қажетті күш жігердің жұмсалуды»* - деп түсіндірілген соң, мұның тек ижтихадқа берілген түсіндірменің біреуі ғана екенін еске салып, «занни» сөзінің жалпылама мағынаға ауысуының дұрыс екенін жеткізген. Себебі ақыл-оймен ізденіс жасайтын мужтахидтың қателікке бой алдырып күнәһар болуы, оның ары қарай ижтихад жасауына кедергі келтіре алмайды. Ал ибн Амир әл-Хаж болса бұл пікірге қосылмай, қателік жасаған мужтахидтың күнаһар болған тұсы, ижтихадтұсымен сәйкеспеуі керек дейді. Сондықтан да Амиди мен Разидың ижтихадты нақты дәлел ретінде қабыл етпейтіндігіне осы жағдайлар себеп болатындығын айтып кеткен. Ибн Хуммамның түсіндірмесін Ибн Нужайм мен Ибн Абдушшакур да өз кітаптарында сілтеме ретінде жазып қалдырған. Мұнда Ибн Абдушшакур «зан» сөзін ижтихад түсіндірмесіне қоспаған әрі мұны қоспауының себебін ашып айтпаған. Бұл екі ғалым да, ибн Хуммам секілді «фақиһ» сөзіне мән беріп, бұған өзгеріс жасамаған. Ибн Абдушшакур болса, түсіндірмеде жазылған *фақиһ* сөзіне мужтахидтың емес, фикһ принциптерін толық меңгерген кісінің лайық екендігіне тоқталып өткен. Түсіндірмедегі «шариғи үкім» тіркесіне келсек, Ансаридің пікірінше бұл ақылды ижтихад аясынан тысқары шығарады. Ижтихадқа қатысты баяндалған бірқатар мысалдардан ұққанымыз ижтихадтың түсіндірмесінде көрсетілген әрбір тіркестер мен бұларға берілген мағыналар, усулшылардың пікірінде түрлі мағыналарға ие екенін дәлелдеуде.

Усулшылардың көпшілігі шығарылған үкімді мужтахидтердің ізденісі арқылы жүзеге асқанын көрсету мақсатында түсіндірмеге *«фақиһтың күш жігерін жұмсауы», «мужтахидтың барлық ізденісін ортаға қоюы»,* т.б. тіркестерін қосқан. Усул кітаптарында *«ижтихад құқығы»* жайлы жиі сөз қозғалуы, мұның қаншалықта маңызға ие екенін байқатады. Ханафи немесе басқа да мазхаб усулшыларының шығармаларында кездесетін *«фақиһ және мужтахид»* сөздеріне берілген мағыналарда екі ұстаным байқалады.

а) Ижтихад түсіндірмесінде фақиһ немесе мужтахид сөздеріне орын беріледі. Усул ғалымдарының басым бөлігі осы көзқараста. Мысалы, *«фақиһтың, мужтахидтың барлық күшін сарп етуі»* деген сияқты. Атап айтар болсақ, Жассас, Ғазали, Ибн Хажиб, Ибн Сағати, Молла Фанари, Ибн Хуммам, Ибн Нужайм, Ибн Абдушшакур сынды усулшылардың еңбектері бұған мысал. Бұл ғалымдардың пікірінше белгілі бір дәрежеге жеткен кісі ғана ижтихад жасай алады және муқаллидтің бұған дәрежесі жетпейді [14, s. 128].

ә) Ижтихад түсіндірмесінде фақиһ немесе мужтахид сөздеріне орын берілмейді. Молла Хусрев секілді усулшылар *«фақиһ/мужтахид»* сөзін ижтихад түсіндірмесіне қоспайды. Бірақ Ибн Хуммам *«фақиһ/мужтахид»* сөзінің қолданылуы қателікке бой алдырмайтынын түсіндіріп, керісінше бұл дәрежеге (фақиһ/мужтахид) ұласпағандарды ижтихад түсіндірмесінен бөлетінін жеткізеді. Бір жағынан Молла Хусревтің өзі де муқаллидтің іс-әрекеті ижтихад

дәрежесімен тең емес екенін мойындайды. Ал мұның түсіндірілуін ижтихадтағы «барлық күш жігерін жұмсауы» тіркесінің мазмұнында жасырылғанын айтады. Сондықтан да «фақиһ» сөзінің ижтихадтың түсіндірмесіне қосылмай қалуы мужтахид пен муқаллидтің дәрежелері бір деген мағынаға келмейді.

Ижтихад етудің тек фақиһтарғағана тән екендігін көрсететін екі жағдай

а) Ижтихад – өзіне тән әдістер мен сол саланың ғалымы тарапынан жасалынатын ізденіс. Бұл қарапайым халықтың ізденісінен бөлек болады. Екеуінің бөлек екендігі түсіндірмедегі фақиһ немесе мужтахид тіркестерімен белгіленген. Яғни мұнда бір мәселе жөнінде үкім шығару жоғары діни білімді ғалымдарға тән екендігі көрсетіледі. Ал білінуі қиындық тудыратын үкімдерді табуда усулшының усул ілімдерін қолдана отырып шығарған ижтихады, шариғи үкімдердің дәлелі болған настарға жақын болуы тиіс. Себебі тафсили дәлелдер дегеніміз нақ осылар. Муқаллид бұл ілімді өз бетінше ізденіп тапса да, басқа біреуінің әдісін қолданған болады. Сондықтан бұл ижтихадқа жатпайды. Белгілі бір мәселеде үкім шығаруда негізгі қайнаркөздерді (Құран, сүннет) дұрыс қолдана білуде, ижтихад ету мен тақлид жасаудың арасы бөлінеді. Ал егер де Құран мен сүннеттен ізденіс жасамай, тікелей мазхаб имамдарының сөзінен алып үкім беріп жатса, бұған тақлид жасау деп атаймыз.

Усулшылар арасында басым бөлігінің ижтихадта тажазиді қабыл етулері, олардың кей мәселелерде ижтихад арқылы ал кейде тақлид жолымен амал етулеріне жол ашқан. Мұндай жағдайларда мужтахид фил-бағз (тек кейбір мәселелерде мужтахид) т.б. ұғымдар қолданыла бастайды. Расында кей мәселелерде ижтихад жасау үшін де қажетті бірқатар шарттарға сай болу керек. Сондықтан усул ілімдерін меңгермеген қарапайым халықтан бір кісінің айтқандары ижтихад ретінде саналмайтыны секілді, барлық фикһ мәселелерінде де ижтихад ете алмайтындардың өзі кейбір жағдайда тақлид жасайды. Ал олардың бұл ісі ижтихад ретінде қарастырылмайды.

ә) Усул кітаптарындағы ижтихад түсіндірмелерінің көпшілігі ережелер мен шариғи үкімдер жайында жазылған. Мысалы, құбыланың бағытын табу секілді жеке дара мәселелер үшін қолданылатын ижтихад сөзінде алғаш мәселенің сөздік мағынасы еске түседі. Мұндай ижтихад қарапайым халықтың да қолынан келеді. Алайда усулшылар ижтихадтың түсіндірмесіне «фақиһ» сөзін қосқанын қаперде ұстаған жөн. Бұған қарамай ижтихад ұғымын терминдік мағынада емес, қарапайым халық үшін де өтімді екенін айтатындар кездеседі. Мысалы, Жассатың пікірінше ижтихад үш түрге бөлінеді: а) мансус немесе мустанбат себептерімен жасалған қияс; ә) құбыланың бағыты, отбасы нәпәқасы және мәхр мөлшерінің т.б. анықталуында себеп негізге алынбай, занни ғалибпен болған ижтихад; б) негіздерден (асыл) алынған истидлал. Бұл жерде екінші түрдегі жағдай, Жассастың ілімі бойынша себебі ізденбей жасалынатын ижтихад түріне жатады.

Усул кітаптарында жазылған ижтихад түсіндірмелерінің бәрі де терминдік сарында еместігі кей ғалымдар тарапынан айтылып өтіледі. Мысалы, Садрушшария білместікпен жасалған қателіктің адамның ғылыми дәрежесіне нұқсан келетіндігін, ал ижтихад кезіндегі адамның қателігін үзір ретінде қабылдап, Алла кешіретінін жеткізген. Бұл пікірге өзіндік талдау жасаған Ибн Камал болса, мұндағы ижтихадтың терминдік емес, тілдік мағынада екеніне назар аудартады [15, s.163].

Ханафи усул шығармаларындағы рай мен қиястың шариғатқа қатысты екенін дәлелдеуде «*фаътабируу*» аятының көп айтылуында болмақ. Себебі мұндағы «*ийтибар*» ұғымы білінетін және білінбейтін мәселелерде де рай мен ижтихадтың жасалынуына болатындығын көрсетуде. Мысалы, соғыс дайындығы, т.б. жағдайлардың Ханафи усулшылары тарапынан ижтихад мәселелері аясында қарастырылғанын көруге болады. Ал мұның ижтихад ретінде қабыл етілуі, ижтихадқа көмекші болатын занни ғалибтың қолданылуына негізгі себеп болып отыр. Бұл мысалдар арқылы занни ғалиб әдістерінің заңдылығын анық-

тау қажет. Бірақ та құбыла бағытын табуды ізденген кісінің ижтихадындағы халықтың ижтихады мен арнайы ілімді мужтахидтың ижтихадын бір дәрежеде бағалауға болмайды. Ижтихадтың принциптер негізіндегі ізденіс екенін ижтихадтың тек фақиһтармен жекешеленгеніне қарап байқауға болады. Алайда Ханафи усул кітаптарында мұны кеңінен баяндайтын нақты мағлұмат берілмеген. Ал Малики мазхабы усул ғалымдарынан Карафи (қ.б.ж. 684/1285), ижтихадты «күллі үкімдер жайлы» ізденіс жасау деп сипаттаған. Оның пікірінше фуру-и фикһ мәселелері «күлліге» жататындықтан ижтихад аясында қарастырылған. Құбыла бағытының табылуы, зиянға ұшыраған мал-мүлік құнының анықталуы жайындағы ізденістер болса, ижтихад аясына кіргізілмеген. Себебі бұл мәселелер өз табиғатынан өзгергенде ижтихадқа байланысы жойылады. Ал пәтуалар қияметке дейін барлығы үшін өтімді болмақ. Байдауидың «*минхаж*» есімді кітабына шарх жазған Шафиғи ғалымы Иснауи да, құбыла бағытын анықтау, зиянға ұшыраған мал-мүліктің құнын бағалау, т.б. секілді мәселелердің ижтихадтың терминдік анықтамасына кірмейтінін атап өтеді.

Біздің пайымдауымызша, түсіндірмеге «күллі» тіркесін қоспаған усулшылар, нағыз ижтихадтың фақиһтар тарапынан жүзеге асырылатынына тоқталған. Түсіндірмеге фақиһ сөзінің қосылуымен мужтахидтың ғылыми ізденісі арқылы бірнеше мәселелерге ижтихад жасай алатынын, ал халық арасындағы кездесетін ижтихадтың тек тілдік мағынада қолданып келгенін айтуға болады.

Ижтихадтың уахидан кейінгі сатыда тұратынын, тек уахидың мағынасы аясында ғана үкімге барылатынын жоғарыда айтып өткен едік. Бұл турасында кейбір усулшылар өзіндік түсіндірме жазып, кейбір шарттарды атап өтуді жөн санаған. Аталған шарттардың ең басында үкімді дәлелінен «*истинбат*» жасау келеді. Ал *истинбат* болса, «рай мен ижтихад арқылы үкім шығару» деген мағынаны білдіреді. Мұнда бірінші ретте ижтихадтың үкім қоюшы емес, керісінше Алла кәләмінің негізгі мақсатын нақты түсіндіру екендігіне тоқталған.

Түсіндірмедегі «шариғи үкімдер» тіркесі де ижтихадтың уахидпен қатынасы бар екеніне дәлел болмақ. Шариғи үкімдер дінге қатысты сыртқы (амалдық) мәселелердегі үкімдерді қамтиды. Сондай-ақ сезімдермен білінетін жағдайлар және ақылмен шығарылатын үкімдер бұдан бөлек қарастырылады.

Ижтихадқа ұқсас ұғымдар: рай мен қияс

Сөздікте түбірі «*p-a-y*» әріптерінен шыққан бұл ұғым, көбіне мынадай сөздерде жиі қолданылады: *руят*, *руя* және *рай*. Бұл түбірдегі сөзден алғаш еске түсетін мағына «көзбен көру». Сондай-ақ түсінде көру және жүректің көруі (толғаныс арқылы, ілімді меңгеру жолымен көру) сияқты мағыналарын да қосуға болады. Мұндай жағдайда ең маңыздысы көру емес, көрген кездегі оқиғаның түсіндірілуінде болып отыр. «Ғылыми және жеке көзқарас, тұжырымдау» мағыналарын ұғындыруда да *рай* сөзі қолданылады. Бұған көп жағдайда жүрек көзінің көруі арқылы нәтижеленген зан мен итиқад (сенім) кіреді. Арабшада рай сөзі, әсіресе, бір мәселеде бірнеше таңдаулар туындаған кезде дұрыс жолды нұсқау үшін толғанып, жүректің сезуі және соңғы нәтижені көрсету жағдайларына қатысты айтылады. Сондықтан да тану түсінігі дамыған, дұрыс шешім шығара алатын кісілерге «*зур рай*» деген есім берілген. Ал зур райдың антониміне шешім шығаруда әлсіз, ақылы толық жетілмеген деген мағынадағы «*муфаннад*» сөзі қолданылған [16, s. 492].

Ханафи усул шығармаларының басым бөлігінде «*рай*» сөзінің тілдік мағынада, ал кейбір жерлерде тақырып аясына қарай өзгеріп отыратындығы байқалады. Біз айтып отырған рай, үкім шығару кезінде қажетті болған қияс және ижтихад сөздерімен бір мағынада қолданылған. Ханафи усул кітаптарында райдың мағыналары турасында мынадай түсіндірмелерге орын берілген:

а) Райдың хабарсыз, ешқандай пікір қалыптаспаған мағлұматтардан ерекшелігі, жүректің нұсқауы мен ақли дұрыс пікір айтуында жатыр. Бұл тұрғыда ауқымды талдаулар жүргізген Дабусидың тұжырымына қысқаша тоқтала кетсек:

Ғылымнан бұрын жүректің төрт жағдайы болады: 1) Алғаш туған кездегі ақылдың толық жетілмеген жағдайы. Толық саналы болмаған кезі. Ақыл мен сананы адам кеудесіндегі нұр деуге болады. Бұл арқылы дәлелдерді іздестіргенде жүрек мұны көреді. Тіпті осы нұр арқылы сезімдерден де жоғары деңгейде болады. 2) Жаһил (хабарсыз) хәлі. Ақыл-санаға ие кісінің көру құдіретіне ие болуы. Бірақ та қалаған мәселесіне көңіл қойып қарамайынша, ол мәселе жөнінде бейхабар болады. Жаһилдың антонимі ғылым. 3) Шәк (күмән) хәлі. Адам бір мәселеге көңіл қойғанда ол жайлы қанағаты әлсіз болса, күмәндана бастайды. Күмәннің антонимі яқин. 4) Жорамалдау (зан) хәлі. Айтқан сөзіне нақты сенімді емес. Алайда алдыңғы хәліне қарағанда аса күш жұмсамай-ақ әрекет етсе зан (жорамал) жасай алады. Жорамалдың антонимі ақиқат. Бұл төрт хәл жүректің ғылымға және қажетінше дәлелге ізденіс жасаудан алдыңғы жағдайы. Ал шынайы ой жүгіртіп, қайсысы дәлел болып, бола алмайтынын ажырата алатындай болса және күмәнді мәселені дәлелмен қуаттайтындай жүрегі бет бұрып тұрса, бұл райы ғалиб болып есептеледі. Қияс – ижтихадпен және занны ғалиб жолымен нақтыланғанда дақателік кездесу ықтималдығын жоққа шығаруға болмайды. Мұндай ізденістерді ғылым деп айтсақ та, қателігі мен дәлелінің нақты болмауы себепті бұл мажazi (жанама) ғылым ретінде саналады. Түбінде бұл да дұрыс. Себебі мұның өз ақиқаты бар. Ал ақиқаттың антонимі зан (жорамал). Бұдан соң ғылым екі бөліктен тұрады. Біріншісі захири ілім. Бұл хикметтерді қамтитын батыни мағыналардан төмендеу. Адамның ақылы дәрежесінде қарайды. Егер ішкі түйсіктерді ұғып, жүрегі рахатқа бөленсе мағрифат фикһ хәліне жетеді. Ал фикһ екінші ілімге жатады. Бұл ілімде мағынадан үкім шығару бар. Фақиһтың антонимі, тәуил жасамай-ақ настардың сыртқы ұғымдарын білетін және қиясты құжат ретінде қабылдамайтын әһлі захирлер.

ә) Рай – мағыналарды ұғу және сол мағыналардан үкім шығарып, қияс жасау үшін қолданылады. Осы себепті Паздауи, «сахабалар әһлі хадис әрі әһлі мағани болған. Сондықтан бұлар асхабур-Рай деп те аталған. Ал рай ол – фикһ» дейді. Бұл түсіндірмеге шарх жазған Абдулазиз әл-Бухари, халал мен харамды анықтауда ерекше қабілетке ие болғаны әрі мұның әрбір мағыналарына жіті тоқталып үкім шығарғандары үшін асхабур-Рай деп айтылған дейді. Райдың негізгі мақсаты настарды ұғу және соның аясында ізденіс жүргізу болса, бұл әрекетке қарсы шығатындарға *захири* лақабын қолдану етек алған. Бұл жерде әһлі рай мен әһлі қияс бір мағынада айтылған [17, 28-б].

б) Рай – *танзил, тауқиф, симаъ* және *нас* секілді мағыналарда қолданылады. Ханафи усул еңбектерінде илахи (Алла тарапынан) және башари (адам тарапынан) үкімдердің аражігін ажыратуға әрқашан ерекше мән беріліп отырған. Мұның башари тарапына көбіне рай ұғымы қолданылған. Мысалы, Жассас зина жазасына қосымша қуғын-сүргінге жіберуді Хз.Омар мен Хз.Али тарапынан бекітілгенін әрі бұл істің ел басқарушының еркіне (райына) қалдырылған үкім екендігін атап өткен. Нас пен тауқиф жайлы жоғарыда айтып өткеніміздей, бұл уахи лафыздарының (сөз) ұғынықты әрі нақты болған кезіндегі жағдайға тән. Мұндай настар (Құран, сүннет) табылған жағдайда райға орын берілмейді. Кезегімен айтар болсақ рай, уахмен жеткен барлық хабарлардан төмен сатыда тұрады. Алайда Құран мен сүннеттегі лафыз мағынасы ұғынықты болмаса, жеткен хабарда рауилердің ұмыту немесе қателесу күмәні туындаған жағдайда, мұндай дәлелдер нас ретінде қабыл етілуіне тосқауыл болып, бұл жерде рай мен ижтихадтың қолданылуына жол ашылады.

в) Рай көп жағдайда *занны, инди* және *жеке көзқарасты* жеткізу үшін қолданылады. Рай ісінде нақтылық талап етілмегендіктен усул шығармаларында рай әдісін қолданғандардың саны еш кемімегенін байқауға болады. Мұнда рай мағынасында қолданылып отырған зан, занны ғалиб мағынасына ие. Бұл зан жорамалының басым болуына тікелей қатысты. Кей жерлерде бұл мағына *райы ғалиб* сөзінде жиі қолданылуына қарап, екеуінің жақын мағыналас ұғым екенін көруге болады. Мысалы Жассастың кітабындағы тартысқа қатысты бір мәселеде, дәрет үшін судың жарамдылығы немесе еттің адал не арамдығы жөнінде екі пікір болса, занны ғалиб жолымен басым пікіріне қарай ой білдіреді.

Ал ешқандай басым пікір қалыптаспаса, ол жағдайда ет халал, дәрет су жарамды болып есептеледі [9, s. 259]. Бұл мысалда байқалғанындай, мұндағы зан (рай), ойдың (занны ғалиб) бір тарапқа қарай ойысуы жағдайында қолданылып отыр. Кітабында қатғи-занны (нақты-болжамалы) деп бөліп, екеуінің айырмашылығын жеке қарастырған Дабуси де, райы ғалиб турасында жиі сөз қозғаған.

Ханафи усул еңбектерінде рай мен райы ғалиб ұғымдарының занны ғалиб сөзімен өте жақын мағынада екеніне төмендегі екі мысал дәлел бола алады:

1) Ханафи ғалымдары Құранды рай жолымен тәпсірлеу мәселесінде, мұндағы қателіктің рай әдісін ұстануда емес, керісінше сол жол арқылы жасалған тәпсірдің «ең дұрыс шешім осы» деп айтуында екенін түсіндіреді. Себебі, раймен мақсатқа жеткен мәселе нақты емес, занны үкімде болады. Сөзінің арасында нақтылығын айтпай раймен Құранды түсіндіретін болса, бұл істе әбестік болмайды. Тіпті Ханафи ғалымдары бұл жолды ұстанып, бұған жасалған еңбекті тәпсір деудің орнына тәуил деп атаған. Өйткені тәпсір сөзі, Құрандағы нақты түсіндірмелерге қарата айтылған. Мағынасы жорамалға жақын *рай* мен нақтылық ұғымды білдіретін *тәпсір* сөзі бір арада болмайды. Абулазиз әл-Бухари тәуил мен тәпсірдің осындай айырмашылығының негізгі түсіндірмесінің имам Матуридиге тән екенін айтады.

2) Құранда баяндалған сөздердің түпкі мағыналарын түсіндіруде райы ғалиб әдісін қолданған. Мысалы муштарак, мушкил және мужмал сипаттағы сөздердің мағыналарын ашуда райы ғалибты қолданған әрі бұдан нәтижеленген сөзге *муаууал* деп атаған. Бұл жерде айтылып отырған рай, адами ақылмен ғана емес қажетінше ой жүгірту арқылы ижтихад жасап хабары уахид секілді занны дәлелдермен мағынаны ашу болып табылады. Сондықтан да бұл жердегі рай мен занның қатынасы қаншалықта бір-біріне жақын екені тағы да байқалады.

Рай арқылы айтылған мәлімет нақты болмағандықтан, оған басқа бір рай арқылы қарсы пікір білдіруге де болады. Бұл жағдай хабары уахидқа да қатысты. Алайда райдың қалағанынша шешім айтатын өнер емес, белгілі әдістерден тұратынын Ханафи усулшылары тарапынан жиі тілге тиек етіледі. Жоғарыда айтылып өтілген Дабусидың сөздері де нақ осы мәселенің түйінін шешеді. Ал Жассас осы пікірді қолдап жатса, Дауіт әл-Исфакхани мен Карабиси секілді ғалымдар бұл әдісті білмегендері үшін сыни көзқарас танытқан. Сондықтан да Ханафилер жайында көп сөз болатын рай әдісі ешқашан райды өлшеусіз, еркін қолданушылар мағынасында түсіндірілмеуі тиіс.

Рай мен ижтихад ұғымдарының бір мағынада жиі қолданылғанын көруге болады. Ал мұның айырмашылығын тек тілдік мағынасына қарап ажыратуға мүмкіндік бар. Рай – жеке адамның көзқарасы, қанағаты. Ижтихад болса тырысу, күш жігерін сарп ету. Осы себепті біз ижтихадқа фикһи үкімдерді шығару кезінде зан арқылы жасалынған ізденіс деп түсіндірме береміз. Рай болса, осы ғылыми күш жігер мен ізденістің нәтижесіндегі занны шешім, жеке көзқарас болмақ. Рай ижтихады тіркесі айтылғанда ижтихадтың рай әдісімен жасалынғанын байқауға болады [18, p. 127].

Қазіргі таңдарай ижтихадын, жалпы ижтихадтың аясынан тар әрі мұның бір тармағы екенін айтатын зерттеушілер кездеседі. Қандай да бір мәселе турасында нас (уахи сөзі) табылса да мағынасы ұғынықсыз болған кездегі ижтихад және мүлдем нас табылмаған кездегі ижтихад деп екіге бөлінуі заңды. Көпшілік зерттеушілер екінші бөлігіндегі нас табылмаған ижтихадқа рай ижтихады атын беріп жатады. Бірақ та Ханафи усул кітаптарында нақ осылай түсіндіру әдісі көрсетілмеген. Ханафи ғалымдары «рай ижтихады» тіркесін қолданған, алайда мұны ижтихадтан төмен дәрежеде екенін меңзеген. Байқағанымыздай ижтихад көбіне тілдік мағынада түсіндіріліп жүргендіктен, рай ижтихады сөзін қолдану арқылы ижтихадтың терминдік мағынасын нұсқап отырған. Себебі кейбір адамдарижтихад етуді рай мен заннан бөлек дей келе, ижтихадты тек Құран мен сүннетке қатысты үкімдерді зерттеу деп қабылдайды. Жоғарыда ижтихадтың терминдік мағынасында «шариғи үкімге же-

туде күш жігерін сарп ету» болса, рай әдісіне орын берілгенде мұның аясы кішірейеді. Бұған мужтахидтың занни мәселелерде өзінің жеке ой жүгіртуі арқылы жеткен жетістігі деуге де болады. Ханафи усулшыларында ижтихад ешқашан райдан бөлек қарастырылмайды. Ижтихад – райы ғалибтен тұрады. Яғни рай ижтихады тіркесі, терминдік ұғымдағы ижтихад сөзімен бір мағынада айтылады. Бұған қоса рай ижтихадын терминдік мағынадағы ижтихадтан төмен деңгейде қарастыруды Ханафи усулшылары дұрыс деп есептемейді [19, s. 370].

Арабшада «қ-я-с» түбірінен шыққан қияс сөзі «*бір затты өзінің ұқсасымен өлшеу/есептеу*» деген мағыналарға келеді. Усулшылар да қиястың сөздіктегі мағынасын «теңдік», «тақдир» және «ұқсату (ташбих)» секілді сөздерді ұғындыратынын жеткізген. Яғни бұл сөздер «белгілі бір затты бір затпен өлшеу», «бір заттың бір затпен тең болуы», «бір затты бір затқа ұқсату» немесе «бір затқа қосу» секілді ұғымдарды білдіреді. Қиясқа мажази (ауыспалы) мағынада назари деп айтылуының бір себебі де, қияста ойдың жүреппен ақылдасуы арқылы жүзеге асатын процесс екендігінде. Кейде қиясқа ауыспалы мағынада «ижтихад» деп айтуының себебі болса, қияста мақсатқа жетуде ерекше ізденіс пен күш жігерді қажет ететіндігі болып отыр.

Қияс сөздікте «*әл-ибрату*» сөзіне ұқсайды. Әл-ибрату сөзі «басқа бір заттың өзімен өлшенген негізі» деген мағынаны білдіреді. Сондықтан жоғарыда айтып өткеніміздей, қияс түсінігі өлшеу, қосу мағыналарымен бірге бұл істерде маңызды (асыл) болғандар үшін де айтылады.

Қиястағы маңызды іс, настардың қолданыс аясын кеңейту болып табылады. Сөзімізге арқау етіп отырған қиястың «*усулі қияс*» және «*шариғи қияс*» деп екі бөліп қарастырылуы да, алдыңғы ғалымдар арасында рай жұмыстарының тиянақты бір жүйеде болғанын көрсетеді [20, s. 424].

Дабуси мен Паздауи бір-біріне ұқсас мәнде мынадай пікірлерді ұсынады: «*дәлелі табылмаған бір мәселені насипен қуаттау мақсатында үкімдері насипен бекітілген шариғи негіздерге қарата рай арқылы қияс жасаған соң шариғи үкімдері анықталды*». Жассасты да қосқанда бұл үш фикһшылардың түсіндірмелері ережеге нақты сай болмаса да, маңызды ерекшеліктеріне тоқталып қиястың терминдік анықтамасына өзіндік үлес қосқан. Бұл түсіндірмелерден қиястың жасалуын былайша түсіндіруге болады: а) үкімі настар арқылы белгіленген асыл (түбір); ә) үкімі настарда жоқ фарь; б) асыл мен фарьдағы ортақ мағына; в) асылдың үкімі фарьпен тең болуы; г) жасалған істің рай мен занға негізделген болуы; ж) бұл істің үкімі дәлелдеуші емес, оның білінуін көрсететін бір құрал.

Ибну Сағати қиясқа мынадай түсіндірме берген: «*бір фарьдың, үкімнің себебінде бір асылға тең болуы*». Нәсәфи де өз жазбасында «шариғаттағы қияс – үкім мен себеп мәселесінде фарьдың асылмен өлшенуі» деп түсіндіреді. Бұл ретте бірнеше түсіндірмелерді сынға алған Нәсәфи, ең дұрыс түсіндірме ретінде Самарқандидың пікірін ұсынады. Тіпті Абдулазиз әл-Бухари де бірнеше түсіндірмелерді сынап, Самарқандидың қияс жайлы ойын қуаттайды әрі бұл түсіндірменің түбі Әбу Мансұр әл-Матуридиден жеткенін атап өткен [21, 160-б].

Садрушшария қиясты «*сөздікте ешбір мағына білдірмейтін себепке сүйене отырып, үкімін асылдан фарьқа теңестіру (таъдие)*» деп түсіндіреді. Бұл жердегі «таъдие» сөзінде асыл үкімін фарьқа өткізген соң асылда үкім қалмады деген пікір қисынсыз болады. Себебі фикһ ғалымдарының сөздігінде таъдие «асылдағы үкімнің фарьда дәлелденуі» дегенді білдіреді. Қиясқа берілген жоғарыдағы түсіндірмелердің ішінде имам Матуридидиге қатысты пікірлер Ханафи усулшылары арасында ерекше қолдау тапқан [22, s. 163]. Жалпы алғанда, қиястың аясы ижтихадтан тар екені жайлы Ханафи усулшылары ортақ көзқараста. Қиястың ижтихадтан өзгешеленетін ерекше тұсы, нас болған жерде қиясқа орын қалмайды. Ал ижтихад нас болған жағдайда да жүзеге асырыла береді [23, s. 529].

Қорытынды

Ижтихадтың қолданылу аясы жайлы жан-жақты мәлімет берілген мақалада ең алдымен ижтихадтың тілдік және терминдік мәндерінің арасындағы айырмашылықтары дәлелдер арқылы ұсынылды. Мысалы, тілдік ижтихадтың ұғымында қарапайым құбыланың бағытын анықтау мәселесі қаралса, терминдік тұрғыда мұның ижтихад ретінде қабыл етілмей оған «мақсатқа жетуде және ұғыну жолында барынша қайратын сарп ету» деген шарттар белгіленгені айқындалды. Бұған қоса, классикалық кезең мен классикалық кезеңнен кейінгі Ханафи усулшылары арасында ижтихадтың түсіндірмесінде едәуір айырмашылықтар бар екені анықталды. Алғашқы кезеңдегі усулшылардан тек Жассастың еңбектерінде ижтихад түсіндірмелеріне қатысты құнды мәліметке қол жеткізілді. Ал классикалық кезеңнен кейінгі ижтихад түсіндірмелері көбіне Ханафи кәләмшыларының еншісінде болған екен. Сондай-ақ ижтихадқа қатысты баяндалған түсіндірмелерден байқалғаны, түсіндірмелерде көрсетілген әрбір тіркестер мен бұларға берілген мағыналар усулшылардың пікірінде түрлі мағыналарға ие екеніне көз жеткіздік.

Қазіргі таңда ижтихад жасай алатындай Ислами ғылымды толыққанды меңгерген бір ғалым шыққанын кездестірмедік. Ислам үмметі алдыңғы ғасырлардағы ғалымдардың пәтуаларына қарай амал жасайды. Себебі, Ханафи, Шафиғи, Мәлики және Ханбали сынды төрт хақ мазхаб имамдары мұсылмандардың діни мұқтаждықтарына белгілі дәрежеде жауаптар беріп өткен.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Şeybani. el-Hucce ala Ehli'l-Medine. – Beyrut: Alemul kutub. – IV. – 308 s.
2. İsfahani. “C-h-d” Müfredatü Elfazi'l-Kuran. – Beyrut: Daru Taliyatun Nur. – 208 s.
3. Cessas. el-Fusul (çev: Mustafa Cil). – Istanbul: Kalem Yayinlari, 2016. – II. – 201 s.
4. Kurnaz S. Ibn Rushd's legal hermeneutics and moral theory for a 'living Sharīa'-an alternative approach to islamic law in Ibn Rushd's Bidāyat al-mujtahid. Oxford Journal of Law and Religion, February 2019. – Vol. 8. – No.1, 174-205.
5. Муминов А.К. Ханафитский мазхаб в истории Центральной Азии. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2015. – 400 с.
6. Қориев О.А. Фарғона фикх мактаби ва Бурхонуддин ал-Марғинович. – Тошкент: Фан нашриети, 2009. – 155 б.
7. Zuhri S. The confusion about maslahah implementation in ijtiḥad discourse. Pertanika Journal of Social Sciences and Humanities. 2019. – Vol. 27. – No. 3, 1893-1902.
8. Özel A. Hanefi Fıkıh Alimleri. – Ankara: Türkiye Diyanet Vakfı yayınları, 2017. – 208 s.
9. Jackson, S.A. Ijtihād and taqlīd: Between the Islamic legal tradition and autonomous western reason. Routledge Handbook of Islamic Law, 1 January 2019. – P. 255-272.
10. دار البشائر الإسلامية. – اصول الفقه. علي بن محمد البزدوي الحنفي. 94. ص. II.
11. Debusi. Takvimu'l-Edille. – Beyrut: Mektebetul Asriyye, 2006. – s. 278.
12. İbnü'n-Neccar. Şerhu'l-Kevkebi'l-Münir. – Beyrut: Darul Kutubul Ilmiyye, 2007. – IV. – 458 s.
13. Исахан М., Сатыбалдиева А. Имам Ағзам Әбу Ханифаның өмірі, фикһтық көзқарастарының қалыптасу негіздері және әдет-ғұрыпқа қатысты ұстанымы // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2019. – №4 (114). – 83-92 бб.
14. Ahmed Hassan. İslam Hukukunun Doğuşu ve Gelişimi. – Istanbul: İz Yayıncılık, 2015. – 140 s.
15. Weiss, İslam Hukukunda Yorum: İctihad Teorisi. – Erciyes: Marife, 2003. – 191 s.
16. Kılıçer. “Ehl'i-Rey”. – Ankara: Türkiye Diyanet Vakfı yayınları, 2008. – X. – 520 s.
17. Кенжетай Д. Зайырлы ел – қайырлы ел. – Астана: Дәуір, 2017. – 392 б.
18. Nyazee A. Theories of Islamic Law: The Methodology of Ijtihad. – Noordeen, 2019. – 360 p.

19. Hatib el-Bağdadi. el-Fakih ve'l-Mütefakkih. – Beyrut: Darul Kutubul Ilmiyye. – I. – 447 s.
20. Ozen. “Sadrusseria”. – Ankara: Türkiye Diyanet Vakfı yayınları, 2008. – XXXV. – 427 s.
21. Әділбаев А., Әділбаева Ш. Әбу Ханифа және ханафи мәзһабы. – Алматы: “Көкжиек–Б”, 2012. – 400 б.
22. Karaman. İslam Hukukunda İctihad. – Istanbul: Ensar Nesriyat, 2015. – 195 s.
23. Apaydın. “Kıyas”. – Ankara: Türkiye Diyanet Vakfı yayınları, 2008. – XXV. – 530 s.

REFERENCES

1. Şeybanî. el-Hucce ala Ehli'l-Medine. – Beyrut: Alemul kutub. – IV, s. 308.
2. İsfahani. “C-h-d” Müfredatü Elfazi'l-Kuran. – Beyrut: Daru Taliyatun Nur. – 208 s.
3. Cessas. el-Fusul (çev:Mustafa Cil). – Istanbul: Kalem Yayinlari, 2016. – II. – 201 s.
4. Kurnaz S. Ibn Rushd's legal hermeneutics and moral theory for a 'living Sharīa'-an alternative approach to islamic law in Ibn Rushd's Bidāyat al-mujtahid. Oxford Journal of Law and Religion, February 2019. – Vol. 8. – No.1, 174-205.
5. Muminov A.K. Hanafitski mazhab v istorii Tsentralnoy Azii. – Almaty: Qazaq ensiklopediasy, 2015. – 400 s.
6. Qoriev O.A. Fargona fiqh maktabi va Burhoniddin al-Marginoni. – Toshkent: Fan nashriyoti, 2009. – 155 b.
7. Zuhri S. The confusion about maslahah implementation in ijthad discourse. Pertanika Journal of Social Sciences and Humanities. 2019. – Vol. 27. – No. 3, 1893-1902.
8. Özel A. Hanefî Fıkıh Alimleri. – Ankara: Türkiye Diyanet Vakfı yayınları, 2017. – 208 s.
9. Jackson, S.A. Ijtihād and taqlīd: Between the Islamic legal tradition and autonomous western reason. Routledge Handbook of Islamic Law, 1 January 2019. – P. 255-272.
10. Ali bin Muhammad al-Bazdauî al-Hanafî. Usulul Fiqh. – Darul Bashairul Islamiya. – II. – 94 s.
11. Debusi. Takvimu'l-Edille. – Beyrut: Mektebetul Asriyye, 2006. – 278 s.
12. İbnü'n-Neccar. Şerhu'l-Kevkebi'l-Münir. – Beyrut: Darul Kutubul Ilmiyye, 2007. – IV. – 458 s.
13. Isahan M., Satybaldieva A. Imam Ağzam Ábý Hanıfanyń ómiri, fiqhtyq kózqarastarynyń qalyptasý negizderi jáne ádet-ğurypqa qatysty ustanymy // Iasaýı ýniversitetiniń habarshysy. – 2019. – №4 (114). – 83-92 bb.
14. Ahmed Hassan. İslam Hukukunun Doğuşu ve Gelişimi. – Istanbul: Iz Yayıncılık, 2015. – 140 s.
15. Weiss, İslam Hukukunda Yorum: İctihad Teorisi. – Erciyes: Marife, 2003. – 191 s.
16. Kılıçer. “Ehl'i-Rey”. – Ankara: Türkiye Diyanet Vakfı yayınları, 2008. – X. – 520 s.
17. Kenjetai D. Zayırlı el – qayırlı el. – Astana: Dáýir, 2017. – 392 b.
18. Nyazee A. Theories of Islamic Law: The Methodology of Ijtihad. – Noordeen, 2019. – 360 p.
19. Hatib el-Bağdadi. el-Fakih ve'l-Mütefakkih. – Beyrut: Darul Kutubul Ilmiyye. – I. – 447 s.
20. Ozen. “Sadrusseria”. – Ankara: Türkiye Diyanet Vakfı yayınları, 2008. – XXXV. – 427 s.
21. Adilbayev A., Adilbayeva Sh. AbuHanifa jane hanafi mazhaby. – Almaty: “Kokzhiyek –B”, 2012. – 400 b.
22. Karaman. İslam Hukukunda İctihad. – Istanbul: Ensar Nesriyat, 2015. – 195 s.
23. Apaydın. “Kıyas”. – Ankara: Türkiye Diyanet Vakfı yayınları, 2008. – XXV. – 530 s.

А.С.САХОВ¹, Б.АБДИЛХАКИМ^{2*}

¹PhD докторант, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
(Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.), E-mail: kazak_abzal@mail.ru

²PhD доктор, Улудаг университеті (Түркия, Бурса қ.), E-mail: burhanhakim01@gmail.ru

**ҚАЗАҚ ЖЕРІНЕ ИСЛАМНЫҢ КЕЛУІ
ЖӘНЕ “ӘУЛИЕ” ҰҒЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ**

Мақалада қазақ жеріндегі көшпенді халықтың Ислам дінін қабылдағанға дейінгі діни ұстанымдары, ол ұстанымдарға Ұлы Жібек жолының ықпалы мен әсері сараланады.

Сондай-ақ Ислам дінінің қазақ жеріне келуі, оның ішінде Қазақстанның оңтүстік өңіріне жайылуы үш сатыға бөліп талқыланатын болады. Бұған қоса, исламға дейінгі ескі наным-сенімдердің жаңа діннің келуімен қалыптасқан үйлесімдер мен ұғымдардың пайда болуы мәселесі сөз етіледі.

Кілт сөздер: Ислам, Ұлы Жібек жолы, әулие, Орта Азия, дін, тарих, Отырар, Сайрам, Қағығұрт, Ташкент, Хорезм, Самарқан, Бұхара, Оңтүстік Қазақстан.

A.S.Sakhov¹, B.Abdilkhakim²

¹PhD Doctoral Student, L.Gumilev Eurasian National University
(Kazakhstan, Nur-Sultan), E-mail: kazak_abzal@mail.ru

²PhD, Uludag University (Turkey, Bursa), E-mail: burhanhakim01@gmail.ru

Islam in the Kazakh Steppe and the Meaning of the Concept “Aulie”

In the article, the old beliefs which were common in the Kazakh lands before Islam and the Silk Road that contributed in spreading of those beliefs, also the emergence of the Islamic religion in the modern Kazakh territory, its development and spreading will be examined. In addition, the compatibility of the Islamic religion to the old beliefs of the nomadic people and the spread of the new religion in southern Kazakhstan are discussed in three periods. Finally, the similarities between Islam and old beliefs and the emergence of new concepts will be examined.

Keywords: Islam, Silk Road, Central Asia, Religion, History, Sayram, Excavation, Tashkent, Narezm, Samarkand, Bukhara, South Kazakhstan.

А.С.Сахов¹, Б.Абдилхаким²

¹PhD докторант, Евразийский национальный университет имени Л.Гумилева
(Казахстан, г.Нур-Султан), E-mail: kazak_abzal@mail.ru

²PhD доктор, Университет Улудаг (Турция, г.Бурса), E-mail: burhanhakim01@gmail.ru

Ислам в казахской степи и значение понятия “Аулие”

В статье рассматриваются доисламские религиозные верования кочевников казахской степи и роль Великой Шелковой пути в распространении этих верований.

А также рассматриваются приход, процветание и распространение Ислама, соответствие новой религиозной веры жизненным принципам и верованиям кочевников,

*** Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

- Сахов А.С., Абдилхаким Б. Қазақстан жеріне исламның келуі және «әулие» ұғымының қалыптасуы // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2020. – №1 (115). – Б. 65-74.

*** Cite us correctly:**

- Sakhov A.S., Abdilkhakim B. Qazaqstan jerine islamnyñ kelyi jáne «áylie» úgymunyñ qalyptasúy // Iasaýi úniversitetiniñ habarshysy. – 2020. – №1 (115). – B. 65-74.

возникновения новых понятий. Распространение новой религии на юге Казахстана будут рассматриваться в три этапа.

Ключевые слова: Ислам, Велики Шелковый путь, Средняя Азия, святой, религия, история, Отырар, Сайрам, Казыгурт, Ташкент, Хорезм, Самарканд, Южный Казахстан.

Кіріспе

Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан қазақ жеріне ежелден бері Иран және Үндістанда пайда болған діндер мен әртүрлі сенімдер келіп отырған. «Жалпы түркілердің арасында тараған діндердің негіздеріне қарай жергілікті діндер, арилық және семит сенімдері ретінде үш топқа бөлуге болады» [1, 41-б.]. «Таяу Шығыстың діндері түркі жұртына келмей тұрып түркілер табиғат құбылыстарына, ата-баба култіне және Көк Тәңірге сенетін еді. Сондай-ақ олар табиғат-ананың тылсым күштерінің бар екеніне иланатын. Қоршаған ортадағы жанартау, теңіз, найзағай, ай, жұлдыздар, күн, от, дауыл сияқты табиғи құбылыстарға деген таңданыс және сүйіспеншілік араласқан қорқыныш, түркілерді бұларға киелілік таңып, сенім дәрежесіне көтеруге дейін апарды» [2, 297-б.]. Бұл сенімді басқа бір сөзбен шамандық деуге де болады.

Дегенмен уақыт өте келе ескі түркілердің сенімдерінің орнын жоғарыда айтқан арилық мен семит діндері алып бастады. Жалпы айтқанда бұл сенімдердің қазақ жеріне бағытталу себептері бір-біріне ұқсайды. Бұлардың көбісі діни көзқарастарындағы өзгешіліктер негізінде қауымдары арасында шыққан түсінбеушілік салдарынан Орта Азия аймағына қоныс аударып отырды деуге болады. Бұл – белгілі уақыттарда Иран және Үндістанда шыққан буддизм, зараостризм, христиандық, яһудилік, манихаизм, мақдейзм сияқты діндер мен секталар болып табылады.

Исламның қазақ жеріне келуі

VII ғасырдың басында Арап түбегінде пайда болған Ислам дінімен Орта Азия халқы сол ғасырдың екінші жартысынан бастап таныса бастады. Ислам халифатына жақын орналасқан Мәуренахрдағы халықтар жаңа дінді VIII ғасырдың бірінше ширегінде дейін қабылдап үлгеріп, мұсылмандардың билігіне кірді. Дегенмен солтүстіктегі Сырдарияның орта ағысындағы елді-мекендердің Исламды толық қабылдауы ұзақ уақыт алды. Бұған қазіргі Қазақстанның оңтүстігіндегі Испиджаб, Тараз, Шаш, Отырар сияқты қалалардың бір-бірінен алыс ораналсауы және де бұл жерлерде көптеген көшпелі түркі халықтарының өмір сүруі негізгі себеп болды. Өйткені Ислам алдымен отырықшы халықтың арасында тарап дамығаны үшін, жоғарыда айтқанымыздай, Ислам халифатынан алыс орналасқан қалаларға жаңа дінді жеткізу қиынға түсті. Оның үстіне бір жерден бір жерге көшіп-қонып жүрген түркілер арасында бір сенімді жаю, насихаттау оңай шаруа емес-ті. Сол себепті тіпті IX ғасырдың соңында қазіргі оңтүстік Қазақстанның көпшілік бөлігі мұсылмандардың қол астына өтіп, ол жерлерде Ислам кеңінен таралуына қарамастан, сол аймақтағы көшпенді түркі тайпалары әлі өздерінің ескі діндерін ұстанып отырды. Сондықтан Қазақстанның оңтүстігінде Исламның таралуы бір жыл не бір ғасырда жүзеге аспағандығын кесіп айтуға болады. Бұл күрделі процесс кезең-кезең, жай-жай орындалып, XIII ғасырдың бірінші ширегінде аяқталды деуге болады. Осы себепті бұл мақалада біз Қазақстанның оңтүстігінде Ислам дінінің таралуы барысын үш кезеңге бөліп қарастыруды жөн санадық. Бұлар:

1. Исламмен танысу: дұшпандық пен әрекеттестік кезеңі (VIII-IX ғғ.)

2. Мұсылмандар билігінің орнауы: Исламның қалалар мен көшпенділер арасында таралуы (IX-XI ғғ.)

3. Сопылық тариқаттарының миссионерлік әрекеттері және көшпенділердің арасында Исламның кеңінен таралуы (XI-XIII ғғ.).

Бірінші кезең. Исламмен танысу: дұшпандық пен әрекеттестік кезеңі (VIII-IX ғғ.)

Жазба деректерден біз мұсылмандардың Қазақстанның оңтүстігіне алғаш VIII ғасырдың бірінші ширегінде аяқ басқанын аңғарамыз. Нақты айтқанда Әмәуи халифатының (661-750)

Хоросандағы губернаторы Құтайба бин Мұслим (669-715) 713 жылында Шаш (Ташкентті), 714-те қазіргі Сайрам ауданының орнындағы Испиджабты басып алуыменен, қазақ жеріне алғаш рет мұсылмандар аяқ басты. Ислам халифаты тарапынан аймаққа тағайындалған губернаторлар бұған дейін де Орта Азия исламдандыруы саясатын жүргізіп келген болса да, бұлардың ешбірі Құтайба бин Мұслим сияқты сәтті діни саясат жүргізе алмады. Әмәуилердің атақты қолбасшысы Құтайбаның Оңтүстік Қазақстанда дінді жаю үшін қандай әрекеттер жүргізгені туралы мәліметтер болмаса да, оның Мәуренахрдағы Бұхара, Самарқан сияқты қалаларда дінді жаюға қатысты жасаған нақты қадамдары белгілі. «Басып алынған жерлердегі қала үйлерінің жартысын араптардың қоныстануы үшін босатқызуы, жаңа дінге кіргендерге намазды және құранды өз тілдерінде оқуға рұқсат беруі» [3, 78-б.], «жұма намазына келгендерге екі дирхамнан ақша таратуы сияқты іс-шаралары Орта Азияда Исламды жаюға бағытталған болатын» [1, 88-б.].

Дегенменен Құтайбаның 715 жылы өз адамдары тарапынан өлтірілуі, одан кейінгі жылдарда Әмәуи билігінің Орта Азияда әлсіреуі және Дамасктағы халифат сарайындағы ішкі тартыс кезеңінде Оңтүстік Қазақстандағы қалалар мұсылмандардың билігінен қайтадан шықты. Жалпы айтқанда мұсылмандар VIII ғасырдың кейбір кезеңдерде Сырдарияның орта ағысындағы жерлерге өз саяси беделдерін өткізіп отырғандарыменен, толығыменен ол аймақты қол астарына ала алмады. Бір сөзбен айтқанда, VIII ғасырда мұсылман-түркі қарым-қатынасы боранды кезеңдерді бастан өткеріп, бірге әрекеттестік пен дұшпандық арасында алмасып отырғанын айтуға болады. Әсіресе 751 жылы орын алған Тараз маңындағы Атлах соғысында, мұсылмандар мен түркілердің ортақ жаулары қытайға қарсы бірге соғысып, жеңуі, түркі тайпалары арасында Исламға және мұсылмандарға деген сүйіспеншілікті арттырғанын көреміз. Бұған қарамастан осы оқиғадан кейін олардың дереу мұсылмандыққа ұмтылып кеткенін де айтуға болмайды.

750 жылы Ислам халифатында Әмәуи династиясы құлап, Аббасилер халифалықты иеленді. Жорықтар мен әскери іс-шараларға көп көңіл бөлген Әмәуилерге қарағанда, Аббасилердің саясаты көбінесе ғылым мен мәдениетке, ішкі саясатқа бағытталды. Сондықтан бұл саясаттың нәтижесі ретінде аталмыш кезеңде қазақ жеріне әскери сапарлардың азайғанын айтуға болады. Бұған қарамастан Аббаси халифасы Махдинің (754-785 ж.ж.) Ислам территориясына кірген түркі елдеріндегі билеушілерге Исламға шақырып хат жолдағаны, олардың да біршамасының бұл ұсынысты қабыл алып, мұсылман болғандықтары жайлы да деректер бар [3, 9-б.]. Тіпті кейбір деректерде «778-779 жылдарында Қарлұқтардың жабғусының (билеушісі) халифа Махдинің арқасында Бағдатқа келіп мұсылман болғаны» туралы да айтылады [4, 258-б.]. «Дегенмен бұл дерекке күмәнмен қарау керек сияқты. Себебі қарлұқтар солтүстік Мәуренахрда орын алған мұсылмандарға қарсы көтерілістерге белсенді түрде қатысып отыратын еді» [5, 308-б.].

Екінші кезең. Мұсылмандардың билігінің орнауы: Исламның қалалар мен көшпенділер арасында таралуы (IX-XI ғғ.)

Қазақ жерінде Ислам дінінің жайылуының екінші кезеңінде Мәуренахрда тарих сахнасына шыққан парсы Самани мемлекеті ерекше орын алады. Саманилер билеушілері солтүстіктегі түркілердің Исламның шекарасына кіргізу үшін үлкен күш-жігер жұмсап, бұл мақсатта түркілерге қарсы көптеген әскери жорықтар жасады. Осы орайда ең үлкен жетістіктерінің бірі 840 жылы орын алып, Самани билеушісі «Нұх бин Асад (?-841) аймақтың ең үлкен орталығы Испиджабты басып алды» [6, 593-б.]. Осыдан кейін бұл қала XII ғасырда қарақытайлар шабуылына дейін мұсылмандардың биліген шықпады және Ислам діні мен мәдениетін бойына сіңірді. Оның үстіне Испиджаб аймағындағы басқа елді-мекендерге де діннің таралуындағы орталыққа айналып, мұсылмандардың солтүстіктегі ең шеткі шекара-қаласы болды. Тағы бір Самани билеушісі Исмаил бин Ахметтің (849-907 ж.ж.) 893 жылында Тараз қаласын мұсылман билігіне бағындыруы да, қазақ жерінің исламдануы тұрғысынан үлкен оқиға болады. Тараз ол кезеңде мұсылман билеушілерінің

шығыста жеткен ең соңғы елді-мекен еді. «Таразды басып алғаннан кейін Ахмет қаладағы ең үлкен шіркеуді мешітке айналдырды, сондай-ақ Тараз қаласының әмірі жанында көптеген ақсүйектермен бірге Исламды қабылдады» [3, 123-б.]. Яғни Саманилер басып алған қалалардан тек қана салық алып қоймай, ол жерлердің исламдануына ерекше көңіл бөлетін еді. Бұған Тараздың оқиғасы үлгі болады.

Саманилердің Қазақстанның оңтүстігін исламдандыру саясатының 50-60 жылда нәтижелі болғанын көреміз. «Археологиялық зерттеулер X ғасырдан бастап Оңтүстік Қазақстанда мұсылман дәртүрі бойынша жерлеу рәсімінің жайыла бастағандығын, ал XI ғасырдың бірінші жартысынан бастап шариғи жерлеу мәдениетінің кеңінен тарағанын дәлелдеп отыр. Тіпті археологиялық қазбалар нәтижесінде IX-X ғасырларға тиесілі мұсылман қабірлері Отырар төңірегінен табылды. XI-XII ғасырлардағы қабірлердің төбесіне зираттар салынып басталады. Бұның айқын үлгісі ретінде Жамбыл облысында орналасқан тарихи Айша Бибі зиратын айтуға болады» [7, 1066-б.]. Тағы бір айта кететін жәйт, Исламды алғаш болып Қазақстан жеріндегі отырықшы елді-мекендердің қабылдауы мәселесі. Мысалға «X ғасырларда аймаққа сапар шеккен Ибн Хурдазбих, Ибн Хауқал сияқты арап жағрафияшылары Сырдарияның орта ағысында орналасқан әрбір қалада бірер мешіттің орын алғандығын хабарлайды» [7, 1065-б.]. Исламның бірінші қалаларда жайылуының себебін, белгілі ортада өмір сүретін отырықшы халық арасында дінді таратудың, бір жерде тұрақтамайтын көшпенділердің арасында жаюдан әлдеқайда оңайға түсетіндігіменен түсіндіруге болады. Дегенмен бұл кезеңде көшпенділер арасында Ислам діні тіпті қабылданбады деуге де болмайды. Мысалға «жағрафияшы Ибн Хауқал қазіргі Оңтүстік Қазақстандағы Фараб, Шаш және Канджида елді-мекендері арасында мың мұсылман түркі отбасысының» өмір сүргендігін жазады [8, 511-б.].

Қазақстан жерінде өмір сүрген түркілердің Исламды қабылдау процессіне қарап отырсақ олардың дінді көбінесе өз еріктеріменен қабылдағандарын байқауға болады. Себебі психологиялық тұрғыдан да түркі халықтарының Исламды қабылдауларын жеңілдететін көптеген факторлар болды. Былайша айтқанда, ескі түркілердің сеніміменен Ислам арасында жақындық бар еді. Мысалы, Исламдағы Алла жолындағы шайқасу мағынасына келетін Жихад түсінігіне, түркілердің қандарында бар батырлық пен жаугершілік болмыстары сай келетін. Яғни жихад жасаудың нәтижесінде Қиямет Күні берілетін сыйақы түркілердің Исламды қабылдауларына құштарландырғанын айтуға болады. Бір жағынан түркілердің ескі сенімдері де Исламның негізгі принциптеріне қайшы келмейтін, өз кезегінде Ислам да түркілердің руханиятыменен үйлесімді болғанын айтуға болады. Мысалы, «түркілердің дүние мен адам қимылдарының жаратушысы деп білетін Көк Тәңрінің сипаттары Исламдағы Аллаға жақын еді. Оның үстіне түркілердің Исламды қабылдауы процесінде бұл мәдениеттің артықшылығы мен тартымдылығы да рөл ойнады деуге болады. Исламның адамдар арасында теңдік, мейірімділік, бауырмашылдық және бейбітшілік сияқты құндылықтарды насихаттауы, көшпенді түркілерді әсерлендірмей қалдырмағаны анық» [9, 226-б.].

X ғасырда Құран ең алғаш рет түркі тіліне аударылады. Бұл аударманың ең басты ерекшелігі арабша діни терминдердің орнына түркі сөздерінің қолданылуы болды. Мысалы, «аударылған Құранда Алла сөзінің орнына «Тәңір», Шайтанға «йалвач», жәнәтқа «учмақ», тозаққа «тамұқ», Ақырет күніне «Ұлық күн», күнәға «йазық» сөздері пайдаланылды». Бұл жерден біз түркі халықтарының ескі сенімдерінде Исламға ұқсайтын көп тұстарының бар болғандығын аңғарамыз [9, 105-б.]. Дегенмен уақыт өте келе бұл түркі діни терминдерді парсыша сөздер ығыстырып шығарады. Осылайша, Тәңрі сөзі «Құдай», йалвач «пайғамбар», т.б. өзгереді.

«Құранның парсышаға аударылуы болса Самани династиясының билеушісі Мансұр бин Нұх кезеңінде (961-976 ж.ж.) қолға алынды. Бір қызығы бұл жердегі Құранды тәржімалау комиссиясына Ферғана, Самарқанд, Бұхара сияқты үлкен діни орталықтардың ғұламаларымен қатар, Испиджабтың ғалымдары кіреді» [9, 106-б.]. Бұл дегеніміз 840 жылында мұ-

сылмандардың билігіне кірген Испиджабтан арадан бір ғасыр өткен соң, Құранды тәпсірлей алатын дәрежедегі ғалымдардың шыққанын білдіреді. Яғни қазіргі қазақ жерінің қалалары аталмыш заманда тек қана Исламды қабылдап қана қоймай, дінге өз үлестерін қосып отырды.

«960 жылы Қарахан билеушісі Байтас Арыстан Хан Сүлеймен Исламды ресми дін ретінде жариялап тарихта бірінші рет түркі мұсылман мемлекетін құрады» [10, 182-б.].

Араб тарихшысы Ибну-л Асирдың деректерінде «960 жылы 200.000 түркі шаңырағының Исламды қабылғаны» айтылады [11, 532-б.]. Бұл дерек қазақ жерінің исламдануы мәселесінде өте маңызды. Аталмыш оқиғада Мәуренахрдан келген діни миссионерлердің үлкен әсері болғанын айтуға болады. Сонымен қатар 960-шы жылғы қарахандардың Исламды мемлекеттік дін ретінде жариялауы мен 200.000 түркі үйінің мұсылман болуы арасында байланыс болуы да ықтимал.

Сондай-ақ Қарахан мемлекетінің билігі Мәуренахр мен қазіргі Қазақстанның оңтүстігінде нығайған соң, түркі тайпаларының арасында жаппай исламдану процессінің етек алғанын көре аламыз. Мысалы тағы да Ибну-л Асирдың деректерінде «Жетісу және Шу аймақтарында өмір сүріп жатқан 10.000 түркі отбасысының Исламды қабылдап, Құрбан Айт мейрамында 20.000 қой сойғаны» айтылады [11, 520-б.]. Бұл оқиғадан бұрын Сырдарияның төменгі ағысында өмір сүріп жатқан Оғыз тайпасының көсемдерінің бірі «Селжұқ Қынық өзіне қарасты оғыздармен бірге мұсылман болған еді. Сөйтіп ол өзінің мұсылман емес руластарына қарсы соғыс жариялады. Бұнымен де қалмай Женд қаласындағы мұсылмандардан салық алып отырған Оғыз билеушісін қуып, діндерін бұл салықтан босатты» [12, 73-б.].

Исламның түркілер арасында жайылуымен тұспа-тұс бұл діннің басты тілі арапша да жазба тілде позициясын күшейтті. Мысалы «Әбу Насыр әл-Фараби (870-950ж.ж.) өз еңбектерін тек арабша жазса, Жүсіп Баласағұн (1015-1070ж.ж.) «Кұтадғұ Білік» кітабында және Махмұт Қашғари (1029-1102 ж.ж.) «Диуан-и Лұғат ат-Түрік» сөздігін жазуда араб әліпбиін қолданды» [7, 1066-б.].

Үшінші кезең. Сопылық тариқаттарының миссионерлік әрекеттері және көшпенділердің арасында Исламның кеңінен таралуы (XI-XIII ғғ.)

XI ғасырдың соңдарында XII бастарында Оңтүстік Қазақстанның қалаларының барлығы дерлік мұсылман болғанына қарамастан, көшпенді түркі тайпалары арасында әлі күнге дейін Исламды қабылдамағандары көп болды. Осы орайда бұл аймақта Исламды жаю мәселесінде сопылық тариқаттарының белсенді түрде атсалысқандығын айта кету керек.

«Орта Азияға XI-XII ғасырларда Иран арқылы келген сопылық, қазіргі қазақ жеріндегі түркілердің Исламды қабылдауында өте маңызды рөл ойнады. Оның үстіне сопылардың бойындағы көркем мінез, дінді көбінесе өлең жолдарымен жеткізу тәсілдері көшпенділерді әсерлендірмей қалдырмады, былайша айтқанда сопылық олардың жүректерінен шықты. Тағы бір айта кететін жәйт, сопылық миссионерлерінің дінді жаю іс-шаралары қалай болса солай жүргізілмей, тариқат шейхтары тарапынан жіберілген діндарлар тарапынан жүйелі түрде жүзеге асып отырды» [13, 108-б.].

Әсіресе Ахмет Йасауи түркілердің руханиятына сай келетін, көңілдеріне қонатын тариқат құруда бәрінен ілгеріледі. «Оның құрған жолы көшпенділер мен жартылай көшпенді түркі тайпалары арасында орасан зор абыройға ие болды. Сондықтан Йасауидің өмір сүрген кезеңінде (1094-1166 ж.ж.) көшпенді оғыз, қардұқ, қыпшақ түркі тайпалары арасында исламдану процесінің шырқау шегіне жетуі кездейсоқ емес-ті» [13, 110-б.]. Йасауидың айналасына жиналғандардың көбісі көшпенді түркілер мен қарапайым ауыл тұрғындары болатын. «Йасауи тариқатының бір ерекшелігі олардың дінді жаюда ешкімнен бір қолдау алмай, түсінікті түркі өлең жолдары арқылы Исламды насихаттауы еді» [14, 210-б.]. «Осылайша Ахмет Йасауидің құрған тариқаты алғашында Отырар, Сайрам, Қағығұрт, Ташкент, Харезм, Самарқан, Бұхарада жайылып, артынан Хорасанға дейін жетті» [15, 499-б.].

«Сопылықтың түркілердің көңілдерінен соншалықты шығуын бір жағынан олардың психологиялық жағдайымен түсіндіруге болады. Жалпы әрбір көшпендінің мінезінде бастапқы табиғатынан сопылық элементтердің бар болғандығын көруге болады. Мысалы көшпенділердің руханиятының сезімталдыққа жақын болуы, еркін ойлаулары, қатып қалған діни шарттар мен рәсімдерге қарағанда романтикаға толы имандылықты жақсырақ көрулері, идеалдылық, материалдық дүниелерден алшақ болулары, осының бәрі оларды сопылықпен жақындастырды. Сондай-ақ, олар сопылар сияқты белгілі бір жерге не мекенге тәуелді болмай, әрдайым көшіп-қонып жүретін. Жолда жүру олардың өмірлерінің бөлінбейтін бір бөлшегі болатын. Сопы мен көшпендінің тағы бір ұқсас жағы, олардың табиғаттарынан игі-жақсылықтарға жақын болуы еді. Батырлық мінезге ие бұл екеуінің де өмірлері қауіп-қатер және тәуекелділікке толы болатын. Сонымен қатар көшпенділерге жүйелі түрде, қарапайым өмір сүру тәрізі жақын еді, сол себепті сопылардың жолын ұстану оларға қиынға соқпады. Бәрінен бұрын, сопылардың өлең мен өнерге, әуенге жақындығы және Құран аяттарын көркем өлеңдерге айналдыра отырып дінді жеткізулері көшпенділердің көңілінен шықты» [13, 107-б.].

Саманилер, қарахандықтар және сопы миссионерлерінің Исламды жаю іс-шараларынан соң да, XII ғасырдың орталарында қазіргі Қазақстанның оңтүстігінде әлі де мұсылмандықты қабылдамаған түркілер бар еді. Бұлар әсіресе Сығанақтағы Қыпшақтар болатын. Осы орайда қыпшақтардың Ислам мәдиетіне кіргізу барысында Харезмшахтар мемлекеті аса маңызды рөл ойнағанын айта кету керек. «Харезмшахтардың 1152 және 1195 жылдарында Сығанаққа жасаған әскери жорықтары сәтсіз аяқталса да, 1198 жылы харезмшахтық Құтбuddin Мұхаммед басшылығындағы әскерлер қаланы басып алуға күштері жетті. Дегенмен Сығанақтың түбегейлі Харезмшах мемлекетінің билігіне кіруі XIII ғасырдың бірінші ширегінде ғана мүмкін болғанын» айта кету керек [Ахинжанов, 1995: 280]. Осылайша қарақытайлардың Сырдарияның орта ағысының билігін қолдарына алған кезде бәсеңдеп қалған исламдану процесі, XII ғасырдың екінші жартысында харезмшахтардың күшеюі кезеңінде қайта үдере түсті.

Харезмшахтар кезеңінде Исламды қыпшақтар арасында ең бірінші қабылдағандар әскерлер болды. Себебі «XII ғасырдың ортасынан бастап харезмшахтар армиясына қыпшақтардан жауынгерлер алып бастаған кезде, олар қыпшақ жігіттеріне бұл қызметке кіру үшін мұсылман болуларын шарт қойды. Қыпшақ жауынгерлері де бұл ұсынысты қабыл алып, өз еріктерімен мұсылман бола бастады. Моңғол шапқыншылығы барысында Отырарды алты ай қорғаған Қадырхан да Исламды осылайша қабылдаған болатын» [16, 280-б.].

Қысқаша айтқанда қазіргі Қазақстан территориясында өмір сүрген түркілердің Исламды қабылдау кезеңдеріне қарап отырсақ, олардың көбінесе бұл дінді қан төгіссіз өз еріктерімен қабылдағандарын көруге болады. Шығыстанушы Бартольд та осы мәселе жайлы сөз қозғағанда «түркілердің мұсылмандықты өз еркімен қабылдаған алғаш қауым» болғандығын жазады [17, 244-б.]. Түркілердің Исламды қабылдаулары олардың ұлттық мүдделеріне қайшы келуі бір жағына оң нәтижелерге апарғанын айтуға болады. Мысалы «Қазақстанның территориясында өмір сүрген түркілер, мұсылман болғаннан кейін бастары қосылып, бұрын жұрдай болған бірлікке ие болды. Ал Исламға дейінгі басқа діндер мен сенімдер болса, уақыт өте келе жаңа діннің арқасында ығыстырылып шығарылды» [18, 225-б.].

Исламның қазақ даласына келуі жөнінде этнограф, ғалым Ш.Уәлиханов төмендегідей пікір білдірген: «Менің пайымдауымша, қырғыздардың бақсылық дәстүрі моңғолдарға қарағанда әлдеқайда бай. Бұл сөзім арқылы бақсылық дәстүр моңғолдарға қарағанда қырғыздарда таза сақталған деп айтқым келмейді. Керісінше қырғыздарда бақсылық сенім мұсылмандық сеніммен араласып кеткен. Араласқан сенімдер бір сенімге айналды. Ол мұсылмандық сенім. Олар Мұхаммедті білмеді, Аллаға сене отырып әруақтарға да сенді. Мұсылмандардың әруақтарына құрбандық шалды, бақсыларға сеніп Мұхаммедтің қожаларын құрметтеді. Бақсылар отқа табынды, әруақтар мен періштелерге табынып, Алла-

ны мадақтады. Бұл қайшылықтар бір-біріне ешқандай кедергі келтірмеді, қырғыздар осының барлығына сенді. Ислам діні – дін жөнінде түсінігі аз, түсіндіруші молдасы жоқ қауымда санаға сіңе алмады. Бірақтан өзіндік орнын жоғалтқан жоқ. Осы исламның атын баяғы бақсылық жамылып жүре берді. Осыдан келе атаулар өзгергенімен негізгі ой өзгермеді. Өнгенді әруақ деп атай бастады, көк тәңірін Алла немесе құдай, жердің рухын жын, шайтан деп атағанымен идеясы бақсылықта қалды. Дегенімен исламдағы жалғыз Алла түсінігі бақсылықты ысыра бастады. Бақсылықтың көк тәңірі идеясы ислам дінінің қазақ даласына нықтап енуінен Алла түсінігіне ұштасса, кейбір түсініктері мүлдем жойылды. Табиғат пен адам, өмір мен өлім құпияға толы мәселе болып келді. Адам мен табиғаттан асқан тылсым әрі керемет болуы мүмкін бе? Адамның табиғатпен қатынасы, өмір мен өлімнің сұрақтары мен әлемнің кереметтерін ұғыну – бақсылықты туындатты. Бақсылықтың туындауы – бұл жалпыға ортақ табиғатқа құрметтен басталған. Адамдар бақсы келбетіндегі тірі рухқа табынды, өлі рух ретінде әруаққа табынды. Бұл өмірдегі адам баласына табиғаттың әсері өте күшті, өте әсерлі болуына байланысты адам ережелер жасауға тиіс болды. Не істеп, не істемеу керектігін білуі қажет болды. Сол заманда тылсым болып есептелген, кейіннен бақсылық деп санаған салт-дәстүрлердің қалыптасуы осылай» [19, 48-б.]. Осылайша автор қазақ даласындағы түркілердің мәдениетінде Ислам дінінің келуімен пайда болған өзгерістерге өзіндік бағасын береді. Ш.Уалихановтың жазбасындағы деректерге сүйенер болсақ қазақ даласындағы көшпелі түркілердің ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени ұстанымдарының Ислам дінінің ережелері мен шарттарына қайшы келмейтін болғандығын аңғаруға болады. Қазақ даласындағы көшпенділердің пәлсапасының, өмірлік ұстанымдарының, салт-дәстүрлерінің қоршаған ортаға, табиғатқа залалын келтірмей табиғаттың бір бөлшегі болуға дәріптеп отырғандығын, дәл сол ұстанымдарды Ислам діні де дәріптейтінін көруге болады. Қазақ даласына Ислам дінінің ешқандай соғыссыз келуіне жоғарыда келтірілген себептермен бірге көшпенді халықтың ұстанымдарына Ислам діні ұстанымдарының қайшы келмеуі де себеп болуы керек.

Осылайша қазақ даласын мекендеген көшпенді түркілердің өміріне Ислам дінінің келуімен әулие культі енді. Әулие деп ел атаған тұлғалардың алып қарасақта әулиелер халықтың жағдайын ойлайтын, халықтың жанашыры, бар ғұмырып өзінің халқына арнаған ерекше тұлғалар болған. Әулиелердің ұстанған өмірлік жолы Ислам діні ұстанған бағытқа керіағар келмеген. Әулиелер ел ішінде билік жасауға немесе билік жасауға бір құрал болмаған. Олар бар ғұмырып халқының келелі болашағына арнаған. Әулие сөзінің мағынасын қарайтын болсақ, Ислам дінін ұстанатын мемлекеттердегі анықтамалар бір-бірінен алшақтай қоймайды, ұқсас келеді.

Әулие сөзіне М.Бурабаев былайша анықтама береді: «Мен, «Әулие» деген сөзге берілген, анықтамаларға көңілім толмады. Түрік-мұсылман халықтары оның ішінде қазақтарға «Әулие» деген сөз арабтардан келген. 1986 жылы Бейрутта шыққан Жубран Масғуд деген ғалымның «Раид әт-Туллаб» деген «Арабшадан арабша» түсіндірме сөздігіне көз жүгірттік: «Әулие»-бұл сөздің көпшілік түрі «әулиелер»; ұғым араб тіліндегі «әули» сөзінен шыққан (320). Мағынасы:

1. Аллаға жақын адам; оның данышпандығын уағыздайды;
2. Әулие – бір заттың иесі.
3. Әулие – қарапайым адамның қолынан келмейтін кереметтерді жасаушы.
4. Әулие – көпті көрген білгір, адал, көреген, алдындағыны болжағыш адам.
5. Әулие – елді, жұртты, халықтарды татулыққа шақырады.

Жоғарыда айтылған, пікірге қосарым Әулиелердің қоғамдық, көрегендік (жан-жақты білімді болғандықтан), жастарға, халыққа үлгі-өнеге көрсетуінде. Фараби бабамыздың шәкірті Ибн Рушд айтқан екен: «Дана-данышпан адам пайғамбар бола алады, ал кейбір пайғамбар дана бола алмайды».

Қазақтардың арасында молдалар (әсіресе шала молдалар) көп болған. Бірақ оларды

«әулие» деуге болмайды. Ал әр «Әулие» молда бола алады. Әулиелерге ешқандай үкімет, әмір, хан, сұлтан немесе ВАК (жоғарғы аттестациялық комиссия) атақ, диплом бермейді, олар халықтың қалауымен «Әулие» дәрежесіне ие болады» [20, 186-б.]. М.Бурабаевтың пікірі жоғарыда айтылған пікірді нақтылай түседі. Халық әулие деген атақты кез-келген адамға бермеген. Осы атаққа лайықты адамдарға ғана берген. Әулие болу үшін адам өмірдің лас тіршілігіне араласпаған, ешбір жанға зиянын тигізбеген, айналасындағыларын ауыз біршілікке, ел болуға, біреуге қиянат жасамауға шақыратын, жасаған іс-әрекеті соған лайықты болуы шарт болған.

Қазіргі таңда Қазақстан жеріндегі әулие ұғымы жөнінде айтар болсақ. Ұғымды шатастырып түсінушілер де баршылық. Әулие ұғымын «Аллаға жақын адам» деп қарастырсақ, халық ішінде әулие ағаштар, әулие орындар, әулие су деген сияқты көптеген теріс түсініктер пайда болған. Алла абсолют, ол жаратушы. Әулие деп Алла жолында жүрген адамды атаған. Құранда «Әулие» сөзі 35 рет, «Уәли» сөзі 113 рет кездеседі. Арабшадан аудармасы: «Әулие» сөзі Алланың достары, «Уәли» сөзі Алланың досы деген жекеше және көпше мағына береді. Құраннан мысал келтірсек: Бақара сүресі 107 аятының аудармасы «Сіз үшін Алладан басқа дос жоқ» деп аударылады.

Қазіргі таңдағы әулие ағаштарға матаның жыртығын байлау, әулие суларға, әулие орындарға бару сияқты іс-әрекеттер көпшілік ішінде көрініс табуда. Бұл әрекеттерге сана түйсігінде жатқан исламға дейінгі ұстанымдардың шығуы немесе адастырушы бағыттардың ықпалымен жасалынып жатқан әрекеттері, десек те негізгі мәселе білімсіздігімізге келіп тірелері анық. Ислам діні жөніндегі біліміміздің таяздығы мен қазақты жою мақсатында жүргізілген озбыр саясатта өзінің орасан зор ықпалын тигізуде. Әулие ұғымын пайдалану барысында жеңіл, көзбояушылыққа бағытталған іс-әрекеттермен шатастырып, құндылығы мен салмағын жоғалтып, өзіндік тиесілі бағасын бере алмай келе жатқанымыз анық. Қазіргі таңдағы «Әулие» сөзінің пайдалану аясы әулиелік ұғымды жеңілдетіп, құндылығын жоғалтуда.

Көшпелі қазақ арасында Ислам дінін таратып, осы жолда өмірін сарп етіп, жанын қиған Арыстан бап, Қожа Ахмет Иасауи, Масат ата, Укаша ата секілді арғы тегі хазірет пайғамбардан таралған әулилер ерекше ілтипатқа ие. Олардың тұқым-жұрағаттарын халық қожа деген әлеуметтік қабатқа жатқызып, ақсүйек деп осы уақытқа дейін ардақтап келеді. Сонымен бірге дінді тарату жолына күш салып, бұқараны имандылыққа үндеген жергілікті халықтан шыққан Әулие ата (Сатық Бұғра Қара хан), Бахауиддин Нақышбанд, Бекет ата, Науан хазірет, Марал ишан, Қалжан ахун, Мәшһүр Жүсіп Көпей, Шәкәрім секілді тұлғалар да әулиелік жолды жалғастырушылар болып есептеледі. Бұл біздің танып, біліп жүрген аты мәлім тұлғаларымыз. Тарихтың қатпарларында бір себептермен айтылмай, не ұмыт қалған тұлғаларымыз қаншама? Осындай тұлғаларымыздың бірі, көп уақытқа дейін тек халықтың аузындағы аңызға ғана сүйеніп, бірақ дәлелдейтін дәлелі небары соңғы жылдары ғана табылған Бекасыл әулиені ел тани бастады. Бекасыл Биболатұлының төл еңбегі алғаш рет 2005 жылы бір том болып, екінші рет 2011 жылы толықтырылып, екі том болып «Жұлдызнама» деген атпен жарық көрді [21]. Ал 2017 жылы алғашқы нұсқаларда ашылмаған көп сөздерді аударып, толықтырылып «Зикзал» деген атпен қайта жарияланды [22]. Алғашқы нұсқасын Мақсұт Шапиғи мен Сәрсенбі Дәуітұлы аударып, құрастырып шықты. Екінші нұсқасына Абдулла қажы Жолдасұлы тер төксе, үшінші нұсқасын шығару үшін Оразбай Зәріпбай Жұманұлы мен Оразбаев Мұхаммедзафар Зәріпбайұлы көп еңбек етті. Алғы сөзін жазған көрнекті мемлекет қайраткері, белгілі ғалым Мырзатай Жолдасбеков. Бекасыл әулиенің асыл мұрасы «Зикзал» қиыстырылған, өрнектелген деген мағына беруінен-ақ, адам баласына өмірінің барлық кезеңдеріне қажетті болатын құнды еңбек екендігін көруге болады.

Ислам дінінің қазақ даласына келуі көптеген өзгерістер мен жаңалықтардың қалыпта-суына алып келді. Қазақ даласына ғылым мен білімнің жаңа толқынының келуіне Ислам ді-

нінің орны орасан зор. Ал тарихтан аты өшіп, не табылмай келе жатқан тұлғаларымызды тауып, тарихымызды зерттеп, зерделеп отырып өз бағасын беріп тану біздің парызымыз.

Қорытынды

Қазақ даласындағы көшпелі түркілерге Ислам дінінің келуі өзіндік әсерін тигізбей қоймады. Біртіндеп Қазақстанның оңтүстік өңірлерінен келген Ислам дінін алдымен отырықшы елді-мекендер қабылдаса, кейіннен әскери адамдар қабылдады. Көшпелілердің исламды қабылдауына көп жағдайда қарсылық білдірмеу себебі, Ислам дінінің олардың өмірлік ұстанымдарына қайшылық келтірмеуі, бағытас болуы, мәдениетіне нұқсан келтірмеуі ықпал жасаған. Осылайша Ислам діні қазақ даласына, оның ғылымы мен біліміне жаңалықтар алып келді. Ислам дінін қабылдау арқылы көшпелілер өзінің пәлсапасын қалыптастырды.

Қазақ даласында дін мен ғылымды сабақтастыра меңгеріп, санасында қорытқан тұлғалар ел ішінде үлкен беделге ие бола бастады. Елдің жанашыр азаматтары болып ел ішіндегі және сыртындағы істерге белсене араласты. Осындай тұлғалар арасынан ел әулие атаған тұлғалар да қалыптасты. Әулиелердің елдің мәдени өміріне қосар үлесі мол болған. Дін мен мәдениет табу немесе шектеуден тұратынын ескерсек, әулиелер тұрғылықты халықты діни, адамгершілік тұрғысында мәдениеттілікке, ғылым мен дінді меңгеруге шақырған.

Қазақ даласындағы көшпелі халықтың ислам дінін қабылдауы арқылы ислам мемлекеттерінің ғылымы мен білімін меңгеруге жаңа жол ашылды. Сонымен қатар ислам дінінің келуі жаңа серпілістердің болуына алып келді. Сол серпілістердің бірі деп қазақ даласындағы көшпелілердің ауызбіршілігі мен ұйымшылдығының артуына айтарлықтай үлесін тигізді. Сол ғасырлардағы тарихи құндылықтардың қалыптасуын қазіргі өскелең ұрпаққа айқындап беру негізгі мәселе болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории Средневекового Казахстана. – Алматы: Ғылым, 1995. – 280 б.
2. Barthold V.V. Sochineniye, Obshniye Raboti po İstorii Sredney Azii – Raboti po İstorii Kavkaza i Vostochnoy Evropi [Composition, general works on history of Central Asia – Works on history of Caucasia and Eastern Europe]. – V. II, part I. – Moskva, 1963.
3. Barthold V.V. Orta Asya Tarih ve Uygarlık. – İstanbul, 2010.
4. Belazuri Abu Huseyin Ahmed bin Yahya. 1987 Futuhu'l-Buldan. Beirut.
5. Ibn Hawqal Abu'l-Kasim An-Nasibi. 1939 Kitabu Surati'l-Arz. Leiden.
6. Ibn al-Athir Abu'l-Hasan Ali b. Abu'l-Karam Muhammed. 1965 Al-Kamil fi't-Tarih. – Beirut. – V. 8. – 532 p. – V. 9. – 520 p.
7. Kafesoğlu İbrahim. 2002 Eski Türk Dini // Türkler. – Ankara. – V. 3.
8. Қазақстан Тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін / Ред. К.А.Ақышев, К.В.Байпақов, О.И.Исмағұлов, Б.Е.Көмеков. – Том 1. – Алматы, 1996.
9. Кітапçı Zekeriya. Türkler Nasıl Müslüman oldu? – Konya, Yedikubbe Yayınları, 2004.
10. Кітапçı Zekeriya. İlk Müslüman Türk Hükümdar ve Hakanları. – Konya, Yedi Kubbe Yayınları, 2004.
11. Köprülü Füat. Ahmet Yesevi / İslam Ansiklopedisi. İstanbul, MEB Yayınları, v. 1. 1978.
12. Ковалская С. Ислам у казахов: Этапы распространения, Специфика, Влияние // Orta Asya'da İslam (ed: Muhammed Savaş Kafkaslı). – Ankara-Türkistan, SFN Televizyon tanıtım Tasarım Yayıncılık, 2012. – V. 2.
13. Muhammed b. Jafar. Târîhu Buhârâ. Cairo, Dar al-Maarif. 1993.
14. Narshahi Abû Bakir Muhammed b. Jafar. 1993 Târîhu Buhârâ. Cairo, Dar al-Maarif.
15. Нуртазина Н. Ислам в истории средневекового Казахстана. – Алматы: Фараб, 2000.
16. Сыздықов С.М. Қарлұқ-Қарахан мемлекеті. – Алматы, 2015.

17. Tanyu Hikmet. Islamlıktan Önce Türklerde Tek Tanrı İnancı. – Ankara, Ankara Üniversitesi Basımevi, 1980.
18. Turan Osman. Türk Cihan Mefkûresi tarihi. – İstanbul, Nakışlar Yayınevi, 1978.
19. Уалиханов Ш. Собрание сочинений в пяти томах. – Том 4. – Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1985. – 547 с.
20. Бурабаев М.С. Фараби – Аристотельден кейінгі екінші ұстаз. Құран және Ахмед Яссауидің хикметтері. Ислам және Бекасыл Биболатұлының философиясы. – Алматы: Мифология, 2006. – 186 б.
21. Бекасыл. Жұлдызнама Ғибрат кітабы. – Астана, Күлтегін, 2011. – I кітап. – 417 б.
22. Бекасыл Биболатұлы. Зикзал. – Астана, Ғылым, 2017. – I кітап. – 483 б.

REFERENCES

1. Ahınjanov S.M. Kypchakı v istorii Srednevekovogo Kazahstana. – Almaty: Ǵylym, 1995. – 280 b.
2. Barthold V.V. Sochineniye, Obshniye Raboti po İstorii Sredney Azii – Raboti po İstorii Kavkaza i Vostochnoy Evropi [Composition, general works on history of Central Asia – Works on history of Caucasia and Eastern Europe]. – V. II, part I. – Moskva, 1963.
3. Barthold V.V. Orta Asya Tarih ve Uygarlık. – İstanbul, 2010.
4. Belazuri Abu Huseyin Ahmed bin Yahya. 1987 Futuhu'l-Buldan. Beirut.
5. Ibn Hawqal Abu'l-Kasim An-Nasibi. 1939 Kitabu Surati'l-Arz. Leiden.
6. Ibn al-Athir Abu'l-Hasan Ali b. Abu'l-Karam Muhammed. 1965 Al-Kamil fi't-Tarih. – Beirut. – V. 8. – 532 p. – V. 9. – 520 p.
7. Kafesoglu İbrahim. 2002 Eski Türk Dini // Türkler. – Ankara. – V. 3.
8. Qazaqstan Tarihy. Kóne zamannan búginge deın / Red. K.A.Aqyshev, K.V.Baıpaqov, O.I.Ismagúlov, B.E.Kómekov. – Tom 1. – Almaty, 1996.
9. Kitapçı Zekeriya. Türkler Nasıl Müslüman oldu? – Konya, Yedikubbe Yayınları, 2004.
10. Kitapçı Zekeriya. İlk Müslüman Türk Hükümdar ve Hakanları. – Konya, Yedi Kubbe Yayınları, 2004.
11. Köprülü Füat. Ahmet Yesevi / Islam Ansiklopedisi. – İstanbul, MEB Yayınları, 1978. – V. 1.
12. Kovalskaia S. Islam ý kazahov: Etapy rasprostraneniya, Spetsifika, Vlianiye // Orta Asya'da Islam (ed: Muhammed Savaş Kafkaslı). – Ankara-Türkistan, SFN Televizyon tanıtım Tasarım Yayıncılık, 2012. – V. 2.
13. Muhammed b. Jafar. Tarihu Buharâ. Cairo, Dar al-Maarif. 1993.
14. Narshahi Abû Bakir Muhammed b. Jafar. 1993 Târîhu Buhârâ. Cairo, Dar al-Maarif.
15. Nyrtazina N. Islam v istorii srednevekovogo Kazahstana. – Almaty: Farab, 2000.
16. Syzdyqov S.M. Qarluq-Qarahan memleketi. – Almaty, 2015.
17. Tanyu Hikmet. Islamlıktan Önce Türklerde Tek Tanrı İnancı. – Ankara, Ankara Üniversitesi Basımevi, 1980.
18. Turan Osman. Türk Cihan Mefkûresi tarihi. – İstanbul, Nakışlar Yayınevi, 1978.
19. Ұалиханов Ш. Собрание сочинений в пяти томах. – Том 4. – Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1985. – 547 с.
20. Бұрабаев М.С. Фараби – Аристотелден кейінгі екінші ұстаз. Құран және Ахмед Яссауидің хикметтері. Ислам және Бекасыл Биболатұлының философиясы. – Алматы: Мифология, 2006. – 186 б.
21. Бекасыл. Жұлдызнама Ғибрат кітабы. – Астана, Күлтегін, 2011. – I кітап. – 417 б.
22. Бекасыл Биболатұлы. Зикзал. – Астана, Ғылым, 2017. – I кітап. – 483 б.

Ш.Т.КЕРІМ¹, Е.Б.НҮСІПБАЕВ², Б.М.МАНАБАЕВ^{3*}

¹филология ғылымдарының докторы, профессор, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті (Қазақстан, Алматы қ.), E-mail: kerim-1962@mail.ru

²PhD докторант, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті (Қазақстан, Алматы қ.), E-mail: er_kz@inbox.ru

³PhD доктор, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті (Қазақстан, Алматы қ.)

**ИНТЕРНЕТ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДІНИ КОММУНИКАЦИЯ МӘНМӘТІНІНДЕГІ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Бұл мақалада қазнеттің діни ресурстары, олардың қазіргі жай-күйі мен даму тенденциялары қарастырылады. Сонымен қатар автор ақпараттық қоғамның қалыптасуындағы интернеттің рөлі қандай және оның қазақстандық БАҚ пен коммуникацияның қазіргі жүйесіндегі орны қандай екендігін де қарастырады. Бүгінгі таңда интернет бүкіл әлем бойынша біртұтас байланыс жүйесіне айналып үлгерді. Интернеттің ықпалы күннен күнге артуда. Тіпті ақпараттық қоғамды қалыптастырып үлгерді. Соның ішінде діни қатынастарды да қамтыды. Бұл бүкіл әлемдік құбылыс деп айтсақ та болады.

Кілт сөздер: ақпараттық қоғам, діни бірлестік, желі, антиглобалисттер, қауымдастық, мәдени қозғалыстар, кибер дін, кибер діндарлық, agora.

Sh.T.Kerim¹, Y.B.Nussipbayev², B.M.Manabaev³

¹Doctor of Philological Sciences, Professor, Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak (Kazakhstan, Almaty), E-mail: kerim-1962@mail.ru

²PhD Doctoral Student, Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak (Kazakhstan, Almaty), E-mail: er_kz@inbox.ru

³PhD, Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak (Kazakhstan, Almaty)

Features of the Internet in the Context of Religious Communication

This article, before starting to consider the religious resources of Kaznet, its current state and development trends, discusses the following issues: what is the role of the Internet in the formation of the information society and what is its role in the Kazakh media and modern communication system? The Internet has become a unified communication system. Moreover, it has formed an information society, including religious relations. These are the topical issues discussed in the article.

Keywords: an information society, a religious association, a network, anti-globalists, an association, cultural movements, a cyber-religion, a cyber-religiosity, agora.

Ш.Т.Керим¹, Е.Б.Нусипбаев², Б.М.Манабаяев³

¹доктор филологических наук, профессор, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак (Казахстан, г.Алматы), E-mail: kerim-1962@mail.ru

²PhD докторант, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак (Казахстан, г.Алматы), E-mail: er_kz@inbox.ru

³PhD доктор, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак (Казахстан, г. Алматы)

*** Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

- Керім Ш.Т., Нүсіпбаев Е.Б., Манабаяев Б.М. Интернет және оның діни коммуникация мәнмәтініндегі ерекшеліктері // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2020. – №1 (115). – Б. 75-83.

*** Cite us correctly:**

- Kerim Sh.T., Nussipbaev E.B., Manabaev B.M. Internet және оның діни kommunikatsua mánmátinindegi erekshelekteri // Iasaui úniversitetiniń habarshysy. – 2020. – №1 (115). – B. 75-83.

Особенности интернета в контексте религиозной коммуникации

В данной статье рассматриваются религиозные ресурсы казнета, их современное состояние и тенденции развития. Автор подчеркивает важность определения роли интернета в формировании информационного общества и уточнения его места в системе казахстанских СМИ и коммуникации. На сегодняшний день интернет успел превратиться в целостную коммуникационную всемирную сеть. Влияние интернета растет с каждым днем. Можно с уверенностью сказать, что интернет сформировал коммуникационное общество. В том числе и религиозные отношения. Авторы называют этот процесс всемирной тенденцией.

Ключевые слова: информационное общество, религиозное объединение, сеть, антиглобалисты, сообщество, культурные движения, кибер религия, кибер религиозность, агора.

Кіріспе

XXI ғасыр технологияның шарықтау кезеңіне жетіп, ақпараттар легі толассыз ағылып жатқан заман. Интернет бүкіл БАҚ ішіндегі ақпаратты ең жылдам жеткізетін құралға айналып үлгерді. Осы уақытқа дейінгі БАҚ ресурстарының орнын алмастырды. Жаһанданудың әлеуметтік-экономикалық салдарын зерттеуші Михаил Делягиннің пікірінше «Жаһанданудың негізгі технологиялық атрибуттары – бұл компьютер мен одан туындаған жаңа ақпараттық технологиялар. Әлемнің дамыған бөлігі жаһанданудың өлшемі болып табылатын бірыңғай қаржылық және ақпараттық кеңістікті құра отырып, біртұтас байланыс жүйесіне айналды» [1]. Тіпті виртуалды ақпараттық қоғамның қалыптасуына алып келді. Бұл жаңа қоғамда діни қатынастарда тыс қалмақ емес. Олай болса елімізде діни қатынас заң жүзінде қалай реттелуде? Ең алдымен осы мәселеге назар салсақ.

Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы 11.10.2011 ж. өзгертілген заңының 9-бабындағы діни әдебиет және діни мақсаттағы заттар бөлімінде былай көрсетілген:

3-1. Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды әзірлеуге, шығаруға және таратуға дінтану сараптамасының оң қорытындысы алынғаннан кейін жол беріледі [2].

Осы заңға сүйене отырып, біздің елімізде діни бірлестіктер өз насихаттарын жүргізу үшін интернет ресурстарын бұқаралық ақпарат құралы ретінде пайдалана алады. Пайдалану заңға сәйкес дінтану сараптамасының оң қорытындысы берілгеннен кейін ғана жүзеге асады. Интернет ресурстары заңда нақты көрсетілмегенімен ақпараттық материалдардың қатарына жатады.

Негізгі бөлім

Қоғамдық өмірдің көптеген субъектілері қызметінің тиімділігі олардың жаңа коммуникациялық технологияларды қаншалықты тиімді қолдануымен тікелей байланысты. Интернеттегі ең дәйекті және ауқымды зерттеулерді американдық әлеуметтанушы Мануэль Кастельс жүргізген. Ол зерттеулер М.Кастельстің «Интернет галактикасы» [3] атты еңбегінде қарастырылған. Әрине, Кастельс сипаттаған шындықтар мен процестердің барлығы біздің қазақ қоғамында орын ала бермейді, алайда ғалымның көптеген тұжырымдары орыс тілді интернет ресурстарында қолданылады. Кастельс іс жүзінде ақпараттық қоғамның ұйымдық құрылымын «желі» деп есептеп, ақпарат пен желілік қоғам арасында айырмашылық жоқ деп есептейді: «Егер электр энергиясын өндірудің және таратудың жаңа әдістері өнеркәсіптік кәсіпорындарды және ірі корпорацияларды индустриалды қоғамның ұйымдастырушылық негізіне айналдырса, онда интернет ақпараттық ғасырды жүйелеуде әртүрлі болып, яғни желінің технологиялық базисі ретінде әрекет етеді» [3, 13-б.]. Интернет жаңа әлеуметтік құрылымға көшу кезінде сәтті болды және экономикалық өзгерістерді жеделдетуге көмектесті: «Интернетті есептеу әдісі ретінде

тек жекелеген мамандар тобы, яғни хакерлер және контрмәдени қоғамдастықтар қолданған. Интернет аса кең таралмаған технологиядан, қоғамның жаңа түрі – желілік қоғамға және сол арқылы жаңа экономикаға көшудің негізгі қозғаушы күшіне айналды» [3, 15-б.]. Кастельстің пікірі бойынша интернеттің байланыс арнасы ретіндегі басты ерекшеліктерінің бірі – бұл «қауымдастық сипаты». Интернеттің әлеуметтік әлемі қоғамның өзі сияқты әр түрлі болып келеді. «Айналаны қорғау ұранын көтерген топтардан бастап, басқа да саяси, ұлттық идеологияларға дейінгі барлық қоғамдық қозғалыстар өз пікірлерін тарату үшін жекелеген елдерде және бүкіл әлемде бір-бірімен бірігу мақсатында интернеттің икемділігін пайдаланды» [3, 73-б.] дейді Кастельс. Оның пікірінше, виртуалды қоғамдастықтар екі жалпы принципке негізделген: 1 – Көлденең еркін байланыс 2 – «Өздігінен бағытталған желіні ұйымдастыру» (ғалым оларды «мәдени құндылықтар» деп атайды, дегенмен, біздің ойымызша, бұл нақты анықтама емес, өйткені желіні ұйымдастыру қағидасын бұл тұжырымдаманың философиялық мағынасында «мәдени құндылық» деп санауға келмейді). Виртуалды қауымдастықтар «комьюнити» – бұл әлеуметтік қатынастардың селективті моделі кезінде, адамдардың аумақтық байланыстармен емес, ортақ мүдделерімен, мақсаттарымен немесе басқа да маңызды параметрлерімен біріктірілу барысында құрылған қауымдастықтар. Кастельс үшін бұл қауымдастықтардың пайда болуы қандай да бір дәрежеде урбанизация процесін қисынды түрде жалғастырады: «Желі қала маңындағы және қаладағы әлеуметтің негізі ретінде қоғамның орнын басады» [3, 153-б.]. Сонымен қатар, ғалымның пікірінше, желі – өзгеріске ұшыраған қауымдастықтар. Қауымдастықтардың дамуы желілердің пайда болуына әкеледі: «Бұл жердегі негізгі мәселе – өзара қатынасты ұйымдастырудың басты нысаны ретінде қауымдастықтан желіге ауысу. Қауымдастық, кем дегенде, әлеуметтанулық зерттеу дәстүрінде құндылықтар ортақтығы мен әлеуметтік ұйымдастыруға негізделген. Желілер жеке тұлғалардың, отбасылардың немесе қоғамдық топтардың, қоғам қайраткерлерінің таңдауы мен стратегиялары негізінде құрылады» [3, 153-б.]. Интернеттің ашық желілер мен виртуалды қоғамдастықтардың бірігуі ретінде дамуы – оны саяси коммуникацияларда және әртүрлі айла-шарғы жасау мақсатында (саяси ғана емес) пайдалану үшін негіз жасайды. Бұл ең алдымен, әдетте, радикалды мағынадағы, желілік қоғамдық қозғалыстарға қатысты. Интернет болмағанда, олардың көпшілігі болмас еді. «1990-шы жылдар ішінде әлемдегі барлық маңызды қоғамдық қозғалыстар интернет арқылы ұйымдастырылды» [3, 165-б.], – дей отыра, Кастельс Мексикадағы сапатистер қозғалысын, Қытайдағы Фа Луныгун мен әлемдегі анти-глобалистерді мысалға келтіреді. Кастельстің пікірі бойынша, интернет тек идеяларды таратудың ыңғайлы құралы ғана емес, сонымен бірге ол ақпараттық ғасырда қалыптасқан әлеуметтік қатынастар түріне толық сәйкес келеді. Осы тұста ғалым дін және ғаламтор атты зерттеу тақырыбына жүгінгенімізде біз үшін маңызды болатын бірнеше тезистерді айтады. Біз оларды толықтай келтіреміз.

1. «Ақпараттық замандағы қоғамдық қозғалыстар мәдени құндылықтар төңірегінде топтастырылады. Мемлекеттік институттардағы және қоғамдық практикадағы семантикалық кодтарды өзгерту жолындағы күрес – жаңа тарихи мәнмәтіндегі әлеуметтік өзгеру үрдісінің аса маңызды кезеңі болып табылады. Индустриалды кезеңде басталған қозғалыстар, мысалы, жұмысшы қозғалысы, бүгінгі күні де әлеуметтік құндылықтар тілінде қайта беріліп, осы құндылықтардың маңызын кеңейте отыра, өз жұмысын жалғастыруда. Кейбір қазіргі заманауи белгілі қоғамдық қозғалыстар; ұлт-азаттық немесе діни қозғалыстар, олардың негізгі қағидалары өте ескі болып табылады. Алайда олар біртекті жаһандық ақпараттық ағындар басым болған әлемде әлеуметтік автономияны құру үшін мәдени сәйкестіліктің «ұяшығы» болған кезде, олар жаңа мағынаға ие болады» [3, 167-б.]. Осылайша, Интернет ақпараттық қоғамның құрылымдық негізі ретінде, жаһандану дәуірінде өзекті болған мәдени сәйкестік мәселесінің шиеленісуінде катализатор қызметін атқарады. Мәдени сәйкестілік мәселесі, әрине, діни және этникалық дәстүрмен байланысты. Демек, Кастельстің тезисін

дамыта отырып, Интернеттің діни компоненті – ақпараттық мейнстримнің бөлігі деп айтуға болады.

2. «Құндылықтардың байланысы мен пікірлер арасындағы қатынас өте қажетті болып табылуда. Мәдени қозғалыстар байланыс жүйелері базасы негізінен интернет және БАҚ негізінде құрылады. Осы арқылы бұл қозғалыстар осындай құндылықтарды ұстанатын және осы ұстанымдардан бүкіл қоғамның санасына әсер ететін адамдармен байланыса алатын негізгі құрал болып табылады» [3, 167-б.]. Кастельстің терминологиясында діндер «мәдени қозғалыстар» ұғымына енеді, өйткені олар құндылықтар жүйесіне бағдарланған және құндылықтарға негізделген қоғамдық ұйымдар болып табылады.

Діни ұйымдар интернетті басқа медиа арналарға қарағанда белсенді қолданады. Канададағы діни интернетті зерттеуші, діни әлеуметтанушы Лорн Доусон «компьютерлік байланыстың интерактивті әлеуеті діни тәжірибені қарапайым эфирлік БАҚ арқылы таратудың артықшылығын көрсетеді» [4] деп жазады.

Зерттеушілер интернетте белгілі бір дін туралы ақпараттың қарапайым қол жетімділігі мен шынайы өмірде жоқ виртуалды діни практиканың қалыптасуын білдіретін «кибер дін» және «кибер діндарлық» терминдерін енгізді. Бірінші жағдайда, «Интернеттің діни саладағы негізгі қызметі – бұл киберкеңістіктен тыс жерде құрылған және анықталған діни қызметке қатысты діни мазмұндағы ақпараттарды тарату» [5]. Екіншісінде кибер шіркеулер, кибер синагогалар және тағы басқалар сияқты құбылыстар жайында сөз қозғалады, олар: «Мазмұны жағынан алып қарағанда бұрыннан қалыптасқан діни дәстүрлерге жатады және киберкеңістіктің жаңа интерактивті қолданушыға бағытталған шындықпен тығыз байланысты» [5, 50; 63]. Дін сайттарының саны мен сапасын казнеттің басқа тақырыптық секторларын құрайтын ресурстарымен салыстыруға болады. Ең алдымен, діни казнеттің тұтас құбылыс ретінде жоқ екенін атап өткен жөн. Православие, мұсылман, яһуди, протестанттық және басқа діни сайттар казнеттің жеке тақырыптық бөлімдерін құрайды, олардың әрқайсысы, ең алдымен, діннің ерекшелігіне және оның жетекшілерінің ақпараттық белсенділігін түсінуіне байланысты бірқатар маңызды айырмашылықтарға ие. Бұл секторлар бір-бірімен біріктірілмеген және мұндай интеграция болашақта мүмкін деп айтуға негіз жоқ. Діни ұйымдардың интернетте бар болуының себептерін, нысандары мен салдарын, сондай-ақ діни интернет-ресурстар атқаратын функцияларды сипаттау қажет. Интернет – бұл діни ұйымдарға арналған ең органикалық медиа арна: Ірі діни ұйымдар ішінде ауызша түрдегі хабарлар үлкен жылдамдықпен, қашанда адам мен адамның байланыс мүмкіндігі бар болған жағдайда таралған жылдамдықпен таралады. Осы тұрғыдан алып қарағанда интернет діни ұйым ретінде мешітке, шіркеуге толық сәйкес келеді, өйткені ол ауызша сөйлесудің құрылымын қайталайды. Діни ұйымдар үшін желі толығымен органикалық, өйткені ол Мұхаммед пайғамбардың кезінде және апостол Павелдың кезінде болған ақпаратты жеткізу құрылымы мен байланыс құрылымын жаңғыртады. Бұл Мануэль Кастельстің «Интернет тікелей бақыланбайтын және «бірден бірге», «біреуден көпке» салыстырмалы түрде арзан байланыс арнасымен қамтамасыз етеді» [3, 186-б.] деген пікіріне сәйкес келеді. «Бұл байланыс арнасы діни бірлестіктер мен жекелеген діндарлар пайдаланатын дискурстарға анағұрлым сәйкес келеді, ал басқа БАҚ түрлерін қолданған кезде діни ұйымдар белгілі бір мөлшерде олардың тіліне «өздерін аударып», мағыналарын жоғалтуға мәжбүр. Бұл тезис дінішілік, конфессияаралық, дінаралық және қоғамдық-діни коммуникацияларға да қатысты. Сонымен қатар интернет басқа да бұқаралық ақпарат құралдарымен салыстырғанда идеологиялық, қаржылық негіздермен, сондай-ақ кәсіби форматтармен аз шектелген. Осы тұрғыда діни ұйымдардың қажеттіліктері үшін анағұрлым қолайлы болып табылады.

Діни ұйымдар әртүрлі коммуникациялық арналарды тек миссионерлік мақсаттар үшін ғана емес, сонымен бірге діни бірлестік құрылымының тұтастығын сақтау мен оны дамытуды және ақпарат алмасудың қажетті қарқындылығын қамтамасыз ету факторларының

бірі ретінде ішкі қажеттіліктері үшін де қолданады. Тіпті онлайн форумдар мен конференцияларды өткізуге де мүмкіндік береді.

Интернеттің осы саладағы артықшылықтары өз насихаттарын таратудың инновациялық тәсілдерін іздеген діни ұйымдарға қажет болды. Солардың бірі Орыс Православие Шіркеуі, 2000 жылы Юбелейный архиерей соборында сөйлеген сөзінде Патриарх Алексий: «Біздің шіркеуде қазіргі заманауи байланыс құралдарын пайдалана отырып, ақпарат алмасу үшін шіркеуде бірыңғай жүйені құру туралы ойланатын кез келді. Бұл қазіргі басқарушы архиерейлердің қазіргі заманғы техникалық байланыс құралдарын пайдалану қажеттілігін дұрыстап қарауды қажет етеді. Компьютер сатып алып, Интернетке қосып және Шіркеудің сыртқы қатынастары бөлімінің байланыс қызметіне, басқа синодалдық мекемелер және кейбір епархия әкімшілігі тарататын ресми хаттарды алу өте қиын ба? Маңызы бар үлкен қалаларда және аймақтарда шіркеу бұқаралық ақпарат құралдарының электронды нысандары - радиохабар, телевидение, интернетті белсенді түрде игеруде. Синодалдық мекемелер, епархиялар, жеке шіркеулер мен ғибадатханалар, оқу орындары құрған ондаған православие веб-парақшалары бар» [6] – деп атап өткен еді. Сарапшылар да дәл осындай пікірді ұстанады. Мысалы, 2001 жылғы 16 наурызда Нижний Новгородта өткен «Дін және БАҚ» семинарында «Соборность» [7] атты бірінші православие интернет-журналының бас редакторы С.Чапнин өз баяндамасында былай деген: «Дәстүрлі дін конфессияларының интернетке шығуының маңызды себебі – бірыңғай ақпараттық кеңістік құру. Мұнда дін ілімі, діни білім және тәрбие, миссионерлік қызмет және тағы басқа саладағы ақпарат алмасу мәселелері басты орынға шығады. Соңғы жылдарда интернет қоғамдық шіркеу өміріндегі басты біріктіруші фактор болды деп айту артық болмас» [8].

Орыс православие шіркеуі үшін Интернеттің негізгі функцияларының бірі – электрондық құжат айналымы жүйесі, бұл синодалдық құрылымдар мен әкімшілік бөлімдерге өз қызметтерін тиімді үйлестіруге мүмкіндік береді. Бұл міндетті Патриарх Алексей де айтты: «Біздің шіркеудің барлық епархиялары заманауи байланыс технологияларын пайдалана отырып, өздерін біріктіретін ақпараттық-компьютерлік желіні құру үшін ортақ күш жұмсайтын уақытты болжап білу қиын емес. Бұл біз үшін өз отанымыздың, қоғамның және адамның игілігі үшін атқаратын қызметімізді жүзеге асырудың мүмкіндіктерін ашады. Мұндай ақпараттық желінің құрылуы кейде географиялық және климаттық себептерге байланысты туындап қалатын қиындықтардың алдын алуға, Мәскеу Патриархаты мен епархиялар арасында, сонымен қатар епархия архиерейлары және приход қауымдастықтары арасындағы өзара байланыстарды нығайтуға, жедел ақпарат алмасуға септігін тигізер еді. Сондай-ақ, жаңа ақпараттық технологиялар кейбір приходтардың оқшаулануын жеңуге және шіркеу құрылымының тұтастығын нығайтуға көмектеседі» [9].

Шіркеудің сыртқы байланыстары бөлімі төрағасының орынбасары Протоиерей Всеволод Чаплин де интернеттің ресми құжаттарды таратудағы және шіркеу құрылымдарын басқарудағы маңыздылығы туралы: «Егер бұрындары қасиетті иерархияның шешімін епархияға немесе приходқа жеткізу өте қиын болып, кейде бұл бірнеше апталар мен айларға созылса, ал кейде телеграфты қолдануға тура келген болса, бүгінде ол тез орындалады: шешім қабылданғаннан кейін бірнеше секундтан соң ол мүдделі адамдарға жететін болады. Шіркеу органының қасиетті иерархияның шешімдері туралы хабардар болуы сапалық тұрғыдан өзгерді, қауесеттердің, өсектердің, рұқсат етілмеген пікірлердің айтылуы күрт төмендеді. Шіркеудің ресми ақпаратын тарату жылдамдығы артты. Бұл, әрине, шіркеудің біртұтастығын нығайтты, иерархияның шешімдерін жеткізілуінің жылдамдығын арттырды» [10]. Егер православиенің ғаламторды игеруде беретін басымдықтарының бірі – шіркеу мен қоғамдық өмірді шоғырландыру және шіркеу мүшелерінің ондағы болып жатқан жағдайлар туралы хабардар болу деңгейін көтеру болса, онда исламдық сайттар негізінен миссионерлік болып, алға қойған мақсаты ислами ілімдердің әртүрлі нұсқаларын тарату болып табылады.

Сонымен қатар, ислам казнеті мен православиенің айтарлықтай айырмашылығы – ислам казнеті өзінің дамуын православтардан әлдеқайда кешірек бастап, прототипі ретінде батыстық мұсылмандық ресурстарды қолданса, ал Ресей – православиелік рунеттің дамуындағы көшбасшы. Ислами сайттардың, әсіресе дәстүрлі исламға қатысы жоқ, «импортталған» ислам материалдары – әдетте, дереккөздері көрсетілмейтін шетелдік сайттардың аудармалары болып табылады. Шындығында, интернет – діни өмір туралы жаңалықтар пайда болатын және таралатын негізгі ақпараттық канал. Сонымен қатар, бүгінде интернеттің діни сегменті дін туралы жазатын зайырлы журналистер үшін басты сарапшы ресурсқа, дінге қатысты тақырыптағы басылымдарға арналған анықтамалық ақпарат көзіне айналды. Әлеуметтік және саяси маңызды тұжырымдамаларды жасауда қолданылатын сараптамалық ортаны қалыптастыру үшін құрылған әлеуметтік-саяси сайттар сияқты, діни ғаламтор дінге қатысты тақырыптар бойынша сараптама жасайтын бірден-бір алаңға айналды. Бір ерекшелігі, діни сегментте бұл көп жағдайда кез-келген күштердің діни сайттардағы аналитикалық талқылау материалдарын одан әрі қолдануына назар аудартпай, стихиялық түрде пайда болды.

Протоиерей В. Чаплин атап өткендей, «Интернет – бұл православие зияткерлік кеңістігі үшін табылған зат, өйткені интернет кедейлерге арналған БАҚ болып табылады. Дәл осы себептен ғаламтордағы православие туралы ойлардың, православие ақпараттарының, ғаламтордағы православие байланысының үлесі теледидарлар мен газеттерге қарағанда анағұрлым жоғары. Бізде апта сайын діни-әлеуметтік тақырыптар бойынша бірнеше ондаған салмақты мәтіндер жарыққа шығады, олардың көпшілігі, бәлкім, 9/10-ы ғаламторда жарияланады» [10, 24–б.]. Сонымен бірге, «Сова» ақпараттық-талдау орталығының директоры Александр Верховскийдің: «Ғаламтор діни ұйымдар мен діни сарапшылар үшін қазіргі қоғамдық-саяси пікірталастар кеңістігіндегі діни тақырыптың маргиналдылығына байланыс-ты ғана қолайлы» деген де пікірі бар. Верховскийдің пайымдауынша, ғаламторда қоғамдық кеңістік жиегіне ығыстырылған тақырыптар ғана бар: «Бұл жерде мәселе үлкен саясат үшін маңызды болуы мүмкін баспасөз бостандығына қысым жасауда емес, алайда бұл мәселелерде маңызды болмаған, көпшілікті онша қызықтырмайтын мәселе болып табылуында. Кез-келген зайырлы баспа басылымындағы бұл қызықсыз мәселе, редакторға саңылауды бітеуге қажет болғанға дейін, бір бұрышта өз кезегін күтпек немесе діни өмір туралы мақаласының жарыққа шыққанын қалайтын журналист ұзақ уақыт күреседі. Ал мұнда – қалағаныңды істе. Және бұл ыңғайлы. Мұндай салыстырмалы маргиналды қауымдастықтардың барлығы интернеттің қозғалтқыштары болып табылады. Қазір, мысалы, оппозициялық публицистика біртіндеп интернетке кетіп жатыр. Оның мәні, қысымға ұшырағаны емес, авторлардың саны аз болғандықтан, шеңбер тарылып, мәтіндерді интернетке орналастыру оңайырақ болды. Діни интернеттегі бұқаралық ақпарат құралдарының дамуына сенген энтузиастардың бұған дейін істегендері бұл – ережеден тыс болатын. Осы интернет-эйфория орын алған уақытта діни ұйымдар ақпараттық емес, өкілді сайттарды аша бастады. Ал қазір олар барлық жерде бар. Бұл тек прогресс қана емес, сонымен бірге осы бағытта маманданған діни ұйымдар мен зайырлы сарапшы топтардың бұл өмірдегі орнын парасатты тұрғыда мойындау. Иә, біз мэйнстримге қатысы жоқ нәрсемен айналысудамыз. Десекуляризация туралы қалағанша сөз етуге болады: Иә, бұл тақырып маңызды бола бастады, бірақ біздің орнымыз дәл осында, үлкен баспасөзде емес, тіпті теледидарда да емес. Интернетте ол ақпараттық жобалардың иерархиясына ие болып, дамып келеді, міне, толыққанды өмір осында. Жоғары басымдылық платформасына интервенция жасау әрекеті іске аспады» [11].

Бұл көзқарасқа сәл басқа қырдан қарауға болады. Интернет – бұл «үлкен БАҚ-да» әрекет ететін идеологиялық және формалды кедергілермен шектелмеген еркін орта, сонымен қатар бұнда басқа да коммерциялық схемалар жұмыс істейді. Сондықтан қазіргі заманғы медиа ағымында (баспа, радио және теледидар) жасанды түрде тарылған тақырыптар ауқымы мұнда анағұрлым кең көрінеді. Әлеуметтанушылар интернеттің «таргеттелгені» ту-

ралы айтқанда, тар мақсатты сайттардың қажетті санын құру мүмкіндігі туралы да сөз қозғалады, олар өз кезегінде одан да тар бағыттағы тақырыптарға бөлінеді. Осылайша, кейбір сайттардың нысаналы аудиториясы берілген тар тақырыпқа қызығатын 10-15 адамға дейін тарылуы мүмкін. Алайда, сайттың «негізгі аудиториясын» баспа таралымымен салыстыруға және тар тақырыпты сайтты маргиналды деп жариялаудың қажеті жоқ. Портализация үрдісіне сәйкес тар тақырыпты сайттар, әдетте, тақырып бойынша кеңірек порталдың бөлігі болып табылады, олар өз кезегінде одан да үлкен тақырыптық әмбебаптыққа ие порталдар желісіне біріктірілуі мүмкін. «Дербестендірілген контент» идеясын жүзеге асырудың бір түрі осындай. Мазмұнды әртараптандыруға және тақырыптар мен сілтемелердің қажетті санын иерархиялық түрде құруға мүмкіндік беретін бұл жүйе – діни ұйымдардың қазіргі заманғы БАҚ кеңістігін игеруіндегі негізгі кедергілерінің бірін жеңуге көмектеседі, атап айтқанда діни тақырыптар қазіргі журналистиканың қазіргі форматтары үшін «ұзақ»: кез-келген діни өмірге байланысты оқиғаны жарыққа шығарғанда, журналистер тарихи және діни шегініс жасауы керек. Гиперсілтемелер жүйесі, сонымен бірге материалдарды «дамудағы сюжет» қағидаты бойынша ұйымдастыру мүмкіндігі бұл жағдайды шешуге көмектеседі.

Қазақстанның діни өміріндегі интернеттің маңызды рөлі – бұл қазіргі уақытта ресми деңгейдегі емес, діни ұйымдардың қарапайым мүшелері мен белсенділер деңгейіндегі дінаралық сұхбаттың жалғыз алаңы. Шынайы өмірде әртүрлі діндер мен конфессиялардың өкілдері ауқымды көлемдегі мәселелерді талқылау үшін сирек кездеседі. Интернетте олар бір кеңістікке енеді. Ең алдымен, интерактивті форумдар мен интернет-БАҚ сайттарындағы материалдарды талқылау туралы сөз қозғалуда. Бұл диалог әрдайым дұрыс бола бермейді, өйткені адамдар көбіне лақап аттармен жасырылады, бірақ дегенмен бұл пікір алмасу. Орыс Православие Шіркеуінің Синодтық Діни Комиссиясының кеңесшісі, Ресей Федерациясының Президенті жанындағы Ресей Мемлекеттік қызметі академиясының оқытушысы Александр Кырлежевтің айтуынша, «Диалогқа қосылу мүмкіндігі бар форумдар – бұл мегаполисте және жалпы үлкен кеңістікте агора қағидасының жандануы, атап айтқанда ешқандай мәртебесі жоқ, тек өзгені тыңдап, ойындағысын білдіргісі келген адамдардың еркін пікір алмасуы. Бұл маңызды бірақ мәселе не нәрсеге әкелетіні туралы. Бір жағынан, бұл пайдалы, өйткені ол адамдарды жауапты өздері берулері тиіс болған жағымсыз пікірлер, сұрақтар фактісімен бетпе-бет келтіреді. Міне, діни байланыс осы – ақпарат алу, пікір алмасу, қажет нәрсені іздеу, ғаламтор арқылы діни әлемде және басқа әлемде қарама-қарсы көзқарастармен кездесу мүмкіндігі бар» [11, 51-б.]. А.Верховский Кырлежевпен ішінара келіседі: «Ресми корпоративті сайттар арқылы тарататын діни бірлестіктің біртұтас дауысын тек оның басқармасы ғана білдіре алады және онда ешкім ешкіммен таласып жатқан жоқ. Меніңше, пікірлерді диалог деп атауға келмейді, өйткені ол тең дәрежеде емес» [11, 52-б.].

Бұл жерде біз ең маңызды мәселеге – интернет-қауымдастықтардағы діни және мәдени сәйкестілік мәселесіне тоқталамыз. Интернет діншілдік көрінісін өзгертуге септігін тигізеді. Әр түрлі интернет-қауымдастықтарға қатысу мүмкіндігінің арқасында дінге сенуші адам «екінші діни сәйкестілікке» ие болады яғни бір қоғамдастықтың мүшесі болуымен қатар, ол бүкіл әлем бойынша таралған, тұлғааралық байланыстар орнайтын, теоретикалық және қоғамдық-діни мәселелер бойынша пікірталас жүргізілетін мүдделер қауымдастығының мүшесі болады. Көбінесе бұл виртуалды өмір түрленіп, бір қауымдастыққа қарағанда, жеке адамның рухани және зияткерлік қажеттіліктеріне сәйкес келеді. Православие мен католицизм жағдайында виртуалды қауымдастық адамның шіркеу қызметтері мен рәсімдерге қатысуын алмастыра алмайды, сондықтан ол «қосарланған» діни өмір салтын сүруге мәжбүр, басқа діндер бірлескен рәсімдерді өткізуге еркіндік береді, сондықтан, мысалы, мұсылман қауымдастығының немесе неопротестант және шығыс культтері мүшесі атану үшін компьютерден бас алу және діндестермен шынайы өмірде кездесу міндет емес. Осы фактіні растау үшін «Ислам.ру» тәуелсіз ислам ақпараттық каналының бас редакторы

Ринат Мухамедовтың сөздерін келтіруге болады: «Адамдар өз ұстанымдары мен шынайы сенімдерінің арқасында мұсылман болады. Сайтта олар өздерінің шешімдері туралы әлемге хабарлау үшін өздері жайында ақпарат қалдыра алады. Сонымен қатар, мұнда тек діни аспект те бар: Шариғат бойынша исламды қабылдау кезінде екі мұсылманның болғаны жөн. Кейбіреулер үшін қазіргі жағдайда бұл қиын, мысалы, мұсылман болғысы келетін адам ислам дінін ұстанбайтын жерде өмір сүрсе немесе қандай да бір себептермен олармен кездесуге дайын болмаса» [12]. «Islam.ru» сайтында «Мен исламды қабылдаймын» батырмасы бар, оны басу, сайт авторларының пікірі бойынша, «Алладан басқа Құдай жоқ, Мұхаммед Оның елшісі» деген формуланы көпшілік алдында айтумен бірдей.

Қорытынды

Қорытындылай келсек, интернет арқылы көптеген адамдар нақты діни ұйыммен байланыста болмастан, өздерінің діни қажеттіліктерін қанағаттандырады. Интернетте жалған атпен жұмыс жасайтын бұл адамдар «виртуалды діни суррогатты» пайдаланады, ал шынайы діни тәжірибені тек рухани тәжірибелі адамдармен тікелей қарым-қатынас жасау арқылы және интеллект қана емес, сонымен бірге адамның психикасы мен эмоционалды саласы арқылы да алуға болады. Виртуалды интернет-қауымдастықтардың мүшелері дәстүрлі діни ұйымдардың көзқарасы бойынша қабылданбайтын пікірлер ұсына алады.

Сонымен қатар интернет желілік құрылымының арқасында дәстүрлі діндердің бірін ұстанатындығын айтатын әртүрлі діни және қоғамдық ағымдардың өсуіне жағдай жасайды, бірақ олардың қызметінің практикада ресми діни лидерлер мақұлдауына ие болу болмауын анықтау мүмкін емес. А.Морозов келтірген діни анти-глобалистік және апокалиптикалық ағымдардың мысалдарын келтіруге болады: «Діни қауымдастықтардың ең маңызды жарияланымдары, пікірталастары, тіпті азаматтық акциялары дәл интернетте немесе оның көмегімен жүзеге асырылады. Мысалы, Монахтық республикадағы Афон тауында басталған – бұқаралық ақпарат құралдары да, ақпараттың негізгі ағымына ену құралдары да жоқ, қозғалыс дәл желілік ресурстардың көмегімен Греция, Украина, Ресей сияқты бірнеше елдерді қамтып, мемлекеттік-шіркеу қатынастарындағы маңызды күн тәртібіне айналды. Бүгінгі таңда «нағыз православие» кеңестік православие катакомбасының мұрасы болып табылмайды. Жаһанданған әлемнің катакомбалары – бұл жаңа құбылыс. Тарихта эмиграция нәтижесінде пайда болған ұлттық шіркеулердің сынықтары немесе епископтың жеке амбициясы нәтижесінде пайда болған іріткі салатын топтар интернет арқылы бір-бірімен байланыста отырады – бұл бір-бірін тез тануға мүмкіндік береді. Бұл катакомбалардың интеллектуалды партизандары өздерін әртүрлі дәстүрлер мен шіркеу топтарының құзыретінде – Мәскеу Патриархатында («Православиелік Русь» авторлары ретінде), бірлескен дінде және жалған иерархияларда («русанцовтар», «богородичниктер»)» [13] деп санайды. Интернет желісінің өзіндік ерекшеліктері діни тұрғыда күн санап артып келеді. Интернет өзалдына виртуалды ақпараттық қоғамды қалыптастырып, діни аспектілерді де қамтып үлгерді. Қоғамдық сипат алған бұл құбылысқа икемделе отырып, қоғамдағы діни қатынастарды реттейтін сегмент қалыптастыру Қазақстан қоғамы үшін маңызы өте зор.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Делягин М. Мировой кризис: Общая теория глобализации. – Москва: Инфра-М, 2003. – С. 768.
2. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-IV Заңы. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000483>
3. Кастельс М. Галактика Интернет: Размышления об Интернете, бизнесе и обществе / Перевод с англ. – Екатеринбург: У-Фактория, 2004. – С. 328.
4. Dawson Lome L. The mediation of religious experience in cyberspace. Religion and cyberspace. – New York, 2005. – P.15-37.

5. Hojsgaard Morten T. Cyber-religion: on the cutting edge between the virtual and the real // Religion and cyberspace. – New York, 2005. – P. 50-63.
6. Алексий II, патриарх Московский и всея Руси. Русская Церковь на рубеже веков. Юбилейный Архиерейский Собор Русской Православной Церкви. – Москва, 2000. <http://www.patriarchia.ru/db/text/421863.html>
7. <http://www.sobor.ru>, ныне архив расположен на <http://www.sobornost.ru>
8. Чапнин С.В. Доклад на семинаре «Религия и СМИ». – Н.-Новгород, 2001. 16 март.
9. Алексий II, патриарх Московский и всея Руси. Приветственное послание коллективу сотрудников официального сайта Русской Православной Церкви в Интернете, всем создателям и пользователям православных ресурсов в глобальной компьютерной сети. – Москва, 2002. 18 февраль, <http://www.russian-orthodox-church.org.ru/nr202191.htm>
10. Чаплин В., протоиерей. Единственный способ обеспечить церковный авторитет в сети-качество работы тех, кто делает церковные интернет-ресурсы. Справочник-путеводитель «Православный Интернет». – Москва, 2004. – С. 24.
11. Валерьевна Л.К. «Интернет и религиозные коммуникаций в России». www.mediascope.ru. – Выпуск № 1. – 2008.
12. Свешникова М. Ринат Мухамедов: «Никто не принимает ислам путем нажатия кнопки на сайте. Мусульманский интернет-ресурс отмечает пятилетний юбилей». Страна.ру www.strana.ru от 06.09.2005.
13. Морозов А. Вера в мире комуникаций «Религия и СМИ» 16.10.2002 г. <http://www.religare.ru>

REFERENCES

1. Delyagin M. Miravoi krizis: Obschaya teorya globalizcii. – Moskva: Infra-M, 2003 g. – S.768.
2. Qazaqstan Respublikasynyng Adilet Ministrligi. Qazaqstan respublikasynyng 2011 jylgy 11 qazandagy №483-IV zangy. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000483>
3. Kastels M. Galaktika internet: razmyshleniya ob internete, biznese i obschestve / per. s ang. – Ekaterinburg: U-Faktorya, 2004. – S.328.
4. Dawson Lome L. The mediation of religious experience in cyberspace. Religion and cyberspace. – New York, 2005. – P.15-37.
5. Hojsgaard Morten T. Cyber-religion: on the cutting edge between the virtual and the real Religion and cyberspace. – New York, 2005. – P. 50-63.
6. Aleksii II, patryarkh Moskovskii I vseya Rusi. Russkaya cerkov na rubezhe vekov. Ybileinyi Arkhierskii Sobor Russkoi Pravoslavnoi Cerkvi. – Moskva, 2000 g. <http://www.patriarchia.ru/db/text/421863.html>
7. <http://www.sobor.ru>, nyne arkhiv raspolozhen na <http://www.sobornost.ru>
8. Chapnin S.V. Doklad na seminar "Religiya i SMI" – N.-Novgorod, 2001. 16 mart.
9. Aleksii II, patryarkh Moskovskii i vseya Rusi. Privetsvennoe poslanie kollektivu sotrudnikov oficalnogo saita Russkoi Pravoslavnoi Cerkvi v Internete, vsem sozdatelyam pravoslavnykh resursov v globalnoi komp'uternoj seti. Moskva, 2002. 18 febral. <http://www.russian-orthodox-church.org.ru/nr202191.htm>
10. Chaplin V., protoyerei. Edinsvennyi sposob obespechit cerkovnyi avtoritet v seti-kachestvo raboty tekhn, kto delaet cerkovnye internet resursy Spravochnik-putevoditel' "Pravoslavnyi internet". – Moskva, 2004. – S.24.
11. Valer'evna L.K. "Internet i religioznye kommunikacii v Rossii" www.mediascope.ru – Vypusk №1. – 2008.
12. Sveshnikova M. Rinat Mukhamedov: "Nikto ne prinimaet islam putem nazhatie knopki na saite. Musul'manskii internet-resurs otmechaet pyatiletnii iubelei" //www.strana.ru ot 06.09.2005.
13. Morozov A. Vera v mire komunikacii "Religiya i SMI" 16/10.2002 g. <http://www.religare.ru>

ӘОЖ 81 373; 001.4

МҒТАР 16.21.47

Н.Б.МАНСУРОВ*

филология ғылымдарының кандидаты

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Қазақстан, Түркістан қ.), E-mail: nurlan.mansurov@ayu.edu.kz*

АБАЙДЫҢ КӨРКЕМ СӨЗ ДҮНИЕСІ

Мақала Абай Құнанбайұлының шығармаларында қолданыс тапқан көркем сөз дүниесі жайлы. Талдау барысында ақынның сөз қолданысы тарихи деректер бойынша қаралып, өзіне дейінгі ақындардың лексикалық қоры, сөз тіркестері салыстырмалы түрде сараланған. Ақынның қазақ әдебиеті тарихында ғана емес, әдеби тіл дамуының тарихындағы орны да ерекше аталып, биік тұлға ретінде танылуы сөз етілген. Оның осындай заңғар биікке шығуына әрі танымал тұлға болуына негіз болған тілдік мұрасы жалпыхалықтық тіл мен сол тілдің жанашылдығы айшықталған. Сондай-ақ ақынның өлең жолдарынан орын алған шығыс элементтерінің де молдығы аталып, олардың да көркем сөз дүниесіндегі орны аталған. Автор сондай-ақ ақынның халық тілінің асыл маржандарын пайдаланып, өлеңдеріне енгізіп, олардың жаңа қасиеттерін көрсетіп, шеберлігін танытып, білім шөлін қандырып, сөз кестесін көркем де көрікті еткен – халық қазынасы екендігін тағы бір рет ерекше атап өтеді.

Кілт сөздер: Абай Құнанбайұлы, көркем сөз, сөз өрнегі, әдеби тіл, сөйлеу нормасы.

N.B.Mansurov

Candidate of Philological Sciences

*Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
(Kazakhstan, Turkestan), E-mail: nurlan.mansurov@ayu.edu.kz*

Artistic Word of Abay Kunanbayuly

The article discusses the artistic words used in the works of Abay Kunanbayuly. During the analysis, the poet's use of words was analyzed according to historical sources, as well as the lexical base of previous poets and their phrases were compared. The poet holds a special place not only in the history of the development of the literary language, but also in the history of Kazakh literature as a whole. This is how the language heritage of Abay Kunanbaev is considered, which is a reflection of the national language and literary artistic word, which underlies its growth and popularity. The author also emphasizes once again that the poet uses the pearls of the national language, introduces them into his poems, demonstrates their new qualities, and his skill, quenches the thirst for knowledge, makes his vocabulary both beautiful and colorful.

Keywords: Abay Kunanbayuly, art word, expression of a word, literary language, norm of speech.

Н.Б.Мансуров

кандидат филологических наук

*Международный казахско-турецкий университет им. Ходжа Ахмеда Ясауи
(Казахстан, г.Туркестан), E-mail: nurlan.mansurov@ayu.edu.kz*

*** Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

- Мансуров Н.Б. Абайдың көркем сөз дүниесі // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2020. – №1 (115). – Б. 84-93.

*** Cite us correctly:**

- Mansurov N.B. Abaydyń kórkem sóz dúniesi // Iasaýı ýnıversitetiniń habarshysy. – 2020. – №1 (115). – B. 84-93.

Художественное слово Абая Кунанбайұлы

В статье рассматриваются художественные слова, использованные в произведениях Абая Кунанбайұлы. В ходе анализа использование поэтом слов анализировалось по историческим источникам, а также сопоставлялись лексическая база предыдущих поэтов и их словосочетания. Поэт занимает особое место не только в истории развития литературного языка, но и в истории казахской литературы в целом. Так рассматривается языковое наследие Абая Кунанбаева, которое является отражением национального языка и литературного художественного слова, лежащее в основе роста его популярности. Автор также еще раз подчеркивает, что поэт использует жемчужины национального языка, вводит их в свои стихи, демонстрирует их в новом качестве, утоляет жажду знаний, делает свой словарный запас одновременно красивым и красочным.

Ключевые слова: Абай Кунанбайұлы, художественное слово, выражение слова, литературный язык, норма речи.

Абай Құнанбайұлы – қазақтың бас ақыны. Бүгінге дейін ол жайлы зерттеліп, оның өмірі мен шығармашылығын қарастырған әдебиетші, тілші ғалымдардан өзге философиялық ойларын саралаған философтар, дәстүр мен салтты саралаған мәдениеттанушылар, тарихи кезеңді зерделеген тарихшылар, т.б. салаларда қарастырған еңбектер жетерлік. Олардың зерттеулері кітап болып бірінен соң бірі жария етіліп келеді. Бұл ғылыми ізденістердің нәтижесінде бірнеше кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғалды. Тіпті қара сөздері мен қолданысындағы кірме араб, парсы сөздерін арнайы зерттеу нысаны етіп алған ғылыми еңбектер де жарияланды.

Сол еңбектердің ішінен оның қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы ретінде әрі әдеби сөздердің қолданысын алғаш ұсынған ақын ретінде қарастырылған еңбектердің орны бөлек. Бірақ мұнымен оның барлық еңбектерін толық зерттеп, зерделеп, талдап тауыстық деуге әлі ерте болса керек. Өйткені Абайдың ақындық қаламынан туындаған дүниелер тілінің көркемдік шеберлігі, көркем сөз дүниесі әлі де толыққанды зерттеулерді жүргізуін сұранып тұрғандай көрінеді.

Абай Құнанбайұлының қазақ әдебиеті тарихында ғана емес, әдеби тіл дамуының тарихындағы орнын ерекше атап, биік тұлға ретінде баға берген зерттеушілер М.Әуезов, Қ.Жұбанов, Н.Сауранбаев, Қ.Жұмалиев, т.б. кейінгі зерттеушілердің еңбектерімен жалғасып келеді. Ақынды қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы ретінде тану үшін мыналарды білген абзал деп келтіреді І.Кеңесбаев: Бірінші, оның өзінен кейінгі ұрпаққа қалдырған әдеби-тілдік мұрасын танып білу; екінші, Абай тілінің жалпыхалықтық негізін көрсету; үшінші, оның тілдік жаңашылдығын көру [1, 608-б.].

Міне Абай Құнанбайұлы шығармаларының тілі, қазақ әдеби тілінің дамуына көп үлес қосып, оны толықтырып, жаңа сатыға көтеруі, оған дейінгі әдеби әрі көркемдік ұстанымдар мен принциптерді жойып, жоққа шығарған жоқ, ол оның негізгі белгілерін басшылыққа алып, бастыларын сақтап, оларды әрі қарай дамытып, жаңа бағыт ұстанды. Сондай-ақ сол ұстаным бүгінде кемеліне келіп, даму шыңына жеткен ұлттық әдеби тіліміздің басы болып қалыптасты. Сол себепті оның шығармаларының шоқтығы биік, өз қадірін жоймаған, сапалық қасиеті айқын, сөз шеберлігі үлгілі, өнегелі көркем сөз дүниесін қалыптастырған болып келеді.

Кезінде М.Әуезов ақынның мұндай ерекшеліктерін былайша атап көрсеткен: «Абайдың қазақ әдебиет тілін жасаудағы екі ірі ерекшелігін атап өту қажет. Ең әуелі, Абай қазақтың халықтық, салттық және өзінен бұрынғы ауыз әдебиетіне көрік берген шебер сөздік қорынан мол пайдаланып, халықтың әдебиеттік тілін қалай жасаудың жолын көрсетті. Екінші, қазақ қоғамының ортасында, Абай заманында жаргон есебінде кіре бастаған бөтен елдер сөздері бар еді» [2].

Белгілі ғалым Р.Сыздықова Абай Құнанбайұлының негізгі бағыттарын мынадай екі тармақта көрсетеді: 1. Жалпыхалықтық сөйлеу тілін негіз етіп ұстану; 2. Жоғарғы принципке қарама-қарсы жалғастылық принцип.

Бірінші бағыт бойынша қазақтың ауызша дамыған байырғы әдеби тілінің сөздік құрамы мен грамматикалық құрылысын негіз етіп алса, онда оның дәуірден дәуірге, ғасырдан ғасырға сөйлеу нормасына қарай өзгеріп отырғандығы көрінеді. Атап айтқанда, XV-XVI ғ. Қазтуған, Шалкиіз, Доспамбет, т.б. XIX ғ. Махамбет, Дулат, Шортанбай, т.б. өз заманына лайықты ерекшеленеді. Ал екінші бағыт бойынша көп ретте пайда болған көркемдеу элементтері *образдар, теңеулер, метафоралар*, т.б. сақталып келген [2].

Абайтанушылардың зерттеулеріне қарағанда, Абай Құнанбайұлы қазақтың бай ауыз әдебиетін, өзіне дейінгі және өзімен қатарлас ақын-жырауларды жақсы білген, шығармаларымен таныс болған, солардың тілдеріне аса зер салып, көркем сөз дүниесіне мән беріп, оны барынша ұтымды пайдаланған. XIX ғасыр заңғар ақындары Дулат, Шортанбай шығармалары жайлы былай дейді:

Шортанбай, Дулат пенен Бұхар жырау,
Өлеңі – бірі жамау, бірі – құрау
Өтген, дүние-ай сөз таныр кісі болса,
Кемшілігі әр жерде-ақ көрініп тұр-ау.

Бұл өлең жолдарда аты аталған ақындарды сынағанымен олардан көп үйренген, өлең ұйқастарын, сөз қиыстырған ақындығын олқысынбаған, идеяларын дұрыс бағалап, солардың негізінде өз ойларын жандандырған. Оны кейде кейбір зерттеушілер жөнсіз пайдаланғандығы кездеседі. Ондағы мақсат бұл ақындар туындыларын мансұқ етіп көрсету. Онсыз да бірнеше жыл сынға ұшыраған ақындардың өлең жолдарын кері бұрмалау. Халыққа танылуы тиіс болған тұшымды ой-тұжырымдардың жолын тосу. Заманына сай жырланған өлең жолдарын бұрмалап, ақиқаттың шынайылығын паш еткен абыздардың жолын кесіп, айтқандарын теріске шығару. Алайда кестелі сөздің иесі, қара өлеңге терең бойлай білетін Абай Құнанбайұлы олардан кемшілік іздемей, барынша үлгі алып, сөз маржандарын ұтымды пайдаланғандығын аңғарамыз. Сөз саптауда солардың сөздік қорына қол салғанын көреміз. Бұл жөнінде М.Жармұхамедұлы: «Абай оларды өмірге деген көзқарастары үшін де, діншілдігі үшін де емес, өлеңдерінде шұбалаңқылыққа бой ұрып, басы артық сөздерді қолданып, кей тұстарда қалыптан шығып, ауа жайылып кететіндіктері үшін сынаған-ды. Сөйте тұра, өзіне дейінгі барлық халық қазынасы сияқты Абай олардың өлеңдерінен де нәр алып өскен», – деп келтіреді [3, 608-б.].

Мұндай пікірді С.Талжанов та айтады: «Абай да өзінен бұрынғы болған адамдардың ішіндегі елеулісі, іліп алары осы деп білді. Абайдай кісінің аузына ілінуі тегін емес. Ал кемшілігін көре білген Абай сол Шортанбайдың дұрыстығын да бағалай білмеді деуге болмайды» [4, 188-б.].

Шындығында, сөз саптау шеберлігі ақынның өзіне дейінгі өкілдер мен қатарлас қалам иелерінен алғаны рас болса, онда оның да ол ақындарды жақсы танып-біліп қана қоймай, олардан да алары болғандығын атаған орынды. Сынға алған жолдардан сабақта алғаны бар болса керек. Мұхтар Әуезов Көкбайдың айтуынан қалған Абайдың біліп, таныған ірі ақындарын сұрағанда ол «Қазақта Марабайдан артық ақынды мен білген емен», – деп, дәлел ретінде «Тарғын» жырынан мысал келтіріпті дегенді айтады. Ал екіншісі – Шортанбай [2].

Олай болса Абай Құнанбайұлы бірінші кезекте Шортанбайдың шығармаларымен танысып қана қоймаған, оның сөз қолданысын да кәдесіне жарата білген. Ендеше, бұл ақындардың екі өңірдің, яғни Марабайдың Батыс, Шортанбайдың ақындық құрған өңірі Орталық екендігін еске алсақ, онда ол Алатау мен Алтайдың арасын мекен еткен ақындар мен шешендердің жырларымен таныс қана емес, солармен сусындап өскен деуге әбден болады.

Абай Құнанбайұлы өз қатарластары мен оның алдындағы діни мазмұндағы жазба әдебиетпен де таныс болды. Бұл әдебиет тілімен ол да өзінше қалам тартты. Бірақ көп жаза алмады. Ақын оны түсінгендей, тани білгендей қаламына тежеу салған болса керек. Өйткені әлем әдебиетінің мұхитына түскенде Абай Құнанбайұлы мұндай қажеттілікті сезінді, оған өзіндік пікір тастап, қаламын түзетті. Қазақтың өз төл сөздері мен өзге тілдердегі сөздерді тіліміздің дыбыстық ерекшелігін ескере келе бейімдей бастады. Бұл жөнінде Мұхтар Әуезов: «Ең алғаш шәкірт-ақын шағында, Абайдың өзі де идея жағынан бағынбаса да, өлеңдік сыртқы түр, тіл жағынан сол жаргондық сөздерге әуестеніп, еліктеп жазып жүретін болған. Бірақ, бері келе Абай бұл аталмыш тілдің керексіз шұбарлығынан арылады. Хат жаздым «Әзірет Өлі айдаһарсыз», Бізде жоқ «алтын иек, сары ала қыз» деген сияқты өлеңдерінде Абай шығыстық, діндік мазмұнды нақ келтіріп, өз замандастары, кітапшыл ақындардың араб, парсы сөздерінен құрап, әр алуан асылдарды сол тілдермен атап, өлең тілін шұбарлағанын сынға алады. Абай өзіндік көркем шығармаларын жазғанда, халқының өз тілімен жазды. Бар қасиетті, қадірлі нәрді, ажар кестені, толық сипатты өз халқының тілінен табады. Бұл Абайдың өзгешелік, ірілік, классиктік сипаты еді» дейді [2].

Абай өз заманындағы дәстүрлі қалыптасқан араб, парсы, орыс, латын, т.б. тілдерінің сөзі болсын мүмкіндігінше қазақы қалыпта пайдалануды негізге алды. Ал өзіне дейінгі қолданыста болған кітаби үлгідегі – діни сарындағы араб, парсы сөздерін ол дәстүр жалғастығындағы үлгі ретінде таныды. Бұл жөнінде І.Кенесбаев: «Абай алдына қойған мақсаты – заманын түзету, заманмен бірге адамын түзету. Заманындағы адамдардан қара үзіп шыққан озық ойлы, асыл ақыл айтты, өсиет етті, өлеңмен түсіндірді, әнмен шырқатты, домбыраға күнірентті, іс шықпады, түңілді. Еңбегі – еш, тұзы – зор, не істеу керек? Жалғыз-ақ жол қалды, ол – дін тілімен айту. Дінді дін тілімен – араб тілімен, түсіндіру керек, бірақ таза, арабшылап кетсе, көп надан оған да түсінбейді, ендеше діни терминмен бояп, ана тілінде түсіндіру керек» - деген ой түйді [5, 173-б.].

«Абай шығыс үлгісін көрмей, білмей аман кеткен ақын емес, белшесінен кешіп барып, батпағына аунап барып одан шығып, тастап кеткен ақын» [6, 100-б.]. Олай етпеске амалы болмаған секілді. Өйткені Абай Құнанбайұлының алдында одан өзге әдебиет бой көрсете алмады. Ол шығыс әдебиетіне бас сұққанда соны көрді, ұйқасқа сөз етіп келген *аруз* өлшемі кездесті. Сондықтан сөз жоқ араб сөздері мен парсы сөздеріне қол салды.

Сөз мәнісін білсеңіз,
Ақыл – мизан, өлшеу қыл.
Егер қисық көрінсе,
Мейлің таста, мейлің күл.

Мұндағы қолданылған сөз араб тіліндегі *мизан* میزان (мизан) мағынасы – *таرازы; өлшем; баланс*. Кірме сөздің қолданысында тіліміздегі ақыл-таرازысы ұғымында орынды пайдалана білгендігі. Яғни сөз тани білсең оны ақыл таразысына салып көр, байыбына қара. Егер оған лайық болмаса, Абайша қисық көрінсе, онда оны қажетсіз деп біл дегенді келтіреді. Мұндағы ақынның сөз өлшемі дегені сөздің мазмұны мен мағынасы негізінде қаралады. Сондықтан бұл тұста ақынның сөздердің мағынасын ғана білгендігін емес, оларды айтар ойда тиімді әрі қажетті сөздермен тіркестіре білгендігінде. Сөз кестесін шебер кестелей алатын ақынның араб тілі сөздерін қазақшаламай-ақ, барынша түсінікті үлгіде сәтті қолдана білгендігінде.

«Абай сөз қолданудың ескі өрнегін сақтаумен бірге, оны жетілдірумен қабат, жаңа нұсқаларын да тудырады. Осы жаңалықтар Абайдың өлеңіне (мазмұны мен түріне) де, тіліне де жаңа түр мен жаңа мазмұн беріп, ақынның өзіне ғана тән, өзіндік, яғни Абайлық стиль туғызады» [7, 5-б.].

Абай Құнанбайұлының көркем сөз дүниесінде теңдесі жоқ заңғар биікке шығып, дара тұлға болуының басты себебі – ақынның әдебиеттің, әсіресе, поэзияның қоғамдық мәнін, әдеби тілдің әлеуметтік қызметін барынша толық түсініп, жан-тәнімен сезінуінде. Ол ең ал-

ғаш, көркем әдебиеттің, өлең сөздің қоғамдық-әлеуметтік мәні мен қызметінің жан-жақты терең сырын, қолданылу жүйесі мен шеңберін, адам өмірінде орын алатынын дұрыс түсінді. Әрі қоғамның даму барысында өз шығармашылығына рухани жағынан пайдалана білді. Әр тілдік элементтің жалпыға таныс, ортақ мәндерімен ішкі мүмкіндіктерін, мағыналық, стильдік құрылымын дұрыс аңғарды. Сол арқылы әдеби-көркемдеу тәсілдерінің жаңа үлгілерін, түрлерін, жаңа сөздердің, тіркестердің әдеби айналымға ену қабілеті мен аясын кеңітіп, жаңа жобасын жасап берді.

Жұртым-ай, шалқақтамай сөзге түсін,
Ойланшы сыртын қойып, сөздің ішін.
Ыржандамай тындасаң, нең кетеді,
Шығарған сөз емес қой әңгіме үшін.

Мұнда ақын халықтық «тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады» деген ұғымды дұрыс әрі кең түсініп сөз кестесін осылай құрастырады. Бұл жайлы І.Жансүгіров «Абайдың өлеңі таудан тасыған бұлақтай арқырап жатса, Абайдың өлеңіндегі тілдері, сөздері сол бұлақтың түрлі тасындай жарқырап жатады. Абай өзінен тіл жасаған ақын емес, елдің тілін толық пайдаланған ақын. Абайдың тілге істеген қызметі зор. Абай үлгілі елдің бай әдебиетінің, күшті ақындарының шағын сезімін қазақтың қара шолақ, шикі-дөрекі тілмен жырлап бере салады» деген болатын [8, 11-б.].

Расында, Абай Құнанбайұлының білім шөлін қандырып, сөз кестесін көркем де көрікті еткен – халық қазынасы. Ол халық тілінің асыл маржандарын теріп, өлеңдеріне енгізіп, қана қойған жоқ, олардың жаңа қасиеттерін ашып, көркемдік мүмкіндіктерінің молдығын паш етті. Көркем сөз дүниесін құрастырғанда жалпыхалықтық тілдің сөздік қорын қолданды, соны шебер әрі сөз ұстасы ретінде кестелі ой түюде ұтымды пайдаланды.

Абайдың өлеңді құдырет тұтып: «*Өмірде ойға түсіп кем-кетігің, Тулағыш мінезің бар жүрек сенің, Сонда сенің отыңды басатұғын Осы өлең – оқитұғын дұғам менің*», – деп бағалауы өлеңді өзі жақсы көргендіктен ғана емес, өз ұғымы, өз парасаты арқылы ел көңіліне, халық арман-ойына қалай медеу болатынын, қоғамдық өмірден алатын орнын ашық айтып беріп отыр [9, 158-б.].

Абай Құнанбайұлының сөздік қоры жоғарыда келтірілген өлең жолдарындағыдай шығыс элементтері арқылы да толыққандығын атаған жөн. Олар тиісті орында айтар ойдың мазмұнына нақты әрі ұтымды қолданыс тапқан. Кейде ол шығыс сөздерімен жаңа тіркестер де жасайтыны көрінеді. Айталық, келтірілген өлең жолдардағы *дұға оқу* тіркесіне қоса *ғылым оқу, ел бағу* тіркесіне *ғылым бағу, дін бағу*, яғни сөздің мағынасын үстеп, семантикалық реңк беретін *қайрат табу, қызмет қылу*, т.б. ұсынады.

Қазақ халқы алғашқы кезде ислам дініне құлықты болмаса да, оның түрлі өмірлік жағдаяттарына байланысты жөн-жоралғылары мен ритуалдарын қолданғандығы жасырын емес. Сол ритуалдар барысында олармен бірге біршама діни терминдер тілге орнықты. Оның ішінде діни рәсімдерге байланысты намаз, ораза, жаназа, діни мерекелер, т.б. бар. Олардың көпшілігі белсенді қолданыс тапқандығы анық. Әсіресе, діни рәсімдерге қатысты қолданыс тапқан *дұға, сәлде, молда, қыбла, садақа, құрбан, сопы*, т.б. атауға болады.

Мұндай сөздер Абай Құнанбайұлы заманында халықтың тілінде белсенді қолданылып, айналымға енген. Тіпті кейбірі өзінің жат тілдік екендігі білінбестей болып лексикалық қордан орын алған. Сондықтан ақын оларды пайдаланудан тыс айналмай, керісінше, тиісті ұғымда ұтымды қолданған.

Абай Құнанбайұлының осындай сөз қолданысына келесі бір айғақ, мұндай кірме сөздер өзге ақындарда, қала берді оған дейінгі қалам иелерінде, алдыңғы кезеңдегі ауыз әдебиеті үлгілері саналатын жыр-дастандарда орын алған. Сондай-ақ шығыстық сөздердің жалпыхалықтық тілден орын алуына әрі ақын заманында басым көпшілігінің белсенді түрде айналымға енуінің тағы бір себебі XIX ғасырдағы қазақ ақындарының мұсылманша сауатты бол-

ғандығы. Бұл кезеңнің ақындары Махамбет, Шал, Шортанбай, Дулат, Мұрат, Шернияз, т.б. Абай ақыннан бұрын жалпыхалықтық қолданыстағы шығыстық сөздерді мол пайдаланған.

Рас, кірме сөздердің тілімізден орын алуы сонау ерте замандардан бастау алады. Алайда олардың түрленуі, қалыптануы, семантикалық дамуы осы XIX ғасыр. Өйткені осы ғасыр ақындары кірме сөздерді барынша жандандырып, мағыналық жағынан үйлесім таппайтын сөздермен түйістіріп, жаңаша бейнелі тіркестер жасағанын атаған жөн.

XIX ғасыр ақындары Дулат, Шортанбай, Мұрат шығармаларында заманына лайықты қолданылған араб, иран сөздері арқылы жасалған этномәдени фразеологизмдер көрініс тапқан. Олар сол кездегі өтпелі кезең, зобалаң шақты суреттеуде қолданылған. Алайда бұл фразеологизмдердің қазіргі таңда мағыналық дамуы байқалады. Бір фразеологизмдер өз құрамындағы сыңарларын алмастырып жаңартса, *пәни дүние – жалған дүние*, бірі өз формасын сақтап, сол қалпында қолданылады: *асыл сөз, әділетке шөлдеу, гәріп жұрт, бейбіт өріс, шарлап кету, шартарапқа тарау*. Кейбірі қоғам өміріндегі өзгерістер негізінде қайта қолданысқа енеді. Бұған имандылыққа бет бұрған кезеңге сай жаңғырып, жанданған *сұбхан Алла, Алланың құлы, намаздың қазасы, жәһаннамның белгісі* сияқты тұрақты тіркестерді келтіруге болады [10, 118-б.].

Сөз жоқ, шығыс тілдерінен енген сөздер ақындардың барлығында бірдей деуге келмейді. Біз сөз еткен Дулат, Шортанбай, Мұрат ақындардың өзінде әрқалай. Дулат ақында 138 сөз, Шортанбайда 267 сөз, Мұратта 103 араб сөзі қолданылғаны анықталды. Үшеуінде бірдей қолданыста болған сөздердің саны 32. Оның басым көпшілігі әлеуметтік, қоғамдық-саяси өмір саласы мен діни саладағы араб сөздері [11, 66-б.].

Мұндағы тағы бір ерекшелік аталған ақындар қолданысындағы кірме сөздердің аз не көп болуы олардың діни сауаттылығында болса, екінші олардың жырлаған тақырыптық идеяларына байланысты. Десе де, барлығы қазіргі таңда қолданылып жүрген сөздер. Осы ретте Абай Құнанбайұлының шығармаларындағы шығыс тілдерінен енген кірме сөздердің қолданысын тақырыптық топтарға бөліп сараласақ, онда ақынның саяси-әлеуметтік өмір мен тәлім-тәрбиеге байланысты және ұлттық салт-дәстүрге қатысты сөздердің мол орын алғандығын көреміз. Алайда діни сарындағы шығармалардың да барлығын ескерген жөн. Өйткені ақын қоғамдық мазмұндағы шығармалармен бірге діни тақырыптарды да кең сөз етеді. Ал сондай тақырыптарда діни терминдерді еркін қолданады. Онда негізінен жалпыхалықтық тілден орын алған иман, ақырет, аят, тәубе, әруақ, пенде, т.б. сөздерді алса, кейіннен Алла тағала, иман тақлиди, иман иғтиқад, жәліб мәнфағат, дәфғы мұзаррат, т.б. тұтас тіркестерді келтіреді.

Айталық, Абай Құнанбайұлының отыз сегізінші қара сөзі діни мазмұндағы үлкен туынды. Онда ақын өзінің діни танымы мол, шариғи амалдардың да мазмұнын терең ұғынған жан ретінде танытады. Себебі қара сөздегі тұтас тіркестер мен сөйлемдер, діни сипаттағы ұғымдар осыны аңғартады. Қараңыз: *Адамның ғылымы, білімі хақиқатқа, растыққа құмар болып, әрнәрсенің түбін, хикметін білмекке ынтықтықпенен табылады. Ол – Алланың ғылымы емес, һамманы білетұғын ғылымға ынтықтық, өзі де адамға өзіндік ғылым береді. Оның үшін ол Алланың өзіне ғашықтық. Ғылым – Алланың бір сипаты, ол – хақиқат, оған ғашықтық өзі де хақлық һәм адамдық дүр. Болмаса мал таппақ, мақтан таппақ, гиззат-құрмет таппақ секілді нәрселердің махаббатымен ғылым-білімнің хақиқаты табылмайды* (Абай, Отыз сегізінші қара сөз: 186-187 бб.).

Мұндағы ақынның айтпағы ғылымға махаббатпен көңіл бөлу. Олай болмағанда адамның ісі қашанда толық болмайды. Ісі толық болмаған адамның берекесі болмайды деп біледі. Ғылымға да осылай қарайтын жанның да өз Жаратушысына солай қарайтынын атайды. Нәтижесінде барлығы толық болмаған соң, Абай Құнанбайұлы мұндай адамдарды толық болмаған жарым адамға теңейді. Біздің көп ретте сөз етіп келетін «толық адам» сипаты осыдан көрінеді. Міне, көріп тұрғанымыздай, Абай Құнанбайұлы діни сауаты болмаса мұндай сипаттағы дүниелерді ұсынар ма еді? Әрине, таза діншілдікке бой алдырма-

ған болса керек, десе де дінді жат көрмеген деуге толық негіз бар. Өйткені арабша айтарлықтай білмеген, білмейтін адамға 13, 38-сөздеріндегі тұтас фразалардағы сөйлемдерді, жеке сөздерді арабша келтіру оңайға түспес еді, өйткені оларды автор цитата ретінде алмай, қазақша тексте жымдастыра, ой желісін бұзбай қиюластыра қолданады дейді Р.Сыздықова [12, 106-б.].

Абай Құнанбайұлының шеберлігі, суреттеудегі әдісі – жаратылыстың барлық салаларында қалам тартқан, үлкен талант иесі екендігін танытады. Алайда оның тілдік тұрғыда бүгінде тың жатқан бір ғана дүниесі бар. Ол – ақынның діни ойлары мен Алланы танудағы сөз кестесі. Сөз жоқ, дінді түсініп, дін тілінде сөйлей білген ғана оны дәріптеп, уағыздай біледі. Дін тілінде араб сөздері қолданылады. Бұл ретте Абай да заманына қарай Ислам дінін сөз етті. Ислам дініне қатысты ой-пікірін айтуға Абай сол діннің ресми тілі – араб тіліне иек артады. Діни ұғымдардың араб тілінде қалыптасқан терминдері мен сөздерін қазақшаламай, сол күйінде пайдаланады [13, 8-б.].

Бұл мәселе әлі толығымен зерттелмегені көрініп-ақ тұрады. Сөз жоқ, Абай Құнанбайұлының Алла, ислам, шариғат жайлы айтқандары арақидік айтылып қалады. Бірақ оның Аллаға деген сенімін, шариғат жайлы айтқан өлең жолдарын арнайы зерделеп, саралаған жеке дара зерттеулер жоқтың қасы. Оның бұлай болуы да түсінікті. Кешегі кеңес өкіметі тұсында ол жайлы айту да оңай болмады. Тіпті айтуға да тыйым салғандығы жасырын емес. Өйткені ол кезеңдерде дінді мемлекеттен бөлек қарауды бұйырған еді. Нәтижесінде зайырлы ұстанымның негізі дінсіз қоғам қалыптасты.

Абай Құнанбайұлының Алла жайлы жазған ойларын талдап, ғылыми саралау үшін алғаш ол жайлы жазылған шығармалары мен өлең жолдарын кеңірек қарастыру нәтижесінде ғана көз жеткізуге болады. Ол үшін Абайдың әділеттілікті меңзеп, имандылық негіздегі өлең жолдарына терең бойлау қажет. Онда Абай әділеттілік дегенде нені түсінді? Имандылықты қалай қабылдады? Ақынның Алланы тануындағы негізгі көзқарастары қандай? деген бірнеше сұрақтарға жауап беруді қажет етеді.

Ақын Алланың барлығын, оның адамзат ұғымында расында қалыптасуын кітаптар арқылы ұсынады: «Көп кітап келді Алладан, оның төрті» деп келесі жолдары бұл кітаптардың Алладан жіберілгендігін негіз етеді «Алланы танытуға сөзі айырылмас» деп, оны осы кітаптар танытатынын, Алланың барлығына дәлел ұсынады. «Аманту оқымаған кісі бар ма?» дейді өлеңді жалғастырып. Бұл қасиетті аяттарды меңзеген жолдарды Абай біліп қана қоймай, түсініп, іштей соны дәріптеп отыр. Содан «Уә кутубиһи дегенмен ісі бар ма?» деп келеді де «Алла өзгермес, адамзат күнде өзгерер», ұғымында адамзаттың күнсайын, уақыт өткен сайын өзгеретінін алға тартып «Замана, шаруа, мінез күнде өзгереді», ... «Қағида шариғаты өзгерсе де», «Тағриф Алла еш жерде өзгермейді» деп түйеді.

Міне осындай ойды негіз етіп, барлық жаратылыс, жанды-жансыз өзгереді, бірақ Алланың өзгермесі хақ деп біледі. Сол құбылысты ақын жіберілген кітаптар арқылы тасдиқ етіп, оның жолдарын былай келтіреді:

Күллі мақлұқ өзгерер, Алла өзгермес,
Әһли кітап бұл сөзді бекер демес.

Алла Тағала адамзатты топырақтан жаратып, жан беріп, оған өмір сүруді жазғанда шын мәнінде, «Махаббатпен жаратқан адамзатты» деп топшылайды. Бірақ ол оны екі жастың арасындағы сезімдік махаббатпен шатастырмай, шынайы сүйіспеншілік махаббатты Аллаға тән деп ұғады. Олай болса, осыншалықты өмір, рызык, несібе, бала-шаға мен бақдәулет берген Алланы «Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті» деп жалғастырады. Адамзат Алланы тани алса, оның барлығына күмән келтірмесе, онда оның сүйіспеншілігі артар, ал егер тани алмаса, сене білмесе, онда танымайтынын, көре білмейтінін қалай сүйсін деген ойға оралады.

Абай ұғымында адамзат баласы «әділетті болу» дегенді әр кез жадында тұту керектігін ұсынады. Сол үшін күреседі, дәріптейді, соған жол көрсетуді меңзейді. Ол үшін адам баласы өзі әділ жолды ұстануы керек, соның мағыналық ұстанымын әманда есте тұту керек деп ұға-

ды. Ең бастысы, Алла жолында жүру керектігін түсінеді. Бұл ретте Абай әділеттілікті имандылық негізде қарастырады да «Және хақ жолы осы» деп әділетті дәріптейді. Абай әділеттілік дегенде осыны түсінеді. Шындық та, дін де, нақты көрсетілгендігін сөз ете келе «Дін де осы шын ойласаң, тағат та осы» деген өлең жолдарымен тиянақтай түседі.

Әрі қарай «Екі дүние бұл тасдиқ – хақтың досы» деп жалғасады. Мұнда шарифат үкімінде ақыретке сену, оның барлығына нану мәселелері нақты келтірілген, алайда адамзат баласының бұл айтылған екі дүниенің байланысына сене алмайтындығы сөз етіледі. Себебі *ақырет* сөзінің шарифи мағынасы осыны меңзейді. Араб тілінде ақырет – *соңы, арғы дүние, біткен ұғымын берсе, шарифи мағынасы – адамзаттың келесі өмірі*. Ал тасдиқ сөзі – *растау, бекіту, қабылдау, сенім білдіру*. Сондықтан Абайдың ұғымында екі дүниенің барлығы ақиқат екендігінің дәлелі.

Абай өз ынтасын да, халық ынтасын да дінге, мұсылмандар үшін «шынайы шындықтың», «ғылымның негізі» ретінде санап, ислам дінін догма деп қарамай, ғылыми тұрғыда саралауға шақырады. Яғни ғылымға да сүйіспеншілік арқылы адам баласын жастайынан баулуды қалайды. Ал оны түрлі жолдармен үйретуді де теріске шығармайды. Өйткені ерте жастан ғылымға бейімделген адам адами қасиетке толы болады деп түйеді: «*Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпенен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады*».

Сондай-ақ қазақ даласында ислам дінін үстем таптың идеологиялық құралына айналдыруды да қаламайды. Діншілдер мен дүмшелерді діннің жалпы мәнін осы негізде түсінуге үндейді, оны уағыздауда ақиқат шындық қажет деп таниды. Өзі де сол ұстанымды қолдайды. Ол «Адам болу үшін, оған қайғы жемеу үшін» қандай да қарсылықтан, жамандықтан қашық болып, нендей жақсылыққа жақын болу керектігін айтады. Мұны былай келтіреді:

Руза, намаз, зекет, хаж – талассыз іс,
Жақсы болсаң, жақсы тұт бәрін тегіс.
Бастапқы үшін бекітпей, соңғы төртті
Қылғанменен татымды бермес жеміс.

Мұндағы ұстаным діннің тірегі болған ораза, намаз, зекет, хаж – қажылыққа баруды орындау парыз екендігін ұқтыру. Исламның тірегі саналатын бұл амалдарды орындамай, өзгелеріне әрекет ету орынсыз екендігін жеткізу.

Абай Құнанбайұлы ұғымында қабылдаған дін – шарттарына берік, амалдарына толық ден қойған, адамгершілікті жоғары танытқан, өлеңмен әрлеп, насихатқа құрылған. Оның осыдан жасаған түйіні – Адамды сүй, Алланың хикметін сез, Не қызық бар өмірде онан басқа?!» деп келеді.

Жалпы алғанда, мұнда ақынның діни түсінігі мен ұғымын, тұжырымын, шынайы ақиқатты ұсынғандығын көруге болады. Ол қазақ даласындағы ислам дінінің үстем тап өкілдерінің идеологиялық құралына айналдырмастан, дінді осы бағытта дәріптеу керектігін аңғартады. Діннің мәнін түсінуде нағыз шынайылық пен ақиқатты бет тұтып, әділдікті берік ұстанғандығын байқатады. Бұл М.Бұлұтай айтқандай: «Абай – ислам дінінің уағызшысы. Басқа діндердің элементтері кіргізіліп, бұрмаланған тұрмыстағы діннің емес, Алла тағала пайғамбарға және күллі адамзатқа жіберген дінді жақсы түсінген және оны уағыздаған адам» [14, 355-б.].

Абайдың дінді сөз еткен өлеңдері мен діни ойлары, көзқарастары арнайы зерттеуді қажет етеді. Бұл үшін алғаш Абайдай дінді түсініп, дәл сондай ұғымда оны үнге қоса білу керек. Сонда ғана оның нағыз діни ұғымы мен ойларын жеткізуге болады. Ал тілдік қолданыстары ой-тұжырымға орай пайдаланылған шығыстық сөздердің мағыналық сәйкестігін аңғартады. Мұндай қолданыс өз кезегінде ақынның сол тілдерді жақсы білгендігі мен жалпыхалыққа түсінікті болған үлгілерін әрі сол заманында айналымда орын алғандығын көрсетеді. Айталық, *Алла, қағида, шарифат, тасдиқ* сөздері мен *күллі мақлұқ, әһли кітап, тағриф Алла* тіркестері ақын өмір сүрген кезеңде еркін қолданылған.

Жалпы алғанда, ақын сөздік қолданысындағы шығыстық сөздер көп ретте дінге емес, өзге салаларға қатыстысы басым. Оның ішінде оқу-білімге, мәдениетке, абстракт ұғымдарға, т.б. Мұның да себебі қазақ даласында қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуымен байланысты. Өйткені ақын өмір сүрген кезеңде оқу-білім саласында жаңаша үрдістер қалыптасты. Ал баспа жұмыстары болса едәуір дамып кітаптар саны артты. Демек, мұндай жегістіктер тілге де көп септігін тигізді. Жазу дәстүрі мен кітап басу саласының дамуына орай наме, бәйіт, қысса, насихат, т.б. сөздері орнықты.

Бізге белгілі, ақындық мектебі негізінен шығыстың ұлы ақындары мен орыстың классикалық әдебиеті болған Абайдың өзі қазақ ортасында бұрын жоқ поэзияны жасай отырып, «тыңдаушымды ұғымсыз қылып тәңірім бергенді» деп, өз сөзін оқушыға емес, тыңдаушыға арнап отырғанын анық сезінсе, тіпті кейде өзін жазушы емес, айтушы ретінде сезінеді: «Сөз айттым «әзірет әлі», «айдаһарсыз»; «Айтып, айтып өтті қарт, көнбеді жұрт не лажы» т.б. [15, 202-б.].

Ұлы ақынның өлең тыңдаушысы ұғымсыз болғаны, яғни сөзіне еретін жанның табылмағаны сезіледі. Кейде ақын оны тарығып, өз-өзіне айтып, тыңдаушысымен ойша тілдесетіне кездеседі. Айталық, Сөз түзелді, тыңдаушы сен де түзел немесе Әзелде тәңірім сорлы етті, Арсыз ел мен әуре етті деп келетін өлең жолдары осы айтылғандарға саяды. Бұл сірә, ақынның күңіренген сәттерде туған жырлары болса керек-ті. Өйткені ақын осындай күйге түскенде өзін толғантқан ойларды өзіндік ішкі сезіммен ерекше толғаныс арқылы өлең шумақтармен сыртқа шығарған болуы мүмкін. Тыңдаушыға сөз түйістірудің өз үлгісі бар болса, Абай ақынның өзімен іштей тілдескен сәттердегі ерекше туған бір талабы осы. Мұндағысы әуелі өлең өлшемін өрнектеп, қалыбына салып, ұйқасын мазмұнына лайық құрастыру.

Демек, өлең сөзді модельдеу, қуатты ойдан бас құрап, ырғағына лайықтап, терең ойдан шыққан сөзді қаламмен қағазға түсіру – сөз суретін суретші секілді кескіндеу. Бұл ретте ақын өлең – сөздің патшасы деп біледі. Өйткені ол қиыннан қиыстырып, тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп, теп-тегіс жұмыр келуі тиіс. Сондай-ақ бөтен сөзбен былғанбағаны абзал, ал егер бөтен сөзбен былғанса, онда ол ақынның білімсіздігі, бишаралығы. Мұнда айтушы мен тыңдаушы да маңызды. Олардың көпшілігі надан болса, онда жұрттың бір парасының сөзді танымағандығы. Абай Құнанбайұлының сөзді бөтен сөбен былғамай, жат сөздерді қолданғанда да қисынын тауып, мағыналық сипатын таныта білуі поэзияда көркем сөз дүниесін тани білгендігі. Әрбір қағазға түскен сөз Абайша сурет кескінінде маңызды құрал ретінде сақталып, күні бүгінге дейін жетті. Ұрпақтан ұрпаққа қалар мұра саналатын асыл сөздерден құралған өлең жолдары әлі де талай буынға сарқылмас рухани қазына болып қалары сөзсіз. Бұл өз кезегінде ақынның өлең сөздегі суреткерлік сипаттағы бейнелеудің бастау кезеңі деуге де әбден болады.

Міне, Абай Құнанбайұлының көркем сөз дүниесіндегі шеберлігін көне түркі сөздері, қазақтың өз төл сөздерімен бірге араб-парсы сөздерін, діни терминдерді тиісті орында мағынасы мен берер ойға сәйкес келер тұста сәтті пайдалана білгендігінен көреміз. Соның нәтижесінде тіркестерді жасауда жаңаша орамдар құрап, сөз өрнегін құрастыруда өзін жақсы танытқандығын аңғарамыз. Бұл да ақынның әдеби тілдің өңделіп, сұрыпталып, жаңғыра түсуіне көп септігін тигізгендігі.

Түйіндей келгенде, Абай Құнанбайұлының әдеби тілдің дамуына қосқан үлесін осындай көркем сөз дүниесі шеберлігінің нәтижесінде танылғанын көреміз. Бұл ұлы ақынның қазақ әдеби тілінің қалыптасуында алғашқы бастамалардың бірі болса, екіншіден, көркем сөз дүниесін құрауда қазақ әдеби тілін жаңа сатыға көтеруі. Сондықтан оны қазақ әдеби тілінің тарихында ұлттық сипатын танытатын бастау дәуірі деп санаймыз. Ал діни терминдерді қолдануы Ислам дініне қатысты айтылған өлеңдері мен қара сөздерінде орын алған. Өйткені дінді сөз еткенде ол сол діннің ресми тіліне, яғни араб тілінің сөздік қорына иек артқан. Нәтижесінде, өзі тани білген шариғи үкімдер мен өзінің ой байламдарын айтып жеткізуде

арабша сөздерді қазақшаламай, барынша ұғымды түрде сол қалпында пайдаланған. Бұл да ақынның шеберлігі мен көркем сөз дүниесін танытатын сипаттардың бірі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімі туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым. 1987. – 352 б.
2. Әуезов М. Қазақтың әдеби тілі туралы // Әдебиет және искусство. – 1951. – №4.
3. Абай энциклопедиясы. – Алматы: Атамұра, 1975. – 720 б.
4. Талжанов С. Шортанбай Қанайұлы. Әдеби мұра және оны зерттеу // Қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы: Қаз ССР Ғылым Акад. баспасы, 1961. – 376 б.
5. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. – Алматы, 1962. – 173-б.
6. Жұбанов Қ. Абай және шағатай әдебиеті // Абай. – 1995. – №2.
7. Ысқақов А. Абай тілі сөздігі. Абай және қазақтың әдеби тілі. – Алматы: Ғылым, 1968. – 734 б.
8. Әдебиет майданы. – 1934. – №11-12.
9. Исаев С.М. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Мектеп, 1989. – 192 б.
10. Мансұров Н.Б. «XIX ғасыр поэзиясындағы араб, иран кірме сөздерінің семантикалық сипаты». – Шымкент: «Нұрдана-LTD» баспасы, 2011. – 124 б.
11. Мансұров Н.Б. XIX ғасыр поэзиясындағы араб, иран кірме сөздері (Дулат, Шортанбай, Мұрат шығармалары бойынша): филол. ғыл. канд. ... дисс. – Шымкент, 2006. – 133 б.
12. Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 384 б.
13. Сыздық Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. – Алматы: Арыс, 2004. – 614 б.
14. Бұлұтай М. Дін және ұлт. – Алматы: Арыс, 2006. – 584 б.
15. Өмірәлиев Қ. Қазақ поэзиясының жанры мен стилі: (XIX ғ. бірінші жартысы). – Алматы: Ғылым, 1983. – 240 б.

REFERENCES

1. Кеңесбаев І. Qazaq til bilimi týraly zertteýler. – Almaty: Gylym. 1987. – 352 b.
2. Áýezov M. Qazaqtyń ádebi tili týraly. Ádebiet jáne iskýsstvo. – 1951. – №4.
3. Abai entsiklopediýasy. – Almaty: Atamura, 1975. – 720 b.
4. Taljanov S. Shortanbai Qanaiuly. Ádebi mura jáne ony zertteý // Qazaq ádebietiniń negizgi problemalaryna arналған ғылыми-теориялық konferentsiаныń materialdary. – Almaty: Qaz SSR Gylym Akad. baspasy, 1961. – 376 b.
5. Кеңесбаев І., Musabaev Ғ. Qazirgi qazaq tili. Leksika, fonetika. – Almaty, 1962. – 173 b.
6. Jubanov Q. Abai jáne shaǵatai ádebieti // Abai. – 1995. – №2.
7. Ysqaqov A. Abai tili sózdigii. Abai jáne qazaqtyń ádebi tili. – Almaty: Gylym, 1968. – 734 b.
8. Ádebiet maidany. – 1934. – №11-12.
9. Isaev S.M. Qazaq ádebi tiliniń tarihy. – Almaty: Mektep, 1989. – 192 b.
10. Mansurov N.B. «XIX ǵasyr poeziýasyndaǵy arab, iran kirme sózderiniń semantikalыq sipaty». – Shymkent: «Nurdana-LTD» baspasy, 2011. – 124 b.
11. Mansurov N.B. XIX ǵasyr poeziýasyndaǵy arab, iran kirme sózderi (Dýlat, Shortanbai, Murat shyǵarmalary boyynsha): filol. ǵyl. kand. ... diss. – Shymkent, 2006. – 133 b.
12. Syzdyqova R. Abai shyǵarmalarynyń tili. – Almaty: El-shejire, 2014. – 384 b.
13. Syzdyq R. Abai jáne qazaqtyń ulttyq ádebi tili. – Almaty: Arys, 2004. – 614 b.
14. Bulutai M. Din jáne ult. – Almaty: Arys, 2006. – 584 b.
15. Ómiráliev Q. Qazaq poeziýasynyń janry men stili: (XIX ǵ. birinshi jartysy). – Almaty: Gylym, 1983. – 240 b.

Б.СЕРДӘЛІ*

филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Қазақстан, Түркістан қ.), E-mail: bekhigit.serdaly@ayu.edu.kz

**ПУБЛИЦИСТ КӨЛБАЙ ТӨГІСОВ ПЕН НАЗИПА ҚҰЛЖАНОВА – АЛАШ
КӨСЕМСӨЗІНІҢ ҚАРЛЫҒАШТАРЫ**

Мақалада қазақ журналистері Көлбай Төгісов пен Назипа Құлжанованың ХХ ғасырдың басындағы публицистік шығармашылығы қарастырылады. Егер публицистердің алғашқы кезеңдегі және Қазан төңкерісі жылдарындағы көсемсөздері («Алаш» газетіндегі қызметі, «ыстық нүктелерден» жазған репортаждары) шама-шарқынша жан-жақты зерттелген болса, кейінгі жылдардағы публицистикалары «ақтаңдақ» күйінде қалып қойды. Оның үстіне публицистердің 1912-1915 жылдардағы қарама-қайшылыққа толы қызметі түрлі кедергілерге тап болды. Мақалада, міне, қазақ публицистерінің осы бір кезеңдегі қызметіне баса назар аударылады.

Кілт сөздер: көсемсөз, баспасөз, тәуелсіздік, саясат, қоғам, насихат, демократия.

B.Serdali

Candidate of Philological Sciences, Professor, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University (Kazakhstan, Turkestan), E-mail: bekhigit.serdaly@ayu.edu.kz

One of the Founders of Journalism Alash – Kolbay Togusov and Nazipa Kulzhanova

The article discusses the journalistic activities of Kazakh journalists Kolbay Togusov and Nazipa Kulzhanova at the beginning of the twentieth century. If the early journalistic activities of publicists of the first stage of creativity (while working in the newspaper “Alash”, in reports from “hot spots”), as well as during the October Revolution, have been extensively studied, their late journalism has not yet been sufficiently understood and studied. In addition, the difficult and controversial period in the work of publicists in 1912-1915 faced various obstacles. The article draws attention to these important issues later journalism Togusov and Kulzhanova.

Keywords: journalism, press, independence, politics, public, propaganda, democracy.

Б.Сердали

кандидат филологических наук, профессор, Международный казахско-турецкий университет им. Ходжа Ахмеда Ясауи (Казakhstan, г. Туркестан), E-mail: bekhigit.serdaly@ayu.edu.kz

**Одни из основоположников публицистики Алаша –
Колбай Тогысов и Назипа Кулжанова**

В статье рассматривается публицистическая деятельность казахских журналистов Колбая Тогысова и Назипы Кулжановой в начале ХХ века. Если ранняя публицистическая деятельность публицистов (время работы в газете «Алаш», репортажи с «горячих точек»), а также периода Октябрьской революции достаточно широко исследована, то их поздняя публицистика до сих пор еще недостаточно осмыслена и изучена. К тому же слож-

*** Бізге дұрыс сілтеме жасаныз:**

- Сердәлі Б. Публицист Көлбай Төгісов пен Назипа Құлжанова – Алаш көсемсөзінің қарлығаштары // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2020. – №1 (115). – Б. 94-102.

*** Cite us correctly:**

- Serdali B. Publitsist Kolbai Tógisov pen Nazipa Quljanova – Alash kósemsózinin qarlygashtary // Iasaui úniversitetinin habarshysy. – 2020. – №1 (115). – B. 94-102.

ный и противоречивый период в творчестве публицистов 1912-1915-х гг. столкнулись с различными препятствиями. В статье обращается внимание на эти важнейшие проблемы поздней публицистики Тогысова и Кулжановой.

Ключевые слова: публицистика, пресса, независимость, политика, общественность, пропаганда, демократия.

XIX ғасырдың екінші жартысында басқыншы орыс озбырлығына шыдай алмаған қазақ ағартушылары мен ақын-жазушыларының өзінен кейінгі буынды аңсаған азаттыққа, ілім-білімге үндеуінің нәтижесі XX ғасырдың бас кезінде біршама жеміс бере бастады. Жалпы XX ғасырдың бас кезі қазақ халқының өміріндегі азаттық жолындағы күрестің, яғни саяси-әлеуметтік қозғалыстың үрдіс дамып, құлаш жая бастаған тұсы болып табылады. Мұның себебі Ресей самодержавиясындағы жалпы қоғамдық ой-сананың дамуында бостандық идеясы белең алған 1905 жылғы түп-түпкіріне жеткен сарынынан еді. Сонымен бірге қазақ халқы XX ғасырдың саяси сахнасына азаттық пен тәуелсіздіктің күрес жолына, ағартушылыққа шақырған ірі қоғам қайраткерлерін шығарды.

Дегенмен, коммунистік-тоталитарлық жүйе заманында жарық көрген әдебиеттерде көптеген ірі қайраткерлеріміз ақтай қараланды, тіпті олардың есімдерін атауға тыйым салынды. Көп жағдайда бүкіл XVII-XIX ғасырлардың шеңбері тек қана Шоқан, Ыбырай, Абаймен шектеліп, олардың өзінің дүниеге келуі «ұлы орыс мәдениетінің жемісі» деп насихатталды. Соның нәтижесінде үш ғасыр аралықта небір ұлы ойшылдар мен дарынды перзенттерді дүниеге келтірген қазақ даласы небәрі үш-ақ қайраткерді шығарған деп үлкен бір халық тарихы бұрмаланды. Қазақ халқы «қараңғы», «надан», «жабайы» болып суреттелді, ал «жаңару тек Қазан революциясынан басталды» деген жалаң, ұзынсонар жаттанды тұжырымдар пәрменді насихатпен, ғылыми еңбектер арқылы саясаттың, идеологияның берік құралына айналды [1]. Алайда уақыт өте тарих өз дегенін жасады. «Өтіріктің түбі бір тұтам» демекші, ол ешқашан өрге баспайды, арада қаншама жылдар өтсе де ақиқат өз бағасын алуы тиіс. Міне сондықтан XX ғасырдың басында ғұмыр кешіп, қоғамдық-саяси, құқықтық ой-пікірді дамытуға үлес қосқан қазақ қайраткерлері мен ойшылдары хақында ғылыми зерттеулер жазыла бастады [2]. Ол тарихымыздың әлі ашылмай жатқан беттеріне біршама сәуле түсіргендей болды. Дегенмен, тұлғалық характері, қайраткерлік қызметі әлі дұрыс зерттелмей жатқан небір азаматтарымыз баршылық. Соның ішінде атын ерекше атап өткім келетіні – Көлбай Төгісов.

Көлбай Төгісов 1879 жылы Зайсан оязы Шорға болысында, қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Тарбағатай ауданында дүниеге келген. Оның қоғамдық-саяси әрекетпен белсене араласуы бірінші орыс революциясымен тұспа-тұс келіп, 1905 жылғы 17 қарашада Қарқаралыда патшаның 1905 жылғы 17 қазандағы манифесіне орай митинг пен ереуілді ұйымдастырушылардың бірі ретінде аталады. Ол баспасөз істерінде сол кездегі саяси ахуал, патша шенеуніктерінің қиянат, озбырлықтары мен парақорлығы жөнінде жиі-жиі мақалалар жариялап тұрған. Мамандығы бойынша заңгер бола тұра журналист, драматург, публицист, ақын және аса ірі қоғам қайраткері дәрежесіне дейін көтерілген Көлбай Төгісов өзінің болмыс-бітімі, ой-санасы, ниет-пиғылы жағынан, ең алдымен, ағартушы болған. Көлбайдың қалдырған мұрасы да, істеген қызметі де осыны аңғартады. Ол өз халқын орыстандырмай-ақ және басқа ұлттардан оқшауландырмай, тілін, дінін, мәдениетін сақтап, жетілдіре отырып Еуропа елдерінің мәдени-экономикалық деңгейіне жеткізуді армандаған.

К.Төгісов, Ш.Әлжанов және М.Әйтпенев – 1912-1915 жылдары «Айқап» журналына жақын бағыт ұстанған қайраткерлер еді. Журналға мәдениет, оқу-ағарту, денсаулық сақтау, жер мәселелері туралы мақалалар жазып тұрған К.Төгісов 1907-1912 жылдары патшалық әкімшілік тарапынан қуғын-сүргінге ұшыраған. 1916 жылдан бастап ол Ташкент қаласында «Алаш» атты газет шығарды. Сондықтан да Көлбайдың ағартушылық қызметіндегі үлкен бір белес – «Алаш» газетінің шығуы еді. Ол қазақ сахарасында болған ұлы оқиғалардың бірі десе

де болатындай. Ел ішінде бұрыннан беделі жоғары Көлбай «Алаш» газетін шығару арқылы барша қазақ жұртының ұстазына айналды.

Көлбайдың «Алаштағы» ағартушылық бағыты жас авторларды шабыттандыра түседі. Оның алғашқы сандарында ресми өкіметке қарсы мазмұндағы мақалалар жарияланған жоқ. Олар көбінесе саясаттан гөрі білім мен мәдениет тақырыптарына қалам тартты. Алайда бұл басылым өзінің 12-санынан бастап (1917 жылғы 24 ақпаннан) революциялық-демократиялық бағыт ұстанды. Бұл жерде сөз жоқ, Көлбай Төгісовтің ықпалы, жетекшілік, тәлімгерлік рөлі жоғары болған. Б.Майлин, Ж.Тілепбергенов, Б.Күлеев сияқты жастар жазушылық қаламын осы «Алашта» бастап, бүкіл былайғы өмірлерін ағартушылық қызметке бағыттады. Заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовтің Жүсіпбек Аймауытовпен бірлесіп жазған тұңғыш мақаласы да 1917 жылы 30 наурызда осы «Алаш» газетінде жарияланып еді. «Қазақтың өзгеше мінездері» деп аталатын бұл мақалада [3] жас авторлар ел ішіндегі керітартпа патриархалдық-рулық белгілерін әшкерелей отырып, одан арылудың жолы – оқу-ағарту ғана деп тұжырымдайды. «Халықтың өзіне айтып, мінін түзеу қолымыздан келмейді, жалғыз-ақ үмітіміз – оқығандар» деген жолдардан қазақтың тоң болған тоғышарлығынан әбден түңіліп, бар үмітін оқу-білімнен іздеп, күйзеле күңіренген Абай сарыны да байқалып тұрған жоқ па осында?

Дегенмен Көлбайдың өзі сол кездегі саяси ахуал, патша шенеуніктерінің қиянат, озбырлықтары мен паракорлығы жөнінде газеттің саяси бағытын көрсететін мақалалар жазып отырды. Мысалы, «Айқаптағы» «Әй, қазақ!» өлеңі дүйім қазақ халқын жарқын болашаққа шақырып, олардың алдарында тұрған негізгі міндеттерді өлең жолдары арқылы өріп берген. Бұдан басқа оның «Айқап» журналында Қапалдағы елдердің мәдениеті, шаруашылығы, оқу-ағарту ісі, сот жұмысы жайында «Қайсынікі дұрыс?», қазақ арасындағы сот жұмыстары туралы «Қапал жағында болған уақиғалар», «Райымжанның сөзінде шындық бар ма?» және т.б. мақалалары жарық көрген. Сондай-ақ оның «Қазақ» газетінде Жетісу маңындағы Жалайыр руы жайында «Жалайырлар елі» деген хабары, «Алаш» газетінде әр халық өз алдына егеменді ел, демократиялық республика болу керек деген идеяны ұстанатын «Жоғалсын Романовтар!», «Сорлы қыздар», «Вильсонның жаңа қадамы», «Мемлекеттік дума мен өкімет», «Граф Игнатъев» секілді мақалалар жазып отырды. Көлбай өзінің әрбір мақаласында Ресей империясының қоғамдық-саяси және шаруашылық өмірінен нақты хабар береді. Сондай-ақ, Төгісов Қазақстандағы жер мәселесіне ерекше мән береді. Оның «Билік халықтың қолында» деген мақаласында «Оралдан қоныс аударғандардың кесірінен патша өкіметі қазақ халқын өз жерінде жерсіз, сусыз қалдырған кезде сарбаздарымыз қолына қару ұстап қарсы шыққан болатын. Енді осы биліктен айрылып қалмай, демократиялық республика құруымыз керек» [4], – деген болатын.

Осындай саяси мақалалары мен саяси әрекеттері үшін патша өкіметі Көлбайды қуғын-сүргінге ұшыратып, үстінен қылмысты іс қозғап, абақтыға жауып, үш жыл мерзімге Қапалға жер аударады. Ол Қапалда өткен үш жыл уақытын босқа жібермейді. «Айқап» журналына көптеген өлеңдері мен мақалаларын бастырады, өзі жергілікті халық арасында, бізше айтқанда, мәдени-ұйымдастыру жұмыстарын жүргізеді. Надандықтың қалың ұйқысы қымтаған қазақ еліне “көзіңді аш, оян, қазақ” деп жар салуы да осы кезеңде еді [5]. Көлбай Қапалдағы мерзімін өтеген соң Наманған, Ташкент жаққа кетіп, 1916 жылы 26 қарашадан бастап жаңа жоғарыда айтып кеткеніміздей, “Алаш” газетін шығара бастаған. Көлбайдың өзі қоғамдық-саяси жұмыстармен айналысу құқынан айрылғандықтан газетті әйелі Мәриямның атынан шығарған.

Көлбай Төгісов «Алаштың» бірінші санындағы бас мақаласында-ақ «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналы «Алаш» газетінің ағасы екенін айта келіп, қазақ халқының болашағы үшін бірлесіп жұмыс жасауға шақырады.

Көлбай Төгісов өзі қорғаушы-адвокат әрі білгір журналист қана емес, сондай-ақ ол драматург та болған. Көлбайдың шығармашылығындағы шоқтығы биік туынды «Надандық

құрбаны» спектаклі еді. Ол қазақ драматургиясы тарихында өзіндік орны бар туынды. Шығарма арқауы қазақ халқын ілгері бастырмай, аяғына тұсау болып жүрген рулық-патриархалдық салт-дәстүрге жиіркенішпен қарау, жастардың бойында жоғары мәдениет пен өркениет сезімін қалыптастыру, өз халқының бойындағы пасық та қатыгез мінездерді әшкерелеу еді. Көлбай Төгісовтің өзі «қырда болып жатқан көп надандықтың біреуі жарымын қолдан келгенше «қойын кітабына» жазып, қазақ жастарына ұсынып отырмын, қазақтың өз көздеріне көрсетсе, мұндай ойдан тыйылар еді деп үміт қыламын» деп жазған екен сол кітабының алғысөзінде. Расында да сол кездегі көзі ашық жастар бұл туындыны қуана қарсы алып, өз күштерімен дайындап, қалаларда, ауылдарда қойып жүреді [6]. Осы кезеңде жалпы қазақ әдебиетінде драмалық шығармаларға сыни мақалалар жазу енді қолға алына бастайды. Қазақ әдебиетіндегі драмалық шығармаға жазылған алғашқы сынның бірі осы Көлбайдың «Надандық құрбаны» шығармасына Міржақыптың жазған сыни мақаласы еді. Әрине, рецензияда біраз қайшылықтар бар. Сол кездегі саяси ахуалға байланысты көбіне-көп жеке бастың араздығы, топтық араздық табы танылып қалатын тұстары да аз емес. Жалпы Көлбай Төгісов пен “Қазақ” төңірегіндегілер көбіне саяси бірлікке келе алмаған («Кәдімгі біздің Көлбай», «Кәкітай», т.б.) Соның салқыны осы сынға да тигенін байқау қиын емес. Қайшылықты тұстар, Міржақып «біреудің кітабын сынағанда, шығарушының кім екенінде жұмысы болмауға тиіс» («Қазақ», 1915, N113) деп алып, Көлбайдың жеке басына көбірек шүйлігіп, шығарма назардан тыс қалып қояды. Дегенмен Дулатовтың кейбір пікірлері орындылығымен, Көлбай драмасының осал соғар тұстарын көрсете алуымен құнды. «Жазушы да – суретші. Жақсы суретші адамның сыртқы түрін айтпай білсе, жақсы жазушы да адамның ішкі сырын, мінезін, әдетін бұлжытпай көрсете біледі... «Надандық құрбанында» мұның бір нұсқасы жоқ, байлаусыз-матаусыз құр біріне-бірі қалаф уақиғалар көресің» [7], – деп сынаған. Сонымен бірге Міржақып Көлбай драмасының негізгі кемшілігі оқиғалар сенімсіздігі деп біледі. Бұған бірнеше дәлелдер келтіргенімен, осы дәлелдер кейде орнын таппай жатады. «Бұл күнде болыс басы пәлен бала бер дейтін бұйрық та қойылған, кедей балаларын жалдап беру де қалған. Мұндай іс Көлбайдың бала күнінде болып өткені рас». Төгісовтің өмірден алынған оқиға негізінде жазғаны шындық. Ал ол шындық қаншалықты нанымды шықты? Бұл басқа әңгіме. Міржақыптың бұл мақаласы «Қазақ» газетінде кейде сыңаржақ пікірлі сындардың болып тұратынының көрінісі. Қазақ драматургиясының туу шағында көзге түскен «Надандық құрбаны» өз уақытында әлеуметтік жүк көтерген кітап болғаны да шындық. Сондықтан да болар, көрермендер де спектакльді жылы қабылдаған. Мұны айғақтайтын да деректер баршылық. Ендеше, 1916 жылғы 24 февральдағы 170-санында «Надандық құрбаны» – шығарушысы Көлбай Тоғысов» деп жарнама берген «Қазақ» газеті артынша оны түкке алғысыз етуі [8] топтық тартыстың салқыны екені бірден көзге ұрып тұр.

1917 жылдың күзінде «Алаш» газеті Ташкент қаласынан Омбыға, содан кейін Петропавл қаласына көшіріледі. Осы кезеңде Көлбай Төгісов Петроград қаласына Бүкілресейлік жұмысшылар съезіне қазақ демократиялық ұйымының атынан өкілі ретінде барады. Сол тұста газет редакторы болып Түзел Жанбаев тағайындалады.

Көлбай Ташкентте жүргенінде сол жақта университет ашу туралы хабарды қабылдап, оның ұйымдастыру жұмыстарына білек сыбана кірісіп кетеді. «Алаш» газеті арқылы халыққа «Түркістан жақта да сәуле көрініп, құмды жарып шыққандай ғылым көзі ашылып, халыққа сусын боларлық бұлақ орнамақ» деп жар салып, халықтың келешегін тікелей осы университетпен байланыстырады [9]. Сөйтіп ел ішіндегі ауқатты адамдардан қаражат жинауға бас болады. Кейіннен 1917 жылдың аласапыраны басталып, университет үш жыл кейін ашылса да, бұл игілікті іске теңізге құйған тамшыдай болса да Көлбайдың қосқан үлесі бар деп білеміз.

Жанрлық тұрғыдан келгенде де публицистің қалам тербеу ерекшелігі байқалады. Мұнда оның бүгінгі жанр сипатының кейбір ұрымтал тұстарына сол кезде-ақ көңіл бөлгендігіне таң қалмай тұра алмайсың. Бұл бағытта шетел зерттеушілерінің пікірлеріне де зер салған орынды. «The semiotic school of mass media investigates the meaning of relevant

texts, regardless of the genre, as a process of coding and decoding information, which affects significant meanings. For instance, S.Gol argues that the concept of genre is a formal provision that limits journalistic activity» – Баспасөз семиотикалық мектебі маңызды мағыналарға ие. Баспасөз тарихына әсер ететін ақпаратты кодтау және декодтау процесі кезінде түрлі жанрларға қарамастан, релевантты мәтіндердің мәнін зерттейді. Мысалы, С.Гол жанрлар ұғымын журналистік қызметті шектейтін формальды жағдай деп сынайды [10] - деген бүгінгі анықтаманың сол кездің өзінде-ақ құнының жоғалмағандығын байқаймыз.

Жалпы, Көлбай Төгісов әлеуметтік әділетті мемлекет құрудың жолы елге билік жүргізу емес, алдымен халықтың жаппай білім мен мәдениетін көтеру деп білген. Оның бойында ұстаздық парасат, абыздық қасиет болған. Мұраларының сарқылмас күш-қуаты да осында болса керек. Сондықтан Төгісов мұраларын «Алаш» көсемдерімен қатар қойып зерттеген дұрыс.

Қазақ халқы «қараңғы», «надан», «жабайы» болып суреттелді, ал «жаңару тек Қазан төңкерісінен басталды» деген жалған пікірлер барлық ғылыми еңбектер мен БАҚ арқылы халықтың санасына сіңірілді. Қазақ халқын кемсіту мақсатында Қазан төңкерісіне дейін қазақтардың небары 2 пайызы ғана сауатты болды, 22 қазақ жоғары білім алды, олардың арасында бірде-бір әйел заты болмады деген жаңсақ пікірлердің таралуы соның айғағы.

Деректер бойынша 1911 жылы қазақ даласындағы 350 орыс-қазақ училищеде 6756 қазақ баласы оқыса, соның 289-ы қыз балалар болған екен. XX ғасырдың 20-30 жылдарында қазақ даласында көзі ашық, орысша білім алғандардың арасында ер азаматтармен қатар қызбалалар да пайда бола бастады. Бұл кезде халықтың да көкірек көзі ашылып, баяғыдай қызбаланы тек от басы, ошақ қасынан аса алмайтын деңгейде ғана көру деген бұйығылықтан арылып, ендігі жерде олар да оқып, білім алуы керек екенін түсінетін дәрежеге жетті. Қазақтың қыздары да қоғамның ағартушылық саласына белсене араласуды бастады. Сондай-ақ олар ел арасында жүріп, халықтың, яғни өз ұлтының басындағы ауыр халді нәзік жүректерімен сезіне білді.

XX ғасырдың 20 жылдарында қолына қалам алып, тек қана әйелдер мұңын ғана емес, ұлтының жоғын жоқтауға кіріскен қазақтың тұңғыш публицистерінің қатарында Нәзипа Құлжанова, Нағима Арықова, Сара Есова, Алма Оразбаева, Базарайым Қасенова, Аққағаз Досжанова, Мәриям Сейдалинова есімдерін ерекше атауға тиіспіз. Осылардың ішінде публицистика саласына бәрінен бұрын келген, әйтсе де әлі күнге өзінің шын бағасын ала алмай жүрген тұңғыш қазақ журналист-қызы Нәзипа Құлжанованың ерен еңбегі, шығармашылық өмірі жеке де жете зерттеуді қажет етеді.

ҚР Орталық Мемлекеттік мұрағатының жеке қорлар бөлімінде сақталған Б.Елкеевтің іс-қағаздарындағы мәліметке қарағанда:

«...Нәзипа аққұба келген, атжақты, орысша киініп, көзіне көзілдірік киетін, нәзік үнді, ақжарқын, сөзі жатық, орысша-қазақшаны бірдей, емін-еркін сөйлейтін кісі" болған екен [11].

Нәзипаның өмірбаянына, ол жайында жазылған біраз материалдарға сүйенсек, Нәзипа Сағызбайқызы 1887 жылы қазіргі Қостанай облысы, Жангелдин ауданына қарасты Торғай өңірінде дүниеге келген. Ол Торғайда қазақтың тұңғыш ағартушы, демократ, ақын-жазушы, педагог Ыбырай Алтынсарин іргетасын қалаған қазақ-орыс мектебінде оқып, Торғайдағы қыздар гимназиясынан білім алып шыққан соң 1902 жылы Торғайдағы қыз балалар училищесіне мұғалімдікке тағайындалады. Н.Құлжанова 1904 жылдары Семейдің мұғалімдер семинариясында 1919 жылға дейін оқытушы болып жұмыс істейді. Ұстаз, журналист, аудармашылық қызметтерді атқара жүріп Н.Құлжанова орыстың географиялық қоғамының Батыс Сібір бөліміне қарасты Семей бөлімшесінің мүшесі болып сайланған. Осында жүріп Нәзипа өзінен біршама жас үлкен, өзі секілді педагог Нұрғали Құлжановқа тұрмысқа шығады. Нұрғалидың үлкен ағартушы болғанын, кейін төңкерістер заманына дейін Семейдегі мұғалімдер орыс тілінен сабақ бергенін айта кету керек. Негізі Құлжановтар отбасы Семей қаласына 1905 жы-

лы қоныс аударған екен. Міне, осы жылдардан бастап Нәзипаның өмірінде жаңа, жемісті кезең басталған-ды. Семей – ол уақытта үлкен бір губернияның орталығы, орыс, қазақтың алдыңғы қатарлы зиялылары топтасқан, оқу-білімге талпынған дарынды қазақ жастары жиналған аса ірі мәдени орда болатын.

Өнер-білімге бұрыннан құштар Құлжановтар үйі де озық ойлы зиялылар мен талапкер жастардың жиі бас қосатын орнына айналады. Осындай басқосуларда ел ішіне мәдениет сәулесін шашу туралы үнемі сөз болып, әдебиет пен өнер, тұрмыс пен саясат жөнінде қызу пікірсайыстар болатын көрінеді. Жастардың басы-қасында жүрген семинария ұстаздары Нәзипа мен Нұрғали Құлжановтар да түрлі мәдени шаралардың ұйытқысы болды. Осындай үлкен шаралардың бірі де бірегейі жоғарыда атап өткен 1914 жылы 25 қаңтарда Семейдегі "Народный домда" Абайдың қайтыс болғанына 10 жыл толуына орай өткізілген әдеби кеш еді. Қазақ ауыз әдебиетін жинау арқылы ұлтымыздың жанашырына айналған әрі халқымыздың тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлихановтың досы болған Григорий Потанин жайлы «Қазақ» газетінде материалдар аз жарияланбаған көрінеді. Мұхтар Саматовтың «Потанин баяндамасы» атты «Оқшау сөзінде» [12] оның Омскіде жасаған баяндамасынан көп құнды деректер келтіреді. Онда Потаниннің Нәзипа ханым туралы айтқан жылы сөздері бар.

relation to the child. Four tactics of upbringing in the family and the corresponding 4 types of family relationships can be distinguished, which are both the prerequisite and the result of their emergence: Dictate guardianship, “non-interference” and cooperation. Dictate in the family is manifested in the systematic suppression by one family of the initiative and self-esteem of its other members. Family custody is a system of relationships in which parents, ensuring their work meets all the needs of the child; protect him from any worries, efforts and difficulties, taking them over. The system of interpersonal relations in the family, based on the recognition of the possibility and even the expediency of the independent existence of adults from children, can be generated by the tactic of "non-interference". Cooperation as a type of family relationships implies the mediation of interpersonal relationships in the family by common goals and objectives of the joint activity, its organization and high moral values. It is in this situation that the child's egoistic individualism is overcome. The family, where the leading type of relationship is cooperation, acquires a special quality, becomes a group of high level of development – a team.

Parents make up the first social environment of the child. The identity of the parents plays a significant role in the life of each person. The specificity of feelings arising between children and parents is mainly determined by the fact that parental care is necessary to maintain the very life of the child. The love of each child to their parents is boundless, unconditional, and boundless. Moreover, if in the first years of life, love for parents ensures their own life and security, then as they grow up, parental love increasingly performs the function of maintaining and security of the person's inner, emotional and psychological world. Parental love is a source and guarantee of human well-being, maintaining physical and mental health.

That is why the first and main task of parents is to create a child's confidence that they love and care for him. The most natural and most necessary of all the duties of parents are to treat a child at any age lovingly and attentively. And, nevertheless, emphasizing the need to create confidence in the child in parental love is dictated by a number of circumstances. Psychologists have shown that behind the tragedy of adolescent alcoholism and adolescent drug addiction are often not parents who love their children. The main requirement for family education is the demand for love. Only with the confidence of the child in parental love and the correct formation of a person's mental world is possible, can moral behavior be raised only on the basis of love, only love can teach love.

Many parents believe that under no circumstances should children be shown love for them, believing that when a child knows well that they love him, this leads to selfishness. On the contrary, these unfavorable personality traits arise precisely with a lack of love, when a certain emotional deficiency is created, when a child is deprived of a solid foundation of unchanging parental affection.

Deep, constant psychological contact with a child is a universal requirement for parenting, which can be equally recommended to all parents, contact is necessary in raising every child at any age. It is the feeling and experience of contact with parents that give children the opportunity to feel and realize parental love, affection and care. The basis for maintaining contact is sincere interest in everything that happens in the world.

When talking about mutual understanding, emotional contact between children and parents, I mean a kind of dialogue, the interaction of the child and the adult with each other. How to build a pedagogical dialogue? The main thing in establishing a dialogue is a joint striving towards common goals, a common vision of situations, a commonality in the direction of joint actions. Of paramount importance is the fact of joint orientation to the resolution of problems. The child should always understand what goals the parent is guided in communicating with him. The child, even at the smallest age, should become not an object of educational influences, but an ally in the general family life, in a certain sense, its creator and creator. When a child participates in the general life of a family, sharing all its goals and plans, there comes a genuine dialogue. It is also important to maintain equality of positions – that is, recognition of the active role of the child in the process of his upbringing. Man is always an active subject of self-education. Equality of positions in the

dialogue is the need for parents to constantly learn to see the world in all its different forms through the eyes of their children.

In addition to the dialogue, in order to instill in the child a sense of parental love, it is necessary to follow another extremely important rule. In psychological language, this aspect of communication between children and parents is called child adoption. Acceptance is understood as the recognition of the child's right to the individuality inherent in it, dissimilarity to others, including dissimilarity to parents. To accept a child means to assert the unique existence of this particular person, with all his characteristic qualities. Parents should be aware that each negative assessment of the child's personality and character traits inherent in him like: "This is stupid! How many times to explain, muddle!", "Why did I just give birth to you, stubborn, wretch!", No matter how fair, in fact, it is, no matter what situation is caused, causes serious harm to contact with the child, violates confidence in parental love. It is necessary to work out for yourself the rule not to negatively evaluate the child himself, but to criticize only an erroneously carried out action or an erroneous, rash act.

The distance that has become predominant in the relationship with the child in the family directly depends on the place occupied by the upbringing activity in the entire complex, ambiguous, and sometimes internally contradictory system of different motives of an adult person. Therefore, it is worth realizing what place in the parent's own motivational system will take up activities to educate the future child [12, p. 187].

The family and the school are the coast and the sea. On the shore, the child takes his first steps, receives the first lessons of life, and then an immense sea of knowledge opens up before him, and a school runs the course in this sea. This does not mean that he should completely break away from the coast - after all, seafarers always return to the coast, and every sailor knows how he owes the coast. The family gives the child, as it were, primary equipment, primary preparation for life, which the school still cannot give, because it requires direct contact with the world of loved ones, the children around, the world is very familiar, very familiar, very necessary, to which the child from the earliest years gets used and with which is considered. Only after that a well-known sense of independence is born. School should not suppress, but support it.

BIBLIOGRAPHY

1. Абубакирова С.Я. Сотрудничество школы и семьи // Воспитание школьников. – 2000. – №6. – С. 47-55.
2. Парфенова И.М. Организация сотрудничества семьи и школы // Воспитания школьников. – 2002. – №3. – С. 25- 28.
3. Слостёнин В.А., Исаев И.Ф. Педагогика: учебное пособие. – М.: Школа-Пресс, 2002. – 511 с.
4. Синягин Ю.М. Ошибки в общении учителя с учениками и их родителями // Воспитание школьников. – 1997. – №1. – С. 17-20.
5. Шудегова О.И. Семейное неблагополучие и основные характеристики развития и поведения детей «группы риска» в семье // Вестник Унив. Рос. Ак. образования. – 2007. – №4. – С. 47- 51.
6. Гайворонская Н.И. Взаимодействие школы и семьи в воспитании [Текст] // Педагогическое мастерство: материалы II Междунар. науч. конф. (г. Москва, декабрь 2012 г.). – М.: Буки-Веди, 2012.
7. Кассиль Л.А. Навстречу друг другу // Увидеть будущее. – М., 1985. – С. 90-93.
8. Рожков М.И. Бейбородова Л. Ви. Мектепте оспитательдік үрдісті ұйымдастыру. – М.: Білім, 2001. – 256 с.
9. Байкова Л.А., Гребенкина Л.К., Еремкина О.В. и др. Методика воспитательной работы / под ред. В.А.Сластенина. – М.: ИЦ «Академия», 2004. – 144 с.
10. Кукушин В.С. Педагогические технологии. – М.: ИКЦ «МарТ», 2006. – 336 с.

11. Nyshanova T. Enhancement of master students professional preparation on the basis of modern technologies International Educational Studies. – №8. –Vol. 8, 215 Scopus Canada. – P. 8.
12. Нұсқабаев О., Нұсқабаева Г.О. Әлемдік білім беру кеңістігіндегі қазақстандық жоғарғы мектептің іс-тәжірибесі // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2018. – №3 (109). – Б. 187-196.

REFERENCES

1. Abýbakırova S.Ia. Sotrýdnichestvo shkoly 1 semı // Vospitanie shkolnikov. – 2000. – №6. – S. 47-55.
2. Parfenova I.M. Organizatsııa sotrıdnichestva semı 1 shkoly // Vospitaniıa shkolnikov. – 2002. – №3.– S. 25- 28.
3. Slastënin V.A., Isaev I.F. Pedagogika: ýchebnoe posobie. – M.: Shkola-Press, 2002. – 511 s.
4. Sınıagin Iý.M. Oshıbki v obenu ýchitelıa s ýchenikamı ı ih roditelıamı // Vospitanie shkolnikov. – 1997. – №1. – S. 17-20.
5. Shýdegova O.I. Semeinoe neblagopolýchie ı osnovnye harakteristiki razvıtııa ı povedeniıa detei «grýppy riska» v seme // Vestnik Ýnıv. Ros. Ak. obrazovaniıa. – 2007. – №4.– S. 47-51.
6. Gaivoronskaıa N.I. Vzaimodeıstvie shkoly ı semı v vospitanıı [Tekst] // Pedagogıcheskoe masterstvo: materialy II Mejdýnar. naých. konf. (g. Moskva, dekabr 2012 g.). – M.: Býkı-Vedi, 2012.
7. Kassıl L.A. Navstrechý drýg drýgý // Ývidet býdýee. – M., 1985. – S. 90-93.
8. Rojkov M.I. Beıborodova L. Vı. Mektepte ospıtaldik úrdısti uıymdastyrı. – M.: Bilim, 2001. – 256 s.
9. Baıkova L.A., Grebenkına L.K., Eremkına O.V. ı dr. Metodıka vospıtatelnoi raboty / pod red. V.A.Slastenına. – M.: ITs «Akademııa», 2004. – 144 s.
10. Kýkýshın V.S. Pedagogıcheskie tehnologıı. – M.: IKTs «MarT», 2006. – 336 s.
11. Nyshanova T. Enhancement of master students professional preparation on the basis of modern technologies International Educational Studies. – №8. – Vol. 8, 215 Scopus Canada. – P. 8.
12. Nusqabaev O., Nusqabaeva G.O. Álemdik bilim berý keńıstigindegi qazaqstandıq joǵarǵy mekteptıń is-tájirıbesi // Iasaýı ýnıversitetiniń habarshısy. – 2018. – №3 (109). – B. 187-196.

Г.Р.СӘУЛЕМБЕК*

PhD доктор, М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының аға ғылыми қызметкері (Қазақстан, Алматы қ.), E-mail: gulmira.saulembek@gmail.com

МЕРЕЙ ҚОСЫН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ИНТЕРТЕКСТ

Мақалада қазақ постмодернистік прозасының кейінгі толқын өкілі М.Қосын шығармаларындағы постмодернистік дискурс мәселесі қарастырылады. Жас қаламгердің туындылары мәтіннің қайта құрылымдау тәсілдерімен жүзеге асып, оқырманмен байланысқа негізделетіні зерттеліп зерделенеді. Шығармаларының түрлі мәтіндерден құрастырылған құрылымымен қатар, оқырманға өз нұсқасын ұсынуға да мүмкіндік беретін ашықтығына көз жеткізіледі. Интертекстуалдылық көптеген авторлардың шығармаларына ортақ болғанымен, М.Қосынның түрлі тәсілдерді пайдалана отырып, жеке-дара қолтаңбасымен ерекшеленетіндігі дәлелденеді. Қаламгердің ғаламтор желісінің мүмкіндіктері арқылы мәтінаралық байланыстың интермедиялдылық сынды күрделі формасын және постмодернизм философиясын тірек ете отырып, қазақ кибер әдебиет жанрында алғашқылардың бірі болып қалам тартқандығы бағамдалды.

Кілт сөздер: постмодернизм, қайта құрылымдау, интертекст, интермедиялдылық, постмодернистік дискурс, шизофрениялық дискурс, желілік әдебиет, кибер әдебиет.

G.R.Saulembek

PhD, Scientific Researcher of M.O.Auezov Institute Literature and Art (Kazakhstan, Almaty), E-mail: gulmira.saulembek@gmail.com

Intertext in Merey Kosyn's Fiction

The article deals with the problems of postmodern discourse in the works of M.Kosyn, representatives of the subsequent wave of postmodern prose in Kazakh literature. It is revealed that the work of a young writer is based on textual deconstruction and on contact with the reader. Along with the intertextual, as well as hypertext structure, the openness of the text is considered, which allows the reader to submit his own version. Although intertextuality is characteristic of the works of many authors, M.Kosyn's works, using various methods, are notable for their particular individuality. The uniqueness of the artistic style of M.Kosyn is associated with the use of such a complex form of intertext communication, such as intermediality, via internet network. She was one of the first in Kazakh prose, which began writing in the genre of cyber literature.

Keywords: postmodernism, deconstruction, intertextuality, intermediality, postmodern discourse, schizophrenic discourse, digital literature, cyberatura.

Г.Р.Саулембек

PhD доктор, Старший научный сотрудник Института литературы и искусства имени М.О.Ауэзова (Казахстан, г.Алматы), E-mail: gulmira.saulembek@gmail.com

*** Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

- Саулембек Г.Р. Мерей Қосын шығармаларындағы интертекст // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2020. – №1 (115). – Б. 145-154.

*** Cite us correctly:**

- Sáulembek G.R. Mereı Qosyn shyǵarmalaryndaǵy intertekst // Iasaıy ıńıversitetiniń habarshysy. – 2020. – №1 (115). – B. 145-154.

Интертекст в произведениях Мерей Косына

В статье рассматриваются проблемы постмодернистского дискурса в произведениях М.Косын, представительницы последующей волны постмодернистской прозы в казахской литературе. Выявлено, что работа молодой писательницы основана на текстовой деконструкции и на контакте с читателем. Наряду с интертекстовой, а также гипертекстовой структурой, рассмотрена открытость текста, которая позволяет читателю представить свою собственную версию. Хотя интертекстуальность характерна для произведений многих авторов, но творчество М.Косын, использующей различные методы, отличается особой индивидуальностью. Было отмечено, что уникальность художественного стиля М.Косын в применении с помощью интернет сети такой сложной формы межтекстового общения как интермедальность, с помощью интернет-сети и в духе философии постмодернизма. Она одной из первых в казахской прозе начала писать в жанре киберлитературы.

Ключевые слова: постмодернизм, деконструкция, интертекст, интермедальность, постмодернистский дискурс, шизофренический дискурс, сетература, кибература.

Кіріспе. Зерттеу нысанасы ретінде алынған автор Мерей Қосын жайлы ақпараттар, зерттеу материалдарын іздегенімізде тығырыққа тірелдік. Бұл тек М.Қосын шығармашылығына ғана қатысты емес, жалпы шығармашылыққа қадам басқан жас жазушылар шығармашылығына тән мәселе. Әдебиет сыншылары тарапынан талдау, зерттеу, артықшылығы мен жаңашылдығын, кемшіліктерін айтып жолға салу кемшін түсіп жатады. Бұл мәселенің бір қыры болса, екіншісі жас жазушылардың шығармалары баспа бетін көрмей, тек жаңа заманның технологиялары арқасында электронды нұсқада ғаламтор желісінде таралғандығында болса керек. Бірақ әдеби шығармаларды халыққа таратудың бір тәсіліне айналып келе жатқан желілік әдебиет те әдебиетіміздің бір бөлшегі болғандықтан, оны да назарға ала отырғанымыз жөн. Себебі өткен ғасырда барлық рухани азығымызды кітаптан ғана алсақ, ХХІ ғасырдағы ақпараттық технологиялар кітаптың орнын басатын аудио, видео, желілік, кибер әдебиет тәрізді әдебиет түрлерін ұсынып отыр. Ғаламтор желісі миллиондаған ақпараттар қорын, көптеген халықтың мәдени мұрасын, оның ішінде әдеби шығармаларды сақтап қана қоймай, олардың таралу аясын кеңітуге бағытталғандығы желілік әдебиеттің туындауына себеп болды. Сонымен желілік әдебиет деген не? Зерттеуші В.Схелтйенс ғаламторда таралған әдебиеттерді жүйелеп, теориялық жағынан түсіндіре келе, желілік әдебиеттің кең және тар мағынада қолданылатындығын және олардың өзара айырмашылықтарын: «Во-первых, сетература имеет, как общее слово для всех литературных произведений в Сети, широкое и узкое значение. В широком смысле этого слова, термин «Сетература» означает каждое помещенное в Интернет литературное произведение. В таком случае, нельзя говорить о Сетературе, как об особом жанре. И, напротив, в узком смысле этого слова, под термином «Сетература» понимаются те произведения, которые возникли в Интернете, благодаря его специфическим и характерным возможностям...» [1], – деп тұжырымдайды. Ал ғаламторлық әдебиетті жүйелеп, ондағы әрбір категорияның өзіндік ерекшелігіне тоқталып өткен зерттеуші Т.В.Шомин желінің техникалық көмегімен жүзеге асқан шығармаларды арнайы әдеби жанр ретінде қарастырып, оны кибер-әдебиет (кибература) деп атауды қолдайды [2]. Жоғарыда келтірілген пікірлерді саралай отырып, классикалық әдебиеттің орнын баспаса да, желілік әдебиеттің дәл осылай жүйеленуін біз де қолдаймыз. Мұндай тоқтамға келгенімізге негіз де жоқ емес. Біз шығармашылығын қарастырғалы отырған автор М.Қосын – жоғарыда келтірілген тар мағынасындағы желілік әдебиеттің, соның ішінде *кибер әдебиеттің* өкілі. Қаламгер жаңа заманның жетістіктерін пайдалана отырып, kitap.kz сайтына шығармаларын жүктеп, Massaget, Yvision сайттарында өзінің парақшаларын ашып, шығармашылығындағы жаңалықтарымен бөлісіп отырады. Желіде жариялануына орай М.Қосынның шығармаларының жасалу тәсілі де, пішіні де бөлек.

Шығармалары ғаламтор мүмкіндіктерінің арқасында желіге лайықталып жазылып, желіде туғандықтан оны әдебиеттің жаңа жанрына түрен салған қаламгер ретінде қарастыруға толықтай негіз бар. Ғаламтор жас автордың оқырманымен қауышуына жаңа өріс ашып қана қоймай, желінің көмегімен түрлі тәжірибелер жасауына мүмкіндік беріп отыр. Қаламгер ғаламтор әлеуетін пайдалана отырып, жасаған ізденістерінің нәтижесінде жанрлардың пішіндік өзгеріске түскенін байқаймыз. Әдетте, жазушының қиялында әлдилеген ойын көркем мәтінге айналдыруына қағаз-қалам жеткілікті болатын, ал кибер-әдебиеттің басты ерекшелігі – авторға музыка, видео, суреттер мен еренсілтемелер (гипертекст) енгізе отырып, көп қабатты мәтін түзуіне мүмкіндік тудырған. Міне, сондықтан біз қазақ әдебиетінде алғашқылардың бірі болып, желіні қолданып, интертекстің күрделі түрін тәсіл ретінде пайдалана отырып, постмодернистік дискурсқа тән ойын поэтикасын дамытқан жас қаламгердің шығармашылығындағы жаңашылдықтарды зерттеу нысаны етуге тәуекел еттік.

Жас қаламгердің күрделі, кейде түсініксіздеу көрінген шығармаларын әдеби талдау нысаны етпестен бұрын жеке сұхбаттасуды жөн санадық. Әңгіме барысында шығармашылығының бір қарағанда көзге көріне бермейтін қырларына қанықтық. Әуелде, кино, телевидение салаларына құштарлық танытқан қаламгер Хосе Луис Борхес, Стивен Кинг, Дэн Браун, т.б. секілді авторлардың шығармаларын оқи келе, ақыры өз жолын осы салаларды қамти алатын бүгінгі жаңа, постмодернизм бағытындағы әдебиеттен тапқандығын айтты. Оның шығармашылығына алғашқы пікір білдіруші Ә.Қодар автор шығармаларынан сол постмодернистердің шығармаларына тұспалдарды байқайды. Әсіресе, Жак Дерридамен ұқсастықтар табады [3].

Жазушының постмодернистерге тән өзін-өзі, өз шығармашылығын зерттеуге бейім екендігін байқадық. Ол Ж.Деррида, Р.Барт («Шығармадан мәтінге қарай») еңбектерін оқи келе, өзінің жазып жүргендерін «туынды» емес «мәтін» екендігін түсінгендігін жеткізді. Осы тұста автор шығармашылығының келесі бір қыры айқындала түседі. Ол шығармаларын желіге жүктей отырып, оқырманымен диалогқа жол ашады. Оқырман автор шығармасына пікір білдіре отырып, автоматты түрде серіктес авторға айналады. Бұл тұста айтпағымыз шығарманың нүктесі қойылмайды. Осы мәселе жөнінде «Перемены» веб-журналының редакторы Г.Давыдов желілік шығармалардың жай шығармалардан аса ерекшеленбейтіні, бірақ блог-кітаптың көрерменнің көз алдында жазылып, реалити-шоу секілді қабылданатынын айтады [4].

Кез-келген оқырманның өзіндік ой-қорытындысын айта отырып, оны жалғастырып әкетуіне мүмкіндік бар. Жаңа технологиялар арқылы қол жеткізген пішіндік өзгерістерге қоса, автор шығармаларының постмодерн философиясымен астасып жатқандығы айқын аңғарылады. Шағын жанрда жазылса да, бұл шығармаларда адамзаттың ғаламдық жетістіктерін қайта пайымдау үрдісі байқалады. Осыған байланысты зерттеуші Лина Сариннің: «Большинство авторов полагают, что литература, написанная специально для размещения в сети Интернет, представляет собой порождение постмодернистской культуры и умонастроения. В какой-то степени это справедливо. Рассмотрим основные постмодернистские черты современной сетевой литературы. В основе творчества сетевых авторов лежит постмодернистская картина мира, поэтому следует обратить внимание на ее особенности. Отличительной приметой современного сознания становится переосмысление достижений человечества, глобальный анализ общечеловеческих ценностей, не привязанных к определенному мировоззрению народа, той или иной идеологии государства» [5, 434-б.], – деген пікірі біздің жасаған тұжырымымызды теориялық жақтан қуаттай түседі.

Әдістеме. М.Қосынның шығармаларындағы еренсілтемелер, суреттер мен музыкалар, сөзсіз ойды жеткізудің тың тәсілі. Оқырманға өзгеше көңіл-күй сыйлайтын формалық ізденістер ойын поэтикасының бір түрі болып табылғанымен авторлық әңгімелердегі желінің көмегімен жүзеге асырылған тәсілдерді постмодернизмдегі қайта құрылымдаудың компьютерлік баламасы деуге де негіз бар.

М.Қосынның шығармалары интермедиадылықтың тосын үлгісімен ерекше есте қалды. Интертекстің жетілген түрі ретінде қарастырылатын интермедиадылық – бір өнер түрінің басқа өнер туындысынан «мәтіндерді» пайдалануымен ерекшеленеді. Сондықтан қазақ прозасында жаңадан пайда болған бұл құбылыс жөнінде кеңінен тоқталуды жөн көрдік. Жалпы М.Қосын шығармашылығында гипертекст, интертекст тәсілдеріне көп жүгінетінін зерделедік. Ең бастысы, әрбір шығарманың өзіндік әуені болатындығы және шығарманы сол әуеннің ырғағымен жазатындығын, сондай-ақ әрбір шығарманың жеке картиналары болатындығын да автордың әңгімелерін ғаламтордағы блогынан оқи отырып көз жеткіздік.

Оның әңгімелерінің көлемі бар-жоғы бір немесе бір жарым бет болғанына қарамастан, аз көлемге көп мағына сыйдыруға тырысқан. Сондай-ақ оның әрбір әңгімесі тек әдебиет қана емес, музыка мен бейнелеу өнерінің синтезінен тұрады және бұл шығармалар баспа бетін көрсек барлық ерекшеліктерінен айырылатын, тек желіде ғана өмір сүруі мүмкін шығармалар. Өйткені шығармасындағы интертекст еренсілтемемен (гиперссылка) оқуға лайықталып жазылған. Бұл тәсіл оқырманның көңілін аулап, жаңа әсерге бөлеумен қатар мәтіннен тыс қосымша мәлімет алып отыруына мүмкіндік береді.

Автор шығармаларындағы мәтінаралық байланыстарды зерттеуді төмендегі интертекстуалдық талдау әдістерімен жүзеге асырамыз:

- 1) мәтін ішіндегі «бөгде» мәтінді (интертекстуалдық сілтемелер көздерін) анықтау;
- 2) сілтемелердің мәтінде қандай тәсілдермен жүзеге асқанын анықтау;

3) интертекстуалдық мәтіндердің қызметіне және олардың интерпретациялануына талдау жасау.

Әдебиеттанулық талдау. XIX ғасырда Ресейде «кішкентай адамдар» өмірін Ф.М.Достоевский, XX ғасырда ұлттық әдебиетімізде Д.Исабеков суреттесе, XXI ғасырдағы олардың бейнелерін Мерей Қосынның шығармаларынан табуға болады. Алайда оның кейіпкерлері XXI ғасырдағы үлкен империялардың кіші мемлекеттерге жасаған басқыншылығынан, жаһандану салдарынан және бүгінгі заманауи технологияның әсерінен қоғамнан шеттеп қалған маргиналдар болса, сол кейіпкерлер туралы жазылған шығармалар да жаңа үлгіде, жаңа бағытта жазылып отыр. Ирандық Зорех Рамин мен Саид Мухаммед Марандидің «Тарих/проза: Э.Л.Доктороудың «Рэгтаймын» интертекстуалды оқу» (History/Fiction: An Intertextual reading of E.L.Doctorows «Ragtime») деген мақаласында Э.Доктороудың «Ragtime» атты романында американдық қоғамына есесі кеткен эмигранттар мен негрлер хақындағы шығарманы «регтайм» атты джаз музыкасына интертекстуалдық сілтеме жасау арқылы мәселенің маңыздылығын алға тартқандығы жөнінде айтады: «Perhaps this is why in the preface he wants us to read and react to the novel the same way as Scott Joplin intended players of the music to play it “Do not play this piece fast. It is never right to play Ragtime fast...” (Doctorow 1976, p. 9). To catch the original intention of the novel, one should digest it fully, bringing out what appear to be of lesser significance to the surface. Doctorow intends to highlight the intertextual relationship between his hypertext and the hypo text, but what is of major importance is that readers perceive the functionality of the hypo text at some major points that have been taken for granted. The title also serves another hypo textual intention» [6, 163 p.].

Біз мұнда екі жазушының екі дәуір және екі бөлек қоғам мүшесі бола тұра көтерген мәселелері мен қолданған әдістері тұрғысынан ұқсастықтар таба аламыз. Мерей Қосын да ерекше қаһармандығымен көзге түскен, үлгілі кейіпкерлер ғана емес, өмірде өз үлесінен қағылған жандар да әдеби кейіпкер болуға лайықты деп есептейді. Ол өз кейіпкерлері туралы: «Менің кейіпкерлерім – 91-ден бері туған тәуелсіз ой мен әрекет иелері. Олар қазір әлемдік ақпараттық-техникалық хаоста өмір сүруде. Олардың қан тамырындағы "Өзіндік" генетикалық қасиетті интеграциялық жаңа ген "ашықтық" ығыстырып барады. Олар – барлық құндылықтар мен "Адамзат" ұғымын қайта қарауға итермелеп келе жатқан Виртуалды жаңа әлемнің ұрпақтары. Олар – адам сезімдерін жаңа формаға түсіруге ұмтыл-

ған ақылды адамдар. Менің достарым, мен оларды шексіз сүйемін! Бірақ енді олар өздерінің сана астындағы, қан тамырындағы "МИФ"-пен күреседі» [7].

М.Қосынның шығармаларын дүниеге келтіретіндегі ниетінен гуманизмнің иісі аңқиды. Оның осы ниетін шығармаға айналдыруда интертекстуалдылық және интермедиялдылық тәсілдері басты кілт болған. Яғни М.Қосынның шығармаларын оқи отырып, оны шеттелген-шеттетілгендер мен басқа әлеуметтік топтың немесе үлкен ұлыс пен кіші ұлттың арасына теңдік белгісін қоюды мақсат етуден туындаған постмодернизм философиясы аясында қарастырсақ, еш қателеспейтімізге көз жеткіздік. Автор Ж.Делез бен Гваттаридің философиясынан келіп туындайтын шизофрениялық дискурста да бой алдырады. Осы орайда мәдениеттанушы, ғалым Ә.Қодар жас қаламгердің әдеби бағытын айқындап: «Бұл ағым түрлі маргиналдардың жағдайына үңіліп, оларды билеуші әлеуметтік топтан еш кем көрмеген постмодернистерден бастау алады.

Оның шығармаларында тапа тал түсте тозақ отына күйген жандар жүгіріп бара жатады, жерді ұстап тұрған тартылу заңы емес, адамдардың бір біріне деген "ультрамахаббаты", қарсыласын тек бесатармен ататын суық қанды адалдық тірлік етеді» [3], – деген тұжырымын біз де қолдаймыз.

«Буве нүктесі» (The Bouvet Point) әңгімесінің тақырыбының өзі интертекстік сілтемеден тұрады. Интертексті *танымал мәтіндерді* пайдалану, яғни танымал географиялық атауды қолдану тәсілі арқылы жүзеге асырған. Шығарма мәтінде Сириядағы қанды қырғын салдарынан бауыры мен әке-шешесінен айырылып, қалған төрт бауырын аман сақтап қалуға жанталасқан Ая тек түсінде көретін елсіз мекенде ғана жан тыныштығын табады. Үнсіздіктің құшағынан босанып, тыныштықтың әлдиін тастап оянуға тым құлықсыз. Ол жер Буве деп аталады екен. Кейіпкерінің ішкі сезімдері мардымсыз берілген шағын әңгіменің оқырманға артар жүгі де осы «Буве» атауында жатыр. Мәтіннен тыс білімі бар оқырман *Бувенің* Атлант мұхитының оңтүстік бөлігінде орналасқан елсіз жанартауы бар мұздықтардан тұратын, Тристан-де Кунья аралдарынан кейін құрлықтан ең алыс (Кейптауннан 2500 км қашықтықта) орналасқан арал [8] екендігін білген болса, кейіпкердің жанартауы атқылаған мұздықты жер жәннатындай көруінің астарында автордың бір ғана кейіпкердің басындағы ғана емес, бүтін бір елдің, әлемнің трагедиясын көрсеткісі келген мәтін астарындағы мәтіндерді де «оқыр» еді. Мұндағы айтылар ой «адамзат баласының ақыл-ойымен жеткен жетістіктер адамзатқа еш жақсылық әкеле алмайды» деген философиялық түйінге саяды. Постмодернист-автор әңгімесінің шешімі: әлем – адамдардың өз қолымен жасалған хаос, алайда одан құтылатын жол жоқ. Автор оны әңгімесін кейіпкер Аяға, тіпті, жанартаулы-мұздықты Буве аралындағы мимырт тыныштық та бұйырмай, қатты жарылыстан шошып оянып кетуімен аяқтауы арқылы жеткізген.

Бұл жөнінде әдебиеттанушы Ә.Қодар: «Сонда махаббатқа тек түс көру арқылы жетсек, әлемді қандай қорқынышты мекенге айналдырғанбыз сонда? Менің ұққаным – Мерей Қосын тек постмодернист емес, жаңа гуманизмді аңсаушы жас тұлға» [3], – деп бағалайды.

Автордың «Нерд» (The Nerd) әңгімесі «Адам ағзасының жаңа қуатын» табуды мақсат тұтқан, сол жолда бүкіл фәни дүниенің қызығынан, тіпті қарапайым адамға қажетті қарапайым қарым-қатынастардан бас тартқан оқымысты туралы шығарма. Өзін қоршаған әлеуметтік топтан тым бөлек өз «әлемі», тіпті химиялық заттар мен физикалық аспаптарға толы өзінің жеке бөлмесінен тұратын «кеңістігі» және компьютері арқылы еніп кете баратын виртуалды «кеңістігі» және бар. Біз осы жолдарды жазғанда әңгімені мазмұндайық деп отырған жоқпыз. Мұндағы айтпағымыз, біз сипаттап отырған әңгіме кейіпкерін автор бір ғана «нерд» (*Нерд (англ. Nerd – зануда, «ботаник») – стереотип человека, чрезмерно глубоко погруженного в умственную деятельность, исследования вместо разумного разделения времени на работу и прочие аспекты общественной и частной жизни*) [8] терминін шығармасына тақырып етіп алу арқылы ғана «компьютер басты, монитор көзді» виртуалды әлемнің құрбандары болған өз замандастарын дәл бейнелеуге жол тапқан.

Автордың өзі заманауи технологиялар арқылы әдебиеттегі жаңа жанрға батыл қадам жасай отырып, осы технологиялардың адам баласының өмірі мен руханиятына айтарлықтай залалын аңғара білген. Тақырып мазмұны «Нердте» көркем мәтін арқылы ғана емес, оған қоса берілген сурет арқылы да ашыла түседі (1-сурет).



1-сурет. «Нерд» әңгімесі

Әңгіме гипертекстік орайда берілген тағы бірнеше танымал есімдер мен танымал мәтіндерден тұрады. Өзі желіде таралғандықтан танымал есімдер мен танымал мәтіндердің сырын ұғыну үшін еріксіз ғаламторлық саяхатқа шақыратындай. «Постмодернистік әдебиеттің мәтіндер мен дискурстарды үйлестірудің желілік қағидасының кез келген сәтте диалогты жандандыра алатын тағы бір ерекшелігін» [10, 184-б.] еске алсақ, мәтіннің өзі желіде таралғандықтан, мәтін астарына үңілу үшін ғаламторлық іздеу жүйесімен бірлікте оқу тиімді. «Нерд» әңгімесінде кездесетін «гуглдің айтуынша, алып бара жатқан әулие емес, тіпті ешкім де емес сияқты» тәрізді тіркестерде автор мәтінді оқудың тәсіліне тұспал да жасайтын сияқты. Біз автордың өзі ұсынған тәсілмен оның әңгімесін оқып көрелік. «Ол Slashdot.org (Slashdot (Слэшдот или /.) – англоязычный новостной сайт, специализирующийся на технических и интересных технической аудитории темах. Большая часть материалов присылается самими читателями и публикуется после проверки редакцией.) [8], «Онлайн досы: Қолдады да артынан осы жазбаны жіберді. Роберт Болт (Роберт Окстон Болт (англ. Robert Oxtop Bolt, 15 августа 1924, Сейл (Большой Манчестер), Англия – 21 февраля 1995, Питерсфилд, графство Хэмпшир) – английский драматург, киносценарист, режиссёр и актёр.) [11] дегенді білмейтін едім, гуглдің айтуынша алып бара жатқан әулие емес, тіпті ешкім де емес сияқты», «Бізге Питер Норвигпен (Питер Норвиг (англ. Peter Norvig) – американский учёный в области вычислительной техники. В данный момент работает директором по исследованиям (ранее – директор по качеству поиска) в корпорации Google.) [12] жақсылып кеңесу керек»). Мұндағы жақша ішіндегі курсивпен берілген мәтіндер еренсілтемелер арқылы мәтіннің екінші қабаттарынан алынған. Мәтінге ендіріп отырған аралық мәтіндерді сол ғаламтор желісі арқылы оп-оңай тауып алуға болады және сол арқылы оқырманның мәтінге тереңдей еніп, мәтіннен тыс ақпараттар алып, оны «толық» оқуға мүмкіндік туады. Ғаламторлық ізденіс арқылы авторлық сілтемелердің мәніне қанығамыз.

Мұнан өзге мәтінде авторы көрсетіле берілген дәйексөз де кездеседі. Онлайн досы жіберген хабарламада Роберт Болттың «Біз шынтуайтында ашкөздік, ашу-ыза, менмендік, жалқаулық, нәпсіқорлық пен ақымақшылық, әдетте, әдептілік, пәктік, төзімділік, әділдік пен

ақылгөйліктен гөрі адамдарға көбірек пайда әкелетіндігін көреміз де, осыдан кейін, ең құрығанда, адам болып қалардай таңдау жасауымызға тура келетіндіктен... неге ғана бізге зұлымдыққа аз да болса қарсыласуға тырысып көрмеске – тегі қаһарман атымыз шығып кетуі қауіп болса да» деп жіберген хатын автор *бедел дағдарысын* көрсетуге пайдаланған. Осы хатты алғаннан кейін нерд-Телқоңыр мен оның онлайн досы арасында мынадай әңгіме өрбиді:

Ол: Негізі ойлану керек жазба ма еді? Кешір, бірақ мені қызықтырмады.

Онлайн досы: Бұл жазбаны маған Техас штатындағы философ танысым жіберді.

Ол: Философия меніңше, түкке тұрмайды.

Онлайн досы: Мен оған екеуміздің дайындап жатқан жобамыз туралы айтқан едім.

Ол: Не дейді?

Онлайн досы: Қолдады да артынан осы жазбаны жіберді. Роберт Болт дегенді білмейтін едім, гуглдің айтуынша, алып бара жатқан әулие емес, тіпті ешкім де емес сияқты [9].

Шындығында, Роберт Болт – ағылшынның атақты драматургі, киносценарисі, режиссёрі және актёрі. «Доктор Живаго» және «Человек на все времена» атты фильмдері үшін екі рет «Оскар» сыйлығын алған. Сондай-ақ, екі рет ВАФТА сыйлығын, үш рет «Алтын глобус» сыйлығын алған, Британ империясы орденінің иегері [13]. Оны шығарма кейіпкері «ешкім емес» десе, ғылымдардың атасы философияны «түкке тұрғысыз» дейді.

Жоғарыда атап өткен «Буве нүктесі» және «Нерд» әңгімелері автордың көптеген шығармалары секілді мәтін, сурет, музыка үштігінен тұрады. Еренсілтеме тәсілімен жазылғандықтан, бұл шығармалардың желіден тыс өмірі болуы мүмкін емес. «Буве нүктесі» әңгімесі ғаламтордан алынған авторы белгісіз суретпен (2-сурет) безендіріліп, Мерей Зейнеш атты әншінің орындауындағы «Сүймеймін мен» атты әнге еренсілтеме жасалса, «Нерд» авторы белгісіз суретпен безендіріліп, орындаушысы белгісіз қобызда ойналатын «Қазақ рухы» күйімен еренсілтеме арқылы әрленген.



2-сурет. «Буве нүктесі» әңгімесі

Автор мұнда мәтінаралық байланыстың аясын кеңейтеді. Мұндай синкретті жанрдың мысалын біз қазақ мәдениетінде бірнеше өнер түрін қатар алып жүретін «айтыстан» көреміз. Жалпы түп-тамырын қаза берсек, бұл құбылыстың бастауын өнердің туу сәтінен бастап-ақ көруге болады. Бұл туралы семиотик-ғалым Ю.Лотман «мәдениеттің полиглоттығы» туралы көзқарасын дәлелдегенде, әрбір мәдениеттің «полиглоттылығын» және мәтіндердің жоқ дегенде екі семиотикалық жүйе кеңістігінде пайда болатындағын айтады [14, 143-б]. Сондай-ақ ежелгі жоралғы мәтінде сөз бен әуеннің, сөз бен қимыл-ишараттың бір арада тоғысуын академик А.Н.Веселовский «алғашқы-қауымдық синкретизмге» балайды [15, 47-б.]. Атал-

мыш ғалымдарымыз өнердің ежелден синкреттілігін, қабаттаса жүретін тұтастығын дәлелдейді. Алайда әрбір өнер түрінің өсіп жетілуі, оның дербестігіне алып келді де, мәдениетте бір ғана жанрмен шектелетін «монотілді мәтіндер» қалыптасты. Жазушының шығармашылығында орын алған құбылысты өнердің сол синкреттілігіне қайта ұмтылуын «дүмпу» деп бағалаймыз. Біздің ойымызша, байланысқан мәтіндер арасынан суырылып алға шыққан мономәтін өзге мәтіндерді ығыстырып тастағанымен оны жойып тастай алған жоқ. Адамның қиялы, сезімі барда ол мүмкін де емес. Мәтіндер синтезін құрап тұрған өзге мәтіндер «бас мәтінге дейінгі» үдеріс аясында қалып, латентті күйге көшкенімен тарихи уақыт пен кеңістік (постмодерн дәуірі) мәтіндер синтезінен тұратын мәтін (өнер) түрлерінің қайта жандануына ықпал етіп отыр. Мономәтінде көркем шығарма тудырарда шабыттанып ән салсаңыз да, күй тартсаңыз да, суреттен әсерленсеңіз де көркем шығарманың сыртында қалатын. Ал М.Қосын әсерленген әуенін, әнін, шабыт берген картинасын көркем мәтінмен бірлікте береді. Қазақ прозасында бұрын-соңды болмаған бұл құбылыстың туындауына автор қиялынан бөлек, технологияның дамуы, ғаламтордың қолжетімділігі, сондай-ақ ғаламдану үдерісінің әсер етіп жатқандығына көз жеткізуге болады.

Автордың «Төстіктің қателігі» атты әңгімесі «Ер Төстік» ертегісіне жасалған пародиялық сипатымен ерекшеленеді. Әңгіменің тақырыбынан-ақ оқырманның ойында бар ертегі мазмұнына кереғарлық байқалады. Автор үнемі мұрат-мақсатына жетіп отыратын ертегі кейіпкерлерінің жасампаз рухына, адамзат баласының түрлі қиындыққа мойымайтын табандылығына күмәнмен қарайды. Төстік пен ағалары метафоралық орайда бүкіл қазақ халқының баламасы ретінде алынған.

Ол: Менің ағаларым қайда?

Анасының көзі: 32-жылдары олардың сүйектерін ит мүжіп жатқанын көргем.

Ол: Өтірік.

Анасының құлағы: 45-жылдары оларды құтырған бомбаның дауысы жұтып қойғанын естігем.

Ол: Өтірік.

Анасының мұрыны: 86-жылдары жерге сіңген олардың қаңсық қандарының иісін сезгем.

Халыққа жасалған осы жауыздықтан оның бел буып, бас көтере алатынына да күмәнмен қарайды автор. «Ол тағы ағалары туралы ойлады. Оның көз алдында шексіз дала жатты. Ол тауып алған бұлыңғыр іздер арқылы алға жүре бастады. Бұл іздер өзін қайда апаратынын білмейтін еді. Ол іздердің соңына түсті. Оның аяғының астындағы Тұран топырағы құрғап жатты» деген әңгіменің үшінші бөлігінен ұғатынымыз, автор ізгіліктің де туы биік көтерілетініне сенбейді. Егер дәстүрлі жолмен жазылса, шұрайлы тілмен өрнектеп, көлемді етіп жазылған қасірет кітабы болар еді, алайда автор ол жолды таңдамады, десе де оқырманның алар сезімдік әсері ұқсас болар еді деп болжаймыз. Автор белгілі тарихи оқиғаларды интертекст ретінде таңдағанымен, тек сілтеме ретінде ғана алған, тереңірек үңілгісі келген оқырманның өзінің еңбектенуіне тура келеді.

Ертегідегі сағат санап өсіп, ағаларын іздеп жолға шығатын ержүрек, батыр Ер Төстік әңгімеге көшкенде Ер сипатынан айырылып, қарапайым Төстік болып қалған. Автор оны «Ол ақылды емес, ол бақытты емес, ол атақты емес, ол бай емес, ол өжет емес, ол соқыр емес және болатын» деп сипаттайды. Ол жаңа заманның Төстігі Шалқұйрық аттың емес, компьютердің құлағында ойнаса, ал тоғыз қабат торғынды беліне байлап Ер Төстігін күтетін ақылы асқан Кенжекей әңгімеде «Оның есіне Кенжекейі түсіп кетті. Жүрек айнытардай суреттеу: (Сыңғырлаған дауысы, судай мөлдір ақ жүзі, ұзын, қолаң қара шашы мен қиылып тұратын қыпша белі ерекше бір нәзіктікпен жаратылған еді). Бірақ қолдан жасалғандай көрінетін сол нәзіктік оны осы сәтке дейін алдап келгенін түсінді. Ол сұлулықты жек көріп кетті. Өзіне ажал алып келген суық адалдық оның кеудесінде айналмай қалған қан жүйесін шайып өткендей болды» деп сипатталады. Кенжекейдің нәзіктігі мен сұлулығы, оған қоса

адалдығы сезімге толтыра алмаған Тәстіктің жүрегін өзін өлтіруге келіп, шүріппені баса алмай қиналған Бекторының әрекеті жібітеді. М.Қосын: «Ол жыпылықтаған ойларының бәрінен айырылып, оның кеудесінде тек Бекторыға деген сезім ғана қалды. Суық адалдықтан басқасы бос қалды», – деп өзгеше түйін жасайды. Әңгіме бізге В.Набоковтың «Лолитасына» Р.Барттың «Гранитасы» арқылы жасалған пародияны еске салады. М.Қосын әңгімесіндегі Күнікейдің суық адалдығынан жеріп, Бекторыға көңілі ауған әңгіме желісі кейіпкерге деген көзқарасымызды өзгертуге итермелейді. М.Қосынның «Тәстіктің қателігі» әңгімесі интертексті пародиялық сипатта қолданған. Шындықтың халық санасында қалыптасқан және қалыптастырылған қырынан өзге де қырлары болатындығына ишара жасалған.

Қорытынды. Зерттеу барысында төмендегі нәтижелерге қол жеткізілді:

- М.Қосын шығармашылығының басты ерекшелігі – кибер әдебиет өкілі екендігі;
- М.Қосын шығармашылығы интертекст, гипертекст және интермедиаалдылыққа негізделгені анықталды;
- Жазушының шығармашылығына Ф.Гваттари мен Ж.Делездің шизофрениялық дискурс және неогуманизм тұжырымдамасының ықпалы және кейіпкерлері өмірден шеттелген және шеттетілген «кішкентай адамдар» («Буве нүктесі»), виртуалды дәуір ұрпақтары («Нерд», «Тәстіктің қателігі») екендігіне көз жеткіздік;
- «Буве нүктесі» әңгімесі әлем – хаос теориясына сәйкес келетіндігі айқындалды;
- «Ертөстік» ертегісі интертекстік орайда «Тәстіктің қателігі» әңгімесіне реминисценция тәсілімен енгізілгені анықталды;
- М.Қосынның «Тәстіктің қателігі» әңгімесінде «Ер Төстік» түпкі мәтін ретінде қолданылғаны анықталды;
- «Тәстіктің қателігіндегі» интертекстік орайда қолданылған танымал есімдерге, әрі танымал мәтінге пародия жасалғаны анықталды;
- Ертегідегі бинарлық оппозицияға қарсылық және «жақсылық» пен «жамандық» категорияларының абсолюттілігіне қарсылық сынды постмодернизм поэтикасының тәсілдері пайдаланылғаны дәлелденді.

Қорыта келе, М.Қосынның әңгімелеріндегі постмодернизмге тән мәтін құрылымының және сөйлемнің құрылысының бұзылысы, әдеттен тыс, тосын көркемдік құралдарды пайдалану, бұрын-соңды тілімізде жоқ тіркестерді қолдануы оқырманның мәтінді қабылдауын қиындата түсетін жайттар деп ойлаймыз. Осыған қарамастан, жас қаламгердің мәтіндер шырғалаңына тартып әкетер ізденімпаздығын және оны түрлі тәсілдермен орайына қарай қолдана білу қабілетін де байқадық.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Схелтйенс В. Сетература: новое литературное движение? <https://www.netslova.ru/teoriya/werner.html>
2. Шомин Т.В. Категории, связанные с литературой, размещенной в сети Internet // Вестник Ульяновского государственного технического университета. – 2012. – №2. – С. 12-14.
3. Қодар Ә. Мерей Қосынның минималистік қосы // <http://www.azattyq.org/a/kazakhstan-aezkhana-kodar-blog-young-author-merey-kosyn/27711430.html> 02.05.2016
4. Давыдов Г. Перемены, «сетература» и алхимическая медиа-реторта <https://www.peremeny.ru/column/view/1198/>
5. Сарин Л. Сетература как художественное явление: между постмодернизмом и массовой культурой // Преподаватель XXI век. – 2016. – №3. – С. 433-440.
6. Zoreh Ramin, Seyyed Mohammad Marandi History/Fiction: An Intertextual reading of E.L.Doctorow's Ragtime // 3L: The Southeast Asian Journal of English Language Studies. – Vol 20(1). – P. 157-166 <http://dx.doi.org/10.17576/3L-2014-2001-12>

7. Қосын М. Олардың тарихы» беллетристикасы // <https://yvision.kz/post/683027> 11.03.2016. <https://massaget.kz/profile/76037/>
8. Буве аралы // https://kk.wikipedia.org/wiki/Буве_аралы 17.09.2016.
9. Нерд // <https://ru.wikipedia.org/wiki/Нерд> 17.02.2017.
10. Мировой литературный процесс: контент, направления, тренды. – Алматы: Ғылым ордасы, 2017. – 202 с.
11. Slashdot // <https://ru.wikipedia.org/wiki/Slashdot> 05.09.2013.
12. Болт Роберт // https://ru.wikipedia.org/wiki/Болт,_Роберт 19.09.2016.
13. Норвиг Питер // https://ru.wikipedia.org/wiki/Норвиг_Питер 22.12.2016.
14. Лотман Ю.Н. Текст и полиглотизм культуры // Избранные статьи в 3-х томах. – Т1. – Таллин: Александра, 1992. – 472 с.
15. Веселовский А.Н. Избранные статьи / под общ. ред. М.П.Алексеева, В.А.Десницкого, В.М.Жирмунского, А.А.Смирнова. – Л.: Художественная литература, 1939. – 572 с.

REFERENCES

1. Sheltiens V. Seteratýra: novoe literatýrnoe dvijenie? <https://www.netslova.ru/teoriya/werner.html>
2. Shomin T.V. Kategorii, svyazannye s literatýroi, razmeennoi v seti Internet // Vestnik Ýlanovskogo gosýdarstvennogo tehničeskogo úniversiteta. – 2012. – №2. – S.12-14.
3. Qodar Á. Merei Qosynnyń minimalistik qosy // <http://www.azattyq.org/a/kazakhstan-aezkhankodar-blog-young-author-merey-kosyn/27711430.html> 02.05.2016
4. Davydov G. Peremeny, «seteratýra» i alhımicheskaia media-retorta <https://www.peremeny.ru/column/view/1198/>
5. Sarin L. Seteratýra kak hýdojestvennoe iavlenie: mejdý postmodernizmom i massovoi kýltýroi // Prepodavatel NHI vek. – 2016. – №3. – S. 433-440.
6. Zoreh Ramin, Seyyed Mohammad Marandi History/ Fiction: An Intertextual reading of E. L. Doctorow’s Ragtime // 3L: The Southeast Asian Journal of English Language Studies – Vol 20(1). – P. 157-166 <http://dx.doi.org/10.17576/3L-2014-2001-12>
7. Qosyn M. Olardyń tarihy» belletristikasy // <https://yvision.kz/post/683027> 11.03.2016. <https://massaget.kz/profile/76037/>
8. Býve araly // https://kk.wikipedia.org/wiki/Býve_araly 17.09.2016.
9. Nerd // <https://ru.wikipedia.org/wiki/Nerd> 17.02.2017.
10. Mirovoi literatýrny protsess: kontent, napravleniia, trendy. – Almaty: Ǵylym ordasy, 2017. – 202 s.
11. Slashdot // <https://ru.wikipedia.org/wiki/Slashdot> 05.09.2013.
12. Bolt Robert // https://ru.wikipedia.org/wiki/Bolt,_Robert 19.09.2016.
13. Norvig Piter // https://ru.wikipedia.org/wiki/Norvig_Piter 22.12.2016.
14. Lotman Iý.N. Tekst i poliglottizm kýltýry // Izbrannye statii v 3-h tomah. – T1. – Tallin: Aleksandra, 1992. – 472 s.
15. Veselovskii A.N. Izbrannye statii / pod ob. red. M.P.Alekseeva, V.A.Desnitskogo, V.M.Jirmýnskogo, A.A.Smirnova – L.: Hýdojestvennaia literatýra, 1939. – 572 s.

УДК 159.96

ГРНТИ 15.31.31

Т.К.БОЛЕЕВ¹, Д.С.ЖАРКИНБАЕВА², Ж.А.АБДИЛАКИМ^{3*}

¹доктор педагогических наук, профессор, Международный казахско-турецкий университет им. Ходжа Ахмеда Ясави (Казахстан, г.Туркестан), E-mail: talant.bolejev@ayu.edu.kz

²магистр-преподаватель Международного казахско-турецкого университета им. Ходжа Ахмеда Ясави (Казахстан, г.Туркестан), E-mail: dinara.zharkinbayeva@ayu.edu.kz

³магистрант, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Ясави (Казахстан, г.Туркестан)

НОРМАТИВНОЕ ПОВЕДЕНИЕ В СТРУКТУРЕ ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ ОЦЕНКИ ПОВЕДЕНИЯ ПОДРОСТКОВ

Каждый человек в процессе жизни неоднократно встречается с понятием «норма». В обществе, в котором мы живем так или иначе это понятие встречается во всех сферах жизнедеятельности. В данной статье теоретически рассмотрены понятия психологической нормы у подростков в контексте ведущих сфер жизнедеятельности индивида. Также предоставлены результаты сравнительного анализа определения у подростков группы нормы и группы риска, различия в ведущих сферах жизнедеятельности. Данные результаты помогут понять норму поведения у подростков в целом и определить норму поведения у подростков группы риска.

Ключевые слова: норма, психологическое здоровье, подросток, группа риска, отклонение, психическая норма, поведенческая норма.

T.K.Boleyev¹, D.S.Zharkinbaeva², Zh.A.Abdilakim³

¹Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University (Kazakhstan, Turkestan), E-mail: talant.bolejev@ayu.edu.kz

²Master Teacher of Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University (Kazakhstan, Turkestan), E-mail: dinara.zharkinbayeva@ayu.edu.kz

³Master Student, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University (Kazakhstan Turkestan)

Normative Behavior in the Structure of Psychological Evaluation of Adolescent Behavior

Every person in the course of life repeatedly meets with the concept of “norm”. In the society in which we live in one way or another, this concept is found in all spheres of life. This article theoretically examines the concepts of psychological norms of adolescents in the context of the leading spheres of life of the individual. Also given the results of the comparative analysis of definition in adolescents group norm and risk group differences in the leading spheres of life. Given data in turn helps to understand the normal behavior of adolescents and to determine “normal” behavior among adolescents at risk.

Keywords: norm, psychological health, adolescent, group at risk, deviation, mental norm, behavioral norm.

*** Цитируйте нас правильно:**

- Бoleев Т.К., Жаркинбаева Д.С., Абдилаким Ж.А. Нормативное поведение в структуре психологической оценки поведения подростков // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2020. – №1 (115). – Б. 155-168.

*** Cite us correctly:**

- Boleev T.K., Jarkinbaeva D.S., Abdilakim J.A. Normativnoe povedenie v struktúre psihologicheskoi otsenki povedeniya podrostkov // Iasaýı úniversitetiniń habarshysy. – 2020. – №1 (115). – B. 156-168.

Т.К.Болеев¹, Д.С. Жаркинбаева², Ж.А.Абдилаким³

¹педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Қазақстан, Түркістан қ.), E-mail: talant.bolejev@ayu.edu.kz

²Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің магистр-оқытушысы (Қазақстан, Түркістан қ.), E-mail: dinara.zharkinbayeva@ayu.edu.kz

³магистрант, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Қазақстан, Түркістан қ.)

Жасөспірімдердің мінез-құлқын психологиялық бағалау құрылымындағы нормативтік мінез-құлық

Әрбір адам өмірінде «норма» ұғымымен қалай да кездесіп отырады. Біз өмір сүріп отырған қоғамда бұл ұғым өмірдің барлық салаларында кездеседі. Мақалада индивидтің өмір сүруінің жетекші салалары контекстіндегі жасөспірімдердегі психологиялық норманың түсінігі теориялық тұрғыдан қарастырылған. Сонымен қатар, жасөспірімдерде тәуекел тобы мен норма тобын анықтаудың салыстырмалы талдауының нәтижелері мен өмір сүрудің жетекші салаларындағы айырмашылықтар ұсынылды. Берілген мәліметтер өз кезегінде жасөспірімдерде жалпы мінез-құлық нормаларын түсінуге және тәуекел тобындағы жасөспірімдерде мінез-құлық нормасын анықтауға көмектеседі.

Кілт сөздер: норма, психологиялық денсаулық, жасөспірім, тәуекел тобы, ауытқу, психикалық норма, мінез-құлық нормасы.

В современном мире каждый практикующий психолог рано или поздно сталкивается с проблемой определения нормы или с ее отклонением в поведении человека. Что же в наши дни считать психологической нормой? И как квалифицированно определить отклоняющееся поведение? Объективного ответа на этот вопрос не существует. Все зависит от критериев в обществе в котором живет человек, в основном то, что принято в культуре или истории одного народа, могут быть не приемлемыми в культуре другого народа или в другой исторической эпохе. Тенденции поведения в наше время очень изменчивы: то, что сегодня считается ненормальным, через какое-то время становится нормой и может без проблем вписаться в жизнь того или иного народа.

В основном, поведение, которое демонстрируется, но не встречается в данном обществе или культуре, будет восприниматься как отклонение от нормы. Как правило, «ненормальным» считают человека, который «нарушил все рамки», принятые соблюдать обществе, в котором он находится.

В настоящее время определить одним термином разные нарушения в поведении подростков практически не возможно, так как занимающихся этой проблемой авторы по разному интерпретируют результаты своих исследований. В связи с этим позиция различных форм отклонений в поведении неясна. Рост предлагаемых классификаций говорит о том, что устраивающее все определение по проблеме отклонения пока не выявлен.

Рассматривая данный вопрос в научных источниках, можно увидеть, что существует множество вариантов определяющих понятие психической нормы:

С деңгейі кәсіби қызметте тікелей қолдануға және жоғары оқу орындарында мамандану пәндерін сәтті меңгеруге арналған білім мен дағдыларды алуға бағытталған [18].

Бұл деңгейлік саралап оқыту критерийлері арқылы білімгердің пәнге деген қызығушылықтарының артуына және мамандықты таңдауына және өмірлік тәжірибелерінде қаржылық проблемалардың шешімін табуға септігін тигізеді.

Қаржылық есептеулерді ақпараттық технология көмегімен оқыту әдістемесі.

Нарықтық экономикалық заманда күнделікті тұрмыс-тіршілікте несие алу, адам өмірін сақтандыру, ломбардтық қызметтер, банктық қызметтер, депозиттік жүйелердің барлығы пайыздық өлшем бірлікпен есептеледі.

Пайызды есептеуді жай пайыздық мөлшерлеме әдісімен қарастырайық.

Жай пайыздық мөлшерлеменің өсімі – бұл есептеу негізі тұрақты болып қалатын мөлшерлеме.

Көрнекі болу үшін келесі мысалды шешейік.

Бір бизнесмен мырза өз капиталын өсіру үшін банкке 4 800 000 теңгені банкке салу керек деп шешті. Банк жылдық өсімі 7%-дық жай пайыздық мөлшерлемені ұсынды. Клиент екі жылдан соң банктен неше теңге алады?

Шешімі:

Демек, пайыздық мөлшерлеме жай пайыздық болса, онда өсімде әрбір реттегі пайыздық өсім шамамен алғашқы мәнімен есептеледі, яғни 4 800 000 тг.

Бір жылдық пайызы $4\,800\,000 \cdot 0,07 = 336\,000$ тг. Жай пайыздық мөлшерлеме негізінде 2-жылдың да пайызы 336 000 тг болады. Сонымен үш жылдың пайыздық өсімі $2 \cdot 336\,000 = 672\,000$ тг.

Бизнесменнің үш жылдық табысы

$$4\,800\,000 + 4\,800\,000 \cdot 0,07 \cdot 2 = 4\,800\,000(1 + 2 \cdot 0,07) = 5\,472\,800 \text{ тг.}$$

Соңғы өрнекті математикалық тілге аударамыз. Бастапқы соманы P , i_0 – жай пайыздық мөлшерлеме бойынша S өсімнің соңғы сомасы, n – есептелетін уақыт ағымы. Сонда біздің сандық өрнегіміз мына түрге келеді.

$$P + P \cdot i_n \cdot n = P(1 + n i_n) = S$$

$$a_n = P, d = P i_n, n = \frac{t}{K}$$

$$\text{Алынған формула } S = P(1 + n i_n) = P(1 + \frac{t}{K} i_n) \tag{1}$$

Жай пайыздар бойынша соманы өсіру формуласы деп аталады.

Осы мысалымызды шешу барысында ақпараттық компьютерлік технологияның мүмкіндігін пайдаланып, оның шешімін табуға болады. Ол үшін компьютерден Excel жүйесін жүктейміз. MS Excel-дің қаржылық функциялары, күрделі есептеулер жүргізуге қажетті, базалық шамаларды есептеуге арналған [19].

MS Excel-дің қаржылық функцияларын қолдану үшін мынадай іс-әрекеттер жүргізіледі:

1. Функцияның негізгі аргументтерінің мәндерін жұмысшы бетте арнайы ұяларға енгізіңіз.

2. MS Excel құрылымында отырғызылған қаржылық функцияны қолдану арқылы, формула енгізілетін ұяға өтіңіз.

3. **Вставка** → **Функция** → категория **Финансовые** бұйрығы арқылы мастер функциялар арқылы тізімнен өзіңізге керекті қаржылық функцияны таңдаймыз.

А бағанына есептің шартындағы берілгендерді және В бағанына өлшем бірліктерін жазамыз С бағанына мәндерін енгіземіз. С6 ұяшығына $=C3 \cdot C4$ формуланы енгіземіз. Ал С7 ұяшығына $=C3 \cdot (1 + C5 \cdot C4)$ формуланы енгізіп, есебіміздің шешімін аламыз.

Мысал. Егер жылына 12% үстемемен 5 жыл мерзімге 1000000 000 теңге мөлшерінде ссуда берілсе және негізгі төлемді төртінші жылы қайтару мүмкіншілігі туса, онда ақша қаншамөлшерде төленуге тиіс?

Шешімі.

Әрбір есеп айыру аралықтың басында немесе аяғында займ бойынша өтелетін, негізгі төлемдер үшін MS Excel-де мынадай функция қолданылады:

ОСПЛТ (Ставка, Период, Кпер, Пс, БС). D8-ші ұяға мына формула енгізіледі: =ОСПЛТ (D5, D6, D4, D3)

Мысал 3. Бастапқы сомасы 3 000 000 теңгені жылдық пайызы $i=12\%$ үстемемен 18.03.2017 ж. мен 20.10.2017 ж. мерзім аралығында жай пайыздық мөлшерлеменен банкке салды. Осы соманың үстеме пайызын әртүрлі есептеулер бойынша қарастырайық.

Неміс тәжірибесі бойынша күнтізбелік күндер саны $K = 360$ күн,

$t = 14$ (март) + $6 \cdot 30$ (апрель, май, июнь, июль, август, сентябрь) + 20 (октябрь) - -1 (есептік шотты ашқан және сол шотты жапқан күндер 1 күн деп есептелінеді) = 213 күн.

$$\text{Сонда } S = P(1 + \frac{t}{K} i_n) = 3000000 * (1 + 0.12 * \frac{213}{360}) = 3213000.00 \text{ теңге}$$

2) Француздардың тәжірибесінен $K = 360$ күн,

$t = 14$ (март) + 30 (апрель) + 31 (май) + 30 (июнь) + 31 (июль) + 31 (август) + 30 (сентябрь) + 20 июль (октябрь) – 1 (есептік шотты ашқан және сол шотты жапқан күндер 1 күн деп есептелінеді) = 216 күн.

$$S = P(1 + \frac{t}{K} i_n) = 3000000 * (1 + 0.12 * \frac{216}{360}) = 3216000.00$$

3) Ағылшын тәжірибесінде $K=360$ күн, $t=216$ күн,

$$S = P(1 + \frac{t}{K} i_n) = 3000000 * (1 + 0.12 * \frac{216}{365}) = 3213041.10$$

Осы мысалдың электрондық кестедегі шешімі:

A бағанына берілген мәліметтерді, B бағанына өлшем бірліктерді, C, D, E бағанына ағылшын, француз, неміс тәжірибесінің есептелулерін енгіземіз.

C9 ұяшығына C6-C5 формуласын, D9 ұяшығына =ДНЕЙ360(C5;C6)+1 енгізіп, үстеме пайыздарды есептейміз. C11 ұяшығына =C\$3*C\$4/C10*C9, D11 ұяшығына =C\$3*C\$4/D10*D9, E11 ұяшығына =C\$3*C\$4/E10*E9 формулаларын енгіземіз.

C12 ұяшығына =C11+C\$3 формуласын енгізіп, соңғы нәтижені аламыз, D12, E12 ұяшықтарына осы формуланы жылжыту амалы арқылы соңғы нәтижені көруге болады [20].

Қаржылық есептеулер негіздері курсы ақпараттық технология көмегімен оқыту арқылы қаржылық сауаттылықты қалыптастыру жолдары

Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыруда шығармашылық әрекеттерді қалыптастыруға интербелсенді әдістердің маңыздылығы жоғары.

Сонымен қатар, оқушыларды бейіндік пәндер арқылы кәсіби мамандықтарға бейімдеу арқылы мектеп математика курсы қаржы есептеулері саласына байланысты қолданымдармен қанықтыру оқушыларға қажетті теориялық білімді терең меңгертіп қана қоймай, сонымен бірге, оларды практика тәжірибесінде қолдануға байланысты құнды тәжірибе жинауға мүмкіндік береді. Бұл, өз кезегінде, практикада және шынайы өмірде пайда болатын қаржылық мәселелерді мағыналы шешу үшін пайдаланылатын математикалық білімді кеңейтудің табиғи себебі болады.

Сондықтан қаржылық есептеулерді ақпараттық технология көмегімен оқыту барысында оқушылардың ынтасын арттыру мақсатында оқытудың белсенді әдістерін қолдана отырып, олардың қаржылық сауаттылықтарын қалыптастыруға болады. Оқытудың белсенді әдістерін пайдаланып, кез келген қаржылық есептердің шешімін таба білсек, оқушының есінде тез сақталынып, әрбір есепті өмірде кездесетін жағдайлармен байланыстарсақ, бейінді сынып оқушыларының мамандық таңдауына және қаржылық білімінің артуына тигізер пайдасы зор. Пәнді игеру мақсатында әрбір сабақты ойын технологияларын, рөлдік ойындар, дискуссия, тренингтер арқылы жүргізілсе, оқушының

танымдық белсенділігі артып, пәнді меңгеру барысында қаржылық-экономикалық сауаттылығы қалыптаса бастайды. Сонымен қатар қаржылық есептеу негіздерін оқыту барысында интербелсенді әдістерінің бір түрі кейс стади әдісінде қолдануға болады. Кейс әдісін оқушыларға саралап оқыту әдісімен оқыту арқылы байланыстыруға болады. Мұндай әдістер арқылы оқушының өзін-өзі дамытуға, қаржылық есептеулерден алған білімдерінің көмегімен өмірлік проблемалық жағдайлардың шешімін тез табуға көмектеседі.

Қаржылық сауаттылықты қалыптастыру барысында қаржылық есептерді ақпараттық компьютерлік технология көмегімен шешудің тиімділігін эксперименттік тексеру


Педагогикалық эксперимент Түркістан қаласындағы Н.Ондасынов атындағы «Дарын» мектебінде, Кентау қаласындағы дарынды балаларға арналған «Дарын» мектебінде және Түркістан қаласындағы №15 Мағжан Жұмабаев атындағы мектеп-гимназиялардың бейінді сыныптарында жүргізілді. Экспериментке қатысқан оқушыларды бақылау және эксперимент тобына бөлдік.

Мектептерде оқушыларды математика курсына қаржылық есептерді шешуде компьютерлік технологияны қолданып оқыту тиімділігін талдау жасап қарастырамыз.

Бейіндік сыныптарда А, В, С схемасы бойынша күрделенетін, деңгейлеріне сәйкес сипатталатын көп деңгейлі критерийді таңдадық.

Біз эксперимент жүргізу барысында бейіндік сыныптар бойынша 200 оқушыны қатыстырдық. Оларды эксперименттік және бақылау топтарына бөлдік.

Ақпараттық компьютерлік технологияны қаржылық есептерді шешуде қолданбастан біз оқушылардың білімдерін айқындап алу мақсатында бейінді сыныптардан қаржылық есептер аясында білімдерін тексердік. 1-деңгейі бойынша – 29,45%, 2-деңгейі бойынша – 16,13%, 3-деңгейі бойынша – 6,03% білімдерін тексердік, ең аз көрсеткіш қаржылық экономикалық мазмұнды есептерді шешуде қиындық тудыратындығы байқалды. Жалпы оқушылардың 20% ғана қаржылық есептерді шеше алатындығы сараптау кезіндегі көрсеткіштен көрінді. Екі топтың (ЭТ және БТ) бақылау жұмыстарының нәтижелерін салыстыру χ^2 (хи-квадрат) критерийі бойынша орындалды. Ол үшін кездейсоқ іріктеу әдісі бойынша тәжірибелік (ЭТ) және бақылау (БТ) топтарынан 50 адамнан тұратын топтар іріктеліп құрылды.




Сурет 1 – Эксперимент басындағы мектеп математика курсына қаржылық және экономикалық мазмұндағы сюжеттік мәселелерді шешудегі практикалық дағдылары

Біз тексерген H_0 болжамы ретінде келесі ұсыныс қарастырылды: бақылау және тәжірибелік топтарда қаржылық есептеулер кіріспе курсын оқып шыққанға дейін қаржылық және экономикалық мазмұндағы сюжеттік мәселелерді шешудегі практикалық дағдылардың бастапқы деңгейлері арасындағы айырмашылық жоқ.

Нөлдік гипотезаның орындалу шарты келесі: $\chi_{эмп}^2 < \chi_{1-\alpha}^2$, мұндағы α – 0,05-ке тең маңыздылық деңгей. Сонымен қатар, біз таңдаған еркіндік дәрежесіне $L-1=4-1=3$ және маңыздылық дәрежесі сәйкес болатын χ^2 критерийінің мәні 7,82-ге тең. Салыстырылатын үлгілер үшін $\chi_{эмп}^2$ эмпирикалық мәнін есептеу сәйкес формула бойынша орындалды:


$$\chi_{эмп}^2 = N * M * \sum_{i=1}^4 \frac{\left(\frac{n_i * m_i}{N * M}\right)^2}{n_i + m_i}$$
, мұндағы M – Бақылау топтарына кіретін оқушылар саны ($M=50$).

Ал, $\chi_{эмп}^2 = 1,64 < 7,82 = \chi_{0,05}^2$ болғандықтан, біз жасаған нөлдік гипотеза орындалады деп қорытынды жасауға болады, яғни, эксперимент басталғанға дейін бақылау және эксперименталдық топтардың оқушыларының қаржылық және экономикалық мазмұндағы сюжеттік мәселелерді шешудің практикалық дағдыларының бастапқы деңгейлері арасында айтарлықтай айырмашылықтар жоқ. Эксперименттің осы кезеңінің соңында, оқу материалының күрделілік деңгейлерінің бірте-бірте өсуі бойынша сараланған қаржылық есептеулер кіріспе курстың жүзеге асыруға қатысты қорытынды бақылау жұмыстары жүргізілді. Оның мақсаты оқушылардың қаржылық есептеулер саласындағы тәжірибелік дағдыларының қалыптасу деңгейін анықтау болып табылды. $\chi_{эмп}^2 = 12,37 > 11,34 = \chi_{0,01}^2$ болғандықтан, бақылау және эксперименталды топтарда жүргізілген қорытынды жұмыстардың салыстырмалы нәтижелерінің шынайылық айырмашылығы 99%-ды құрайды.



Сурет 2 – Эксперимент кезіндегі қаржылық есептеулерге байланысты практикалық қолданбалы бағыты бойынша саралап оқыту нәтижесі

Ал қаржылық есептеулер негіздерін ақпараттық технология көмегімен оқыту бойынша оқушылардың осы пәнге деген қызығушылықтарын анықтау барысында тест сауалнамасын жүргіздік. Оқушылардың бұл пәнді меңгеру алдағы өмірлік тәжірибелерінде керек екендігін түсінгендігін байқатты.



Сурет 3 – Ақпараттық технология қолданып қаржылық есептеулерді оқыту арқылы қаржылық сауаттылықты қалыптастыру жайлы оқушылардың пікірі

Қорыта келе, жүргізілген талдау мен алынған нәтижелер зерттеу міндеттері мен мақсатының орындалғанын, қарастырылған мәселелер өз шешімін тапқанын көрсетеді.

Қорытынды

Бейінді оқыту жағдайында математика пәнінің мазмұнын қаржылық есептеулер саласындағы қосымшалар мен қанықтыру үшін көптеген мүмкіндіктердің болуы, ал бұлар өз алдында түрлі төлемдер, салықтар, несие, сақтандыру және басқа да қаржы операцияларына қатысты қарапайым қаржылық есептеулерге оқушыларды дайындауға толығымен мүмкіндік береді. Мектеп математикасының қолданымдарында осы мүмкіндіктерді жүзеге асыру қажеттілігіне артық баға беру қиын, өйткені қазіргі жағдайда әрбір адамның қаржылық-экономикалық сауаттылығы оның кәсіби қызметінің құзыреттілік сипаттамаларының бірі болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – 2018 жылғы 10 қаңтар. <https://www.akorda.kz/-zholdauy-2018-zhylgy-10-kantar>.
2. Organisation for Economic Cooperation and Development. (2014). PISA 2012 Results: Students and money (Volume VI): Financial literacy skills for the 21st century, PISA, OECD Publishing. Retrieved August 1, 2014, from <http://dx.doi.org/10.1787/9789264208094-en>.
3. Кузина О.Е. Финансовая грамотность и финансовая компетентность: определение, методики измерения и результаты применения в России [Текст] / О.Е.Кузина // Вопросы экономики. – 2015. – №8. – С. 129-148.
4. Зеленцова А.В. Повышение финансовой грамотности населения: международный опыт и российская практика [Текст] / А.В.Зеленцова, Е.А.Блисковка, Д.Н.Демидов. – М., 2012. – 112 с.
5. Anthes W.L. 2004. Financial illiteracy in America: a perfect storm, a perfect opportunity. // Journal of Financial Service Professionals. – 58(6):49-56.
6. Lusardi A. (2008, February). Household savings behavior: The role of financial literacy, information, and financial education programs (Working Paper No. 13824). Cambridge, MA: National Bureau of Economic Research.
7. Remund D.L. (2010). Financial literacy explicated: the case for a clearer definition in an increasingly complex economy // The Journal of Consumer Affairs. – 44(2). – 276.
8. Моисеева Д.В. Финансовая грамотность населения российского региона: экономико-социологический анализ: дис. ... канд. социол. наук. – Волгоград, 2017, <http://www.volsu.ru/upload/iblock/022/>.

9. Бөрібекова Ф.Б., Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар. – Алматы, 2014. – 242 б.
10. Bottino, R.M. (2004). The evolution of ICT-based learning environments: Which perspectives for school of the future? // *British Journal of Educational Technology*. – Vol. 35. – No.5. – Pp. 553-567.
11. Mistretta R.M. (2005). Integrating Technology into the Mathematics Classroom: The role of the teacher preparation programs. *The Mathematics Educator*. – Vol.15. – No. 1. – Pp. 18-24.
12. Есина И.Г. Экономика на уроках математики [Текст]: метод, рекомендации / И.Г.Есина, И.А.Салихина. – Ульяновск: Изд-во ИПКПРО, 2001. – 38 с.
13. Петров В.А. Элементы финансовой математики на уроках [Текст] / В.А.Петров // *Математика в школе*. – 2002. – № 8. – С.38-42.
14. Башарин Г.П. Начала финансовой математики [Текст] / Г.П.Башарин. – М.: ИНФРА-М, 1998. – 160 с.
15. Александрова Т.Н. Финансовая арифметика. Просто как дважды два [Текст] / Т.Н.Александрова, А.А.Минько. – М.: Эксмо, 2007. – 240 с.
16. Винокуров Е.Ф. Бизнес в три вопроса: Издержки? Цена? Выручка? [Текст] / Е.Ф.Винокуров // *Математика в школе*. – 2002. – №8. – С. 42-45.
17. Архипов А.П. Алгебра страхования [Текст]: для 10-11 классов общеобразоват.учрежд. / А.П. Архипов. – М.: Вита-Пресс, 2005. – 288 с.
18. Ожерельев Д.В. Методика решения задач с экономическим содержанием при изучении алгебры в основной школе с применением компьютерных технологий обучения [Текст]: автореф. дис. ... канд. пед. наук / Д.В. Ожерельев. – М., 2004. – 18 с.
19. Мубараков А.М., Еркишева Ж.С. Мектеп математикасы аясында қаржылық есептеулердің элементтерін оқыту моделі. Евразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. – 2019. – №1. – Б. 45-51.
20. Просветов Г.И. Математика в экономике. – Москва, 2004. – 241-246 с.
21. Ахметов А.К., Ахметов Д.Қ. Қаржылық математика MS Excel-де. – Алматы, 2010. – Б. 17-20.

REFERENCES

1. Qazaqstan Respublikasynyń Prezidenti N.Nazarbaevtyń Qazaqstan halqyna Joldaýy. – 2018 jylǵy 10 qańtar. <https://www.akorda.kz/-zholdauy-2018-zhylgy-10-kantar>.
2. Organisation for Economic Cooperation and Development. (2014). PISA 2012 Results: Students and money (Volume VI): Financial literacy skills for the 21st century, PISA, OECD Publishing. Retrieved August 1, 2014, from <http://dx.doi.org/10.1787/9789264208094-en>.
3. Kyzina O.E. Finansovaya gramotnost i finansovaya kompetentnost: opredelenie, metodiki izmereniya i rezulytaty primeneniya v Rossii [Tekst] / O.E.Kyzina // *Voprosy ekonomiki*. – 2015. – №8. – S. 129-148.
4. Zelentsova, A.V. Povyshenie finansovoi gramotnosti naseleniya: mezdunarodnyy opyt i rossyskaya praktika [Tekst] / A.V.Zelentsova, E.A.Bliskavka, D.N.Demidov. – M., 2012. – 112 s.
5. Anthes W.L. 2004. Financial illiteracy in America: a perfect storm, a perfect opportunity. *Journal of Financial Service Professionals*. – 58(6):49-56.
6. Lusard A. (2008, February). Household savings behavior: The role of financial literacy, information, and financial education programs (Working Paper No. 13824). Cambridge, MA: National Bureau of Economic Research.
7. Remund D.L. (2010). Financial literacy explicated: the case for a clearer definition in an increasingly complex economy // *The Journal of Consumer Affairs*. – 44(2). – 276.
8. Moiseeva D.V. Finansovaya gramotnost naseleniya rossyskogo regiona: ekonomiko-sotsiologicheskii analiz: dis. ... kand. sotsiol. nauk. – Volgograd, 2017, <http://www.volsu.ru/upload/iblock/022/>.

9. Bóribekova F.B., Janatbekova N.J. Qazirgi zamanǵy pedagogikalıyq tehnologıalar. – Almaty, 2014. – 242 b.
10. Bottino, R.M. (2004). The evolution of ICT-based learning environments: Which perspectives for school of the future? *British Journal of Educational Technology*. – Vol. 35. – No.5. – P. 553-567.
11. Mistretta, R.M. (2005). Integrating Technology into the Mathematics Classroom: The role of the teacher preparation programs. *The Mathematics Educator*. – Vol.15. – No.1. – P. 18-24.
12. Esina I.G. Ekonomika na ýrokah matematikı [Tekst]: metod, rekomendatsıı / I.G. Esina, I.A. Salıhına. – Ýlıanovsk: Izd-vo IPK PRO, 2001. – 38 s.
13. Petrov V.A. Elementy finansovoi matematikı na ýrokah [Tekst] / V.A.Petrov // *Matematika v shkole*. – 2002. – №8. – S.38-42.
14. Basharin G.P. Nachala finansovoi matematikı [Tekst] / G.P. Basharin. – M.: INFRA-M, 1998. – 160 s.
15. Aleksandrova T.N. Finansovaa arifmetika. Prosto kak dvajdy dva [Tekst] / T.N.Aleksandrova, A.A.Mınko. – M.: Eksmo, 2007. – 240 s.
16. Vinokýrov E.F. Biznes v tri voprosa: Izderjki? Tsena? Vyrýchka? [Tekst] / E.F.Vinokýrov // *Matematika v shkole*. – 2002. – №8. – S. 42-45.
17. Arhipov A.P. Azbýka strahovaniia [Tekst]: dlıa 10-11 klassov obeobrazovat.ýchrejd. / A.P. Arhipov. – M.: Vita-Press, 2005. – 288 s.
18. Ojerelev D.V. Metodika reshenıa zadach s ekonomicheskim soderjaniem pri izýchenıı algebry v osnovnoi shkole s primenenıem kompıúternyh tehnologiı obýchenıa [Tekst]: avtoref. dıs. ... kand. ped. naýk / D.V.Ojerelev. – M., 2004. – 18 s.
19. Mýbarakov A.M., Erkisheva J.S. Mektep matematıkasy arasynda qarjylyq esepteýlerdiń elementterin oqytý modeli. *Evrasiia gýmanitarlyq institútynyń Habarshysy*. – 2019. – №1. – B. 45-51.
20. Prosvetov G.I. Matematika v ekonomike. – Moskva, 2004. – 241-246 s.
21. Ahmetov A.Q., Ahmetov D.Q. Qarjylyq matematika MS Excel-de. – Almaty, 2010. – B. 17-20.

С.Е.СЕЙТКАЗИЕВА*

*Тараз мемлекеттік педагогикалық университетінің аға оқытушысы
(Қазақстан, Тараз қ.), E-mail: ssejtkazieva@inbox.ru*

МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК САНАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ

Бұл мақалада мектеп жасындағы балалардың этностық өзіндік сананың онтогенезде қалыптасып дамуының психологиялық ерекшеліктері анықталады. Қазақ елінің тәуелсіздік алуымен байланысты нарықтық экономикаға өтіп, өркениетті елдер қатарына ену және оны мекендейтін әрбір этностың рухани қайта өркендеп, сана-сезімдерінің дамуында көлемді міндеттер іске асырылды. Қазіргі заманғы Қазақстанда этностық өзіндік сананың қалыптасуының онтогенездегі нақты жас кезеңі мен психологиялық ерекшеліктерін зерттеу ерекше орын алады. 6-7 жастағылардың этностық өзіндік санасының қалыптасуында бүгінгі таңда пайдаланылып жүрген ұлттық тәлім-тәрбие әдістері мен құралдары анықталды. Зерттеуде балалардың білімді меңгеру арқылы ұлттық тұлға болып қалыптасуы – қазіргі заманғы әлеуметтік жағдайға сай, олардың психикасының ерекшеліктерін ескере отырып, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде ғана іске асырылатындығы дәлелденді.

Кілт сөздер: тұлға, этностық өзіндік сана, қалыптастыру, білім беру мекемелері, ұлттық психология, психологиялық ерекшеліктер, танымдық іс-әрекет, қалыптасу деңгейі, диагностика.

S.E.Seitkazieva

*Senior Teacher of Taraz State Pedagogical University
(Kazakhstan, Taraz), E-mail: ssejtkazieva@inbox.ru*

Scientific Bases of Formation of Self-consciousness of School-age Children

This article reveals the psychological features of the formation of ethnic identity of school-age children in ontogenesis. In connection with the independence of the Kazakh people, large-scale tasks were implemented to enter the market economy, enter the number of civilized countries and the spiritual revival of each ethnic group in its composition. A special place in modern Kazakhstan is occupied by the study of specific age and psychological features of the formation of ethnic identity in ontogenesis. The methods and means of national education currently used in the formation of the ethnic identity of 6-7-year-old children were identified. The study proved that the formation of children as a national personality through the acquisition of knowledge is carried out only in organized educational activities that meet modern social conditions, taking into account their mental characteristics.

Keywords: personality, ethnic identity, formation, educational institutions, national psychology, psychological features, cognitive activity, level of formation, diagnostics.

* **Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

- Сейтказиева С.Е. Мектеп жасындағы балалардың өзіндік санасын қалыптастырудың ғылыми негіздері // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2020. – №1 (115). – Б. 181-191.

* **Cite us correctly:**

- Seitkazieva S.E. Mektep jasyndaǵy balalarynń ózindik sanasyn qalyptastyrdyń ǵylymy negizderi // Iasaýı yniuersitetiniń habarshysy. – 2020. – №1 (115). – B. 181-191.

С.Е.Сейтказиева

*Старший преподаватель Таразского государственного педагогического университета
(Казахстан, г.Тараз), E-mail: ssejtkazieva@inbox.ru*

Научные основы формирования самосознания детей школьного возраста

В данной статье раскрываются психологические особенности формирования этнического самосознания детей школьного возраста в онтогенезе. В связи с обретением независимости казахского народа были реализованы масштабные задачи по вхождению в рыночную экономику, вхождению в число цивилизованных стран и духовного возрождения каждого этноса в его составе. Особое место в современном Казахстане занимает изучение конкретных возрастных и психологических особенностей формирования этнической самобытности в онтогенезе. Были выявлены используемые в настоящее время методы и средства национального воспитания в формировании этнической самобытности 6-7-летних детей. В исследовании доказано, что формирование детей как национальной личности через овладение знаниями, осуществляется только в организованной учебной деятельности, отвечающей современным социальным условиям, с учетом их психических особенностей.

Ключевые слова: личность, этническая идентичность, формирование, образовательные учреждения, национальная психология, психологические особенности, познавательная деятельность, уровень образования, диагностика.

Кіріспе

Қазақ елінің тәуелсіздік алуымен байланысты нарықтық экономикаға өтіп, өркениетті елдер қатарына ену және оны мекендейтін әрбір этностың рухани қайта өркендеп, сана-сезімдерінің дамуында көлемді міндеттер іске асырылды. Қазақстан Республикасы азаматтық қоғам құрудың өзіндік жолын саралап, әрбір ұлт өкілінің еркін және үйлесімді дамуын Конституциямен [1] бекітіп, оның мазмұны ҚР Тіл саясаты тұжырымдамасында [2], ҚР Білім беру туралы заңдары (1992, 1999, 2007) [3; 4; 5] мен ҚР этностық-мәдени білім тұжырымдамасында (1996) [6], «Қазақстан 2050», ел Президентінің отандастарына Жолдауларында [7; 8] және т.б. құжаттарда көрініс тапты.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан 2050» атты стратегиясында ұлттық қауіпсіздікке қатысты «Қазақстанның тәуелсіз егемен мемлекет ретінде дамуын қамтамасыз ету үшін оның барлық азаматтарының отаншылдық сезімі мен өз еліне деген сүйіспеншілігін дамытуға тиіспіз» деп атап көрсетті [7]. Осы орайда, Н.Ә.Назарбаев азаматтардың ұлттық сана-сезімін дамытудың екі деңгейін бөледі. Бірінші деңгей – азаматтық және саяси бірлікті анықтап, қазақстандықтардың біртұтас саяси құндылықтарын білдірсе, екінші деңгей – қазақтардың өздерінің ұлттық бірегейлігіне байланысты. Елбасы ұлттық сана-сезім үшін этностық мәдениет пен тілді қорғап дамытатын қоғамдық институттарға, әсіресе білім беру жүйесі мен бұқаралық ақпарат құралдарының мейлінше маңызды екендігін атап көрсеткен [9, 192-194-бб.].

Халықтың этностық-мәдени мүдделерін іске асыру тұжырымдамасы «этностық топтардың өзіндік ерекшелігін сақтауға, өзге мәдениеттердің құндылықтарын игеруге бағытталған білім беру үлгісін жасауды, этностық сәйкестіліктің жоғалып кетпеуі және жалпы мемлекеттік құндылықтардың қабылдануының қамтамасыз етілуін» міндет етіп қояды [6].

Этностық-мәдени білімнің негізгі бөлігі – оқу орындарында білім беру. Мұндағы басты міндет – оқыту. Этностық-мәдени білім беру балабақшаларда, мектептерде, жоғары оқу орындарында жүзеге асырылады (Қазақстан Республикасының этностық-мәдени білім тұжырымдамасы, 1996.) [6, 5-6.].

Тұлғаның қалыптасуының негізі мектепке дейінгі кезеңде қаланатыны белгілі. 6 мен 7 жас аралығында негізгі ерекшелігін алдағы уақытта да сақтайтын, қарапайым болса да жал-

пыланған, өзгеше тұрақты психологиялық механизмдер пайда болып, тұтастай психиканың тұлғалық негізіне айналатыны (Н.И.Непомнящая) [10, 3-б.] ғылымда дәлелденген.

Осындай ғылыми нәтижелерге сүйенетін білім беру жүйесі баланың ой-өрісін дамытып, тұлғасын ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде қалыптастыруды мектепке дейінгі кезеңнен бастап жүргізуді көздейді. Білім беру мекемелеріндегі тәрбиелеу мен білім беруде жоғарыда аталған заңдар мен тұжырымдамалардың нәтиже беруі танымдық іс-әрекетті дамыта отырып, балалардың сана-сезіміне әсер етуге байланысты. Алайда қазіргі заманғы Қазақстан елінің тарихи дамуында қалыптасқан әлеуметтік-этностық өзгерістер (ҚР көп этностар мекендейтін елге айналуы, түрлі мәдениеттердің өзара кірігуі, қазақ отбасыларында ұлттық салт-дәстүрлердің сақталынбауы мен ана тілінде сөйлемей, т.б.) мен ғылыми-техникалық жетістіктердің өмірдің барлық саласына енуі ескерілмегендіктен, бұл бағытта шешімін таппаған мәселелер әлі де жеткілікті.

Осы жерде этностық өзіндік сананың қалыптасуының онтогенездегі нақты жас кезеңі мен психологиялық ерекшеліктерін зерттеу ерекше орын алады. Балалардың білімді меңгеру арқылы ұлттық тұлға болып қалыптасуы – қазіргі заманғы әлеуметтік жағдайға сай, олардың психикасының ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде ғана іске асырылуы мүмкін. Аты аталған мәселенің зерттеуге алынбағандығын және мұндағы тәлім-тәрбиелік жұмыстардың аса қажеттілігін ескере отырып, зерттеуіміздің тақырыбын «Мектеп жасындағы балалардың этностық өзіндік санасын қалыптастырудың ғылыми негіздері» деп белгіледік.

Этностық өзіндік сананың оянып, дамуының онтогенездегі жас кезеңі мен психологиялық ерекшеліктерін анықтап, оны озық психологиялық теориялар мен тұжырымдамалардың негізінде оқу іс-әрекетінде мақсатты-бағытты қалыптастыру – диссертацияның тақырыбын осылайша анықтауға алып келді.

Аталмыш мақаланың басты мақсаты этностық өзіндік сананың онтогенезде қалыптасып дамуының психологиялық ерекшеліктерін анықтау.

Негізгі бөлім

Сан ғасырлық дала өркениеті қашанда әлемдік өркениеттің маңызды бөлшектерінің бірі болып келген. Әр халықтың өзін іздеуі мен тануы – оның өркениетті елдер арасында тең дәрежеде болуының кепілі. Осы орайда түркі әлеміне ортақ ежелгі әдеби мұралар мен (VI-VIII ғғ. – Орхон-Енисей жазба ескерткіштері, Қорқыт ата, әл-Фараби), түркі ғұламаларының (XI-XIV ғғ. – Ж.Баласағұни, М.Қашқари, А.Жүйнеки, Қ.Иассауи және т.б.) психологиялық идеяларымен, қазақ ғұламалары мен ақын-жырауларының (XV-XIX ғғ. – Асан қайғы, Қ.Жалайри, М.Дулати, Шалкиіз, Жиёмбет, Ақтамберді, Бұхар, Шал ақын, Дулат, Махамбет және т.б.) этнопсихологиялық ой-пікірлерімен танысуда біз бала санасының ұлттық рухта қалыптасып, оларда ұлттық мәдениет пен рухани құндылықтар туралы тұтас ұғым түзілуін басты мақсат еткенін аңғарамыз [11].

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген белгілі қазақ ағартушы-ғалымдары мен қоғам қайраткерлерінің, психолог және педагог ғалымдарының (Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Т.Тәжібаев, М.Мұқанов және т.б.) еңбектеріне шолу жасау – олардың халықты ағарту мүдделерінде, ұлттық мектептің тұжырымдамасын жасап, балаларды оқыту мен тәрбиелеудің мазмұнын анықтауда халықтық қағиданы ұстанғанын көрсетті. Олар тұлғаның қалануын оның ұлттық өзіндік санасының қалыптасуымен бірлікте іске асыруды көздеп, мұнда баланың жас ерекшеліктерін ескеруге және әдіс-тәсілдерге үлкен көңіл бөлген. Ағартушы-ғалымдар халықтың ұлттық өзіндік санасының оянуы – өзге халықтар арасында қорланбай тең дәрежеде өмір сүрудің бірден бір мүмкіндігі, ал оның жолы – өз халқының ана тілін, әдебиеті мен мәдениетін меңгеріп қана қоймай, әлемдік мәдениетпен танысып, өзін солармен салыстыру арқылы білімге, ғылымға, тіл үйренбекке ұмтылу деп білді.

Ұлтаралық қарым-қатынастың жоғары мәдениетін меңгерген ағартушылар Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев арнайы психологиялық-педагогикалық еңбектер жазбағанымен, ғылыми-әдеби және жастар тәрбиесіне арналған еңбектерінде әртүрлі ұлттар мен халықтардың жақсы қасиеттері мен дәстүрлерін, мәдениетін құрметпен атап, салыстыра баяндаулары ұлттық сана-сезімнің қалыптасуында өзге ұлттардың мәдениеті мен салт-дәстүрлерін білудің маңызын көре білгендерін дәлелдейді [12, 30-б.].

Ағартушы-ғалым Ы.Алтынсарин балаларға арналған оқу құралдарында («Қазақ хрестоматиясы», «Қазақтарға орыс хрестоматиясын үйретудің бастауыш құралы») бастауыш сынып балаларына адамгершілік қасиеттердің ажырамас бөлігі ретіндегі патриоттық және түрлі халық өкілдеріне достық қарым-қатынас болып табылатын тұлғалық сапаларды тәрбиелеуді мақсат еткен. Қазақ ауыз әдебиеті мен салт-дәстүрлеріне негізделіп жазылған бұл оқу құралдарында Ы.Алтынсарин қазақ халқының ертегі, аңыз әңгімелері, өзінің ғибратқа, өсиетке құрылған дидактикалық әңгіме, өлеңдерімен қатар әр халықтың тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрлерінен («Алтын шекілдеуік», «Жаман жолдас», «Силинші ханым» және т.б.) хабар беру қағидасын да көздеген [13].

Этностық өзіндік сананың дамуы мен тұрақтылығында осы этнос өкілдерінің тарихи қауымдасу тегі туралы көзқарасы ерекше мәнді. Тектік қауымдастық сезімі адамды іштей саналы байланыстыра отырып, олардың өзін өз этносының өткенімен, бүгінгімен және болашағымен теңдестіру қажеттілігін тудырады. Сондай-ақ тұлғаның өзіндік санасында қалыптасқан құқығы мен міндеттерін түсінуі оның этностық өзіндік санасы аспектісінде іске асатыны мәлім. Осы орайда, А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов және т.б. халқымыздың ұлы перзенттері ХІХ ғасырдағы патшалық Ресей заманынан бастау алып, Кеңес дәуірінде өңін өзгертіп, жалғасын тапқан бөтен халықтарды орыстандыру саясатын болжап, өз халқын дағдарыстан құтқарып, бостандық пен өркениетке жеткізетін даму жолдарын іздестірді. Олар халықтың мінез-құлқын, қадір-қасиетін, ішкі әлемін біріктіру арқылы ұлтты сақтап қалуға тырысты.

Кеңес дәуірінде және егеменді Қазақстан Республикасында ұлттық психология мәселесіне арналған еңбектерінде этностық өзіндік сананы қарастырған философ ғалымдар – Н.Жанділдин [14], Н.Елікбаев [15], Қ.Жүкеш [16], С.Е.Нұрмұратов [17] және т.б. Н.Жанділдин ұлттық өзіндік санаға «ұлттың өзінің әлеуметтік-этностық мәнін танып білуі, ұлтаралық қатынастар жүйесіндегі өзінің орнын және қандай орын ала алатынын, адамзат тарихындағы атқарып жүрген әрекеттік рөлін және оның қандайын атқара алатынын, адамзат жасап жатқан өркениетке қосқан және қоса алатын үлесін сезіп-тұшынуы, сонымен қоса, өзге халықтармен тең, еркін және тәуелсіз өмір сүрудің табиғи-тарихи құқығын түсінуі» [14] деп анықтама береді. Қазақ отбасында балаға тілі шыға ағайын, туысты, ата-тегін, руын, ел жұртын білуге ерекше көңіл бөлген. Қазақ халқында “Жеті атасын” білу заң болған. Әрі сол арқылы отбасы шежіресін жалғастыруға баулуды мақсат еткен. Тәрбиелеп жатқан жас ұрпаққа осы ұлттық тәрбиені сіңіріп, оның ерекшелігін терең білуге, құрметтеуге, үйретуге тиіспіз.


Бүгінгі күні ғылымда адамның өзіндік санасының этностық қыры және оларға әсер ететін факторлар туралы бір жүйеге түскен тұтастай ұғым қалыптаспаған. Кеңес дәуіріндегі және Кеңес Одағы ыдырағаннан кейінгі жылдардағы ТМД елдеріндегі кейбір ғылыми зерттеулер мен әдебиеттерде адамның белгілі бір этностық топқа қатыстылығын түсініп, сезінуі «*ұлттық өзіндік сана*» ұғымымен берілсе, соңғы жылдарда «*этностық өзіндік сана*» ұғымы қолданылуда. Ол шет ел ғылымында қолданылатын, этностық сәйкестік ұғымына өте жақын деп саналады.

Этностық сәйкестік – ғылыми айналымға шамамен ХХ ғасырдың ортасында енген едәуір жаңа ұғым (бұл аталымды 1953 жылы ең алғаш қолданған американдық социолог Д.Рисман).

Шет елдік, ресейлік және ТМД елдері ғалымдарының зерттеулерін талдап қорытындылай келіп, этностық өзіндік сананың құрылымдық моделін жасадық (1-сурет).

Сонымен, біздің тұжырымдауымызша, этностық өзіндік сананың бірінші психологиялық механизмі – этностық сәйкестену, ал оның механизмі – этноажырату және этнобіріктіру белгілерін меңгеру, екінші механизмі – этностық бағыттылық және этностық ұстаным, ал оның механизмі – этностық қатыстылыққа қанағаттану, үшінші механизмі – ұлттық мәдениетке сәйкес әрекет ету, ал оның механизмі – рефлексия (өз этносының дүниетанымы тұрғысынан әрекет етуге қажеттілікті сезіну және түсіну).

Зерттеліп отырған мәселенің ғылыми-теориялық негіздерін талдай келіп, оның ұлттық мәдениет арқылы қалыптасуының өзара байланысты басты үш психологиялық механизмнен тұратын тұжырымдамалық кескінін құруға болады деп есептейміз:



Сурет 1 – Этностық өзіндік сананың құрылымдық моделі

Этномәдени сәйкестену. Мектеп жасына дейінгі ересек балаларда этностық өзіндік сананың пайда болуы «ұлт», «ұлттық» ұғымдарын, ұлттық материалдық және рухани құндылықтар мен оларды этнобіріктіру және этноажырату белгілерін меңгеру арқылы, өзін және өзгелерді нақты бір этностық мәдениетпен сәкестендіруден бастау алады.

Кесте 1 – 6-7 жастағы балалардың этностық өзіндік санасы компоненттерінің өлшемдері мен көрсеткіштері

Компоненттері	Өлшемдері	Көрсеткіштері
Когнитивтік (танымдық)	өз халқының рухани және материалдық салт-дәстүрлері туралы білім көлемінің болуы	<ul style="list-style-type: none"> - өз халқының ұлттық тұрмыстық заттары мен бұйымдарының атаулары мен қызметі туралы түсініктерінің болуы; - өз халқының бала тәрбиесі және әлеуметтік-мәдени дәстүрлері туралы түсініктерінің болуы; - туған елі мен жерінің табиғаты туралы, ата кәсібі туралы түсініктерінің болуы; - өз халқының ұлттық қаһармандары туралы түсініктерінің болуы; - өзге мәдениетпен салыстырғанда, өзінің ұлттық мәдениетінің өзіндік ерекшелігін танып, ажыратуы.
Аффективті (эмоциялықбағалау)	өз халқының рухани және материалдық салт-дәстүрлеріне деген оң	<ul style="list-style-type: none"> - өз халқының мәдени мұрасын өзіне жақын қабылдап, одан жағымды әсер алуы; - өз халқының ұлттық қаһармандарын мақтаныш тұтып, құрметтеуі;

	қатынасының қалыптасуы	- туған елі мен жеріне, оның табиғатына сүйіспеншілік сезімінің көрініс беруі.
Реттеушілік (мінез-құлықтық)	этностық дүниетанымның қалыптасуы	- өзінің және өзгелердің этностық әлеуметтік Менін түсінуі; - ұлтшілік және ұлтаралық қарым-қатынаста өзінің ұлттық мәдениеті, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін басшылыққа алу; - ұлтаралық қарым-қатынаста өзге ұлт мәдениетіне толеранттық (төзімділік) қатынаста болу.

Этномәдени бағыттылық. Этностық білімдерінің негізінде өзіне, өзге адамдарға, қоршаған дүниеге, мәдениет құндылықтарына ерекше (жартылай ұғынылмаған және ұғынылған) қатынасы – эмоциялық-бағалау сезімі пайда болып, этностық автотаптауындардың қалыптасуы этностық мәдениетке бағыттылық және ұстанымға әкеледі.

Ұлттық мәдениетке сәйкес әрекет ету. Баланың этностық танымдық, эмоциялық-мотивациялық және сезімдік саласының дамуы оның өз жас шамасына лайық дүниені түсінуі мен этностық дүниетанымын қалыптастырады.

Жоғарыдағы 1-кестеде – 6-7 жастағы балалардың этностық өзіндік санасы компоненттерінің өлшемдері мен көрсеткіштері берілді.

Балалардың этностық өзіндік санасын эксперименттік-эмпирикалық зерттеу бағдарламаға сәйкес үш бағытта жүргізілді. Бірінші бағыттағы жұмыстың мақсаты - балалардың этномәдени сәйкестенуін зерттеу. Оны іске асыратын этностық білім көлемін диагностикалауда ең алдымен балалардың өз ұлтының материалдық салт-дәстүрлерін, ерекшеліктерін танып-білуін, оларды ұлттық белгісіне қарай біріктіре және бөле алуын «*Не артық және неге?*» әдістемесі арқылы анықтадық. Бұл әдістеме нәтижесінде алынған мәліметтер төмендегі 2-кестеде берілді.

Кесте 2 – Ұлттық материалдық салт-дәстүрлер мен ерекшеліктерін меңгеру арқылы этномәдени сәйкестенуін зерттеу нәтижелері

Мәртебелік аймақтар	Б/б мен /п	Қатысқан б/с	Даму деңгейлері									
			өте жоғары		жоғары		орта		төмен		өте төмен	
				%		%		%		%		%
Тараз қ.	№ 48	18	0	0	0	0	2	1,1	6	3,4	0	55,5
	№ 50	19	0	0	1	5,3	3	15,8	11	57,8	4	21,1
Қаратау қ.	№ 44	40	0	0	0	0	4	10,0	8	20,0	28	70,0
	№ 45	20	0	0	0	0	2	10,0	3	15,0	15	75,0
Жамбыл обл. ауылдары		29	0	0	0	0	3	10,3	8	27,6	18	62,1
		31	0	0	0	0	2	6,5	8	25,8	21	67,7

Біз зерттеу жүргізген үш түрлі мәртебелік аймақтағы балаларда этностық білім көлемінің жалпы алғанда деңгейінің өте төмен екендігі, ал салыстырмалы түрде алғанда Тараз бен Қаратау қалаларындағы балабақшалардың тәрбиеленушілерінің этностық білім көлемі төмен деңгей бойынша $\varphi^* = 1,675944 > \varphi^* (0,05=1,64)$, өте төмен деңгей бойынша $\varphi^* = 2,46392 > \varphi^* (0,01=2,31)$ мәнді ерекшеліктері анықталды.

Кесте 3 – Түрлі мәртебелік аймақтардағы балалардың өз ұлттық мәдениетін оң қабылдауының (этномәдени бағыттылық) салыстырмалы көрсеткіші (φ)

Деңгей-лер	Алма-ты қ. б/б φ1	Шы м-кент қ. б/б φ2	φ* - Фишер	Алма-ты қ. б/б φ1	Оңт. Қаз. обл. ауыл м/п φ2	φ* - Фишер	Шым-кент қ. б/б φ1	Оңт. Қаз. обл. ауыл м/п φ2	φ* - Фишер
Өте жоғары	0,408	0,000	2,2259 мәнді	0,408	0,000	2,2259 Мәнді	0,000	0,000	0
Жоғары	0,812	0,532	1,5271	0,812	0,750	0,3382	0,532	0,750	1,1890
Орта	1,061	0,927	0,7309	1,061	1,318	1,4012	0,927	1,318	2,1326 мәнді
Төмен	1,392	1,621	1,2490	1,392	1,179	1,1617	1,621	1,179	2,4107 мәнді
Өте төмен	0,750	0,942	1,0472	0,750	1,879	6,1578 Мәнді	0,942	1,879	5,1106 мәнді

Мұнда оқу-тәрбие үрдісінде ұлттық «Балбөбек» бағдарламасымен жұмыс жасайтын Тараз қаласындағы балабақшалар тәрбиеленушілерінің тәлім-тәрбиеде дәстүрлі бағдарламаны басшылыққа алатын Қаратау қаласының балабақшалары мен ауыл мектептерінің балаларына қарағанда этностық білімдерінің жоғарылау (өте төмен мөлшерде болса да) екені белгілі болды.

Ұлттық заттардың атауын толық атап, заттарды ұлттық белгісіне қарай толық ажыратып және біріктіріп, этнонимді пайдалана отырып жалпылағандар Тараз балабақшаларының тәрбиеленушілерінің арасынан шықты. Ол мәліметтер төмендегі 3-кестеде, пайыздық бөлшектер үшін радиандардағы φ* -бұрыштық мөлшері ал диаграмма түріндегі көрсеткіштері 1-диаграммада берілді.




Диаграмма 1 - Түрлі мәртебелік аймақтардағы балалардың өз ұлттық мәдениетін оң қабылдауының (этномәдени бағыттылық) салыстырмалы көрсеткіші (%)

Бұл бағыттағы 6-7 жастағы балалардың біз анықтаған жауаптарына тән ерекшеліктер:

1) өз ұлтының заттары немесе бұйымдарының бірін, өз елінің табиғатын таңдауында оның ұлттық мәніне саналы түрде көңіл бөлмегенімен, олардың ерекше белгілеріне өзінің сүйіспеншілік сезімін білдіру арқылы сана астылық деңгейде өзге ұлт заттары немесе бұйымдарынан бөле алады;

2) өз ұлтының заттары немесе бұйымдарының бірін, өз елінің табиғатын таңдауы оның ұлттық мәнінен, ұлттық ерекше белгілерінен алшақта жатады, өзге белгілерімен, қызметімен, қажеттілігімен, жыл мезгілімен, ауа райымен байланысты;

3) өз ұлтының немесе өзге ұлттың заттары мен бұйымдарының бірін, өз елінің немесе өзге елдің табиғатын таңдауының себебін негіздей алмайды;

4) өз халқының ұлттық материалдық құндылықтарына, өз елінің табиғатына сүйіспеншілік сезімі байқалмайды.

Біз осы алынған нәтижеден бір жағынан, «мектеп жасына дейінгі балалардың ойлауының өзіндік ерекшелігі объективті байланыстар мен заңдылықтарды құруға, құбылыстар арасындағы синкретті байланыстарды қалыптастыра алмағандығын» байқасақ, екінші жағынан, аз мөлшерде болса да оқыту үрдісіндегі ұлттық бағдарламаның ықпалын аңғардық. Ол математикалық-статистикалық өңдеуде Тараз және Қаратау қалаларының балабақшалары балаларының өз ұлттық мәдениетін оң қабылдаулары өте жоғары деңгей бойынша $\varphi^* = 2,2259 > \varphi^* (0,05=1,64)$, Тараз қаласы мен Жамбыл облысының ауыл мектептері балаларында өте жоғары деңгей бойынша $\varphi^* = 2,2259 > \varphi^* (0,01=1,64)$, өте төмен деңгей бойынша $\varphi^* = 6,1578 > \varphi^* (0,01=1,64)$, Шымкент қаласының балабақшалары мен Оңтүстік Қазақстан облысының ауыл мектептері балаларында орта деңгей бойынша $\varphi^* = 2,1326 > \varphi^* (0,05=1,64)$, өте төмен деңгей бойынша $\varphi^* = 5,1106 > \varphi^* (0,05=1,64)$ мәнді ерекшеліктерінің анықталуымен дәлелденді.

Қорыта келгенде, балалардың этностық өзіндік санасын констатациялық эксперимент нәтижесін диагностикалау мәліметтерін математикалық-статистикалық өңдеу арқылы салыстыру бақылау және эксперименттік топтардың арасында айтарлықтай айырмашылықтың болмағанын көрсетсе, қалыптастырушы жұмыстардан кейін бақылау-тексеру эксперименті 2-диаграммада көрінетін едәуір айырмашылықтарды ашты.

Келтірілген мәліметтер эксперименттік топтарда бақылау топтарымен салыстырғанда қалыптастырушы эксперименттен кейін этностық өзіндік сананың көрсеткіштері едәуір артқанын көрсетеді. Бұл тұтастай алғанда балалардың өзінің ұлттық мәдениетімен сәйкестену арқылы этностық қауымдастыққа қатыстылықты саналы және сана астында ұғыну, оны оң қабылдау және ұлттыққа ішкі қажеттілігі деңгейінің артқанының куәсі деп білеміз.




Диаграмма 2 – Эксперимент және бақылау топ балаларының констатациялық және қалыптастырушы эксперимент нәтижесіндегі этностық өзіндік санасының қалыптасуы

Бақылау экспериментінің мәліметтері эксперимент топтарының балаларында, біздің қалыптастырушы жұмыстарымыздың ықпалының нәтижесінде қалыптасқан этностық өзіндік санасындағы айтарлықтай айырмашылықтарды түсінуге мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, бағалаудың қабылданған жүйесінде жеке сыналушылардың этностық өзіндік санасының жинақталып қорытылған деңгейлері барлық жеке көрсеткіштерден алынған орта арифметикалық деңгейлермен және Фишердің (φ^*) бұрыштық өзгеруі өлшемі бойынша математикалық-статистикалық өңдеумен анықталды. Мұнда эксперименттік топтар ретінде белгіленген мекемелер мен бақылау топтары ретінде белгіленген мекемелердегі балалардың этностық өзіндік санасының қалыптасуында қонстатациялық эксперимент қорытындысы бойынша мәнді айырмашылықтардың жоқ екенін көрсетсе, қалыптастырушы эксперимент қорытындысы эксперименттік топтардағы балалардың этностық өзіндік санасының бақылау топтарындағы балаларға қарағанда өте жоғары деңгей бойынша $\varphi^* = 3,578539 > \varphi^* (0,05=1,64)$, жоғары деңгей бойынша $\varphi^* = 2,682315 > \varphi^* (0,01=1,64)$, төмен деңгей бойынша $\varphi^* = 3,50226 > \varphi^* (0,01=1,64)$, өте төмен деңгей бойынша $\varphi^* = 2,19924 > \varphi^* (0,05=1,64)$ мәнді айырмашылықпен артқанын көрсетті.

Сонымен қатар, бақылау топтары ретінде белгіленген мекемелердегі балалардың этностық өзіндік санасының қалыптасуын қонстатациялық және бақылау-тексеру эксперименті бойынша өзара салыстыруда да мәнді айырмашылық болмады. Ал эксперименттік топтар ретінде белгіленген мекемелердегі балалардың этностық өзіндік санасы деңгейінің қалыптастырушы экспериментке дейінгі (қонстатациялық) және одан кейінгі көрсеткіштерін өзара салыстыруда өте жоғары деңгей бойынша $\varphi^* = 4,8823 > \varphi^* (0,05=1,64)$, жоғары деңгей бойынша $\varphi^* = 4,89488 > \varphi^* (0,01=1,64)$, төмен деңгей бойынша $\varphi^* = 4,489053 > \varphi^* (0,01=1,64)$, өте төмен деңгей бойынша $\varphi^* = 4,95107 > \varphi^* (0,05=1,64)$ мәнді айырмашылық анықталды. Зерттеудің қорытындысы біз ұсынған оқыту технологиясы балалардың этностық білімдерге тұлғалық-белсенді қатынасын қалыптастырып, *этномәдени сәйкестенуін* және осының негізінде *этномәдени бағыттылық* пен адамгершілік-моралдық нормаларды *ұлттық мәдениетке сәйкес түсініп, әрекет етуін* іске асыруға жарамды деп қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Ал 6-7 жастағы балалардың тұлғалық дамуында бұл құрылымдырдың қалануы оларда этностық өзіндік сананың қалыптасқандығын көрсетеді.

Қорытынды

Зерттеу барысында тұлғаның этностық өзіндік санасының психологиялық негіздеріне, онтогенезде қалыптасып, дамуына теориялық талдау жасалынды. 6-7 жас аралығы оның іргетасының қалануында сензитивті кезең болатыны анықталды. Бұл жастағы балалардың этностық өзіндік санасын қалыптастыру ерекшеліктері эксперименттік тұрғыда кешенді зерттеліп, негізгі болжамдарымыз бен жеке болжамдарымыз дәлелденді.

Жүргізілген зерттеу жұмысының барысында төмендегідей нәтижелер алынды:

1. Өзіндік сана мен оның этностық жақтарына қатысты теориялар мен тұжырымдамалар талдауға алынып, тұлғаның этностық өзіндік санасының анықтамасы нақтыланды, құрылымдық моделі жасалынды.

2. Этностық өзіндік сананың онтогенезде қалыптасуының қолайлы кезеңі мен оған әсер ететін факторлар (сыртқы пішін, ана тілі, ұлттық салт-дәстүрлер) айқындалып, оның 6-7 жастағыларда қалыптасуының өлшемдері мен көрсеткіштері белгіленді.

3. Эксперимент бағытын айқындайтын психологиялық механизмдердің үш құрылымдық бөлімнен (этномәдени сәйкестену, этномәдени бағыттылық және ұлттық мәдениетке сәйкес әрекет ету) тұратын тұжырымдамасына сәйкес 6-7 жастағылардың этностық өзіндік санасының деңгейін анықтау әдістемелері іріктеліп бейімделді және жаңадан жасалды.

4. Этностық өзіндік сананы онтогенездегі 6-7 жастан бастап мақсатты-бағытты қалыптастырудың алғышарттары көрсетіліп, ұлттық салт-дәстүрлерді саналы меңгертуге әсер ететін үш сатылы әдістеменің тиімділігі эксперимент арқылы дәлелденді.

5. 6-7 жастағылардың этностық өзіндік санасының қалыптасуында бүгінгі таңда пайдаланылып жүрген ұлттық тәлім-тәрбие әдістері мен құралдарының әлсіздігі анықталып, тәрбиешілер мен тәрбиеші-мұғалімдер үшін ұлттық тәлім-тәрбиені балалардың танымдық іс-әрекеттерін дамытуға бағыттайтын жаңа технология ендірілген оқу-әдістемелік құрал жасалынды.

Этностық өзіндік сананы қалыптастыру бала дамуының әрбір кезеңінде өзекті екендігі белгілі. Бірақ та ол 6-7 жас аралығында ерекше мәнге ие. Өйткені осы кезеңде бала өз мінез-құлқын саналы түрде меңгере бастайды. Сондай-ақ өзін және өзге адамдарды бағалау мүмкіндігіне ие болады.

Баланың ұлттық тұлға болып қалыптасуының негізі ең алдымен, отбасындағы рухани-мәдени-психологиялық-әлеуметтік хал-ахуалға байланысты. Зерттеу барысында бүгінгі отбасы баланың мазмұнды ұлттық қарым-қатынасының толықтылығын қамтамасыз етіп, «ұлттық Менінің» қалыптасуына жеткілікті ықпал ете алмайтыны анықталды. Бұл орайда, отбасына мектеп жасына дейінгі балаларды халқымыздың ұлттық құндылықтарымен байланыстырып, ұлттық психологиясының іргетасын қалауға көмектесетін орта – балабақшалар мен мектептер болуы тиіс.

Мектепке дейінгі баланың этностық өзіндік санасының дамуы тұлғаны рухани байыту мәселесімен тығыз байланысты. Сондықтан, білім беру мекемелерінде «ұлттық Менді» қалыптастырудағы тәлім-тәрбиенің сапасын көтеріп, тиімділігін арттыру үшін, оны психология ғылымындағы зерттеулердің негізінде күшейтудің жолдарын іздестіру керек. Тұлғаның этностық өзіндік санасын қалыптастырудағы психологиялық ерекшеліктер, атап айтқанда: 1) баланың онтогенездегі жас және даму ерекшеліктеріне, қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне, өмір тәжірибесіне, интеллекттік, эмоциялық және әлеуметтік дамуына байланысты өлшемдермен және көрсеткіштерімен анықталатындығы; 2) танымдық іс-әрекетті дамытуда ұлттық салт-дәстүрлердің мүмкіндігін ашып, бала санасын қоршаған шындықтың ұлттық саласына мақсатты түрде бағыттаумен; 3) өз ұлты мен өзге ұлттардың салт-дәстүрлерін бір мезгілде өзара және бүгінгі дәстүрлермен салыстыра меңгертумен байланысты болатындығы тұжырымдалады.

Зерттеу нәтижесінде төмендегідей ұсыныстар жасалынды:

- балалардың ұлттық бағытта танымдық іс-әрекеттерін белсенділендіруде жас және дара ерекшеліктерін ескеріп этностық сәйкестенуін іске асыру;

- балаларды өмір шындығының ұлттық жағын талдауға және бағалауға тартып, зейіндерін оның маңызы мен мәніне шоғырландыру, өзінің нақты ұлт өкілі ретіндегі бірегейлігі мен құндылығына оң эмоциялық қатынасын тудыру;

- мектепке дейінгілерге ұлттық мәдениетке сәйкес өз мінез-құлқы мен іс-әрекетін басқару және реттеуді меңгерту арқылы жалпыадамзаттық мәдениетке ену амалдарын игерту;

- балалардың ұлттық құндылықтарды таңдауына мүмкіндік беру арқылы этностық дүниетанымы мен сенімінің қалыптасуына жол ашу;

- кәсіби білімді жетілдіру мекемелері арқылы тәрбиешілер мен тәрбиеші-мұғалімдерді ұлттық психология саласындағы соңғы зерттеулермен үнемі таныстырып отыру; этностық өзіндік санаға байланысты дөңгелек үстелдер, семинарлар ұйымдастыру.

Бұл зерттеу жұмысында қарастырылған мәселе түбегейлі шешілді деп есептейміз. Мектепке дейінгі жас кезеңінде этностық өзіндік сананы қалыптастыруда бүгінгі отбасының рөлін де терең зерттеу қажет. Осы проблеманың арнасында мектепке дейінгі мекемелер мен мектеп жұмысындағы сабақтастық мәселелелері де болашақ зерттеу нысандары бола алады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: Қазақстан, 1995. – 39 б.
2. Қазақстан Республикасының Тіл саясаты тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан. – 1996. – 6 қараша.

3. Закон Республики Казахстан об образовании // Казахстанская правда. – 1992. – 5 марта.
4. Закон Республики Казахстан об образовании // Казахстанская правда. – 1999. – 11 июня.
5. Қазақстан Республикасының білім туралы Заңы // Егемен Қазақстан. – 2007. 15 тамыз.
6. Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім тұжырымдамасы. – Алматы: Қазақстан, 1996. – 32 б.
7. Назарбаев Н. Қазақстан – 2050: Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. – Тараз: Білім, 2014. – 96 б.
8. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы: Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттің басты мақсаты // Егемен Қазақстан. – 2008. – 7 ақпан.
9. Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.
10. Непомнящая Н.И. Становление личности ребенка 6-7 лет. – М.: Педагогика, 1992. – 160 с.
11. Жарықбаев Қ. Қазақ психологиясының тарихы. – Тараз: Қазақстан, 1996. – 160 б.
12. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – 2-басылуы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 560 б.
13. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Ғылым, 1994. – 287 б.
14. Мұқанов М. Ақыл-ой өрісі. – Алматы: Қазақстан, 1980. – 172 б.
15. Елікбаев Н. Ұлттық психология: Көмекші оқу құралы. – Тараз: Қазақ университеті, 1992. – 96 б.
16. Жүкеш Қ. Ұлттық психологияның сипаты. – Алматы: Қазақстан Республикасы білім министрлігі. Оқу-әдістемелік әдебиеттер жөніндегі республикалық баспа кабинеті, 1993. – 196 б.
17. Нұрмұратов С.Е. Ұлттық болмыс пен сана: Оқу құралы. – Алматы: “Қазбілімжабдықтау” философия институты, 1996. – 59 б.

REFERENCES

1. Qazaqstan Respýblikasynyń Konstitýtsıasy. – Almaty: Qazaqstan, 1995. – 39 b.
2. Qazaqstan Respýblikasynyń Til saıasaty tuıymdamasy // Egemen Qazaqstan. – 1996. – 6 qarasha.
3. Zakon Respýblikı Kazahstan ob obrazovanıı // Kazahstanskaıa pravda. – 1992. – 5 marta.
4. Zakon Respýblikı Kazahstan ob obrazovanıı // Kazahstanskaıa pravda. – 1999. – 11-ıýnıa.
5. Qazaqstan Respýblikasynyń bilim túraly Zańy // Egemen Qazaqstan. – 2007. – 15 tamyz.
6. Qazaqstan Respýblikasyndaǵy etnikalyq-mádeni bilim tuıymdamasy. – Almaty: Qazaqstan, 1996. – 32 b.
7. Nazarbaev N. Qazaqstan – 2050: El Prezıdentiniń Qazaqstan halqyna Joldaıy. – Taraz: Bilim, 2014. – 96 b.
8. Qazaqstan Respýblikasynyń Prezidenti N.Á.Nazarbaevtyń Qazaqstan halqyna Joldaıy: Qazaqstan halqynyń ál-aıqatyn arttyrıy – memlekettiń basty maqsaty // Egemen Qazaqstan. – 2008. – 7 aqpan.
9. Nazarbaev N. Tarih tolqynynda. – Almaty: Atamura, 1999. – 296 b.
10. Nepomniıaıa N.I. Stanovlenie lichnosti rebenka 6-7 let. – M.: Pedagogıka, 1992. – 160 s.
11. Jaryqbaev Q. Qazaq psihologıasynyń tarihy. – Taraz: Qazaqstan, 1996. – 160 b.
12. Ýalıhanov Sh. Tańdamaly. – 2-basylıy. – Almaty: Jazyshy, 1985. – 560 b.
13. Altynsarin Y. Tańdamaly shyǵarmalary. – Almaty: ǒylym, 1994. – 287 b.
14. Muqanov M. Aqyl-oi órisi. – Almaty: Qazaqstan, 1980. – 172 b.
15. Elikbaev N. Ulıtyq psihologıa: Kómekshi oqú quraly. – Taraz: Qazaq ýnıversiteti, 1992. – 96 b.
16. Júkesh Q. Ulıtyq psihologıanyń sıpaty. – Almaty: Qazaqstan Respýblikasy bilim mınistrligi. Oqú-ádistemelik ádebietter jónindegi respýblikalyq baspa kabıneti, 1993. – 196 b.
17. Nurmuratov S.E. Ulıtyq bolmys pen sana: Oqú quraly. – Almaty: “Qazbilimjabdyqtaıy” filosofıa instıtıty, 1996. – 59 b.

Ү.И.МЕЛДЕБЕКОВА¹, А.Ә.БИБОЛАТ², Қ.ОРАЗБЕКҰЛЫ³, Х.АҚЙОЛ^{4*}

¹педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент,

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

(Қазақстан, Түркістан қ.), E-mail: umitkul.meldebekova@ayu.edu.kz

²магистрант, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

(Қазақстан, Түркістан қ.), E-mail: aitolsyn1997@mail.ru

³педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент,

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

(Қазақстан, Түркістан қ.), E-mail: kuandyk.orazbekuly@ayu.edu.kz

⁴доктор, профессор, Гази университеті (Түркия, Анкара қ.)

ӨМІРДІҢ ҚИЫН ЖАҒДАЙЫНА ТАП БОЛҒАН ЖЕТКІНШЕК ЖАСТАҒЫ ҚЫЗ БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУДІҢ ЖОЛДАРЫ

Бұл мақалада өмірдің қиын жағдайына тап болған жеткіншек қыз балалармен жұмыс жүргізудің жолдары қарастырылған. Бүгінгі таңда өскелең ұрпақтың білімді, тәрбиелі болуы үшін ата-ананың, мектеп мұғалімдерінің қарауында болып, қадағаланып отыру қажеттілігі жайлы айтылған. Өмірдің қиын жағдайына тап болған жеткіншектерді тәрбиелеу жолдарын зерттеген шет елдік, орыс, қазақ ғалымдарының еңбектері жайлы сөз қозғалған. Алдағы уақытта қандай істерді қолға алу керектігі жайлы ой білдірілген. Мақалада жеткіншек қыз балалармен жұмыс жасаудың ерекшеліктері мен қиындықтары жайлы айтылған. Қиын балалармен жұмыс істеуде отбасының атқаратын қызметі мен қиын оқушылармен және ата-аналармен өткізілетін жұмыс ерекшелігі көрсетілген.

Кілт сөздер: өмірдің қиын жағдайы, жеткіншек жас, тәрбие, адамгершілік, отбасы, қыз бала, қарым-қатынас, кемшілік, мінез-құлық, әлеуметтік орта.

U.I.Meldebekova¹, A.A.Bibolat², K.Orazbekuly³, H.Akyol⁴

¹Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University (Kazakhstan, Turkestan), E-mail: umitkul.meldebekova@ayu.edu.kz

²Master Student, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University

(Kazakhstan, Turkestan), E-mail: aitolsyn1997@mail.ru

³Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University (Kazakhstan, Turkestan), E-mail: kuandyk.orazbekuly@ayu.edu.kz

⁴Doctor, Professor, Gazi University (Turkey, Ankara)

Approaches in Working with Teenage Girls Who are in a Difficult Life Situation

This article discusses ways to work with teenage girls in difficult situations. The point is that today the younger generation, in order to be educated, well-behaved, must be under the supervision of parents and school teachers. Also we would talk about the scientific works of foreign, Russian, and Kazakh scientists on ways to educate adolescents who find themselves in difficult life situations. The article expresses ideas about what work will need to be done in the future. It also

* Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

- Мелдебекова Ү.И., Биболат А.Ә., Оразбекұлы Қ., Ақйол Х. Өмірдің қиын жағдайына тап болған жеткіншек жастағы қыз балалармен жұмыс жүргізудің жолдары // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2020. – №1 (115). – Б. 192-202.

* Cite us correctly:

- Meldebekova U.I., Bibolat A.A., Orazbekuly Q., Akiol H. Omirdiń qıyn jaǵdayına tap bolǵan jetkinshek jastaǵy qyz balalarmen jumys júrgizýdiń joldary // Iasaýı úniversitetiniń habarshysy. – 2020. – №1 (115). – B. 192-202.

discusses the features and difficulties of working with adolescents. The features of work carried out with difficult students and their parents, and the functions of the family in working with difficult children are reflected.

Keywords: difficult life situation, teenage years, upbringing, morality, family, girl, communication, lack of behavior, behavior, social environment.

У.И.Мелдебекова¹, А.А.Биболат², К.Оразбекулы³, Х.Акйол⁴

¹кандидат педагогических наук, доцент, Международный казахско-турецкий университет им. Ходжа Ахмеда Ясави (Казахстан, г.Туркестан),

E-mail: umitkul.meldebekova@ayu.edu.kz

²магистрант, Международный казахско-турецкий университет им. Ходжа Ахмеда Ясави (Казахстан, г.Туркестан), E-mail: aitolsyn1997@mail.ru

³кандидат педагогических наук, доцент, Международный казахско-турецкий университет им. Ходжа Ахмеда Ясави (Казахстан, г.Туркестан), E-mail: kuandyk.orazbekuly@ayu.edu.kz

⁴доктор, профессор, Университет Гази (Турция, г.Анкара)

Пути работы с девочками-подростками, находящимися в трудной жизненной ситуации

В данной статье рассмотрены способы работы с девочками-подростками, находящимися в трудной жизненной ситуации. Речь идет о том, что сегодня подрастающее поколение, чтобы быть образованным, воспитанным, должно находиться под присмотром родителей и учителей школ. Также речь пойдет о научных работах ученых из дальнего зарубежья, России и Казахстана о путях воспитания подростков, попавших в трудную жизненную ситуацию. В статье высказываются идеи о том, какую работу необходимо будет проделать в будущем. В ней также рассматриваются особенности и трудности работы с подростками. Отражены особенности работ, проводимых с трудными учащимися и их родителями, и функции семьи в работе с трудными детьми.

Ключевые слова: трудная жизненная ситуация, подростковый возраст, воспитание, нравственность, семья, девочка, общение, недостаток, поведение, социальная среда.

Әрқашанда өскелең ұрпақты тәрбиелеу маңызды мәселелердің бірі болып табылған. Олардың әлеуметтік ортаға бейімделуі, қоғамда өз орындарын дұрыс бағытта алуы, құқықтарының қорғалуы, үлкендер тарапынан зорлық-зомбылыққа ұшырамауын бүгінде әлеуметтік-психологиялық тәрбие беретін мамандар ұйымдастыруы қажет.

Ең алдымен қыз балалардың тәрбиесіне көңіл бөле отырып, ата-аналарға көмек қолын созуымыз керек. Оларды еңбекке, әдептілікке, инабаттылыққа, адамгершілікке, қайырымдылыққа үйрету және болашақ жар, ана ретінде қарап, өз міндеттерін түсіндіре білуіміз қажет. Осылардың барлығын қыз баланың бойына сіңіріп, күнделікті өмірде әдетке айналдыру тәрбиенің басты мақсаты деп есептейміз.

Қазіргі уақытта өмірдің қиын жағдайына тап болған қыз балалардың проблемалары туралы мәселе кең таралып отыр. Өмірлік жағдайлар қалыптасқан (қалыпты) және қиын (проблемалық) ретінде айқындалуы мүмкін. Қиын жағдайлар индивидтің өмір ағымының реттілігі бұзылған кезде туындайды және ол өзіне белгілі мінез-құлық сызбаларының көмегімен қандай да бір мәселені шеше алмауы болып табылады. Бұл жағдайда өмірлік қиындықтың көзі адамның өз іс-әрекеттерінде де, қоршаған ортаның ықпалында да ашылады [1].

«Өмірдің қиын жағдайы» ұғымы психология, әлеуметтік педагогика бойынша оқулықтарда және әлеуметтік жұмысты зерттеуге арналған оқу басылымдарында кеңінен таралған. Психология ғылымдарының кандидаты Н.Г.Осухова мен психология ғылымдарының докторы Е.А.Петрованың өмірлік қиын жағдай жайында ұсынылған сипаттамаларын қарастырайық.

Н.Г.Осухова өмірдің қиын жағдайы деп сыртқы әсерлердің немесе ішкі өзгерістердің нәтижесінде адамның өмірге бейімделуінің бұзылуы орын алатын жағдайды айтады, соның нәтижесінде ол өмірдің алдыңғы кезеңдерінде қалыптасқан қызметтің (мінез-құлықтың) модельдері мен тәсілдері арқылы өзінің негізгі өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыра алмайды. Н.Г.Осухова өмірдің қиын жағдайларына тән келесі ерекшеліктерді анықтайды: әдеттегі өмір салтының тұрақтылығының бұзылуы (болмыстың белгілі бір кеңістігінде) және белгілі бір өзгерістің қажеттілігінің пайда болуы [2].

Е.А.Петрованың айтуы бойынша кез-келген өмірдің қиын жағдайы бірқатар феноменологиялық көрсеткіштермен сипатталады:

1) қазіргі әлеуметтену шеңберінен шығатын тақырыпқа қойылатын талаптардың жаңа жүйесі пайда болады;

2) әдеттегі әлеуметтік мінез-құлық алгоритмдері жеткіліксіз болып шығады;

3) ағымдағы қызмет бұзылады (еңбек, білім беру және т.б.);

4) үйреншікті қарым-қатынас шеңбері ашылады;

5) ағзаға және жалпы психикаға стрестік әсер етеді. Осының бәрі өмірдің қиын жағдайына тап болған адамның тұлғасына елеулі әсер етеді [3].

Н.Г.Осухова мен Е.А.Петрованың анықтамаларын талдап, келесі қорытындыға келуге болады: өмірдің қиын жағдайы – бұл белгілі бір өмірлік жағдайларға байланысты адамның әлеуметтік бейімделуінің бұзылуымен сипатталатын жағдай. Бұл ретте субъектінің үйреншікті өмір сүруі орынсыз болады, қалыптасқан өмірден шаршайды, ағымдағы қызмет бұзылады, адамның психикасына және жалпы ағзаға теріс әсер етеді.

Өмірдің қиын жағдайы – бұл адамның қалыпты әлеуметтік қызмет ету мүмкіндігін бұзатын немесе қауіп төндіретін және өздігінен шешілмейтін, маманның араласуын талап ететін адам өміріндегі әлеуметтік проблема. Өмірдің қиын жағдайы ұғымы Қазақстан Республикасының «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» заңында көрініс тапқан болатын. Осы Заңда ұсынылған анықтама бойынша өмірлік қиын жағдай осы Заңда көзделген негіздер бойынша адамның тыныс-тіршілігін объективті түрде бұзатын, ол өз бетінше еңсере алмайтын жағдай ретінде айқындалады. Осы Заңның 6-бабында адам (отбасы) өмірдің қиын жағдайында деп танылуы мүмкін деген негіздер көрсетілген. Мына секілді жағдайлар:

- жетімдік;
- ата-ана қамқорлығының болмауы;
- кәмелетке толмағандардың қадағалаусыздығы, оның ішінде девиантты мінез-құлық;
- туғаннан үш жасқа дейінгі балалардың ерте психофизикалық дамуының мүмкіндіктерін шектеу;
- дене немесе ақыл-ой мүмкіндіктеріне байланысты организм функцияларының тұрақты бұзылуы;
- әлеуметтік маңызы бар аурулар мен айналадағыларға қауіп төндіретін аурулар салдарынан өмірін шектеу;
- егде жасына байланысты, ауруы немесе мүгедектігі салдарынан өзіне-өзі қызмет көрсетуге қабілетсіздігі;
- әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депрессияға алып келетін қатыгездік;
- баспанасыздық (белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдар);
- бас бостандығынан айыру орындарынан босату [4].

«Өмірдің қиын жағдайы» терминін түсіндіру кезінде осы «арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» заңда осы ұғымның мәнін көрсететін нақты және қысқа анықтама беріледі. 6-баппен танысқан соң, Өмірдің қиын жағдайындағы жеткіншектер қандай негіздер бойынша танылуы мүмкін екенін анықтауға мүмкіндігіміз бар. Талдау жасай отырып, жеткіншек егде жас жайында айтылған 4 және 7-тармақтарды қоспағанда, осы заңнамада ұсынылған барлық негіздерде өмірдің қиын жағдайында болуы мүмкін деген қорытындыға келуге болады.

Өмірдің қиын жағдайын әр жеткіншек өз басынан өзінше өткізеді. Біреуіне ол мазасыздықты, депрессияны, дәрменсіздік пен үмітсіздік сезімін арттыра отырып, зиянды әсер етуі мүмкін. Ал екіншісі өз кезегінде өмірге мән бере отырып, оны толығырақ әрі мағыналы етеді. Қалай болғанда да, өмірдің қиын жағдайын жеткіншек жастағы қыз бала басынан өткеріп, оның өмірге, өзіне, құндылықтарға деген көзқарасын өзгертеді.

И.Ф.Дементьеваның «өмірдің қиын жағдайы» ұғымы тұтастай алғанда уақытша, объективті немесе субъективті қалыптасқан жағдай ретінде анықталады; эмоциялық күйзелістер мен стресті тудыратын өмірлік циклдегі еріксіз оқиға; әдеттегі құралдардың көмегімен жеңуге болмайтын маңызды өмірлік мақсаттарды іске асырудағы кедергілер; өмірлік функцияларды объективті түрде бұзатын жағдай; әдеттегі ішкі байланыстардың бұзылуы; ішкі ынталандыруды (уәждерді, ұмтылыстарды, құндылықтарды) іске асырудың мүмкін еместігі [5].

Әдетте, жеткіншектер өмірдің қиын жағдайларын жас ерекшеліктеріне байланысты бастан кешіреді. Жеткіншектік кезең – бұл адамның өміріндегі қиын кезеңдердің бірі. Жеткіншектік кезең мәселелерімен көптеген педагогтар мен психологтар ұзақ уақыт бойы айналысады. Әр адам өмірдің осы кезеңіне тән белгілерді атап өтеді. Кейбіреулер жағымды жақтарын анықтайды, ал басқалары осы жастағы қиындықтарды қарастырады.

Жеткіншектердің мәселелері ересектерге жиі ойдан шығарылғандай көрінеді. Егер дер кезінде көмек көрсетпесе қауіпті жағдай туғызуы мүмкін. Дегенмен оларға аз ғана кеңес беріп, ақыл айтса немесе мұқият тыңдаса да, проблемалары өздігінен шешілер еді [6].

Өмірдің қиын жағдайына тап болған жеткіншек жастағы қыз балалар құқықтары бұзылған балалар қатарына жатады.

Өмірдің қиын жағдайына тап болған жеткіншек қыз балалардың құрдастарына қарағанда бейімделулерінің анағұрлым төмен көрсеткіштерге ие екенін айтуға болады. Бұл құбылыс әдеттегі өмір салты бар жеткіншектердің қасиеттерінен ерекшеленетін әлеуметтік-психологиялық қасиеттермен тікелей байланысты. Өмірдің қиын жағдайына тап болған жеткіншектердің кейбір ерекше қасиеттері байқалады: олар мінез-құлықтың бейәлеуметтік түрлеріне, соның ішінде агрессияға және психобелсенді заттарды пайдалануға бейім, өзін-өзі қабылдау және басқаларды сену қабілеті төмен, сыртқы бақылауды қажет етіп тұрады, тәуелсіз болуға, ережелерге бағынбауға ұмтылады [7].

Өмірдің қиын жағдайына тап болған ұлдар мен қыздардың әлеуметтік-психологиялық қасиеттері әртүрлі болып келеді.

Жеткіншек жастағы қыз балалардың көпшілігінің мінез-құлқында уақытша ауытқушылықтар кездеседі. Қыз балалардың мінез-құлқының дамуында отбасы жетекші және негізгі әлеуметтік фактор болып есептелетінін А.Ш.Танирбергенова өз зерттеуінде атап көрсеткен болатын [8]. Осы кезең басталғаннан кейін нәзік, ұқыпты, жауапкершілігі мол қыз бала кенеттен қырсық, дөрекі, ренжігіш жанға айналуы мүмкін. Әсіресе бұл кезеңде қыз балаларда жыныстық жетілу, гормондық өзгерістер, қызығушылықтарының көбеюі, еліктеуі, өзін ересек сезініп, ата-аналарымен өзін тең құқылы деп санап, барлығын өзі шешкісі келетіндігін айтуға болады.

Қиын жеткіншектердің жалпы мінез-құлық кемшіліктері адамдар арасындағы қарым-қатынастың моральдық нормаларына теріс қатынаста (дөрекілік, қыңырлық, алдау, қатыгездік, тәртіптің болмауы және т.б.), оқу жұмысындағы жағымсыз көріністерде (жалқаулық, үнемі ұқыпсыздық, интеллектуалды енжарлық, танымдық қызығушылықтың болмауы) байқалады, сондай-ақ екі түрдің де жағымсыз қасиеттерін бір уақытта көрсетуде көрініс тауып жатады.

Психологиялық тұрғыдан алғанда, жеткіншек – бұл адам өміріндегі өте қиын дағдарыс кезеңі деп айтсақ та болады. Бұл кезеңде жеткіншек қыз баланың ата-анасымен, мұғалімдерімен және құрдастары арасында жанжал пайда болады. Жалпы, бұл кезеңді балалық шақтың аяқталуы және ересектік сезімнің басталуы деп сипаттауға болады [9].

Жеткіншек жасында қыз балалардың дене бітімінде ерекше өзгерістер болады және олар кейбір қыз балаларда қиындықтар туғызады. Бойының өсуі, физикалық жетілуі ұялшақтық, өзіне деген сенімсіздік тудыруы мүмкін. Қыздардың гормоналды процестеріне байланысты тәбеті артады, соның салдарынан салмақ қосады. Олар сыртқы келбетіне қатты мән береді. Осы кезеңде физикалық келбетте бірқатар ірі өзгерістер орын алады. Бүкіл дененің пропорциялары өзгеріске ұшырайды. Қыз баланың өсуі кезіндегі энергия шығынына байланысты организм шаршауды сезінеді. Ағза барлық ішкі өзгерістерге тез бейімделе алмай жатады. Бірақ кейбір ата-аналар бұл жас ерекшеліктеріне мән бермей, жалқаулық танытып отыр немесе бір іспен айналысуды қаламағаны деп қате қабылдап жатады.

Жеткіншек жастағы қыз балаларда жүрек екі есе өседі, қан қысымы артады. Жыныстық гормондарының көп мөлшерінің салдарынан қыз балалардың эмоциялық жағдайы тұрақсыз болып келеді. Мәселен: ашуланшақтық; еш себепсіз жылауы; жақындарына, туыстарына деген ыза мен жек көру сезімі. Есте сақтау қабілеті нашарлайды, өз ойын дұрыс жеткізе алмайды. Мұның себебі – гормоналды өзгерістер болып табылады. Жыныстық белгілердің пайда болуы, яғни тері қабатындағы түктердің өсуі, кеуденің үлкеюі, алғашқы етеккірдің келуі. Осы кезде қыз балаларда ұялшақтық сезімі, тұйықтық пайда болады. Бұл жеткіншек жастағы қыз балалардың дамуында кездесетін алғашқы қиындық десек те болады.

Кейбір қыз балаларда ерте жыныстық жетілу, жыныстық қатынасқа түсу, ерте тұрмысқа шығу, жаман әдеттерге бейім болу, шылым шегу, ішімдік ішу, нашақорлық, өз-өзіне қол жұмсау осы кезеңде кездесетін қиындықтар болып табылады. Тағы бір кездесетін жағдай отбасында қыз баланы жасаған бір кішкене қателігіне бола ұрып-соғып, жазалауды дұрыс деп санайтын ата-аналар да бар. Көп жағдайда бұл отбасындағы қыз бала қатыгез, ашушаң болып өседі. Бұлай жасау қате екендігіне ата-аналардың көзін жеткізу керек. Қыз балаға мейіріммен, өзінің досындай, сырласындай қарап, күш көрсетуден аулақ болуға шақыру, қыз баланы тәрбиелеу барысында шыдамдылықтың керек екенін түсіндіру қажет. Сыныпта болатын тәрбие жұмыстарына мұндай ата-аналарды үнемі араластырып отыру керек. Себебі, педагогикалық іс-шараға қатысқан ата-ана өзінің қызын басқа қырынан көріп, қызымен қарым-қатынасын өзгертеді [10].

Қазіргі таңда жақсы отбасының өзінде қыз бала тәрбиесіне ата-аналар күніне жарты сағаттай ғана уақыт бөліп жатады. Сондықтан басқа уақытта олар өзі – би, өзі – қожа болып, қалаған ісімен айналысады. Қазіргі таңда кейбір қыз балалардың ішімдік ішіп, жігіттермен қосыла темекі тартуы, түнгі клубтарға көптеп баруы қалыпты жағдайға айналып бара жатқандай. Бұл жағдайда ата-аналары да оларға қолдау көрсеткендей еш уайымсыз отырады. Осындай әрекеттердің себебінен қыз балалар әртүрлі қиындықтарға тап болып жатады. Сондықтан жеткіншек қыз балалар өз басында кездесетін жағдайларды ашық айтып, пікірлесе білу керек. Ол үшін аналар қыздарымен ашық сырласа білуі тиіс. Қаншалықты жұмысы көп болып тұрса да, қызына көңіл бөліп, онымен сырласуға, серуендеуге уақыт табу керек. Қазіргі таңда өкінішке орай қыздарына тыйым салудың орнына көп жағдайда аналарымыздың өзі ерсі қылықтар жасап жүр. Кейбір жанашыры жоқ, достары да жоқ, тұрмысының бар ауыртпашылығы өз мойнында қалған, өмірлік тәжірибесі жоқ қыз баланың заң бұзушылыққа баратынын естіп жатамыз. Әрине қыз баласын түсінуге тырысу керек, дегенмен жағдайдың анық-қанығын біліп алғанда жөн [11].

«Қызды тәрбиелегенің – бір ұрпақты тәрбиелегенің» деп ата-бабаларымыз бекер айтпаған. Бұл сөздердің астарында үлкен мән жатыр. Біздің ұлттық болмысымыз ата-бабамыздың бойында қалыптасқан ұлттық дәстүріміз, әдет-ғұрпымыз емес пе?! Оны бүгінгі жас қыз балалардың бойына сіңіре білу – біздің міндетіміз екенін ұмытпайық. Туған жеріміздің қадірін қастерлей білу, өз Отанын жүрегімен сүйе білу, табиғатын қорғай білу – әрбір қыздың бойындағы сүйіспеншіліктің белгісі. Мұндай қасиеттері бар қыз баладан жамандық шығады дегенге кім сенеді?! Сондықтан да қыз балаларды жастайынан отбасы

өміріне тәрбиелеу, оның ары мен абыройын сақтау ата-ананың алдындағы міндет. Әрине қыз баланы тәрбиелеу ата-анаға оңай түспейтіндігі бізге мәлім [12].

Ең алдымен, аналар қыздарына көпшілік орында, үйде өзін қалай ұстауы керек, қыз баланың мінезі мен жүріс-тұрысы туралы айтып, үнемі қадағалап отыруы керек. Қызым ерке, әлі кішкентай деген сөздерді көп естіп жатамыз. Бірақ шектен тыс қыз балаға деген қамқорлық оған кері әсерін тигізуі мүмкін. Қыз бала табиғатына сай өз уақытында мінез-құлық нормаларын игергені дұрыс.

Қыз балаға жақсы тәрбие беру үшін әке мен ана бірдей атсалысуы қажет. Әкенің қыз тәрбиесіндегі алатын орны бөлек. Қыз бала болашақ жарын әкесіне ұқсағанын қалайды. Қызына мейірімділікпен қарап, жылы сөйлеп, қамқорлық танытса қыз баланың өзін-өзі бағалауына, дұрыс жол таңдап, жетістіктерге жетуіне септігін тигізеді. Ал егер керісінше қызына ұрысып, дөрекі сөйлеп, ұратын болса, онда қыз баланың жігерсіз, қорқақ болып өсуіне алып келеді. Қыз бала қателескен жағдайда әкесі қол ұшын беріп, жай сөзбен ескерту жасап, ақылын айтса, қыз баланың отбасын құрғанда да жарымен жақсы қарым-қатынаста болып, ұясында көрген тәрбиесін көрсететін естен шығармауымыз керек. Ананың берген ақылы мен әкенің берген тәлімінің маңызы зор. Кез келген отбасында ата-ананың қыздарына әрқашан ақылды, сыпайы, салмақты, ибалы, тәрбиелі бол деп үнемі қайталап отырады. Әрине ата-анасын тыңдай білген, сыйлап, құрметтей білген қыз бала тәрбиелі, өнегелі болып өседі [13].

Отбасындағы өзара қарым-қатынасты түзетуіміз қажет. Сынып жетекші немесе психолог әрбір отбасымен өзінің ерекшелігіне байланысты жол таба білуі керек. Ол үшін отбасында пайда болған мәселенің себептерін анықтауы керек. Әрине әр отбасында кездесетін қиындық әр түрлі болып келетінін байқадық. Бұған тоқталатын болсақ, қазіргі таңда көптеген отбасыларда әкесінің де, анасының да қызметін, тәрбиесін жалғыз аналарымыз беріп отырғанын көреміз. Әкенің мейірімін көрмей өсу қыз баланың өміріндегі бір қиын сәттердің бірі екенін айтуға болады. Бұл отбасындағы қыз баланы айналасындағы адамдармен көбірек қарым-қатынас жасауын қадағалап, қолдау көрсетіп, бақылап отыру керек. Сондықтан ата-ана мен ұстаз бірігіп, қыз баланың болашағын ойлау өте маңызды. Олар жайында зерттеп білу, сынып жетекшінің өз қызметін ойдағыдай атқару болып табылады. Басқа мұғалімдермен де пікір алмасқаны дұрыс.

Сынып жетекші қыз балалар жайлы мынандай мәліметтерді білу керек:

- қыз баланың денсаулығы;
- отбасы жағдайын;
- ішкі жан дүниесін;
- мінез-құлқын;
- ата-анасымен, достарымен қарым-қатынасын;
- еңбекқорлығын;
- сабаққа деген қызығушылығын;
- қоршаған ортаға деген көзқарасын;
- эстетикалық талғамын.

Осы айтылғандардың барлығын сынып жетекшісі педагогикалық зерттеу әдісін пайдалана отырып жинақтайды, яғни бақылау, әңгімелесу, эксперимент жүргізу және т.б.

Ата-аналарына қыздарының оқу жұмыстары, тәрбиесін мәлімдей отырып, ата-аналармен бірге кездескен қиыншылықтарын жоюға ат салысуы қажет. Енді ата-аналармен жүргізілетін жұмыстарға тоқталып кетсек, отбасына барып тұру, қыз баланың жағдайын білу, ата-аналарымен сөйлесіп, пікір алмасу, сұрақ-жауап кештерін және т.б.

Ата-аналар мен сынып жетекші қиын жағдайға тап болған жеткіншек қыз балалардың бос уақыттарының дұрыс ұйымдастырылуын қадағалап, дарындылығы мен шығармашылығын, қабілетін арттыру мақсатында спорттық және мәдени бағыттағы үйірмелерге қатыстыруға ықпал жасау қажет. Кейбірі күнделікті мектептегі қағидаға бағынудан жалығуы

мүмкін. Сондықтан әр түрлі үйірмелерге қатысып, басқа мұғалімдермен, оқушылармен де қарым-қатынасқа түскені дұрыс болар еді. Мұндай жағдайда қыз бала өзінің үйренген ортасынан алшақтай түсіп, жаңа қыздармен және жаңа бағытта жұмыс жасайтын педагогтармен танысып, өзін еркін сезіне бастауы мүмкін. Себебі үйірмедегі педагогтар мектептегі қағидамен емес басқа әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, қыздардың қабілетін ашуға тырысады. Кейбір жағдайларда қиын қыз балалардың керемет жетістіктерге жетіп жатқанын байқаймыз. Бұл жағдайлардан шығатын қорытынды тәртіпті қыз болу ортасына да байланысты болмақ.

Қыз балалармен жұмыс жүргізудің бір түрі – әңгімелесу. Оқушының жеке басында туындаған жағдай, оны ортаға салуға болмайтын болса, онда тәжірибелі педагог немесе психолог қыз баламен жеке сырласу арқылы қыздың өмір сүруге деген жақсы ойларының қалыптасуына көзін жеткізе алады. Мектепті тәрбие ошағы десек қателеспейміз. Мектеп – қыз балалармен тәрбие жұмыстарын ұйымдастырып, қыз баланың дамуында және қалыптасуында кездесетін әр түрлі факторлардың ықпалын біріктіретін орталық. Қыз бала тәрбиесіне ықпал ететін факторлар көп. Олар: отбасы, мектеп, қоршаған орта, құрбы-құрдастар, ағайындары және т.б. Жалпы айтқанда барлығы жеткіншек жастағы қыз бала тәрбиесіне әсер етеді [14].

Әдетте ата-аналар қыздары үшін барлық жағдайды жасап отырмыз деп ойлайды. Мысалы: суда жүзу, би, сурет үйірмесі, тіл үйрену курстары, және т.б. қалаған жеріне алып барып, қалаған затын алып береміз деп жатады. Бірақ, қыз бала үшін көп ақша, керемет сыйлық емес, ең бастысы ата-ана мейірімі қажет екенін ұмытып кетіп жатады. Тым болмаса, кетіп бара жатып, қызым сені қатты жақсы көреміз десе, қызы үлкен қуанышқа бөленетін еді. Өйткені қыз бала ата-анасы үшін қаншалықты маңызы бар екенін сезінеді. Міне, біз осындай қарапайым нәрсені істемей, артынан опық жеп қаламыз. Содан кейін мектепте қыздарына қатысты қиындық туса, сынып жетекшісіне немесе бір ғана мектеп психологына ысыра салады. Бұл мәселенің шешімі емес деп ойлаймын. Ауылдық жерде аз ғана оқушы үшін шешуге болатын шығар, бірақ мыңдаған бала оқитын қала мектептерінде бір психологтың шамасы жете ме? Жоғарыдағы екі фактор жеткіліксіз ықпал етсе, қыз бала әлеуметтік ортаның, яғни көшедегі достарына қосылады. Бұл дегеніңіз қыз балаға бағытты сіз бен біз емес, жанындағылар беретін болады. Әрине, оған жақсы ниетті жандар кездесе деп тілеп отыру ғана керек. Одан кейінгі тәртіпке шақыру, ауырғаннан кейін ем іздегенмен бірдей. Айтпақшы, әлеуметтік орта тек көше ғана емес, әлеуметтік желі деп те түсінуге болады.

Әлеуметтік желі арқылы танысу, діни секталарға кіру, тыйым салынған видеоларды көру, құмар ойындарын ойнау, уақытының барлығын осылай өткізу қыз балаға теріс әсер етеді. Түрлі теріс ағымдар да, қауіпті сананы улайтын ойындар да осы желілер арқылы таралуда. Тиісті орындар белгілі бір парақшалармен келісімге отырып, содан ақпарат таратып қана отырады. Оның әсері қандай, жеткіншектерге ықпалы бар ма, ол туралы мониторинг жұмыстары жасалып жатқанына күмәніміз бар. Бұл мәселелерді бұлай айтып қана қоятын болсақ ештеңе өзгермейді. Енді істеу керек? Сол үшін, ең бірінші, мектеп психологтарының жұмысын жетілдіру, жиі біліктілікті арттыру курстарынан өткізіп, штат санын көбейту керек. Тек қыз балалармен ғана емес, ата-аналарға да қыздарына жасалған анализдерді көрсетіп, олардың бойындағы теріс қылықтарды бірлесе жоюға жұмыстанса, біраз мәселенің беті қайтар еді. Арнайы орталықтардың көптеп болғаны жөн.

Жеткіншектердің бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында хабар ұйымдастырылса. Ол жерде қыздар хоббиімен айналысып, көпшілік ортаға бейімделеді. Өздерінің шығармашылығын дамытып, қабілетін көрсетуге, соның арқасында қыз бала бойында депрессия, тұйықталу деген болмасы анық. Содан соң мектеп жанында техникалық-шығармашылық үйірме жұмыстары жандандырылса. Жоқ дей алмаймыз, бірақ ол жай ғана есеп үшін ғана жүргізіліп отырғандай көрінеді. Басқа жерге баруға мүмкіндігі жоқ қыз бала-

лар үшін мұндай үйірмелер болуының пайдасы көп. Және ең бастысы, интернеттегі сауаттылықты дамыту. Бұл кезек күттірмейтін мәселе [15].

Жеткіншектер өздеріне айтқан сөздерге бірден сенуге немесе басқалардың айтқан кеңестерін қабылдауға дайын емес екенін білеміз. Олар үшін өздері тап болған әрбір мәселеге өз пікірін қалыптастыру маңызды екенін ұмытпаған жөн. Соның нәтижесінде жеткіншек өз тәжірибесін жинақтайды.

Жеткіншектердің өмір сүру сапасын қолдауға және жақсартуға бағытталған жұмыстар:

- Отбасыларына тиісті жәрдемақылар, зейнетақылар алуда көмек беру;
- Отбасының өзін-өзі қамтамасыз ету, отбасының материалдық жағдайын жақсартудың басқа да мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
- Оқушыларға мамандық таңдауға бағыт-бағдар беру;
- Балалардың құқықтық мәртебесін қолдауға немесе өзгертуге, заңдық көмек көрсетуге, заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған жұмыстар;
- Ата-ана құқығы мен міндетін орындауда, баланың мүддесін қорғауда кеңестер беру;
- ҚР Заңымен белгіленген жеңілдіктер, әлеуметтік жеңілдіктер алуға көмектер беру;
- Мектепшілік есепте тұрған балалармен, олардың ата-аналарымен бала тәрбиелеудегі міндеттері мен құқықтарын орындау бойынша әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету;
- Мектепшілік есепте тұрған балалармен құқық органдарымен кездесулер, құқықтық сабақтар жүргізу.

Жоғарыда айтып өткендей, өмірдің қиын жағдайы деп отырғанымыз адамның субъективті түрде жеке өзі үшін қиын деп қабылдауы немесе оның қалыпты өмірлік әрекетін объективті түрде бұзатын жағдай (мүгедектік, жетімдік және т.б.). Ал жеткіншек үшін өмірдің қиын жағдайы – ол қалыпты өмір сүре алмайтын және оны өзі түзете алмайтын жағдай болып табылады.

Мысалға біраз жағдайларға тоқталып кетсек:

- Баланың ата-анасы жоқ, ол өзін-өзі асырау керек.
- Ата-анасы бар (немесе ата-анасының біреуі ғана бар), бірақ олар баласына дұрыс қарамайды, яғни тамақтандырмайды, оған мән бермейді, мектепке барып жүр ма, үйге түнде қонуға келе ма немесе, керісінше, бөлмесіне бірнеше күнге қамап қояды, ауырса дәрісін алып бермейді, емдемейді, керек құрал-жабдықтарын, киімін алып бермейді және т.б.
- Анасы немесе әкесі баласына қамқорлық жасағысы келеді, бірақ ауырып жатқан соң немесе ұзақ сапарларда болған соң дұрыс жылулықты көрсете алмайды. Соның салдарынан бала ауырып қалу мүмкін немесе тамақ жемей аш қалуы мүмкін.
- Балаға көп жұмыс жасатқызады, соның себебінен оның мектепке баруға, балалармен ойнауға, демалуға уақыты болмайды.
- Ата-анасына баласына қатыгездік көрсетеді, оны ұрып-соғып, оған қатысты жыныстық зорлық-зомбылық қолданады [16].

Жеткіншек жаңа өмірге қадам басу үстінде жаңа қарым-қатынасқа түседі және сөзсіз, тәжірибе болмағандықтан, ол түсініксіз және таныс емес қиын жағдайларға тап болады. Бұл жағдайда өздерінің қабілеттері мен мүмкіндіктерін пайдалану жеткіліксіз болуы мүмкін, сондықтан бұл оларды көңілсіздікке әкелуі мүмкін. Ал кез келген өмірдің қиын жағдайы қызметтің бұзылуына, бізді қоршаған адамдармен қалыптасқан қарым-қатынастардың нашарлауына әкеп соқтырады, уайымдап, жаман эмоциялар пайда болады, түрлі қолайсыздық туғызады, бұл тұлғаның дамуы үшін теріс салдары болуы мүмкін.

Өмірдің қиын жағдайында бір уақытта бірнеше факторлар өзара әрекет етеді:

- 1) *Мінез-құлықтық* – белгілі бір жағдайда қалыптасқан мінез-құлық заңдылықтарының жоқтығын көрсетеді;
- 2) *Танымдық* – онда қалыпты өмір сүру үшін білімнің, біліктіліктің және дағдылардың жетіспеушілігін көрсетеді;

3) *Өмірлік маңызды фактор* – бұл жағдайда өмір сүре алмаудың субъективті сезімінен тұрады.

4) *Экзистенциалды* – «экзистенциалды вакуумды» (ішкі қуыс), бағдарлау жүйесін қайта қарауды және «мен» бейнесін көрсетеді;

5) *Ықтималдық-болжамдық* – өмірдің қиын жағдайы туындағанға дейін оның ықтималдылығын ең аз деп бағалаудан тұрады.

Жеткіншек жастағы қыз балалардың өмірдің қиын жағдайына тап болуының белгілері:

- тұлғааралық қарым-қатынастардың бұзылуы, оңашалануға ұмтылу;
- алкогольді немесе есірткіні асыра пайдалану, агрессивтілік, мінез-құлқының өзгеруі;
- көңіл-күйдің төмендеуі, ойлану, оқуға деген қызығушылықтың жоғалуы, басқа да, бұрын тартымды қызмет түрлері;
- өзіне деген сыншылдықтың пайда болуы;
- табысқа жетемін деген ойдың болмауы;
- тамақтанудың бұзылуы (бас тарту немесе ашкөздік), ұйқысыздық немесе ұйқышылдық, кем дегенде бірнеше күн бойы мазасыз ұйқы және қорқыныш;
- соматикалық аурулардың жиі негізсіз шағымдары (іштің ауыруы, бас ауруы, үнемі шаршау, жиі ұйқышылдық);
- өзінің сыртқы түріне немқұрайлы қарау;
- жалғыздық, пайдасыздық, кінә немесе қайғы сезімі;
- діни ағымдармен әуестену;
- байланыстардан, достар мен отбасыдан оқшаулану, жалғыз өзі болу;
- орындалатын жұмыс сапасын төмендеуімен зейіннің нашарлауы;
- терең ойлана отырып, басқалармен болған қиын мәселелер туралы ой жүгірте отырып, өмірдегі барлық нәрсе дұрыс болмайтындығын көрсетеді;
- болашаққа жоспарлардың болмауы;
- кенеттен ашуланшақтық, көбінесе ұсақ-түйек нәрселерге ашулану [17].

Көмек көрсету тәсілдері:

- Жеткіншек қыз баланың проблемасы қаншалықты жеңіл әрі ойдан шығарылғандай болып көрінгенімен байыппен қараңыз. Есіңізде болсын, жеткіншек кез-келген елемеуге сезімтал және эмоционалды жауап береді. Жеткіншекті өзіңізбен тең тұлға ретінде қарастырыңыз.

- Жеткіншектің не айтқанын мұқият тыңдаңыз. Кейде вербалды емес белгілер, мимика сөздерге қарағанда адамның жағдайы туралы көп нәрсе айтады.

- Егер жеткіншек өз проблемасын сізбен бөлісетін болса, бос жұбаныш білдірмеңіз, жағдайдан шығудың конструктивті жолдарын көрсетіңіз, белсенді көмегіңізді ұсыңыз.

- Мұқият және қамқор болыңыз. Олар тек сөзбен ғана емес, сонымен бірге вербалды емес эмпатиямен де көрінуі керек. Бұл жағдайда моральдық тұрғыдан емес, қолдау көрсеткен жөн.

- Жеткіншектердің проблемасын «онай шешіледі» деп дауласпаңыз және дәлелдемеңіз. Сол арқылы сіз жағдайды ушықтыра аласыз, сенімді жоғалтасыз, бала өз-өзін жабады.

- Жеткіншекке өз күштеріне сенімділік ұялатыңыз, оның жетістіктерінің құндылығын, оның қол жеткізгенінің маңыздылығын көрсетіңіз. Оған тағы да үлкен табысқа жетеді деп үміт сыйлаңыз.

- Қажет болған жағдайда мамандардан көмек сұраңыз. Есіңізде болсын, жеткіншек-жас ерекшеліктеріне байланысты өте осал жағдайдағы бала.

Жеткіншек қыз баламен жүргізілген жұмыстар нәтижесін жиі құжатпен бекіту мүмкін болмай жатады. Бірақ ол қыз бала өмірі үшін маңызды емес. Яғни, қыз бала жаман әдеттерінен құтыла бастады. Бұл нәтиже ма? Әрине, нәтиже. Қыз бала өлім туралы ойлауды және ол жайында айтуды да тоқтатты, болашағына деген жоспарлар құра бастады – бұл нәти-

же ме? Әрине, нәтиже. Иә! Кейде кішкентай ғана нәтиже – ересектер ұжымының бірігіп жасаған үлкен еңбегінің жемісі. Бірақ бұл сол нәтижеге лайықты жұмыс деп ойлаймыз.

Қорыта айтқанда, қыз бала біздің болашағымыз, сондықтан қандай жағдай болмасын оларды көзден таса етпей, жеткілікті дәрежеде көңіл бөліп, олармен бала болып сөйлесіп, сырласып, көңілін аулап отыру қажет. Баламен дос болып сырлассаңыз олардың әлеміне жол ашылады, олардың мәселелерімен танысасыз, дер кезінде ақыл-кеңес беріп, жол көрсетіп, жамандықтан сақтандыра аласыз. Ұстаздан дос тапқан бала өзін сенімді, қуанышты сезініп, жамандықтан аулақ болады. Сондықтан қашан да қыз балалардың сеніміне кіріп, ақылшысына айналсаңыз, олардың өмірде жақсы жетістіктерге жетуіне жол көрсетсе әрбір ұстаз, әрбір тәлімгер қиын жағдайға тап болған қыз балалардың азаюына септігіміз тиер еді.

Қыз балалардың өміріне дұрыс көңіл бөлейік, әр қыз баланы жалғызым деп қарайық. Жеткіншек жастағы қыз баланың өмірін жүрек жылуымен, жақсы сөзбен жандандырып, болашағына нұр сыйлайық.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Құрсабаева М. Ұлттық тәрбиенің маңыздылығы // Ұлт тағылымы. – 2006. – №2.
2. Осухова Н.Г. Психологическая помощь в трудных и экстремальных ситуациях: учеб. для вузов. – 2-е изд. – М.: Издательский центр «Академия», 2007. – 288 с.
3. Петрова Е.А. Визуальная диагностика личности в практической деятельности психолога: учеб. для вузов. – М.: Издательский центр «Академия», 2008. – 276 с.
4. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 29 желтоқсандағы № 114-IV Заңы.
5. Дементьева И.Ф., Олиференко Л.Я., Шульга Т.И. Социально-педагогическая поддержка детей группы риска: учеб. для вузов. – М.: Издательский центр «Академия», 2008. – 256 с.
6. Қалдаров О.Б. Жеткіншектердің дамуы. – А., 2000.
7. Степанов В.Г. Психология трудных школьников: учебное пособие для учителей и родителей. – М.: Академия, 1997. – 320 с.
8. Танирбергенова А.Ш., Қамысбаева С.О. Балалар мен жасөсірімдер мінез-құлқының қалыптасуындағы әлеуметтік ортаның ықпалы // Педагогика және оқушы психологиясы. – 2015.
9. Атаханова Л.М., Торыбаева Ж.З. Технология психолого-педагогического сопровождения учащихся девиантного поведения // Молодежный научный форум: Гуманитарные науки. – 2016. – №2(30). – С. 82.
10. Комаров А.А., Мытарев И.С. Проблема разноуровневого взросления девочек и мальчиков подросткового возраста // Молодой ученый. – 2010. – №4. – С. 346-348.
11. Токқұлова Г. Ұлттық тәрбие – рухани жаңғыру кепілі // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2017. – №1. – Б. 134.
12. Atemova K., Kabekeyeva K., Iskakova P., Zhumadullaeva A., Belgibayeva G. Application of national values in family training of Kazakh people. // Journal of Advanced Pharmacy Education and Research. – 2018. – V. 8. – Iss. 4. – P. 45-50.
13. Атемова Қ.Т. Қыз тәрбиесіне пайдалы 10 кеңес – Қыз тәрбиесіне ұлттық құндылықтарды пайдалану: ата-аналарға арналған әдістемелік құрал. – Шымкент: «Ақкен Медиа» баспасы, 2019. – 72 б.
14. Майғаранова Ш. Мектеп оқушыларын рухани дамыту мәселелері: ғылыми-әдістемелік құрал. – Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2002. – 179 б.
15. Атемова Қ.Т. Отбасында баланың іс-әрекетін ұйымдастыру жолдары. – Алматы, 2002. – 169 б.
16. Ақышова Н.М., Ахметова Г.Е. Орта мектептерде оқушыларға тәрбие және білім беру мәселелері // Молодой ученый. – 2015. – №1. – С. 93-95.

17. Сальникова А.И., Шалагинова К.С. Опыт работы с подростками, находящимися в трудной жизненной ситуации // Международный студенческий научный вестник. – 2018. – №1.

REFERENCES

1. Qursabaeva M. Ulttyq tárbieniń mańyzdylyǵy // Ult taǵylymy. – 2006. – №2.
2. Osýhova N.G. Psihologicheskaja pomo v trýdnyh i ekstremalnyh sitýatsiiah: ýcheb. dlia výzov. – 2-e izd. – M.: Izdatelskii tsentr «Akademii», 2007. – 288 s.
3. Petrova E.A. Vizýalnaia diagnostika lichnosti v prakticheskoi deiatelnosti psihologa: ýcheb. dlia výzov. – M.: Izdatelskii tsentr «Akademii», 2008. – 276 s.
4. Qazaqstan Respýblikasynyń 2008 jylǵy 29 jeltoqsandaǵy № 114-IV Zańy.
5. Dementeva I.F., Oliferenko L.Ia., Shýlga T.I. Sotsialno-pedagogicheskaja podderjka detei grýppy riska: ýcheb. dlia výzov. – M.: Izdatelskii tsentr «Akademii», 2008. – 256 s.
6. Qaldarov O.B. Jetkinshekterdiń damýy. – A., 2000.
7. Stepanov V.G. Psihologua trýdnyh shkolnikov: ýchebnoe posobie dlia ýchitelei i roditelei. – M.: Akademii, 1997. – 320 s.
8. Tanırbergenova A.Sh., Qamysbaeva S.O. Balalar men jasósirimder minez-qulqynyń qalyptasýndaǵy áleýmettik ortanyń yqpaly // Pedagogika jáne oqýshy psihologuasy. – 2015.
9. Atahanova L.M., Torybaeva J.Z. Tehnologua psihologo-pedagogicheskogo soprovjdenia ýchahsia deviantnogo povedeniia // Molodejnyı naýchnyı forým: Gýmanitarnye naýki. – 2016. – №2(30). – S. 82.
10. Komarov A.A., Mytarev I.S. Problema raznoýrovneвого vzrosleniia devochek i malchikov podrostkovogo vozrasta // Molodoı ýchenıı. – 2010. – №4. – S. 346-348.
11. Toqqulova G. Ulttyq tárbie – rýhanı jańǵyrý kepili // Iasaýı únıversitetiniń habarshysy. – 2017. – №1. – B. 134.
12. Atemova K., Kabekeyeva K., Iskakova P., Zhumadullaeva A., Belgibayeva G. Application of national values in family training of Kazakh people. // Journal of Advanced Pharmacy Education and Research. – 2018. – V. 8. – Iss. 4. – P. 45-50.
13. Atemova Q.T. Qyz tárbiesine paidaly 10 keńes – Qyz tárbiesine ulttyq qundylyqtardy paidalaný: ata-analarǵa arnalǵan ádistemelik qural. – Shymkent: «Aqken Media» baspasy, 2019. – 72 b.
14. Maıǵaranova Sh. Mektep oqýshylaryn rýhanı damytý máseleleri: ǵylymı-ádistemelik qural. – Almaty: «Ǵylym» ǵylymı baspa ortalyǵy, 2002. – 179 b.
15. Atemova Q.T. Otbasynda balanyń is-áreketin uıymdastyrý joldary. – Almaty, 2002. – 169 b.
16. Akyshova N.M., Ahmetova G.E. Orta mektepterde oqýshylarǵa tárbie jáne bilim berý máseleleri // Molodoı ýchenıı. – 2015. – №1. – S. 93-95.
17. Salnikova A.I., Shalaginova K.S. Opyt raboty s podrostkami, nahodiavimsia v trýdnoi jiznennoi sitýatsii // Mejdýnarodnyı stýdencheskii naýchnyı vestnik. – 2018. – №1.

УДК 94 (6)

ГРНТИ 03.09.31

Ж.Е.ТУРЕКУЛОВА¹, К.А.БАЙТУРЕЕВА^{2*}

¹PhD доктор, Южно-Казахстанский государственный университет им. М.Ауезова
(Казахстан, г. Шымкент), E-mail: turekulova74@mail.ru

²кандидат исторических наук, доцент,
Южно-Казахстанский государственный университет им. М.Ауезова
(Казахстан, г. Шымкент), E-mail: klara99969@mail.ru

СУЭЦКИЙ КАНАЛ И УСИЛЕНИЕ ПОЗИЦИЙ ЕВРОПЕЙСКИХ ДЕРЖАВ В ЕГИПТЕ

В статье рассматривается усиление позиций Великобритании и Франции в связи с вводом в эксплуатацию Суэцкого канала, анализируются колониальные интересы западных стран, а также их соперничество в зоне канала. Выявляются основные причины финансового закабаления Египта Европейскими державами. Суэцкий канал рассматривается в качестве пилотного корпоративного проекта, все дивиденды которого были присвоены Европейскими государствами в силу сложившегося международного разделения труда. Поскольку экономические явления в начале XX века были во многом обусловлены политикой, то и Суэцкий канал оказался заложником военно-политических явлений.

Ключевые слова: Египет, Суэцкий канал, Великобритания, Франция, колониальная политика, геополитика, экономические интересы, национально-освободительное движение.

Zh.E.Turekulova¹, K.A.Baytureeva²

¹PhD, M.Auezov South-Kazakhstan State University
(Kazakhstan, Shymkent), E-mail: turekulova74@mail.ru

²Candidate of Historical Sciences, Associate Professor,
M.Auezov South-Kazakhstan State University
(Kazakhstan, Shymkent), E-mail: klara99969@mail.ru

The Suez Canal and the Strengthening of the Positions of the European Powers in Egypt

In this article the author considers the strengthening of the British and French positions in connection with the commissioning of the Suez Canal and analyzes the colonial interests of western countries as well as their competition in the canal region. The main reasons for the financial enslavement of Egypt by the European powers are revealed. The Suez Canal is regarded as a pilot corporate project, all dividends of which were appropriated by European states due to the established international division of labor. Since economic phenomena at the beginning of the twentieth century were largely due to politics, the Suez Canal also became a hostage to military-political phenomena.

Keywords: Egypt, the Suez Canal, Britain, France, the colonial policy, geopolitics, economic interests, national liberation movement.

*** Цитируйте нас правильно:**

- Турекулова Ж.Е., Байтуреева К.А. Суэцкий канал и усиление позиций Европейских держав в Египте // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2020. – №1 (115). – Б. 203-212.

*** Cite us correctly:**

- Týrekýlova J.E., Baitýreeva K.A. Sýetskii kanal ı ýsilenie pozitsii Evropeiskih derjav v Egipte // Iasaýı ıńiversitetiniń habarshysy. – 2020. – №1 (115). – B. 203-212.

Ж.Е.Турекулова¹, К.А.Байтурсева²

*¹PhD доктор, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті
(Қазақстан, Шымкент қ.), E-mail: turekulova74@mail.ru*

*²тарих ғылымдарының кандидаты, доцент,
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті
(Қазақстан, Шымкент қ.), E-mail: klara99969@mail.ru*

Суэц каналы және Мысырда Еуропалық державалардың ықпалының артуы

Мақалада Суэц каналының іске қосылуына байланысты Ұлыбритания және Францияның ықпалдарының артуы қарастырылып, Батыс елдерінің отарлық мүдделеріне және канал аумағындағы олардың бәсекелестігіне талдау жасалынады. Суэц каналы сол кезеңде қалыптасқан халықаралық еңбек бөлінісінің нәтижесінде барлық түскен пайда Еуропалық державаларға бөлінген алғашқы корпоративтік жоба ретінде қарастырылады. ХХ ғ. басында экономикалық мүдделер көп жағдайларда саясатпен айқындалуына байланысты Суэц каналы сол кезеңдегі саяси-әскери жағдайларға тәуелді болды.

Кілт сөздер: Мысыр, Суэц каналы, Ұлыбритания, Франция, отарлық саясат, геосаясат, экономикалық мүдделер, ұлт-азаттық қозғалыс.

Выступая в 2007 г. на Санкт-Петербургском экономическом форуме, Первый Президент Казахстана Н.Назарбаев выступил с предложением соорудить судоходный канал «Евразия» между Каспием и Черным морем. Для подготовки политико-экономического обоснования этого проекта необходима взвешенная оценка и практические выводы. Вместе с тем развитие международных транспортных коридоров, их роль как «кровеносной системы» пока что не рассмотрены в должной мере в научных кругах во взаимосвязи с мировой политикой и историческими процессами. В связи с этим авторы научной статьи стремятся исследовать роль международных транспортных коридоров в мировых исторических и политических процессах.

Вопрос изучения роли и места Суэцкого канала и его влияния на международное положение Египта имеет такую же глубокую историю, как эволюция самой идеи этой международной транспортной артерии. Данная тема, как объект научных изысканий эпохи новой и новейшей истории, находит свое выражение, главным образом, в двух ракурсах: Суэцкий канал – транспортный узел глобального масштаба, положивший начало качественно новому этапу развития мировой торговли – позитивное явление в истории Египта и международных отношений, обеспечившее дивиденды как стране, на территории которой он расположен, так и другим государствам мира. Такая оценка роли Суэцкого канала больше характерна для исследований западных авторов. Во втором подходе, более характерном для трудов советских – российских востоковедов, преобладает тенденция к обстоятельному выяснению негативных последствий сооружения Суэцкого канала для дальнейшей судьбы Египта. В нем также акцентируются аспекты, связанные с обострением колониального соперничества, сыгравшим отрицательную роль в дальнейшей судьбе его конкретных объектов, в т.ч. Египта. Исследования арабских авторов, включая египетских ученых, по своему идейно-содержательному построению также тяготеют ко второму подходу. В трудах востоковедов Центральной Азии освещаются разные аспекты истории, политики и культуры Египта и Арабского Востока. В целом можно сделать вывод о том, что в историографии Казахстана и ЦА сравнительно мало работ, посвященных новому периоду истории Египта, когда собственно и был введен в эксплуатацию Суэцкий канал. Никто из исследователей также не пытался экстраполировать проблемы международного характера, возникшие при строительстве канала, на иные столь же масштабные проекты, которые можно было бы реализовать в Центральной Азии.

В научной статье используется ориенталистский подход, впервые примененный Эдвардом Саидом. Если Э.Саид говорил о том, что европейская цивилизация создала некий искусственный конструкт Востока, основанный на историко-литературных источниках, то в данной работе авторы развили гипотезу американского исследователя, проанализировав не только европейское видение восточной цивилизации, но и конкретные шаги, которые предпринимали правительства Франции и Великобритании для изменения культурно-экономического ландшафта Египта, в том числе посредством возведения новой транспортной системы – Суэцкого канала.

В научной статье исследованы механизмы, благодаря которым крупные экономические явления, такие как строительство Суэцкого канала, с помощью массовой пропаганды в европейских средствах массовой информации, были преобразованы в политико-идеологические тренды. Суэцкий канал стал своеобразным символом мощи европейской цивилизации, которая может перекрыть целые страны и регионы в соответствии с собственными представлениями об их развитии, основываясь исключительно на представлениях о собственной экономической выгоде и политической целесообразности этого строительства для Европы.

Египет второй половины XIX в. являлся ареной борьбы между Великобританией и Францией, что дестабилизировало внутреннюю обстановку в стране. Этот факт неоднократно подчеркивают все исследователи колониальной политики европейских стран: Египет – это «территория проблем, возникших на основании отношений между Великобританией и Францией» [1, с. 243].

Характерная особенность усиления зависимости Египта от Франции и Великобритании во второй половине XIX в. состояла в том, что она все больше находила свое выражение в финансовой сфере. Следует отметить, что при Саиде-паше с предоставлением льготных концессий на строительство железной дороги Александрия-Каир-Суэц и Суэцкого канала и активизацией привлечения иностранных займов заметно усилилось сначала французское, а впоследствии и английское влияние в Египте. Эта ситуация сохранялась и при хедиве Исмаиле-паше (1863–1879), который пришел к правлению страной 18 января 1863 г. после смерти Саида-паши.

В 1876 г. размер внешнего долга Египта достиг астрономической для того времени суммы – 94 млн ф. ст. Закономерно, что за этим последовало объявление 8 апреля 1876 г. хедивом Исмаилом о финансовой несостоятельности своей страны [2, с. 108]. Продажа хедивом Исмаилом акций канала открыла путь к оккупации Великобританией Египта. Эта идея не была воспринята в самой Великобритании однозначно: общественное мнение было расколото.

пат барлық түркістандықтарға бірдей төніп еді. Марксизм теориясы бойынша қарағанда, таптық күрес Түркістанда жоқ және болуы да мүмкін емес еді» [14, 215-б.].

Сөйтіп, М.Шоқай 1916 жылғы көтерілістің ұлт-азаттық сипатын атап көрсетумен тоқталмай, осы қозғалыстың таптық сипаты туралы әңгімені де мүлде теріске шығарады.

1916 жылғы көтерілістің таптық мәні туралы мәселе, тіптен бұл көтерілістің 10 жылдығын 1926 жылы большевиктер атап өткен кезде де ашық айтыла қойған жоқ еді.

Большевиктік бағытта тұрған Тұрар Рысқұловтың өзі де көтерілістің бұқаралық сипатын көрсете келе, «көтерілісшілердің бас көтерулері патша үкіметі мен түземдік буржуазия қанауына бәрінен де көбірек ұшыраған халықтың кедей және біршама бөліктері арасында белсендірек көрінді» [15, 75-б.], – десе, Сейтқали Меңдешев көтерілістің ұлт-азаттық сипатын мойындай келе, оны Ресейде пісіп-жетілген революцияның құрамдас бөлігі ретінде бағалаған еді [1, 23-б.]. Ал большевик Темірбек Жүргенов «1916 жылғы қазақ көтерілісі, дұрысында ауылдың қалаға (Темірбек Жүргеновтың бұл жерде «қала» деп отырғаны патша үкіметінің қазақ жеріндегі қамал-қалалары екенін түсінген жөн – С.Қ.) қарсы көтерілісі еді», – деп қорытынды жасай келе, «елдің бойын кернеген ашу, наразылығы 1916 жылғы қазақ көтерілісі – ұлт (бөлек ел) көтерілісі еді. Өйткені жоғарыда айтылған наразылықты тудырған үкімет озбырлығы, капитал құлдығы бүкіл қазақ еліне батты, бүкіл қазақ елі зорлық көрді» [16], – деп жазды.

Большевиктік бағытты ұстанған қазақ қайраткерлерінің 1916 жылғы көтерілістің ұлттық мәніне баса назар аударуы осы көтеріліске байланысты зерттеулердің әлі де жоқтығынан ғана емес, таптық мәселеге баса мән беретін сталиндік концепцияның әлі тарих ғылымына ықпалының жоқтығынан да еді. Алайда сталиндік таптық концепцияның 20-жылдардың соңына 30-жылдардың басына қарай Қазақстанда да орныға бастауы осы айтулы процестен таптық сипат іздеуді күшейте түсті. Бұл 1916 жыл оқиғасының 15 жылдығы қарсаңында айқын көрініс бере бастады. Кезінде осыған байланысты Мұстафа Шоқайдың былай деп жазғаны белгілі: «... пролетариат диктатурасының 14 жылына келген тұста, Галуза есімді біреу бастап, басқалары қостап, жоғарыда айтылған тайға таңба басқандай ақиқатты көпе-көрнеу бұрмалауда. Олар бұлтартпас фактілердің өңін айналдырып, 16-жылғы қозғалысқа таптық сипат беруде. Оны Түркістан шаруалары мен ұлттық пролетариатының, орыс мұғажыр мұжығы және орыс пролетариатымен бірлесе отырып, орыс пен Түркістанның буржуазия табына қарсы жүргізген таптық күресі ретінде түсіндіре бастады. Орыс мұжығы мен орыс пролетариатын 1916-шы жылғы көтеріліс кезінде түркістандықтарға көмектескен етіп көрсету тарихи шындықты бұрмалағандық қана болып қалмастан, өтірікті ойдан шығарудың теңдессізүлгісі де бола алады» [14, 216-б.].

М.Шоқай өзінің осы еңбегінде 1926 жылы, яғни 1916 жылғы көтерілістің 10 жылдығында айтылған дұрыс пікірлерден арада 5-ақ жыл өтісімен, яғни 1931 жылға қарай бас тартудың, тарихи шындықты таптық концепцияға сүйеніп бұрмалау жолына түсе бастау басталғанын батыл атап көрсеткен еді. «Ең қызығы мынада – деп жазды ол, – «16-шы жылғы көтеріліс Ресейге, орыстыққа қарсы ұлттық қозғалыс еді», «орыс мұғажырларының мүддесімен түркістандықтардың мүддесі бір-біріне қайшы еді», – деп жазғандардың бәрі «тар ұлтшыл», «шовинист» ретінде қараланды» [14, 216-б.].

1916 жылғы көтерілістің 20 жылдығына қарай осы қозғалыстың таптық мазмұны туралы көзқарас берік орныға бастады. Осының нақты көрінісі кезінде өзі де Алаш қозғалысына қатысқан, бірақ уақыт өте келе ірі кеңестік қайраткерге айналған С.Асфендияровтың пікірлері еді. 1935 жылы ол былай деп жазды: «1916 жылғы көтеріліс қазақ қоғамынан терең әлеуметтік өзгерістер тапты, оның таптық қайшылықтарын ашты. Ол қазақ еңбекшілерінің империалистік буржуазияға, оның ауыл ішіндегі әлеуметтік тірегі – байларға қарсы бұқаралық қозғалысының бағытын айқындап берді» [4, 291-б.].

С.Асфендияров 1916 жылғы оқиғаның таптық мазмұнын тереңдетумен шектелмей, Т.Рысқұлов және М.Тынышпаев тәрізді өзінің әріптестерінің осы оқиғаға байланысты көзқа-

растарын «маркстік емес, тікелей меньшевиктік» деп аяусыз сынады [4, 293-б.]. Бұл сталиндік бағыттың Қазақстан тарихында орнығуының айқын көрінісі еді.

Көтеріліске қатысушылардың әлеуметтік құрамы туралы айтқанда Қазақстандағы қазақ және орыс ұлты арасындағы қарым-қатынасқа байланысты қазақ интеллигенциясының ұстанған бағытына назар аудармауға болмайды. Мұстафа Шоқай бұл мәселеде «орыс мұғажырлары» туралы мәселені тегін көтерген жоқ. Кеңестік-тоталитарлық жүйе тарихшылары бұл мәселені айналып өтуге тырысты. 1916 жылғы қозғалыстың ұлттық сипатын әлсірету мақсатында оның әлеуметтік құрамын көпұлттандыру, әсіресе орыс шаруалары да қолдады-мыс деген концепция үстемдік еткен кеңестік дәуірдің астамшылдығын кезінде М.Шоқай лайықты сынаған болатын. Бұл мәселені әрқашан тарихи шындықты анық айтатын және бұған шетелде толық мүмкіндігі болған М.Шоқайдың сөзімен қорытар болсақ, «большевиктік пердесінің ар жағынан кейде түркістандық рухы көрініп тұратын Тұрар Рысқұлов қана емес, осы көтерілісті зерттеген орыстың нағыз большевиктерінің өздері де бұл қозғалыстың Ресейге және орыстыққа қарсы жалпы халықтық сипатта өрістегенін теріске шығара алмаған еді» [14, 216-б.].

Өкінішке орай, 30-шы жылдардың басына қарай сталиндік тапшыл концепция ықпалымен тарих ғылымында «16-шы жылғы көтерілістерді зерттеу бойынша жарияланған материалдарда отаршыл орыс мұжығы мен орыс жұмысшының «бөрілік» түрін бояп, оны қошақан етіп көрсетуге тырысушылық көзге ұра» бастады [14, 218-б.].

Осы кезеңде тарихқа большевиктік көзқарас жолына түсе бастаған С.Асфендияровқа біздің ойымызша ең тиянақты да шынайы жауапты М.Шоқай бере алады. М.Шоқай өзінің жоғарыда аталған еңбегінде 1916 жылғы көтерілісті «Түркістан ұлттық төңкерісінің... жалпы алғанда, орыстыққа, Ресейге қарсы әліппесі» ретінде бағалай келіп, былай деген еді: «Отарлардағы ұлттық қозғалыстарды пролетариат төңкерісіне әкелу үшін, лениндік қағида бойынша, «ұлт ішіндегі таптық құрылыс пен таптық күрес жетілген болуы керек». Бұл Түркістанда жоқ еді. Бұл бір. Екіншіден, «қаналушы және қанаушыұлттар пролетарлар табының арасында достық және туыстық байланыстар орнатылуы тиіс» делінсе, Түркістанда мұндай жағдай патшалық дәуірде де, Лениннің тірі кезінде де болған емес. Бүгін де жоқ. Атамекеніміз Түркістан Мәскеуге күшпен бағындырылғаннан бері Түркістанның ұлттық пролетары мен орыс пролетары арасында ешқандай бір достық, жақындық болған жоқ және болуы да мүмкін емес. Большевик суайттар өз көсемдері Лениннің төңкеріс хақындағы теорияларын да көпе-көрнеу бұрмалап отыр» [14, 219-б.].

1916 жылды 1917 жыл оқиғаларымен байланыстырған пікірлердің негізсіздігін М.Шоқайдың «бұған жауап беру үшін дәлел іздеп алысқа барудың қажеті жоқ, Қазан төңкерісінің Түркістандағы алғашқы кезеңін жазған большевик жазғыштардың бәрі де «Қазан төңкерісінің Түркістанда отаршылдық рухта» болғанын бірауыздан атап көрсеткен болатын» [14, 217-б.], – деген тұжырымымен қорытындылауға болады. Мұны дүбірлі он алтыншы жыл оқиғасына қалам тартқысы келген зерттеушілердің баршасы ескерулері керек. Тұтас Түркістан идеясының негізін қалаушы, Түркістанұлттық қозғалысының идеологы [17] Мұстафа Шоқайдың 1916 жылғы көтеріліс хақындағы пайымдаулары бұл тақырыптың тарихнамасындағы үздік тұжырымдар деп есептеуге болады.

Ұлт-азаттық қозғалыстағы шешуі табылмай, күрмеуге айналған бір мәселе – Амангелді Имановтың өлімі болатын. Батырдың қазасы заманында Міржақыпқа жабылды. Большевиктік-таптық жүйеге Алашорданы қаралай түсу үшін ғана емес, қазақтың жіктелісін күшейте түсу үшін де бұл оқиға ойдан шығарылды. Ресей империясы Сырым батыр мен Есім ханның, Жәңгір хан мен Махамбеттің, Есет батыр мен Арыстан төренің арасындағы аяғы өлімге апарып тіреген оқиғаларын өз кезегінде қазақты бөлшектеуге, ұлттық бірлікті әлсіретуге пайдалана алды. Ал Кеңес үкіметі болмағанды болдырды. Оған Мұстафа Шоқайдың 1936 жылы Парижде жариялаған «Батыр большевик Амангелді хақындағы ақиқат» атты мақаласы дәйек. Мақаланың маңыздылығын ескеріп толық баяндасақ оқиғаның

шындығы былайша өрбіген. «Түркістан қазақтары газеттерінің беттерінен көптен бері жиі кездесетін есімдердің бірі – 1916 жылғы Торғай далаларында орыс үкіметіне қарсы көтерілген халық көтерілісінің басшысы – Амангелді Иманов. Ол турасында баспасөз беттерінде қисапсыз көп материалдар жарияланды. Ақындар толып жатқан өлең-жыр, дастандар шығарды, драматургтер сахналық қойылымдар дайындады және тағы да дайындап жатыр. Ол аз болса, Амангелді өмірінен фильм түсірілуде, оған арнап ескерткіш тұрғызылуда. Осының бәрі «әліпті таяқ деп білмеген», Торғай өңірінен басқа жер, өз руынан басқа ел көрмеген қараңғы Амангелдіні дүниеде теңдесі жоқ төңкерісшіл, ұлт пен ұлтшылдықтан жоғары тұратын интернационал большевик, дінге дұшпан, Түркістан түріктігін орыс большевизмі және интернационалдық төңкерісшілдікпен табиғи түрде тығыз жымдастырған ірі тұлға ретінде көрсету идеясына қызмет етіп отыр. Амангелдіні өлген соң большевиктер қатарына қосып алушылардың жалғыз ғана дәлелі бар. Ол оның 1919 жылы алашордашылар қолынан өлуі. Алашордашылар Амангелдіні большевик болғаны үшін өлтірген жоқ. Бұл оқиғаның шындығы былай», – деп М.Шоқай Торғай өңіріндегі арғынқыпшақ болып бөлінген рулық араздықты және бұл ішкі дертті басуға ұмтылған Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов және Ахмет Байтұрсыновтың бұқараны бейбіт өмірге шақырған қызметін сөз етіп, мақаласын былайша қорытады.

«Ақырында «алашордашылмын» деген жалған бүркеншік атты жамылып, қыпшақ руынан шыққан сатқын, шоқынды Степнов – Әліби Жангелдин Торғай даласына жетті. Өз басы қазақ даласына аттап баса алмас еді. Оның жанында орыс қызыл гвардиясы жүрді. Көп өтпей Степнов-Жангелдин төреден шыққан Әлихан мен арғыннан шыққан Ахмет, Мирякубтарға қыпшақ Амангелдіні айдап салды. Степнов-Жангелдин мен Амангелді маңайына орыс қызыл гвардиясы мен орыс мұжықтарын топтап, қиян-кескі соғыс ашты. «Большевик» сөзін «қыпшақ» деп түсінген қараңғы Амангелді алашордашылармен болған бір шайқаста қаза тапты.

Шындық, міне, осындай. Бұл күнде большевиктер «батыр большевик» Амангелдіні «ұлтшыл, кері төңкерісшіл Мирякуб Дулат өлтірді» деп жала жауып, Түркістан түріктерінің көрнекті, ең сыйлы өкілдерінің бірінен саналатын бір ірі тұлғаның көзін жоймақ болады. Бәлкім, большевиктер Мирякубтың көзін жойып та үлгерген шығар...» [18, 82-б.].

Қорыта айтқанда, 1916 жыл жылнамасы қазақтың тарихындағы аса дүбірлі оқиға. Көтеріліске қатысқан қазақ зиялы қауымының большевиктік қанаты да, ұлттық-демократиялық қанаты да бұл қаһарлы кезеңге өз еңбектерін арнады. Ұлт-азаттық көтеріліске баға берудегі большевиктік-таптық идеологияның ықпалы 1916 жыл оқиғаларын баяндаудан айқын орын алды. Бұл жайт – ХХ ғасырдың 20-жылдарының ортасынан бастап Қазақстанда сталиндік-голощекиндік жүйенің қатаң сипат алуына орай тарихи оқиғаларға баға берудегі таптық позиция күш алуынан туындаған еді. Большевиктік және советтік тарихнама 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысындағы қазақ ұлттық интеллигенциясының ұстанған көзқарасын қасақана бұрмалап, оған негізсіз «сатқындық», «реакциялық бағыт» деген баға берді. Шын мәнінде ұлттық интеллигенция бәрінен бұрын туған ұлтын патша үкіметі тарапынан болатын қуғын-сүргіннен, қырғыннан сақтап қалудың жолын іздестірді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Бөкейханов Ә. 1916 жылғы көтерілістің он жылдығына // Қаһарлы 1916 жыл: (Құжаттар мен материалдар жинағы) – Грозный 1916-й год (сб. Документов и материалов). – Алматы: Қазақстан, 1997. – Т 2. – 1998. – 247 б.
2. Жангилдин А. Из воспоминаний «Мой путь» // Қаһарлы 1916 жыл: (Құжаттар мен материалдар жинағы) – Грозный 1916-й год (сб. Документов и материалов). – Алматы:

- Қазақстан, 1997. – Т. 2. – 1998. – 247 б.
3. Аспендияров С. Қазақстан тарихының очерктері: оқу құралы. – Алматы: Санат, 1994. – 120 б.
 4. Асфендияров С.Д. История Казахстана (с древнейших времен). – Изд. 2-е. – Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 304 с.
 5. Омарбеков Т. Орталық Азиядағы дәстүрлі өркениеттер тарихының мәселелері: Мақалалар жинағы / Т.Омарбеков. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 269 б.
 6. Тілеубаев Ш.Б. 1916 жыл: Ұлттық бірегейлікті сақтау жолындағы күрес: хрестоматия / Ш.Тілеубаев. – Алматы: «Каратау КБ» ЖШС, «Дәстүр» баспасы, 2016. – 160 б.
 7. Мекебаев Т.Қ. 1917 жылғы Ресейдегі ақпан төңкерісі және оның Қазақстанға әсері: оқу құралы / Т.Қ.Мекебаев, Ж.Ж.Құмғанбаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 140 б.
 8. Мұхатова О. Қазақстан тарихының тарихнамасы: оқу құралы / Оразгүл Мұхатова. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 402 б.
 9. Абикенова К. ХХ ғасырдың 20-30-жылдарындағы Қазақстанда тарих ғылымының қалыптасуы және дамуы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 158 б.
 10. Садвакасова З. Исследование национально-освободительного движения современными историками // Отан тарихы. –2019, №1 (85).
 11. Меңлібаева С. Көтерілістің тарихнамалық мәселесі // Қазақ тарихы. –2016, №3 (142).
 12. Ақжайықтағы Алаш іздері // Алаш қозғалысының 100 жылдығына арналған ғылымтанымдық конференция материалдары. – Көкшетау: Көкше-Полиграфия, 2017. – 228 б.
 13. 1916 жылғы көтеріліс // Аңыз адам. – 2016, №10 (142).
 14. Шоқай М. Таңдамалы. – Т.1. – Алматы: Қайнар, 1998. – 512 б.
 15. Рыскулов Т. Восстание туземцев Туркестана в 1916 году. // Восстание киргизов и казахов в 1916 году. – Бишкек: Учкун, 1996. – 111 с.
 16. Жүргенұлы Темірбек. 1916 қазақ көтерілісінде қала мен ауыл арасындағы наразылық // Еңбекші қазақ. – 1926, 30 сентябрь.
 17. Tursun K., Tarakchi V., Suleimenova D., Balykova A., Adilbekova Z., Mahabbat Z. Mustafa Shokay is the ideologist of the Turkestan National Movement (Article). // Man in India. – Volume 97. – Issue 20. – 2017. – P. 61-74.
 18. Шоқай М. Таңдамалы. – Т.2. – Алматы: Қайнар, 1999. – 520 б.

REFERENCES

1. Bókeihanov Á. 1916 jylgy kóterilistiń on jyldyǵyna // Qaharly 1916 jyl: (Qujattar men materialdar jınaǵy) – Groznyı 1916-ı god (sb. Dokýmentov ı materialov). – Almaty: Qazaqstan, 1997. T. 2. – 1998. – 247 b.
2. Jangıldın A. Iz vospominanı «Moi pýt» // Qaharly 1916 jyl: (Qujattar men materialdar jınaǵy) – Groznyı 1916-ı god (sb. Dokýmentov ı materialov). – Almaty: Qazaqstan, 1997. – T. 2. – 1998. – 247 b.
3. Aspendıarov S. Qazaqstan tarihyńyń ocherkteri: oqy quraly. – Almaty: Sanat, 1994. – 120 b.
4. Asfendıarov S.D. Istoriia Kazahstana (s drevneishih vremen). Izd. 2-e. – Almaty: Qazaqyńiversiteti, 1993. – 304 s.
5. Omarbekov T. Ortalyq Aziıadaǵy dástúrli órkeniетter tarihyńyń máseleleri: Maqalalar jınaǵy / T.Omarbekov. – Almaty: Qazaq yńiversiteti, 2016. – 269 b.
6. Tileýbaev Sh.B. 1916 jyl: Ulttyq biregeılikti saqtay jolyndaǵy kúres: hrestomatıa / Sh.Tileýbaev. – Almaty: «Karataý KB» JShS, «Dástúr» baspasy, 2016. – 160 b.
7. Mekebaev T.Q. 1917 jylgy Reseidegi aqpan tónkerisi jáne onyń Qazaqstan ǵaáseri: oqyquraly / T.Q.Mekebaev, J.J.Qumǵanbaev. – Almaty: Qazaq yńiversiteti, 2017. – 140 b.

8. Muhatova O. Qazaqstan tarihinyn tarix namasy: oqyquraly / Orazgul Muhatova. – Almaty: Qazaq yniuersiteti, 2016. – 402 b.
9. Abikenova K. XX gasyrdyn 20-30-jyl daryndaqy Qazaqstan datarih gylymynyn qalyptasyy janye damyy: oqyquraly. – Almaty: Qazaq yniuersiteti, 2016. – 158 b.
10. Sadvakasova Z. Issledovanie natsionalno-osvoboditel'nogo dvizheniya sovremennymi istorikami // Otantarihy. – 2019, №1 (85).
11. Menlibaeva S. Koterilistin tarihnamalyq maselesi // Qazaqtarihy. – 2016, №3 (142).
12. Aqjaryqtaqy Alash izderi // Alash qozgalysynyn 100 jylidygyna arnalgan gylymi-tanymdyq konferentsiya materialdary. – Kokshetay: Kokshe-Poligrafia, 2017. – 228 b.
13. 1916 jylgy koterilis // Anyz adam. – 2016, №10 (142).
14. Shoqai M. Tandamaly. – T.1. – Almaty: Qainar, 1998. – 512 b.
15. Ryskylov T. Vosstanie tyzemtsev Tyrkestana v 1916 gody. // Vosstanie kirgizov i kazahov v 1916 gody. – Bishkek: Ychkyn, 1996. – 111 s.
16. Jurgenuly Temirbek. 1916 qazaq koterilisinde qala men ayyll arasyndaqy narazylyq // Ezbekshi qazaq. – 1926, 30 sentiabr.
17. Tursun K., Tarakchi V., Suleimenova D., Balykova A., Adilbekova Z., Mahabbat Z. Mustafa Shokay is the ideologist of the Turkestan National Movement (Article). // Man in India. – Volume 97. – Issue 20. – 2017. P. 61-74.
18. Shoqai M. Tandamaly. – T.2. – Almaty: Qainar, 1999. – 520 b.

ӘОЖ 616.71-007.234

МҒТАР: 76.29.37

Б.О.САХОВА¹, Г.А.ШАГИЕВА², Э.Д.ИСКАНДИРОВА^{3*}

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің аға оқытушысы
(Қазақстан, Шымкент қ.), E-mail: sbo75@mail.ru

²медицина ғылымдарының кандидаты, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің доцент м.а. (Қазақстан, Шымкент қ.), E-mail: shagieva.66@mail.ru

³ Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің доцент м.а.
(Қазақстан, Шымкент қ.), E-mail: iskandirova64@mail.ru

ОСТЕОПОРОЗДЫҢ ЖІКТЕМЕСІ МЕН ДИАГНОСТИКАСЫНА ЗАМАНАУИ КӨЗҚАРАС (әдеби шолу)

Мақалада «цивилизацияның мылқау, үнсіз эпидемиясы» саналатын остеопороз ауруы, остеопороздың диагностикасы мен оны емдеу диагностикасының қиындықтары жайлы айтылған. Өйткені, қазіргі таңда байқаусыз басталатындығынан, жиі сынықтардан кейін анықталатындығынан, ОП диагнозының мәселелері бейинфекциялық аурулардың ішінде жүрек-тамыр, онкологиялық аурулар мен қантты диабеттен кейін төртінші орынға шықты. Осыған байланысты бұл мақалада остеопороз бойынша жүргізілген бүкіл әлемдік, ТМД елдеріндегі, Қазақстандағы зерттеулер нәтижелері беріліп отыр. Бұдан бөлек бұл мақалада остеопорозды зерттеудің заманауи аспаптық және лабораторлық тәсілдерін қолдану ерекшеліктері жайлы сөз етілген.

Кілт сөздер: остеопороз, сынудың 10 жылдық абсолютті қауіп деңгейін анықтау, сүйектің минералды тығыздығы, денситометрия, T-критерий, Z-критерий.

B.O.Sakhova¹, G.A.Shagieva², E.D.Iskandirova³

¹Senior Teacher of the Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
(Kazakhstan, Shymkent), E-mail: sbo75@mail.ru

²Candidate of Medical Sciences, Acting Associate Professor of the Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University (Kazakhstan, Shymkent), E-mail: shagieva.66@mail.ru

³Acting Associate Professor of the Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
(Kazakhstan, Shymkent), E-mail: iskandirova64@mail.ru

Modern View on the Classification and Diagnosis of Osteoporosis (Literature Review)

The article mentions the difficulties of diagnosing osteoporosis, which is considered to be “a dumb, silent epidemic of civilization”. Since the diagnosis and treatment of osteoporosis came in fourth after the most common cardiovascular, cancer and diabetes due to the fact that it is often detected after fractures. In this regard, this article presents the results of studies on osteoporosis in the world, the CIS and Kazakhstan. In addition, this article discusses the features of the use of modern instrumental and laboratory methods of diagnosing osteoporosis.

Keywords: osteoporosis, detection of a 10-year absolute fracture risk, bone mineral density, densitometry, T-criterion, Z-criterion.

*** Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

- Сахова Б.О., Шагиева Г.А., Искандирова Э.Д. Остеопороздың жіктемесі мен диагностикасына заманауи көзқарас (әдеби шолу) // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2020. – №1 (115). – Б. 224-236.

*** Cite us correctly:**

- Sakhova B.O., Shagieva G.A., Iskandirova E.D. Osteoporozdyń jiktemesi men diagnostikasyna zamanaýı kózqaras (ádebi sholý) // Iasaýı ýniversitetiniń habarshysy. – 2020. – №1 (115). – B. 224-236.

Б.Сахова¹, Г.Шагиева², Э.Искандирова³

¹старший преподаватель Международного казахско-турецкого университета им. Ходжа Ахмеда Ясави (Казахстан, г.Шымкент), E-mail: sbo75@mail.ru

²кандидат медицинских наук, и.о.доцента Международного казахско-турецкого университета им. Ходжа Ахмеда Ясави (Казахстан, г.Шымкент), E-mail: shagieva.66@mail.ru

³и.о. доцента Международного казахско-турецкого университета им. Ходжа Ахмеда Ясави (Казахстан, г.Шымкент), E-mail: iskandirova64@mail.ru

Современный взгляд на классификацию и проблемы диагностики остеопороза (литературный обзор)

В статье упоминаются трудности диагностики остеопороза, который считается «немой, тихой эпидемией цивилизации». Поскольку диагностика и лечение остеопороза вышли на четвертое место после наиболее распространенных сердечно-сосудистых, онкологических заболеваний и диабета из-за того, что оно обычно протекает скрыто и его часто выявляют после переломов. В связи с этим в данной статье представлены результаты исследований по остеопорозу в мире, СНГ и Казахстане. Кроме того, в данной статье обсуждаются особенности использования современных инструментальных и лабораторных методов исследования остеопороза.

Ключевые слова: остеопороз, выявление 10-летнего абсолютного риска перелома, минеральная плотность костей, денситометрия, T-критерий, Z-критерий.

Өзектілігі

Остеопороз (ОП) – сынықтар қаупінің жоғарылауына жалғасатын, сүйек массасының азаюымен және сүйек тінінің микроқұрылымдық зақымдалуымен сипатталатын скелеттің жүйелі ауруы (БДҰ, 1991). Қазіргі таңда ОП байқаусыз басталатындықтан, жиі сынықтардан кейін анықталатындықтан, “мылқау, үнсіз эпидемия” саналады (Беневоленская Л.И., 1995). БДҰ (1991) ОП диагнозы мен емінің мәселелері бейинфекциялық аурулардың ішінде жүректамыр, онкологиялық аурулар мен қантты диабеттен кейін төртінші орынға шықты [1, 2]. ОП мәселелерінің медициналық, әлеуметтік-экономикалық маңыздылығы мүгедектікке әкелетін, омыртқаның және перифериялық сүйектердің остеопороздық сынықтар салдарларының ауырлығымен байланысты.

«Остеопороз – сүйектердің массасының азаюымен және сүйек тінінің архитектурасының бұзылысының нәтижесінде сүйектердің нәзіктігіне, сынғыштық қаупінің артуына алып келетін қаңқаның жүйелі ауруы» (ДДСҰ, 1993).

Эпидемиологиясы

Остеопороз – өмір сүру мүмкіндігінің ұзаруымен және өмір сапасының жақсаруымен сипатталатын «цивилизация ауруы» деп есептеледі. ДДСҰ мәліметі бойынша біздің планетада әр 20 секунд сайын остеопорозбен байланысты сүйек сынулары тіркеледі екен. Әлем бойынша 200 млн. адам остеопорозбен ауырса, 2,5 млн. адамда бұл ауру сүйектер сынуымен бірге жүреді.


Ресейде және ТМД елдерінде жүргізілген эпидемиологиялық зерттеулердің мәліметтеріне сүйенер болсақ, 50 және одан жоғары жастағы тұрғындар арасында сан сүйегінің проксимальді бөлігінің сынуының жыл сайынғы жиілігі 100 000 тұрғынға шаққанда 105,9 (ерлерде 78,8, әйелдерде 122,5) құрайды, ал білезік сүйегінің дистальді бөлігінің сыну жиілігі 426,2 (ерлерде 201,1; әйелдерде 563,8) құрайды. Бұл көрсеткіштер Батыс Еуропа елдеріндегі көрсеткішке қарағанда төмен, дегенмен Азия елдеріндегі көрсеткіштермен теңесіп қалады.

“Шығыс Еуропа және Орталық Азияда аймақтық аудит. Эпидемиология және әлеуметтік-экономикалық салдар. 2010 жыл” атты халықаралық бағдарлама аясында еліміздегі остеопороз мәселесінің жағдайына аудит жүргізілді. Әрине, статистика көңіл қуантарлық емес. Аудиттің алдын ала мәліметтері бойынша, Қазақстанда остеопороз сынығы

бар науқастарға медициналық көмек көрсету жағдайының нашар екендігі анықталған. 45-50 жас аралығындағы науқастардың сүйектегі минералдық тығыздығының жағдайын тексерген кезде 33,33 пайыз жағдайында (ер кісілерде 27,27; әйелдерде 37,5 пайыз) остеопения анықталса, әйелдердің 12,50%-ында, ал ер кісілердің 9,09%-ында остеопороз бар екендігі белгілі болған. Жалпы, республикада кальцийді пайдаланудың орташа көрсеткіші ДДҰ белгілеген мөлшерден төмендеген. Бұған қоса, тұрғындардың көп бөлігі “D” дәруменінің тапшылығын тартып отыр. Мұның бәрі сүйек ұлпасын бұзып қана қоймай, рахит кеселін де туғызады екен. Соңғы жылдары Ресейдің бірқатар аймақтарында рахит кеселі балалар арасында 54 пайыздан 66-ға дейін өскен. Бір айта кетерлігі, осы уақытқа дейін бұл ауру егде тартқан адамдардың кеселі ретінде қарастырылып, сүйек салмағының азаюынан туындайды деп есептелініп келсе, алайда, қазіргі таңда бала жаста остеопороз сүйек салмағы жоғары қарқынмен өсе бастағанда пайда болатындығы дәлелденіп отыр. Бір айта кететін жайт, біздің елімізде остеопорозбен және сүйек сыну қаупі жоғары науқастарды емдеуге арналған препараттардың құнын мемлекет қаржыландырмайды, сол себепті көптеген тұрғындардың дәрі-дәрмекке қолы жетімсіз. Батыс Еуропада бел сүйегі сынған науқастардың көбі оперативті әдіспен емделеді, ол емдеудің оңтайлы стандарты болып саналады. Қазақстанда кеселді хирургиялық емдеудің көрсеткіші өте төмен. Қазақстандықтарды денситометриялық тексеруден өткізгенде Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымының критерийлеріне сәйкес бұл ауру қазіргі таңда әр үшінші әйелдерде, әр бесінші ерлерде, яғни, республикамызда миллионға жуық адам ОП дертіне ұшыраған. «Үндемейтін» бұл ауру, сүйектердің сынуы орын алған, соңғы сатыларында анықталады. Отандық мамандар қауіп төндіріп тұрған бұл эпидемия алдында шарасыздығын мойындайды. Қазіргі таңда елімізді ОП статистикасы да, осы дертпен айналысатын маман-дәрігерлер де жоқ [3].

Қазақстанда омыртқаның сынуының жиілігін анықтауға арналған зерттеулер өте аз жүргізілген. Дегенмен, төменде біз бұл мәселе бойынша жүргізілген кейбір зерттеулер нәтижелерін келтіріп отырмыз (1-сурет):

Остеопороздың 60 жас және одан үлкен тұлғалардағы жиілігі
(Қазақстан Республикасында остеопороздың алдын алуға бағытталған ғылыми бағдарлама 2011-2013 жж.)



Сурет 1 – 60 және одан жоғары жастағы науқастардағы остеопороз жиілігі

Бұл зерттеулер нәтижесінде Қазақстанда остеопороздың эпидемиологиясының дұрыс жүргізілмеуінің себебін ғалымдар төмендегідей тұжырымдамамен түсіндіреді:

- Басты мәселе – көпшілік жағдайларда остеопороз ауруының толық тіркелмеуі;
- Дәрігерлердің «Остеопороз» диагнозын қоймауы;
- Кейбір дәрігерлер остеопороздың тиімді диагностикалық тәсілдері жайлы аз хабардар болуы;
- Остеопороз жиілігінің дұрыс анықталмауы, статистердің ауруды кодтауы кезінде негізгі ауру бойынша тіркеуі;
- Остеопороз диагнозының дұрыс құрастырылмауы (жіктемеге сәйкес).

Остеопороздың жіктелімі

Остеопороздың этиологиясына, патогенездік принциптеріне, морфологиялық белгілеріне, метаболизмдік белсенділігіне байланысты бірнеше жіктелуі бар [3, 4]. Дегенмен, қазіргі таңда 1997 жылы Мәскеу қаласында қабылданған остеопороздың этиопатогенездік жіктелімі тиімді болып есептеледі:

А. Біріншілік остеопороз:

1. Постменопаузальдық остеопороз (климакстық, I типті пресенильді).
2. Кәрілік остеопороз (II типті сенильді).
3. Ювенильді остеопороз.
4. Идиопатиялық остеопороз.

Б. Екіншілік остеопороз:

I. Эндокринді жүйенің аурулары:

1. Эндокринді гиперкортицизм (Иценко-Кушинг ауруы және синдромы).
2. Тиреотоксикоз.
3. Гипогонадизм.
4. Гиперпаратиреоз.
5. Қант диабеті.
6. Гипопитуаризм, полигландулярлы эндокринді шамасыздық.

II. Ревматизмдік аурулар:

1. Ревматоидты артрит.
2. Жүйелі қызыл жегі.
3. Бехтерев ауруы.

III. Асқорыту мүшелерінің аурулары:

1. Асқазан резекциясы.
2. Мальабсорбция.
3. Бауырдың созылмалы аурулары.

IV. Бүйрек аурулары:

1. Бүйректің созылмалы шамасыздығы.
2. Бүйрек каналшаларының ацидозы.
3. Фанкони синдромы.

V. Қан аурулары.

1. Миелома ауруы.
2. Талассемия.
3. Жүйелі мастоцитоз.
4. Лейкоздар және лимфомалар.

VI. Басқа аурулар және жағдайлар:

1. Иммобилизация.
2. Овариэктомия.
3. Өкпенің созылмалы обструкциялық ауруы.
4. Алкоголизм.

5. Нервтік анорексия.
6. Тамақтану бұзылыстары.
7. Мүшелер трансплантациясы.

VII. Генетикалық остеопороз:

1. Жетілмеген остеопороз.
2. Марфан синдромы.
3. Эндерс-Данлос синдромы.
4. Гомоцистинурия және лицинурия.

VIII. Медикаменттер:

1. Кортикостероидтар.
2. Антikonвульсанттар.
3. Иммунодепрессанттар.
4. Гонадотропин-рилизинг гормонының агноистері.
5. Құрамында алюминий бар антацидтер.
6. Әсері ұзартылған инсулиндер.
7. Тетрациклиндер қатарының антибиотиктері.

Аурулардың X халықаралық жіктемесінде патологиялық сынғыштығы бар және сынғыштығы жоқ остеопороз түрлерін айырады.

Морфологиялық бұзылыстарға сәйкес трабекулярлы, кортикальді, аралас остеопороз түрлері бар (1-кесте).

Кесте 1 – Аурулардың халықаралық жіктемесіне байланысты остеопороздың тіркелуі (МКБ-10 және МКБ-9 кодтары арақатынасы)

Код	МКБ-10
M80	Патологиялық сынулар байқалатын остеопороз
M80.0- M80.9	Патологиялық сынулар байқалатын постменопаузальдық остеопороз Аналық безін алып тастағаннан кейін патологиялық сынулармен білінетін остеопороз Аз қозғалумен байланысты дамыған остеопороз Ішекте сіңірілу бұзылысымен байланысты дамыған патологиялық сынумен жүретін постхирургиялық остеопороз Патологиялық сынулар байқалатын дәрмектік остеопороз Патологиялық сынулар байқалатын басқа остеопороз Патологиялық сынулар байқалатын себебі белгісіз остеопороз
M81	Патологиялық сынуы жоқ остеопороз
M81.0- M81.9	Постменопаузальдық остеопороз Аналық безін алып тастағаннан кейінгі остеопороз Аз қозғалумен байланысты дамыған остеопороз Ішекте сіңірілу бұзылысымен байланысты дамыған постхирургиялық остеопороз Дәрмектік остеопороз Идиопатиялық остеопороз Жергілікті остеопороз (Лекннің) Себебі белгісіз остеопороз
M82	Басқа рубрикаларда жіктелген аурулардағы остеопороз
M82.0	Көптеген миеломатоздағы остеопороз (C90.0+)
M82.1	Эндокринді патологиялардағы остеопороз (E00-E34+)
M82.8	Басқа рубрикаларда жіктелген аурулардағы остеопороз

Диагноз құрастыру үлгілері

- I. Түрі:
- Біріншілік остеопороз.
 - Екіншілік остеопороз (себебі көрсетіледі).

II. Сүйек сынуының болуы немесе болмауын көрсету. Минимальді жарақат жағдайында байқалған сүйек сынуы остеопороздың ауыр түрін көрсетеді.

III. Т-критерийге сәйкес сүйектің минеральді тығыздығы көрсетіледі.

IV. Аурудың ағымының сипаты:

- оң динамика.

- тұрақтану.

Он динамика – сүйектің минеральді тығыздығы жылына 2-3% артқан жағдайда және жаңа сынулар болмаған жағдайда қойылады.

Тұрақтану – жаңа сынулар анықталмағанда, бірақ сүйектің минеральді тығыздығы артпаған жағдайда қойылады.

Үдеу (теріс динамика) – емдеу барысында жаңа сынулардың анықталуы және СМТ жылына 3% төмендеуі анықталғанда қойылады.

Диагноз мысалдары:

1. Постменопаузальдік остеопороз, сынулары жоқ, сүйек массасының омыртқаларда басым азаюымен (Т-критерий – 2,6).

2. Постменопаузальдік остеопороз (40жастан бастап хирургиялық менопауза фонында), омыртқалар сынуымен жүретін ауыр түрі, Т-критерий – 4,5, үдемелі барысы.

3. Идиопатиялық остеопороз, ауыр түрі, T7, T9 омыртқаларының, білезік сүйегінің сынуы.

4. Екіншілік остеопороз, ауыр түрі, аралас генезді (жаралы колит+ерте менопауза-ГКС қабылдау), Т-критерий – 5,1, 2 жыл бақылаудағы теріс динамика.

Остеопороздың клиникасы

Остеопороз баяу дамиды және ұзақ уақыт бойы симптомсыз түрде өтеді. Әдетте, оның клиникалық белгілері сүйектер сынуы (әсіресе омыртқалардың) анықталғанда байқала бастайды. Көпшілік жағдайда ауру ұзақ уақыт латентті түрде өтеді және басқа бір ауру салдарынан науқас рентгендік зерттеу өткен кезде анықталып жатады. Остеопороздың морфологиялық белгісі сүйек тінінің жалпы ауданының азаюы. Қолданылып жүрген клиникалық ұсыныстарға сәйкес СМТ төмендеуі нақты клиникалық белгілермен сипатталмайды. Остеопороздың негізгі көрінісі ретінде омыртқалардың сынуы болып табылады [2, 4].

Түбегейлі жақсы жиналған анамнезге сәйкес, науқастың бойының аласарғаны, арқасының дөңгелек пішінді болуы, дене бітімінің өзгеруі, арқасында ауырсыну эпизодтарының болуы, мәжбүр қалыпта ұзақ уақыт тұруы кезінде арқасында ауырсынуының болуы сияқты белгілер остеопороздың бар екенін дәлелдейді.

Омыртқалардың компрессиялық сынулары науқастың арқасын тік ұстауының өзгеруіне алып келеді:

- бойының 3-4 см аласаруы 2 омыртқаның сынуын білдіреді;

- физиологиялық кеуделік кифоздың күшеюі;

- омыртқаның бел аймағының гиперлордозы;


- дененің бүйір аймақтарында тері қыртыстарының пайда болуы;

- іштің алға қарай шығып тұруы (2-сурет).

Кейбір науқастар арқасындағы үнемі ауырсынуының болуына, оның аз ғана статикалық күштеме және ұзақ уақыт бір қалыпта тұрғанда күшеюіне шағымданады. Бұл ауырсынулар науқас жатқан қалпында азаюы мүмкін. Жедел ауырсыну 2-3 аптадан соң жойылады. Аурудың өршуі омыртқаны перкуссиялаған кезде ауыру белгісі күшееді.

Көпшілік жағдайда минимальді жарақат кезіндегі сүйек сынуы постменопаузальдік остеопороздың негізгі белгісі болып табылады. Минимальді жарақат кезіндегі сынғыштық дегеніміз – өздігінен сыну, өз бойынан биік емес жерден құлағанда, түшкіргенде, жөтелгенде сынуының анықталуы. Остеопороз кезіндегі сүйек сынуы әр түрлі локализациялы болуы

мүмкін [4,6]. Сынудың – омыртқаның кеуде және бел аймағында, білезік сүйегінің дистальді бөлігінде, сан сүйегінің проксимальді бөлігінде орналасуы жиі кездеседі.



Сурет 2 – Остеопорозға шалдыққан науқас омыртқасының көрінісі

Остеопороздың дамуындағы науқастардың жасы мен жынысының ерекшеліктерін ескере отырып, 70-тен асқан әйелдерде минимальді жарақат барысында сүйек сынуы болған жағдайда остеопороздың клиникалық диагнозын денситометриялық зерттеусіз-ақ қоюға болады.

Физикальді зерттеу нәтижелері:

- 1-3 жыл көлемінде бойының 2 см кішіреюі немесе 25 жасымен салыстырғанда 4 см көп кішіреюі;
- Бойын өлшеу барысында желкесімен қабырға арасындағы кеңістік 5 см көп болуы (кеуделік кифоз);
- Төменгі қабырғалармен мықын сүйегінің қанаттарының арасындағы кеңістік 2 саусақты құрайды немесе аз (омыртқалар компрессиясы салдарынан омыртқа бағанының қысқаруы).

Құлаулардың қауіп факторлары 65 жастан асқан науқастардың барлығында анықталады. Бұл факторлар «Тұрда жүр» сынамасы арқылы жүзеге асырылады. Ол үшін науқасқа орындықтан тұрып 3 метр алға және кері жүруін өтінеміз. Сынаманы жасауға 10 секундтан көп уақыт жұмсалса құлаудың жоғарғы қауіп тобы екенін пайымдауға болады.

Бұдан бөлек «Chair rising» сынамасын жүргізуге болады: ол үшін науқас қолының көмегінсіз бар мүмкіндігінше жылдамдықпен 5 рет отырып, тұруы қажет. Сынаманы жасауға 10 секундтан көп уақыт жұмсалса, құлаудың жоғарғы қауіп тобы екенін пайымдауға болады.


Остеопороздың диагностикасы

Остеопороздың диагностикасы қиын және үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Сүйек қаңқасының жұқаруын дер кезінде анықтау науқастарда дамыған остеопороздың себебін жоюға мүмкіндік береді.

Сынудың 10 жылдық абсолютті қауіп деңгейін анықтау бағалау жүйесі (FRAX)

FRAX моделі нақты адамда анықталатын сүйек сынуларының (омыртқаның, сан сүйегінің проксимальді бөлігінің) абсолютті (болуы мүмкін) қауіпін анықтауға көмектеседі. Жасы 50 асқан ер кісілерде және постменопауза кезеңіндегі әйелдерде 40 жастан бастап қолданылады. FRAX-ты анықтауды денситометрия көмегінсіз-ақ жүргізуге болады. Ал ден-

ситометрия жүргізілген жағдайда екі критерийдің қиылысын графикке салады. Қиылыс графиктегі қызыл аймаққа сәйкес келсе ОП болжамды диагнозы қойылады, ал жасыл аймаққа сәйкес келсе, сүйектің сыну қаупі жоғары екенін көруге болады (3-сурет).



Сурет 3 – Остеопороздың болжамды диагнозы

Аспаптық зерттеу тәсілдеріне рентгенологиялық зерттеу, рентгендік екі энергиялы денситометрия, сандық ультрасонометрия сияқты тәсілдер жатады [6, 7].

Сүйектің минеральді тығыздығын өлшеу

Біріншілік остеопороз диагностикасында анамнез, клиникалық және лабораторлық зерттеулерден бөлек **сәулелік зерттеу тәсілдері** кеңінен қолданылады. Сәулелік зерттеу тәсілдерінің мақсаты:

- қаңқадағы өзгерістерді анықтау;
- олардың айқындылығын және таралу деңгейін анықтау;
- дамуы мүмкін асқынуларын анықтау;
- жүргізілген терапияға жауап ретінде динамикасын бақылау.

Қаңқа сүйектерінің рентгенографиясы

Бұл тәсіл біріншілік остеопорозға күдік туындағанда қолданылатын тиімді және қарапайым тәсілдің бірі. Рентгенография көмегімен зақымданудың жүйелік сипатын анықтауға, сүйек массасының азаюымен жүретін бірқатар аурулармен (остеомаляция, гиперпаратиреоз, миелома ауруы, метастаздар, т.б) дифференциальдық диагноз жүргізуге мүмкіндік көп.

Клиникалық тәжірибеде қаңқаны рентгендік зерттеудің минимальді көлемі қолданылады (әр науқасқа 7 рентгенограмма):

1. Бас сүйегін жанынан түсіру;
2. Қол басын алақандық проекцияда бір мезетте түсіру;
3. Омыртқаның кеуде және бел бөліктерін екі проекцияда түсіру;
4. Жамбас сүйектерін артқы проекцияда және сан сүйегінің проксимальді бөлігін түсіру;

Рентгендік зерттеу тәсілінің көмегімен сүйектердің анатомиялық ерекшеліктерін, құрылымын, зақымдану деңгейін сипаттай аламыз. Бұл зерттеудің бір кемшілігі – сүйек тінінің минералдану деңгейінің төмендеуі 20-40% жеткенде ғана остеопороз белгілерін көруге мүмкіндік туады.

Сүйек тінінің минеральді тығыздығын анықтауда омыртқаның рентгендік зерттеуі маңызды. Омыртқа остеопорозының нақты белгісінің бірі патологиялық сынулар және омырт-

қа денелерінің деформациясы. Омыртқалардың деформациясын визуальді көруге болады, кеуде және бел аймағының рентгендік зерттеуінде (Th 4-Th12, L1-4) анық көруге болады.

Омыртқалар денесінің морфометриялық талдауы алдыңғы (а), ортаңғы (м), артқы (р) – бүйір проекциялы рентгенограммада омыртқалар индексін анықтаумен жүргізіледі:

- алдыңғы/артқы индекс (а/р) – омыртқа денесінің алдыңғы биіктігінің артқы биіктігіне қатынасы;

- ортаңғы/артқы индекс (м/р) – ортаңғы биіктігінің артқы биіктігіне қатынасы;

- артқы/артқы индекс (р/р1) – екі зерттелуші омыртқалардың артқы биіктіктері.

Омыртқа остеопорозына тән белгілер:

1. Алдыңғы сына тәрізді деформация – омыртқаның алдыңғы биіктігінің кішіреюі және артқы биіктігінің өзгермеуі;

2. Артқы сына тәрізді деформация – омыртқаның артқы биіктігінің кішіреюі және алдыңғы биіктігінің болмашы кішіреюі немесе өзгермеуі;

3. Біржақты бүгілген деформация (омыртқа денесінің жоғарғы немесе төменгі бетінің пролапсі) – орта биіктігінің төмендеуі


4. Компрессиялық деформация – омыртқалардың барлық биіктіктерінің біркелкі төмендеуі.

Остеопороздың нақты белгілерін жамбас сүйектерінің шолу рентгенограммасы арқылы анықтауға да болады (Сингха индексі, 1970 ж).


Рентгенограммада остеопороз екі түрлі көрініс береді (4, 5-суреттер):

1) дақты остеопороз;

2) біркелкі остеопороз. Бұл екеуінің ортақ белгісі сүйек суретінің мөлдірлігінің ерекшеленіп артуы.



Сурет 4 – Білезік сүйегінің диафизі сынған кездегі білезік буынының аймағындағы жергілікті дақты остеопороз



Сурет 5 – Ескі туберкулезді коксит фонында тізе буыны маңындағы біркелкі жайылған остеопороз

Дақты остеопороз кезінде өзгеріске ұшырамаған сүйек тінінің фонында жиі орналасқан ақ кемістіктер орын алады. Рентгендік сәулені қатты өткізетін бұндай ошақтар дөңгелек пішінді немесе полигональді дұрыс емес пішінді болып келеді. Олардың контурлары айқын емес, ашық түсті ошақтар біртіндеп жалпы фонға ұласып жатады. Сондықтан кейбір ашық

түсті дақтар рентгенограмманы алыстан қарағанда анық көрінеді. Ондай ошақтардың көлемі 2-3-4 мм жетеді. Сүйек тіні кең ілмекті болып өзгереді. Сүйектің қыртысты қабаты дақты остеопороз кезінде жұқармайды немесе оның ішкі қабаты борпылдақты типке ауысады [5, 6].

Біркелкі остеопороз кезінде сүйектің суреті диффузды-мөлдір гомогенді түрге ауысады. Бұл жерде жеке фокусты ағару ошақтары анықталмайды. Сүйектің борпылдақ заты рентген сәулелерін жақсы ұстап тұрмайтын нәзік трабекулалардан тұрады. Айқын остеопорозда сүйектің мөлдірлігі өте айқын, шыны тәрізді болады. Біркелкі остеопорозда қыртысты қабат ұзына бойы жұқарады, бірақ оның көлеңкесі Келер ұғымына сәйкес «қарындашпен сызып қойғандай» көрініс береді.

Дақты және біркелкі остеопороз арасында анатомио-физиологиялық және рентгенологиялық айырмашылықтары жоқ, екеуіде бір процесті көрсетеді. Дақты остеопороз ерте дамыған остеопороздың белгісін айқындайды және патологиялық процесс өршіген сайын сүйектің рарефикациясының себебі болуы мүмкін. Дегенмен бұл екі жағдайды өз алдына бірнеше жыл бойы өзгесіке ұшырамайтын процестің сатылары деп айтуға болмайды. Бір жағынан кейбір кезде біркелкі остеопороз бастапқыда дақты остеопорозбен көрінуі де мүмкін.

Клиникалық тәжірибеде біркелкі остеопороз жиі кездеседі. Өйткені дақты остеопороз өте қысқа мерзімде өтетін процесс.

Рентгендік абсорбциометрия

Сүйектің беріктігі оның тығыздығы мен сапасына байланысты. Сүйек тінінің сапасын анықтаудың кең таралған тәсілдері болмаған жағдайда сүйектің минеральді тығыздығын анықтау маңызды орын алады.

Қазіргі таңда сүйек тінінің жағдайын бағалауда екі энергиялы рентгенді абсорбциометрия (dual-energy X ray absorbtometry) – DXA, ультрасонометрия және сапалы компьютерлі томография, магнитті резонансты визуализация, микрокомпьютерлі томография қолданыла бастады. Бұл әдістердің ішінде кең таралғаны DXA. Өйткені, бұл тәсіл сүйектің минеральді тығыздығын анықтауда дәл және нақты нәтиже береді.

Орталық қаңқаның денситометриясы (омыртқа және сан сүйегінің проксимальді бөліктерінің) стандартты тәсіл болып табылады. Денситометриялық зерттеу тәсілдеріне жатады:

- сандық ультрадыбысты денситометрия (КУДМ);
- екі энергиялы рентгенді абсорбциометрия (DXA);
- сандық магнитті-резонансты томография (КМРТ);
- сандық компьютерлі томография (ККТ).

DXA денситометр

DXA жүргізілетін терапияның тиімділігін бағалауға көмек беретін тәсілдің бірі.

DXA жүргудегі негізгі көрсеткіштер:

- Сүйектік минеральді компонент – сүйектерді сканерлеу барысында минералданған тін санын көрсетеді (г/см^2).

Денситометрия жасауға көрсетпелер:

- 65 жастан жоғары әйел кісілер;
- 65 жасқа дейінгі постменопауза кезеңіндегі әйелдер;
- 70 жастан жоғары ер кісілер;
- Остеопороздық сынулары бар ересек адамдар (минимальді жарақат кезіндегі сынық);
- Сүйек массасының азаюына алып келетін дәрі-дәрмектерді қабылдайтын ересектер;
- Остеопорозды емдеу жоспарланатын кез келген пациент;
- Остеопороз емі жүргізіліп жатқан науқастарға емнің тиімділігін бақылау үшін.

Денситометрия жасауға қарсы көрсетпелер:

- Жүктілік, лактация;
- Зерттеуге дейін контрастты зат қабылдауы;
- 7-10 күн бұрын радиоизотопты зерттеудің жүргізілуі;
- Зерттеу жүргізілетін күні ЭФГДС жасалуы (ішекте газ жиналуының артуы).

Денситометрияның түсірілу ережелері

Бұл ауырсынусыз, жылдам жаслатын процедура; ол үшін бірқатар қарапайым ережелер сақталуы тиіс:

- тексерілуге дейін бір тәулік бұрын кальций дәрмектерін қабылдауды тоқтату;
- бұған дейін барийді немесе басқада контрастты заттарды қолдану арқылы рентгендік зерттеудің кез келген түрі жүргізілген болса, дәрігерге баяндау;
- жүктілік жайлы дәрігерге баяндау;
- зерттеу кезінде қозғалмау.

Орталық ДХА түсіру:

Барлық науқастарға сүйектің минеральді тығыздығы омыртқаның артқы-алдыңғы проекциясында және сан сүйегінің проксимальді бөліктерінде түсіріледі;

Білезік сүйегінің тығыздығы омыртқаны тексеру немесе тексеру нәтижелерін талдау мүмкін болмаған жағдайда, гиперпаратиреозда, семіздікте жүргізіледі [6,7].

Заманауи клиникалық тәжірибеде СМТ референсті база мәліметімен салыстырылады. СМТ анықтауда Т және Z критерийді анықтау маңызды.

Т-критерий – жас әйелдердегі сүйек массасының көрсеткіштерінің шыңының стандартты ауытқуы. Т критерий жас ұлғайған сайын сүйек массасының азаюымен бірге параллельді түрде төмендейді.

Z-критерий – белгілі бір жасқа байланысты көрсеткіштердің стандартты ауытқуы.

Т-критерийі нәтижесінің интерпретациясы

1. Қалыпты көрсеткіш – пиктік сүйек массасының 1 стандартты ауытқуы дейін.
2. Остеопения – Т критерий 1-ден 2,5 стандартты ауытқу аралығында
3. Остеопороз – Т критерий 2,5 стандартты ауытқу және одан төмен.
4. Ауыр остеопороз – Т критерий 2,5 стандартты ауытқу және одан төмен, анамнезінде 1 немесе одан көп сынғыштық.

Сандық ультрадыбысты сонометрия

Ультра дыбыс тығыздығы жоғары тіндерге және сұйық орталарға жақсы өтеді, ал май тіні ультрадыбыстың өтуіне кедергі келтіреді. Сондықтан зерттеу аймағын суға батырады немесе гельмен жақсы сылайды.

Бұл зерттеудің көрсеткіштеріне ультрадыбыстың жылдамдығы және ультрадыбыстың жолақты өшуі (broad-band ultrasound attenuation – BUA) әсер етеді. Бұл тәсілдің дәлдігі ДХА қарағанда төмен. Сондықтан қазіргі таңда кеңінен қолдануға мүмкіндік бермей отыр.

Рентгендік компьютерлік томография

Күнделікті тәжірибеде кеңінен қолданылып жүрген аспаптық зерттеу тәсілінің бірі. Оның негізінде тіндердің, соның ішінде сүйек тінінің рентгендік сәулелерді сіңіру дәрежесін өлшеу жатыр, сондықтан өндірушілер томографтарды сүйектердің минеральді тығыздығын өлшеуге бағытталған арнайы бағдарламалармен жабдықтаған. Сондықтан бұл сандық компьютерлік томография (QCT) деп аталады. Бағдарламалық ерекшелігіне байланысты бір энергиялы компьютерлі томография (SEQCT) және екі энергиялы компьютерлі томография (DEQCT) деп бөлінеді. Бұл тәсілдің тиімділігі мынаған байланысты:

- алынған нәтижелердің жоғары дәлдігі;
- анатомиялық негізделген нәтиже алудың мүмкіндігі;
- алынған нәтижелер минеральді тығыздықтың нағыз көрсеткішін береді;

QCT-тің кемшіліктері:

- процедураның ұзақтығы;
- бағасының қымбаттығы.

Остеопороздың және минерал алмасуының лабораторлық диагностикасы

Лабораторлық зерттеу тәсілдерінің көмегімен төмендегі жағдайларды анықтауға мүмкіндік туады:

- 1) фосфор-кальций алмасуын (иондалған кальций, жалпы кальций және фосфор, кальций мен фосфордың несеппен тәуліктік экскрециялану);
- 2) сүйек түзілуінің биомеханикалық маркерлері бойынша сүйектің ремодельдену сипатын (сілтілі фосфатазаның сүйектік фракциясын, сарысулық остеокальцийді);
- 3) сүйек резорбциясының сипатын (несептің дезоксиридинолині, сарысудың тарtrat резистентті қышқылды фосфатазасы).

Остеопорозды лабораторлы дәлелдеу үшін келесі зерттеулер жүргізілуі тиіс:

- қанның жалпы анализі;
- қан сары суындағы кальций мен фосфор;
- креатинин клиренсі;
- сілтілі фосфатаза;
- жалпы белок және фракциялары;
- қан сары суындағы D витамині [25(OH)D3];
- ерлерде тестостерон;
- сүйек метаболизмінің маркерлері;
- остеокальцин.

D витамині [25(OH)D3] деңгейінің өзгерістері:

- қалыпты деңгейі 20 нг/мл (50 нмоль/л) аз болмауы тиіс;
- оңтайлы деңгейі 30 нг/мл (75 нмоль/л) аз болмауы тиіс.

Сүйек метаболизмінің маркерлері төмендегі жағдайларда анықталады:

1. Сүйек түзілуінде – сары судағы жалпы остеокальцин, сүйекке тән сілтілі фосфатаза, коллагеннің бірінші типті N-терминальді пропептиді.

2. Сүйек бұзылуы – Пиридинолин (PYD), Дезоксиридинолин (DPD), Катепсин К (CTX, NTX), Матрикті металлопротеиназалар.

Кесте 2 – Ересек адамдағы минеральді алмасуының көрсеткіштері

Көрсеткіш	Зерттеу материалы	Нормативті көрсеткіш
Иондалған кальций	Сары су	1,005-1,29 ммоль/л
Жалпы кальций	Сары су Тәуліктік несеп	2,2-2,6 ммоль/л 2,5-7,5 ммоль/л
Магний	Сары су Тәуліктік несеп	0,65-0,95 ммоль/л 3,0-5,09 ммоль/тәул
Бейорганикалық фосфор	Сары су	0,8-1,55 ммоль/л
Фосфор	Тәуліктік несеп	1,3-42,0 ммоль/л

- Сүйек тінінің түзілуі мен резорбциясының маркерлерін анықтау (NTX, CTX, bALP, OC) постменопаузадағы әйелдерде сүйек алмасуының жылдамдығын бағалау үшін ғана қолданылады.

- Біріншілік остеопороз бен қаққаның метаболизмдік ауруларының дифференциялық диагнозын жүргізу үшін, сонымен бірге антирезорбциялық терапия жүргізер алдында қандағы Са мен Р деңгейін және таңертеңгі несепте Са-дің креатининге қатынасын тексеру қажет.

Барлық сүйек сынуларының жартысынан көбі остеопорозбен байланысты болуы мүмкін. Сүйектің сынуы әйел адамдарда ер адамдармен салыстырғанда екі есе жиі байқала-

ды. Менопаузадан кейінгі әрбір үшінші әйелде және 75-80 жас аралығындағы науқастардың жартысынан көбінде остеопороз бар. 50 жастан асқан әйелдердің 30-да және ер адамдардың 20%-да остеопороз анықталады. АҚШ-та 250 млн халыққа жылына остеопороздық сынықтарға 7-10 млрд. доллар қаржы жұмсалады.

Сондықтан остеопороздың емі осы күнге дейін қиын мәселелердің бірі болып отыр. Өйткені, остеопороз этиологиясы мен патогенезі сан қилы. Дер кезінде сүйек тінінің минеральді тығыздығының азаюын тоқтату және оны үдетпеу терапиялық жеңіс болып есептеледі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ревматология: Клинические рекомендации / под ред. Акад. РАМН Е.Л. Насонова. – 2-е изд., испр. и доп. – М.: ГЭОТАР-Медиа, 2010. – 752 с.
2. Ревматология: национальное руководство / под ред. Е.Л.Насонова, В.А.Насоновой. – М.: ГЭОТАР-Медиа, 2010 г. – 711 с.
3. Лесняк О.М., Беневоленская Л.И. Клинические рекомендации. Остеопороз. – 2-е изд. – М.: Изд. ГЭОТАР-Медиа, 2012. – 272 с.
4. Болезни суставов в практике семейного врача / под ред. Дзяк Г.В. – Киев: Инкос, 2005. – 144 с.
5. Родионова С.С. Гистоморфометрия в диагностике остеопороза. Руководство по остеопорозу. – М.: Бином, Лаборатория знаний, 2003. – 524 с.
6. Смирнов А.В. Рентгенологическая диагностика остеопороза при ревматических заболеваниях // Консилиум медикум. – 2004. – Т.6. – №8. – С.34-39.
7. Котельников Г.П., Булгакова С.В. Остеопороз. Библиотека врача-специалиста. – М.: изд. "ГЭОТАР-Медиа", 2010. – 504 с.
8. Коваленко В.Н., Шуба Н.М. Ревматические болезни: номенклатура, классификация, стандарты диагностики и лечения. – К.: ООО "Катран групп", 2002. – 214 с.
9. Лесняк О.М., Негодаева Е.В., Евстигнеева Л.П. Остеопороз. Школа здоровья: рук. для врачей (+ CD). – М.: изд. "ГЭОТАР-Медиа", 2008.
10. Белоусов Ю.Б. Рациональная фармакотерапия ревматических заболеваний. 2005.

REFERENCES

1. Revmatologiya: Klinicheskie rekomendatsii / pod red. Akad. RAMN E.L.Nasonova. – 2-e izd., ispr. i dop. – M.: GEOTAR-Media, 2010. – 752 s.
2. Revmatologiya: natsionalnoe rukovodstvo / pod red. E.L.Nasonova, V.A.Nasonovoi. – M.: GEOTAR-Media, 2010 g. – 711 s.
3. Lesniak O.M., Benevolenskaja L.I. Klinicheskie rekomendatsii. Osteoporoz. – 2-e izd. – M.: Izd. GEOTAR-Media, 2012. – 272 s.
4. Bolezni sýstavov v praktike sememogo vracha / pod red. Dziak G.V. – Kiev: Inkos, 2005. – 144 s.
5. Rodionova S.S. Gistomorfometriya v diagnostike osteoporoz. Rýkovodstvo po osteoporozý. – M.: Binom, Laboratoriya znaniy, 2003. – 524 s.
6. Smirnov A.V. Rentgenologicheskaya diagnostika osteoporoz pri revmaticheskikh zabolevaniyah // Konsilyum medikým. – 2004. – T.6. – №8. – S.34-39.
7. Kotelnikov G.P., Bylgakova S.V. Osteoporoz. Biblioteka vracha-spetsialista. – M.: izd. "GEOTAR-Media", 2010. – 504 s.
8. Kovalenko V.N., Shýba N.M. Revmaticheskie bolezni: nomenklatýra, klassifikatsiya, standarty diagnostiki i lecheniya. – K.: ООО "Katrán grýp", 2002. – 214 s.
9. Lesniak O.M., Negodaeva E.V., Evstigneeva L.P. Osteoporoz. Shkola zdorovia: rýkov. dlia vrachei (+ SD). – M.: izd. "GEOTAR-Media", 2008.
10. Belousov Iý.B. Ratsionalnaya farmakoterapiya revmaticheskikh zabolevaniy. 2005.

ӘОЖ 616.151

МҒТАР 76.29.33

К.Т.БАЙЖАНОВА¹, Т.Д.НАРМАХАН², Б.Б.МАВЛАНОВ^{3*}

¹медицина ғылымдарының кандидаты, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессор м.а. (Қазақстан, Шымкент қ.), E-mail: kulay_68@mail.ru

²резидент-терапевт, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Қазақстан, Шымкент қ.), E-mail: tnarmakhan@bk.ru

